

A 2018

2525к

БОЛАТБЕК ТӨЛЕПБЕРГЕН

ALAS' JOLY



Болатбек ТӨЛЕПБЕРГЕН

АЛАШ ЖОЛЫ



**Алматы
2017 ж.**

УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5 Қаз)
Т 65

Төлепберген Болатбек

Т 65 АЛАШ ЖОЛЫ: Публицистикалық зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: 2017. – 240 б. + 16 б. жапсырма

ISBN 978-601-06-4623-0

ҚР Президенті сыйлығының лауреаты, Мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының иегері, ҚР Мәдениет қайраткері, философия ғылымдарының кандидаты Болатбек Төлепберген «Алаш жолы» кітабында Алаш қозғалысы мен Алаш идеясы туралы пайымдарын, яғни қазақ елінің ұлттық мұрат-мүддесін қорғау жолында өмірге келген қоғамдық құбылыстарға байланысты өз тұжырымдарын оқырман назарына ұсынады. Қолдарыңыздағы Алаш идеясымен сусындаған туынды ХХ ғасырдың түрлі кезеңдеріндегі ұлт-азаттық қозғалыстар арасындағы өзара логикалық байланысты ұтымды баяндауымен бағалы.

Кітап Алаш қозғалысы мен Алаш автономиясына 100 жыл толуына арналып отыр. Еңбек Алаш идеясына қызығушылық танытқан барша оқырманға, жастарға, жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған.

УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-06-4623-0

© Төлепберген Б., 2017.

ҰЛТҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУ – ҰЛЫ ІС!

Менің түсінігімде зиялы деген топқа қосылу үшін, зиялы деген атақ алу үшін, ол сол атақ үшін күресу емес, адамның болмысы соған бейімделуі керек. Зиялы адам еліне, халқына, жұртына, Отанына шексіз берілген жан. Сол жолда аянбай еңбек ететін, тер төгетін, оны қызметтік міндетім деп емес, перзенттік парызым деп түсініп, қызмет еткен адам, сол зиялылықтың негізгі қасиеттерін бойына сіңірген жан ғана зиялы адам. Осы тұрғыдан алғанда Алаш қайраткерлерінде халқына, еліне, жұртына, Отанына шексіз берілгендік сезім болды. Соның арқасында міндеттімін деп өзіне-өзі жүк артып, елге қызмет етті. Олар мұны мақтан үшін, абырой, атақ алу үшін істеген жоқ. Сол кезде де ұлт рухының төмендеп қалғандығын, өз жерінде, өз мемлекетінде тұрып жатса да төменшіктеп, ал өзгелердің озып алға шығып кеткенін көргенде, оларды ұлттық намысы қамшылады. Сөйтіп, халқы алдындағы азаматтық парызын адал орындады.

Сондықтан да, кесек іс, келісті мұра қалдырған Алаш қайраткерлерін «тұлпар текті азаматтар» деп айтуымыз қажет. «Таудай талап бергенше, бармақтай бақ бер» деген қазақтың сөзі бар. Талаптанған адам бақты еңбекпен бағындырады. Бақ деген басыңа келіп қона салатын зат емес. Ол еңбекпен, ақылмен жететін абырой. Қазақ: «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген. Сол ар тазалығынан барып туындайтын мәселелердің барлығы да бақта, дәулетте, Қыдыр да сол тазалыққа келіп қонады. Мұны Алаш қайраткерлерінің жүріп өткен жолын қарап отырып, осылай ой түйесің.

Біз алаштықтардың елге сіңірген еңбегіне үніліп, ұлтқа қызмет етуді үлгі етіп алуға тиіспіз. Қазір бізге жетпейтіні осы! Ұлтты сүюдің, елдікті бекемдеудің, шекараны шегендеудің, намысты

жанудың, етекті жиюдың озық үлгісін алаштықтар көрсетіп берді емес пе?

Алаштықтардың арман-аңсары, мақсат-мұраты не еді? Азаттық, теңдік, бостандық сынды ата-бабамыз ғасырлар бойы аңсаған асыл ұғымдарды құтты тұғырына қондыру болатын. Қазақ та басқа «қырда» тұрған ұлттардан қалмай, өркениеттің өрінде жүрсе деген өрлік пен ерлік еді.

Бастарын бәйгеге тіккен Алаш көсемі Әлихан Бөкейханов бастаған алаштықтардың арыны мен айбыны керек қазір. Яғни, алаштықтар дәл бүгін біздің темірқазығымыз, барометріміз. Ендеше, Алаш қайраткерлерінің қызметі мен мұрасын тануымыз, бойымызға сіңіруіміз қажет.

Мен мектепте «Қазақ әдебиеті» пәні мұғалімінің ақылдылығының арқасында Абайды жаттап өстім. Абай кім? Ақылдың Абайы. Ал Алаш қайраткерлерінің бірі – Мағжан ақындардың ақыны дейміз ғой. Мағжан ақынның ақыны, Абай ақылдың ақыны. Апайымыз осылай жаттатты. Ержеткенімізде соның әсері болуы керек, кезінде Солтүстік Қазақстан облысында қызмет атқарып жүрген кезімде Алаш қайраткері, қазақтың даңқты ақыны Мағжан Жұмабаевтың ескерусіз қалған әкесі Бекен мен шешесі Гүлсімнің жерленген жерлерін іздетіп таптырып, басына құлпытас белгі қойғызғаным бар еді.

Біздің осылайша Абайға деген құштарлығымыз, сүйіспеншілігіміз артып кетті. «Абай жолы» романын бірнеше қайта оқыдық десем артық айтпаймын. Абайдан адалдықты, тазалықты бойымызға сіңірдік. Абай туған жерге, өз ұлтымызға деген махаббатымызды ұштай түсті. Біздің рухани танымымыз осылай қалыптасты. Бұл тұрғыда ойыма келгені, Алаш қайраткерлерінің де бай мұрасы мен саяси күрескерлігін мектеп қабырғасынан балалардың санасына сіңіруіміз қажет. Сонда жастарымыздың рухы ғана шыңдалып қоймай, саяси сауаты сақайып, жан-жақты азамат болып қалыптасар еді.

Міне, осы тұрғыдағы олқылықтың орнын толтыру мақсатындағы әсіресе жастарымызға қажетті тарихи танымдық туынды – «Алаш жолы» кітабы көпшіліктің көңілінен



шығады деген ойдамын. Бұл белгілі публицист, философия ғылымдарының кандидаты Болатбек Төлепбергеннің ғылыми әрі публицистикалық еңбегінде жалпы өткен ғасырдың басындағы бұрқ етін көтерілген Алаш қозғалысының эволюциялық даму үрдісі мен оның бүгінгі күнге берер тағылымы таразыланған. Және де «Алаш қайраткерлері кімдер?» деген сұраққа жауап табарыңыз да анық. Атап айтқанда, Алаш қозғалысының көшін бастаған Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов және Міржақып Дулатовтардан бастап, сол кезде енді ғана ақыл тоқтатқан жас толқын ізбасарлары да қамтылған.

Автор Алаш тақырыбын жіті саралауға тырысқан. Зерттеудің бір тұсында: «Бұған қоса Алаш қозғалысының нәтижесінде пайда болған I Жалпықазақ съезін Мұстафа Шоқай «ұлы түркі халықтарының мызғымас бірлігін көрсететін сахнаға айналды» деп баға береді» дейтіні бар. Халық қамы мен ел бірлігі үшін, әділеттілік пен жасампаздық үшін арпалысқан Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мұстафа Шоқай, Міржақып Дулатовтардай жайсаңдарымыздың көздеген мақсат-мұраттары да, идеялары да іштей астасып жатқандығын көрсетеді. Күллі қазақтың, барша түркі әлемінің тұтастығын армандаған Мұстафа Шоқай қалай дегенде де өз замандастарымен қанаттас еді.

Енді кітаптың құрылымына аз-кем тоқталсақ. Төрт тараудан тұратын еңбектің «Алаш қозғалысы һәм Алаш идеясы» деп аталатын бірінші тарауында тақырып ғылыми-публицистикалық тұрғыдан талданады. Ондағы «Қазақтың саяси пікірінің тарихы – қазақжастарының тарихы...» деп аталатын бірінші бөлімінде Алаш қозғалысы тарихи тұрғыдан таразыланса, «Алаш идеясы: Қандай идея?» деп аталатын екінші бөлімде Алаш идеясы философиялық тұрғыдан зерделенеді. Ал Алаш орда үкіметінің мүшелері атты екінші тарауда Алаш қайраткерлерінің өмірбаянына жеке-жеке тоқталады. «Алашқа қызмет» атты үшінші тарауда автор тақырыпқа сай Алаш мәселесінде атқарған нақты істерінен хабар беретін жобаларды, құжаттарды, хаттарды т.б. топтастырған. Бұдан автордың тек аталған тақырыпта тек зерттеуші ғана емес, Алаш мәселесінің нағыз білгірі әрі насихаттаушысы екенін

аңғартады. Және де «Ұлтым деп соққан жүректер» деп аталатын соңғы тарауда автор кешегі Алаш қайраткерлерінің ізбасарлары іспетті бүгінгі ұлт ісіне бейжай қарай алмайтын ағалары туралы мақалаларын ұсынған.

«Ұлтқа қызмет ету – ұлы іс» екенін Алаш қайраткерлерінің ұлт үшін атқарған қызметін белгілі публицист, философия ғылымдарының кандидаты Болатбек Төлепбергеннің «Алаш жолы» атты кітабынан қарап отырып анық көзіміз жетеді. Бұл еңбектен Алаш қозғалысын, Алаш орда үкіметінің қызметін білсем, зерделесем, тоқысам, үйренсем деген көзіқарақтыға, әсіресе жастарға алар ғибрат жетіп артылады.

*Бекет Тұрғараев,
Заң ғылымдарының докторы,
ҚР Еңбек сіңірген заңгері*



Бірінші тарау

**АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ НӘМ
АЛАШ ИДЕЯСЫ**

**«ҚАЗАҚТЫҢ САЯСИ ПІКІРІНІҢ ТАРИХЫ –
ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ ТАРИХЫ...»**

(Публицистикалық пайым)

*...Қазақ халқының ішінде шын саяси
қозғалыс жастар оянып, жастар
ұйымдасқаннан кейін ғана бар.*

Смағұл Садуақасұлы

*«Жастар съезіне»
(«Еңбекшіл қазақ» газеті,
1922 жыл, 20 шілде)*

Қазақ тарихында өзіндік орны ғана емес, сан ғасырларға кететін тағылымы зор, өткеніміз бен өткеліміздің темірқазығы іспеттес Алаш қозғалысы, Алаш автономиясы әлі де сан қырынан таразылайтын тың тақырып іспеттес. Бұған қазақтың тұңғыш ұлттық үкіметі Алаш орда тарихын таразылау арқылы көз жетері анық.

Ал біз өз тарапымыздан Алаштану мәселесіне және бір қырынан қарап көруді парыз санадық. Таразыланатын тақырып: Мәңгі жас – Алаш идеясы.

Иә, біздің байқауымызша, қазақ бола ма, болмай ма деген сауал

талқыға түскен жиырмасыншы ғасырдың басында дер уағында дүниеге келген Алаш идеясын уағыздаушы әрі жүзеге асырушы қайраткерлердің ұлт ісіне ерте есейген есті сана – жалындап тұрған жастық жігермен кіріскендіктері алдыңғы кезекте көрініс береді. Басында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов және Міржақып Дулатов сынды жол сілтер Алаш көсемдері тұрған алыптар шоғырының абыройлы ісіне тың серпін, жаңа тыныс берген жас шамасы жиырма-жиырма бестің, әрі кетсе отыздың о жақ, бұ жағындағы өрендер еді. Саралап көрелік.

Алаш қозғалысының көшін бастаған Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов және Міржақып Дулатовтар ол кездері жастары қырықтың қырқасынан енді ғана асып, ақыл тоқтатқан әрі өздерінен кейінгі толқын ізбасарларына Алаш идеясының өміршендігі ұрпақтар жалғастығында екенін ұғындырып кеткен.

Ал мұны жақсы түсінген әрі Алаш идеясының баянды болуына бар ынты-шынтысымен еңбек еткен, арқалы ақын-жазушылар Мағжан Жұмабаев пен Жүсіпбек Аймауытов Алаш қозғалысы құрылған тұста бірі жиырма төртте болса, бірі жиырма сегізге енді келген екен.

1917 жылы «Алаш» партиясын құрушылардың қатарындағы ең жас көсем, Алаш орда үкіметінің мүшесі Әлімхан Ермеков жиырма бес жасында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов және Мұхаметжан Сералиндермен бірге Коммунистік партия көсемі Ленинге көршілес елдерге өтіп кеткен шекарадағы қазақ жерлері қазақтыкі екенін дәлелдеп, көзін жеткізіп, мәселені қазақтың пайдасына шешеді.

«Алаш» партиясының белсенді мүшесі болған, кейіннен алашшыл азаматтарға қауіп төнгенде ағалардың ақылын тыңдап, мұраты бір жас алашшылармен бірге Коммунистік партия қатарына өткен сұңғыла суреткер Мұхтар Әуезов және 1914-1917 жылдары «Бірлік» қоғамының мүшесі (Омбы қ.), 1917-1918 жылдары Алаш орда жағында азамат соғысына қатысқан Дінмұхамед (Дінше) Әділев және жалынды алашшыл жастардың тұңғыш жетекшісі Смағұл Садуақасовтар сол уақытта бозбала шақты енді артқа тастаған небәрі он жеті жастың шамасында екен.

Омбыда жас алашшылдар құрған «Жас азамат» ұйымының Қызылжар қаласында шығып тұрған үні – «Жас азамат» газетіне («Қазақ», «Сарыарқа», «Абай» сынды ұлтжанды басылымдардың ізбасары) редакторлық етіп, газет бетінде алаштың мұңын мұндап, жоғын жоқтаған мақалалары нөмір құрғатпай шыққан Қошке Кемеңгеров пен ұлтжанды алашшыл қайраткер Сұлтанбек Қожановтар сол кезде жиырмадан енді ғана асқан еді.

Есімі жиырма жастан асар-аспас кезінде үлкен қызметтер атқара жүріп, ұлт қамын ойлап, жұрт аузына ілініп, халыққа танымал болған мемлекетшіл қайраткер, ірі тұлға Тұрар Рысқұлов Түркістан АССР-і үкімет басшысы ретінде 1920 жылы тарих сахнасынан кеткен Алашорда қозғалысының жетекшілері мен белсенді мүшелеріне қолынан келген мүмкіндігінше қамқорлық жасады. Тұрар Республика үкіметін басқарған тұста Ахмет Байтұрсыновтың, Халел Досмұхамедовтың, Жүсіпбек Аймауытовтың, Мағжан Жұмабаевтың, Мұхамеджан Тынышпаевтың т.б. аса көрнекті қазақ зиялыларының Ташкент пен Қазақстанның оңтүстік өңірін паналап, ғылыми, педагогикалық және шығармашылық жұмыспен айналысуға мүмкіндік алулары Тұрар қамқорлығының арқасында екендігі күмән тудырмайды.

1918 жылы Ахмет Байтұрсынов Қостанайға келіп, Алаш орда отряды қатарына жастарды тартқанда қатардағы жауынгер болып тізімге жазылып, «Алаш орда отрядының еріктісі атанып, Алаш ордаға үміт арта сенген, табиғатында халқына қай жақтан жақсылық болса, солай қарай аңсары ауып, икемделетін Бейімбет Майлин және Омбы студенттерінің «Бірлік» атты ұйымының жұмысына белсене қатысып, Ақмола жастарының революцияшыл тобы «Жас қазақ» атты ұйым құрып, «Тіршілік» атты газет шығарған, 1916 жылғы халықтың ұлт-азаттық көтерілісшілеріне тілектестік білдіріп, өлеңдер жазған Сәкен Сейфуллин әрі осы үш бәйтеректің бірі, ұлт-азаттық күреске үнемі қолдау білдірген суреткер Ілияс Жансүгіровтер сол кездері жиырма үш жасқа енді келіпті-ау.

Патша өкіметінің боданындағы туған халқынын, тағдыр тауқыметін өткір тілмен айтып, баспасөз беттерінде жиі-жиі

мақалалар жазып, саяси күреске өмірін арнаған Мұхаметжан Тынышпаев және бұрыннан-ақ қазақ жерін отарлап, халқын орыстандыру секілді патшалық Ресейдің өктемдік саясатын әшкерелеп, оған қарсы үгіт-насихат жүргізген, сондай-ақ Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсыновтай абзал азаматтармен пікірлес дос болып, бір мақсатта күрескен Жақып Ақпаевтардың ақыл тоқтатқан шақтағы салмақты істері Алаш қозғалысына айбын бергені анық.

«Алаш» партиясының көрнекті қайраткерлерінен басқа қатардағы есімдері атала бермейтін мүшелерінің бүгінде мүмкіндігінше барлығының аты-жөнін ардақтау парыз. «Алаш» партиясын ұйымдастырушылар, халқымыздың біртуар ұлдары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ә.Ермековтермен серіктес болып, халық қамы үшін бірге күрес жүргізген алаш ұландарының бірі Имам Әлімбеков. Ол «Алаштың» Семей облыстық ұйымы тарағасының орынбасары, «Алаш» партиясының орталық үні – 1918-1919 жылдары шығып тұрған «Сарыарқа» газетінің редакторы, «Алаштың» атты әскерлер полкін жасақтаушылардың бірі болды.

Ал А.Байтұрсынов, М.Дулатовтардың шәкірті, ізбасары ретінде солармен үндес, пікірлес болған өрелі өрен Ғазымбек Бірімжанов қаламгер, дәрігер, агроном және ағартушы-қоғам қайраткері санатына көтерілген жастардың қатарынан табылды.

Сондай-ақ жалпы қазақ съезінде Алаш орда үкіметіне мүше болып сайланған Отыншы Әлжанов Жетісуға келіп, съезд қаулыларын жүзеге асыру ниетімен өлкенің айтулы азаматтары М. Тынышпаев, С. Аманжолов, И. Жайнақов, Б. Мамытовтармен тізе қоса отырып, игілікті істердің ұйытқысы болады. «Алаш орда милициясының алдында тұрған міндеттерді саралайды.

Міне, тізім осылай жалғаса береді. Бұдан біздің анық байқайтынымыз, мұқым Алашқа ұран болған Алаш идеясы – ақыл тоқтатқан аға буынның бастауымен ерте есейген жас ұрпақтың жалғастыруымен тағылымы бүгінге сабақ боларлық салмақты да жасампаз идея. Ендеше, бізге қалған мақсат-мұрат не?

Мақсат айқын. Алаш идеясы дегеніміз не? Алаш арыстары

кімдер? Осы сауалдар тұрғысында таразылар тақырыбымызды өзіндік қырынан ашуға тырысу. Алаш идеясы және алаш арыстарымен жақын танысып, сырласқысы келетін, сондай биікке ұмтылатын оқырман көкейіне үміт, жүрегіне сенім ұялату. Алаш идеясының әлеуметтік қуаты мен маңызын бүгінгі күн тұрғысынан таразылап, көрермен назарына ұсыну. Алаш арыстары тағылымының күн тәртібінен түспейтін өзектілігін, олардың биік тұлғалық тұрпаты мен ұлықталуға тиіс ұлттық болмыс-бітімін және жастарға берер тәлім-тәрбиесін ашып көрсету. Ұлы тұлғалардың өнегелі өмірі мен өлмес мұрасын зерттеу арқылы оны бүгінгі жас буынға, жалпы қауымға үлгі ретінде ұсынып, ұрпақтар үндестігін жалғастыруға, рухани дамуға және ұлттық санаға жол ашу.

Иә, бастау бұлағы сонау Алаш қозғалысынан терең тамыр тартатын, байырқалайтын тұсы 1986 жылғы жастардың желтоқсан көтерілісімен тұйықталатын тағылымы зор тарихи бірізділігімен ерекше Мәңгі жас – Алаш идеясының бүгінгі жаңа буын, жас ұрпаққа берер сабағы турасында ойлану қажеттігі туындайды. Бұл ретте тарихи тұрғыдан тәрбиелеу мәселесі, атап айтқанда: сол аға буынның қабырғасын қайыстырып, іргесін сөгіп кетуге қауіп тудырған сауалдың ендігі уақытта алдын алу, оның саяси, рухани, әлеуметтік зардаптарынан арылу жайы алды орайды. Осы тұрғыда қолдарыңызға тиіп отырған кітаптың басты міндеті өткен ғасырдың басындағы бетке ұстар Алаш азаматтары бастап, бүгінге дейін жеткен қазақтың асыл арман-аңсары мен ұлт-азаттық мақсат-мұратын қаншалықты басып-жаншығанымен, нешеме рет саяси қуғын-сүргінге ұшыратқанымен арда мінезін мұқалта алмағандығын мадақтау және тарихи жадыны жаңғырту болып табылады.

Алаш қозғалысынан бастау алған жасампаз идея – ұлт-азаттық идеясы алпысыншы жылдары «Жас тұлпар» ұйымы болып бас көтеріп, жетпісінші жылдары «Жас қазақ» бірлестігі болып жанданып, одан жиырмадан аса жасырын жастар ұйымдарына ұласқан ағысқа қарсылық ақыры 1986 жылғы ызғарлы желтоқсан көтерілісіне алып келді. Біздіңше, жастық лептің дем беруімен

тарихи бірізділік бойынша дамыған бұл асқақ тарихымызды бүгінгі ұрпақ білуге тиіс. Сабақ алуға міндетті. Тағзым етуі парыз.

Сондай-ақ бұл кітап Алаш қозғалысы мен Алаш автономиясына 100 жыл толуына арналып отыр.

Енді аз-кем кітаптың құрылымы туралы. Қолыңыздағы кітапта тарихи бірізділікті сақтауға тырысып, материалдарды сол ретпен топтастырдық. Алдымен Алаш идеясының бастау бұлағы – Алаш қозғалысы мен Алаш қайраткерлері турасындағы зерттеу өзек болып, Мәңгі жас – Алаш идеясының кеңестік уақытта қалайша өлермендік пен өміршеңдікті қатар өткере жүріп, бүгінге жеткені публицистикалық һәм ғылыми тұрғыдан талданады. Әрі ғасыр басындағы қазақтың ұлт зиялыларына айналған алашордалық алыптар шоғыры мен оларға жаңа тыныс берген алашшыл жастардың және де халқының қамын ойлағаны үшін жалған жала жабылып, жаза арқалаған азаматтардың өмірбаяны қамтылды. Және де Алаш қайраткерлері армандаған тәуелсіздікке қол жеткізудегі кеңестік кезеңдегі және де қазіргі егемен елімізде Мәңгі жас – Алаш идеясын баянды ету жолындағы ағаларымыздың еңбегі туралы мақалалар арқау болды.

Сондай-ақ кітаптағы бірқатар деректер мен суреттерді жарыққа шығаруға көмектескен алаштанушы ғалым, Л.Гумилев атындағы Ұлттық университеттің проректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Дихан Қамзабекұлына алғысымды білдіремін.

Иә, алаштануда атқарылар ауқымды жұмыс алда. Оған осы кітапты жазу барысында көзіміз әбден жетті. Алаштану мәселесінде кәсіби тарихшылардың жазған еңбектерін қарап шығу мақсатымен кітапханалардағы аталған тақырыптағы кітаптарды іздестірдік. Өкінішке қарай, кітапханалардан қолданыс аясында ұзақ жылдардан бері жүріп, сарғайып, тозығы әбден жеткен алаштанушы, тарихшы-ғалым ағаларымыз, ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, марқұм Кеңес Нұрпейісовтің 1995 жылы «Ататек» баспасынан шыққан «Алаш һәм Алашорда» кітабы және тарих ғылымдарының докторы, профессор Мәмбет Қойгелдиевтің 1995 жылы «Санат»

баспасынан шыққан «Алаш қозғалысы» кітаптарынан басқа аталған тақырыпта жазылған сүбелі еңбектер саусақпен санарлық қана екен. Бұл тың тақырыпқа жаңадан жазылып жатқан там-тұм дүниелерге қоса, аталған екі кітапты көп данамен қайта бастырып шықса да игілікті іс болар еді. Ал Алматы мен Астана қаласының кітап дүкендерін сүзіп шыққанымызбен соңғы уақытта жарық көрген алаштану мәселесіне арналған аз-маз кітаптардан басқа арнайы шығарылған еңбектерді көзіміз шалмады.

Ең өзекті өртер өкініштісі, бұл жай алаш қозғалысы мен қазақтың тұңғыш ұлттық үкіметі Алаш орданың жүз жылдығын атап өтер тұстағы жағдай. Өсер ұлттың өрісіне сын, шын мәнінде ұят-ақ мәселе. Біздің де бұл ізденісіміз сол олқылықтың орнын аз да болса толтыруға жараса, алаштануға мысқалдай болса да үлес қосуға тырыссақ, мақсатымыздың орындалғаны.

ЕРТЕ ЕСЕЙГЕН ҰРПАҚ

*Кімнен таяқ жегендей,
Біздің Түріктің баласы.
Алдырып жүрген дұшманға,
Аузының аласы.*

*Мұстафа Шоқай,
1936 жыл, Берлин*

Жиырмамыншы ғасырдың басында қазақ зиялыларының ұлт камын ойлап, жұдырықтай жұмылуына, һәм Алаш идеясының жедеғабыл пісіп-жетіліп, жүзеге аса бастауына үлкен әсер еткен екі оқиғаны атап өту абзал. Бірі – 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы, екіншісі – 1917 жылғы ақпан революциясы.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің негізгі себебі, патшалық Ресейдің ұлттық және әлеуметтік езгісінің шектен шығуы еді. Қанаушылық пен тонаушылық, ең сорақысы, қазақ жерін жаппай иемдене бастаған басқыншылық қазақтарға шегінерге жер қалдырмады. Дәл сол кездегі тұтанғалы тұрған отқа май

құйғанмен бірдей болған қазақтан қара жұмысқа еңбекке қабілетті ер-азаматтардың барлығын алу сыныққа сылтау болды.

Алаш зиялылары бұл мәселеде салиқалы пікір ұстанды. Ахмет Байтұрсынұлы: «Қазақ секілді іргелі жұрт өзгелер қатарында соғыс майданында қару-жарақ асынып, мемлекетті қорғауға лайық еді, қатарда жоқ қара жұмысқа байлануын кемшілік санаймыз» – деп, өз ұлтының ешкімнен кем емес екенін айтып, патшалық Ресей саясатының солақай бағытты ұстанғандығын сынайды. Ал патша ағзам жарлығымен қара жұмысқа алынуы тиіс жарты миллионнан астам қазақ жастарына жолдаған үндеулерінде Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханов және Міржақып Дулатов: «Бірі – барса, алынған жігіттер қазаға, бейнетке аз ұшырайды, екіншісі – «бармаймын» деп қарсылық қылса, елге зор бүліншілік келеді» – деп, қан төгілуін қауіп қылып, бұл амалсыздық шарасы екенін алға тартты. Яғни, бұл жағдай Алаш зиялыларының іштей буырқанып, толысып, қарсылықты қалайша білдіру қажеттігін іздене түсуге түрткі болды.

Енді 1917 жылғы ақпан революциясының қазақ зиялыларына қаншалықты әсер еткеніне тоқталық. Алаш көсемдері бұл төңкерістен кейінгі кезді қазақ ұлтының болашағы үшін ұлы мүмкіндік деп есептеп, алдағы өмірден үлкен үміт етті. Әрі оны баянды ету жолында аянбай еңбектенді. 1905 жылы негізі қаланған Алаш қозғалысы ақпан революциясынан кейін күрт күш ала бастады.

Алаш орда үкіметі мүшелерінің негізгі іс-әрекет бағыттарынан Ресей патшасының отаршылық езгісіне қарсы күрес жолындағы қазақ бұқарасының заңдық тұрғыдан құқын қорғау мәселесі анық аңғарылды. Туған халқының саяси санасын сақайтып, құқықтық сауатын ашпай қатардан қалып қоятындықтарын жақсы түсінді. Бұған қоса қазақ халқының ұлттық санасын оятуда, білімі мен білігін жетілдіруде, мәдениеті мен руханиятын дамытуда олардың әрбірі жеке тұлға ретінде үлкен үлестерін қосты. Осы бағытта олар қазақ халқының бай тарихы мен озық мәдениетін толыққанды зерттей отырып, оны кең насихаттау жұмыстарын қажетті істердің бірі ғана емес, бірегейі ретінде басымдық берді. Сондай-ақ өзге

тілдердегі үздік ғылыми және публицистикалық дүниелерді қазақ тіліне аударып, рухани кеңістіктің аясы тар шеңберде қалып қоймауына жете көңіл бөлді. Және Алаш қайраткерлерінің қай-қайсысын алып қарасақ та тек бір мамандықты игеріп қана қоймай, халыққа қажетті бірнеше салада жемісті еңбек етіп, сан қырлы талант иелері екендіктерін көрсетті.

Енді тарихи деректер бойынша, Алаш қозғалысының қалай басталғандығы мен оның басында нақты кімдердің қызмет еткендігіне шегініс жасалық. Алаш орда үкіметінің құрылуы 1917 жылғы 5-13 желтоқсан аралығында Орынборда өткен жалпықазақтық съездің шешімімен жүзеге асты. Съезді ұйымдастырушылар – Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Елдес Омаров, Сағындық Досжанов және Міржақып Дулатовтар еді.

Съезге қазақ елінің әр аймағынан бірнеше делегат келді. Нақтырақ айтқанда, бір ғана Алтай губерниясы мен Самарқан облысындағы қазақтар атынан 58 делегат келсе, түрліше бағыттағы қазақ ұйымдарының өкілі ретінде 8 делегат, сондай ақ арнайы шақырту алған 15 азамат съезд жұмысына қатысты. Яғни, желтоқсандағы аталған съезге жер-жерден ат сабылтып 81 делегат келді.

Съезд сол кездегі қазақ ұлты үшін маңызды деген он мәселені талқыға салды. Соның ішіндегі ең бастылары – қазақ-қырғыз автономиясын жариялау, милиция һәм Ұлт кеңесі (Үкімет) құру мәселелері еді.

Бірінші баяндаманы Әлихан Бөкейханов жасайды. Бұл баяндама жөнінде қабылданған қаулыда қазақ-қырғыз автономиясын жариялау, милиция һәм Ұлт кеңесі (Үкімет) құру мәселелерін қарауға жеті кісілік комиссия құрылады. Осы құрылған комиссия атынан Халел Ғаббасов автономия жариялау, милиция мен Ұлт кеңесін (Үкімет) құру мәселелері бойынша баяндама жасайды.

Аталған баяндама бойынша съезд бірауыздан:

«1) Бөкей елі, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария, облыстары, Ферғана, Самарқан облыстарындағы, Амудария бөліміндегі, Закаспий облысындағы қазақ уездері және Алтай губерниясындағы іргелес жатқан қазақ облыстарының жері

бірыңғай, іргелі халқы қазақ-қырғыз, қаны, тұрмысы, тілі бір болғандықтан, өз алдына ұлттық, жерлі автономия құруға;

2) қазақ-қырғыз автономиясы – «Алаш» деп аталсын...

б) Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау мақсатымен уақытша Ұлт кеңесі құрылып, мұның аты «Алаш орда» болсын. Алаш ордасының ағзасы (мүшесі) 25 болып, 10 орын қазақ-қырғыз арасындағы орыс және басқа халықтарға қалдырды. Алаш орданың уақытша орны – Семей қаласы. Алаш орда бүгіннен бастап қазақ-қырғыз халқының билігін өз қолына алады...» – деп қаулы қылады.

Ал осы съезде жалпықазақтық Халық кеңесі – «Алаш ордаға» мүшелікке сайланған азаматтардың есімін есте сақтау бүгінгі ұрпақтың парызы болса керек.

Алаш қозғалысының қайраткерлері турасында сөз қозғағанда біздің белгілі тұлғаларды ғана білетініміз анық. Ал осы Алаш көсемдеріне көмекші болып, қозғалыс жұмысының бұқаралық сипат алуы жолында аянбай еңбек еткен ерлердің есімі де еленуден бұрын, олар жайындағы деректер рухани айналымға қосылуы кезек күттірмейтін мәселе. Себебі, бүгінгі ел тәуелсіздігін алуға бастау болған «Алаш» партиясы басшыларының ғана емес, қатардағы мүшелерінің де елдік пен ерлік соқпағындағы сан тарау салиқалы істері бүгінгі ұрпаққа өнеге әрі олардың алдындағы борышымызды өтеу міндет. Осы тұрғыда мүмкіндігінше Алаш арыстарымен қатар, «Алаш орда» үкіметінің белгісіз министрлері мен қатардағы қарапайым мүшелері және оларға қорған әрі қолқанат болған алашшыл жастардың өмірдерегі бүгінгі ұрпақ үшін маңызды.

Әрине, көзіқарақты қауым Алаш арыстарының қызметін, шығармашылығын және сіңірген еңбегін жақсы білуге тиіс. Және де «Алаш орда» министрлері мен мүшелерін әрі ағаларына көмекшілік еткен алашшыл жастар есімдерін халыққа қайтарсақ, нұр үстіне нұр болар еді. Бұл «Алаш» партиясының үлкен құбылысқа айналған үлкен қозғалыс деңгейіне көтерілгендігі турасындағы тарихи мәліметтерді толықтыра түсіп, олардың бүгінгі ұрпағына қажетті баға жетпес құндылыққа айналмақ.

Осы ретте алаштануда атқарылар шаруалар шаш етектен екенін айтуымыз керек. Ал оның ең бірінші сатысы, ұмыт бола бастаған Алаш зиялылары мен әділетсіз жала жабылып, қара жамылған Ұлт батырларын ұлықтаудан басталатынын кәсіби тарихшыларымыз бен кәнігі мамандарға, жоғары биліктегі жанашырлар мен жалпы қауымға құлақтарына алтын сырға дер едік. Бұл реттегі кешенді істің бірі – Алаш қайраткерлерінің тұтас әрі толыққанды энциклопедиясын дайындап, жарыққа шығару.

Біздіңше, Алаш қозғалысына қатысқан әрбір азаматтың өмірбаянында қазақ ұлтының бостандығы мен тәуелсіздігіне деген ұмтылыстың ұшқындары қылаң берері анық. Сондықтан да олардың тізе қосуына түрткі болған бір ғана мәселе – қазақ ұлтының азаттық алу мәселесі. Осы тұрғыдан келгенде Алаш қозғалысына тікелей қатыспаса да, бірақ Алаш идеясын мақсат тұтып, қаймана қазақ қамы үшін еңбек етіп, елінің азаттығын аңсаған азаматтарды да қалыс қалдырмау қажет.

Әрине, бұл талпынысымыз зерттеу нысанымыздан толыққанды хабар береді деп және айта алмаймыз. Себебі, Алаш қайраткерлері мен олардың ізбасарларын түгендеп, оқырман назарына ұсыну тарихшылардың еншісіндегі шаруа. Біздікі сол үлкен істің бастамасы деуге болар. Сондай-ақ бұл халқымыздың аяулы ұлдарының есімдерін бар уақытта мейлінше есте сақтау міндетінен туындаған еді.

Жалпықазақтық Халық кеңесі – «Алаш ордаға» мүшелікке сайланған азаматтардың есімін есте сақтау бүгінгі ұрпақтың парызы болса керек. Бүкілқазақтық Алашорда кеңесінің мүшелерін сайлап, төраға етіп Әлихан Бөкейхановты бекіткен 1917 жылғы желтоқсандағы Орынбор қаласында өткен Жалпықазақ съезінің шешімі негізіндегі *«Алаш орда» үкіметі мүшелерінің, яғни министрлерінің тізімі төмендегіше:*

1. Бөкей ордасынан Танашев Уалитхан (1887-1968 жыл), заңгер.

2. Орал облысынан Досмұхамедов Халел (1883-1939 жыл), әскери дәрігер.

3. Ақмола облысынан Тұрлыбаев Айдархан (1877-1937 жыл), заңгер.

4. Торғай облысынан Бірімжанов Ахмет (1871-1927 жыл), заңгер.

5. Семей облысынан Ғаббасов Халел (1888-1931 жыл), физик-математик.

6. Жетісу облысынан Аманжолов Садық (1889-1941 жыл), заңгер.

7. Сырдария облысынан Шоқаев Мұстафа (1890-1941 жыл), заңгер.

Облыстардан тысқары:

8. Бөкейханов Әлихан (1866-1937 жыл), Арқадан, экономист, Алаш орда үкіметінің төрағасы.

9. Досмұхамедов Жанша (1887-1938 жыл), Орал облысынан, заңгер.

10. Ермеков Әлімхан (1891-1970 жыл), Қарқаралыдан, математик.

11. Тынышпаев Мұхамеджан (1879-1937 жыл), Жетісудан, инженер.

12. Құлманов Бақтыкерей (1859-1919 жыл), Бөкей ордасынан, шығыстанушы.

13. Ақпаев Жақып (1876-1934 жыл), Арқадан, заңгер.

14. Мәметов Базарбай (1888-1946 жыл), Жетісу, Лепсіден, заңгер.

15. Әлжанов Отыншы (1873-1918 жыл), Шығыс Қазақстаннан, ағартушы-мұғалім.

Мүшелікке кандидаттар:

1. Қашқынбаев Иса (1891-1934 жыл), Оралдан, дәрігер.

2. Жақыпбаев Нүсіпбек (1890-1932 жыл), Жетісудан, дәрігер.

3. Итбаев Ережеп (1873-1930 жыл), Шығыс Қазақстаннан, заңгер.

4. Сабатаев Сатылған (1874-1921 жыл), Жетісу, Қаскелеңнен, шығыстанушы, тұңғыш қазақ агрономы.

5. Қасаболатов Есенғали (1889-1938 жыл), Оралдан, дәрігер.

6. Ниязов Батырқайыр (1872-1924 жыл), Бөкей ордасынан, заңгер.

7. Боштаев Мұқыш (1888-1921 жыл), Баянауылдан, заңгер.

8. Жанайдаров Сейілбек (1884-1929 жыл), Атбасардан, заңгер.

9. Нұралиханов Сәлімгерей (1878-?), Бөкей ордасынан, заңгер.

10. Алмасов Омар (?-1922 жыл), Торғайдан, халық мұғалімі.

11. Қадырбаев Сейдәзім (1885-1938 жыл) Торғайдан, заңгер.

12. Кенжин Аспандияр (1887-1938 жыл), Атыраудан, халық мұғалімі.

13. Бекімов Молданияз (1882-1930 жылдардан соң белгісіз), Оралдан, әскери қызметкер.

14. Тұрмағамбетов Есен (1883-?), Ақтөбеден.

15. Солтоноев Жанеке (Жақып) қырғыз, мал дәрігері.

Алаш орданың оқу комиссиясының мүшелері:

1. Байтұрсынов Ахмет (1872-1937 жыл), Торғайдан, Орынбор казак мұғалімдер мектебін бітірген (1895 жылы)

2. Жұмабаев Мағжан (1893-1938 жыл), Қызылжардан, Омбы оқытушылар семинариясын бітірген, (1917 жыл)

3. Омаров Елдес (1892-1937 жыл), Қостанайдан, Орынбор мұғалімдер мектебін бітірген (1911 жылы).

4. Сәрсенов Биамет (1885-1921 жыл), Шығыс Қазақстаннан, Семей мұғалімдер семинариясын бітірген, (1939 жыл).

5. Шонанов Телжан (1894-1938 жыл), Ырғыздан, Орынбор казак мұғалімдер мектебін бітірген (1916 жыл).

Бұл бүкілқазақтық Алаш орда кеңесінің мүшелерін сайлап, төраға етіп Әлихан Бөкейхановты бекіткен 1917 жылғы желтоқсандағы Орынбор қаласында өткен Жалпықазақ съезі Түркістан автономиясының жетекшісі Мұстафа Шоқайдың уәжіне құлақ асып, қазақ халқының автономиясы туралы мәселені де мақұлдағандығын айта кетуіміз керек. Осы ретте Алаш қозғалысының мақсат-мұраты түсінікті болу үшін, осы съезд қарсаңында жарық көрген («Қазақ» газеті, 1917 жыл.) «Алаш» партиясы бағдарламасының төмендегі жобасымен танысып шығалық.

«АЛАШ» ПАРТИЯСЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЖОБАСЫ

21 қазан, 1917 ж.

I. Мемлекет қалпы

Русия демократический федеративный республика болу.

(Демократия мағынасы – мемлекетті жұрт билеу. Федерация мағынасы – одақтас мемлекеттер бірлесуі. Федерационный республикада әр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады. Әрқайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді).

Үкімет басында Учредительное Собрание мен Г.Думаға қалауынша кесімді жылға сайланатын президент болу. Президент халықты министрлер арқылы бақылау, ол министрлер Учредительное собрание мен Г.Дума алдында жауапты болу.

Депутаттар тегіс, тең, төте һәм құпия сайлаумен болады. Сайлау құқында қан, дін, еркек-әйел талғаусыз болу.

Законды жалғыз ғана Г.Дума шығару һәм Г.Дума үкімет үстінен карап, ісін тексеру, запрос (сұрау) жасау құқы да Г.Думада болу. Мемлекет салығы Г.Думасыз салынбау.

II. Жергілікті бостандық

Қазақ жүрген облыстардың бәрі бір байланып, өз тізгіні өзінде болып, Русия республикасының федерациялық бір ағзасы болу. Реті келсе, қазақ автономиясы сыбайлас жұрттармен әзірге бірлесе болу, реті келмесе, бірден-ақ өз алдына жеке болу. Қайткенде де осы күнгі земствалықты қабыл алу.

«Алаш» партиясы қазақтың би, болыс, ауылнайлары сияқты орындарында қызмет ететін адамдар жұртқа пайдалы, жұрт үшін қызмет етерге көңілді адамдар болуына жаһүд қылады. Земствалардың управаларында, милицияларында таза қызметші боларлық адамдардың атын халық қалауына салады.

«Алаш» партиясы ғаділдікке жақ, нашарларға жолдас, жебірлерге жау болады. Күш-қуатын игілік жолына жұмсап, жұрт тарқы ету жағына бастайды.

III. Негізгі құқық

Русия республикасында дінге, қанға қарамай, еркек-әйел демеі адам баласы тең болу.

Жиылыс жасауға, қауым ашуға, жария сөйлерге, газет шығаруға, кітап бастыруға еркіншілік. Үкімет қызметшілері, иесінен рұқсатсыз ешкім табалдырығын аттамаушылық. Законсыз жолмен ешкімді үкімет адамдары ұстамаушылық. Сот сұрамай, билік етілмей, тұтқын қылмаушылық. Қылмысты болған адам судия (судья) бар жерде 24 сағат ішінде, судиясыз жерде бір жетіден қалмай судияға тапсырып жауап алса, судия үкімімен жабылу.

Кісі хатын ашқанға айып, оқығанға жаза болу.

IV. Дін ісі

Дін ісі мемлекет ісінен айырулы болу. Дін біткенге тең құқық. Дін жаюға ерік. Кіру-шығу жағына бостандық.

Муфтилік қазақта өз алдына болу. Неке, талақ, жаназа, балаға ат қою сияқты істер моллада болу. Жесір дауы сотта қаралу.

V. Билік һәм сот

Әр жұрттың билік пен соты тұрмыс ыңғайына қарай болу. Би һәм судия жергілікті жұрттың тілін білу. Аралас жерде соттың тергеу-тексеруі һәм үкімі жергілікті жұрттың қай қобінің тілінде айтылу. Би һәм судия орнынан тергеусіз түспеу. Билік һәм сот жүзінде жұрт біткен тең болу. Құдайдан соңғы күшті би һәм судия болып, кімге болса, олардың үкіміне мойынсұну. Айтылған үкім тез орнына келу. Зор жазалы қылмыстар присяжный сотпен қаралу. Қазақ көп жерде сот тілі қазақ тілі болу. Присяжныйлар

қазақтан алыну. Қырдағы ауыл, болыс ішіндегі билікпен сот жұрт ұйғарған ереже жолымен атқарылу.

VI. Ел қорғау

Ел қорғау үшін әскер осы күнгі түрде ұсталмау. Әскерлік жасына жеткен жастар өз жерінде үйретіліп, өз жерінде қызмет ету. Әскер табына бөлгенде туысқан табына қарай болу. Әскерлік міндетін қазақ атты милиция түрінде атқару.

VII. Салық

Салық мал-ауқат, табысқа қарай байға – байша, кедейге – кедейше ғаділ жолмен таратылу.

VIII. Жұмысшылар

Жұмысшылар закон панасында болу. (Қазақ жерінде завод-фабрика аз, сондықтан қазақтың жұмысшылары да аз. «Алаш» партиясы жұмысшылар турасында социал-демократтардың меньшевик табының программасын жақтайды).

IX. Ғылым-білім үйрету

Оқу орындарының есігі кімге де болса ашық һәм ақшасыз болу. Жұртқа жалпы оқу жайылу. Бастауыш мектептерде ана тілінде оқу. Қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашу. Оқу жолы өз алды автономия түрінде болу. Үкімет оқу ісіне кіріспеу. Мұғалімдер-профессорлар өзара сайлаумен қойылу. Ел ішінде кітапханалар ашылу.

X. Жер мәселесі

Учредительное собрание негізгі закон жасағанда жер сыбағасын алдымен жергілікті жұртқа берілсін деу. Қазақ жер сыбағасын

отырған жерлерден алып орналасқанша қазақ жеріне оған мұжық келмеу. Бұрын алынған жерлердің мұжық отырмағандары қазаққа қайту. Қазаққа тиетін жер сыбағасын жергілікті комитеттер кесу. Сыбаға өлшеу норма – жердің топырағы мен шаруашылық түріне қарай жасалу. Сыбағадан артылған жерден ел өскенде ауық-ауық сыбаға келісіп берілу. Түркістанда жермен бірге су сыбағасы да кесілу. Жерді қазақ үй басына иеленбей, ауыл-аймақ, туысқан табына меншіктеп алу. Өзара әділдік жолмен пайдалану.

Жер заңында жер сату деген болмау, әркім өзі пайдалану. Пайдасынан артық жер сатылмай, земстваға алыну. Жердің кені, астығы, байлығы қазнаныкі болып, билігі земства қолында болу.

Аса зор ағаш, зор өзендер мемлекеттікі болып, аз ағаш һәм көл байлықтары земства мүлкіне саналу.

Жоба жасаушылар: Әлихан Бокейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Елдес Ғұмаров, Есенғали Тұрмұхамедов, Ғабдолхамит Жүндібаев, Ғазымбек Бірімжанов.

Қазақ. – 1917. – №251.

АЛАШ ОРДА БОЛЬШЕВИКТЕРГЕ МЫҚТЫ ОППОЗИЦИЯ БОЛДЫ

Өздеріңіз байқағандай, он бөлімнен тұратын партияның бұл бас құжатында сол кездегі қазақ қоғамының өзекті мәселелері түгелге дерлік камтылған деуге болады. Осы қазақ халқының басындағы тарихи жолайрық кезеңіндегі нақты жағдайларды саралаған «Алаш» партиясы қазақ ұлтының дамуының балама жолын ұсына білгендігі жоғарыдағы құжаттан көрініс тауып тұрғандығы анық.

Өкінішке орай, тарих сахнасына толқып шыққан большевиктер Алаш ордамен тіл табыспай, өздеріне жау ретінде қарады. Айтқандай-ақ, Алаш орда большевиктерге мықты оппозиция бола білді. 1917 жылдың қарашасы мен 1918 жылдың қаңтары аралығында өткен сайлауда қазақтар көпшілік дауыспен «Алаш» партиясының бағдарламасын қолдап дауыс берді. Дегенмен де большевиктер тізеге басты. Ә дегеннен-ақ Кеңес үкіметі тарихи әділеттіліктен гөрі, әлімжеттікпен ұлт-азаттық идеясын таратушы,

қазақ халқының ұлттық санасын оятушы және де отаршылдыққа қарсы күреске дем беруші қазақ ұлтының демократияшыл зиялыларының идеясын тұншықтыруға тырысты.

1918-1919 жылдары Жүніс Бабатайұлы, Асфандияр Шорманұлы, Бірмұхамед Айбасұлы, Смағұл Садуақасұлы және т.б. жас қырандар Алаш идеясын ту етіп көтерген ағаларының ізін басып, қолдау білдіріп, қазақ ұлтының қамы үшін жас алашшылардың «Жас азамат» ұйымы төңірегінде тізе қосады.

Алашорданың шырқау шегіне жетіп, қызмет аясы тарылған тұста одан арғы таңдау бастапқы жолдан бас тарту еді. Ленинмен болған келіссөз нәтижесіз аяқталған соң, амалсыз саясаттан мүлдем қол үзіп кету ұлт мүддесі үшін күресте ұпай әпере қоймайтыны белгілі. 1919 жылдың 4 сәуірдегі үкіметтің «кешірімінен» соң Алаш арыстары ақыры саясаттың ыңғайына иліккенімен, ұлттың қамын «ұрандатпай» шешуге кірісті.

1920 жылы Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов және Мұхтар Әуезов коммунистік партия қатарына бекер өткен жоқ. Осы уақыттың талмауыр талабын тап басқан Әлихан Бөкейхан қазақ халқын және танылып қалған алашордашыларды аман сақтау үшін «көзге түспеген» жастар тезірек міндетті түрде коммунистік партияға өтуі керек деген пікір айтады.

Алаш жұртының қамы үшін айла мен тығырықтан шығар амал іздеген олар оттан да, судан да тайсалмады. Айталық, Алаш идеясын толыққанды жүзеге асыруда большевиктерден жеңіліс тапқанымен таулары шағылып, тауандары қайта қойған жоқ. Қайта қайрағтана, ширьға түсті. Өз елінің тарихын жақсы біліп қана қоймай, туған төпырағының сүймендей жері көрші мемлекеттердің құзырына өтіп кетпесі үшін бар білігі мен батылдығын жұмсаған Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Әлімхан Ермеков және Мұхаметжан Сералиндер қазақ ұлтының бірлігімен қатар, жерінің де тұтастығын сақтап қалды. Кеңес үкіметінің көсемі Ленин бұл ретте бір жағынан әділдікке, бір жағынан саясатқа салып, қазақ зиялыларының ығына жығылды. Нәтижесінде бұрын Ресейдің құрамына өтіп кеткен көптеген жерлер Қазақстанға қайтарылып, тарихи әділеттілік орнады.

Сөз жоқ, осы тұстағы жастардың дүниетанымы жедел қалыптасып, олардың ерте есеюіне ықпал еткен ең бірінші сол кездегі қазақ қоғамының талабы қозғаушы күш болды. Жастар асау уақыттың жалынынан ұстай білді. Замананың тынысын тап басты.

Жиырмамыншы ғасыр басындағы қазақ жастарының жетекшілерінің бірі де бірегейі Смағұл Садуақасұлы болды. Ол Алашорданың жұмысына белсене араласып, оның Ақмола облыстық комитетін құруға атсалысады. Алашорданың мақсат-мұратын жастарға жан-жақты түсіндіріп, әрі оларды үлгі ете отырып, Алаш орданың жастар қанаты іспетті «Жас азамат» ұйымының іргетасын қалады және оның үні – «Жас азамат» газетін жарыққа шығарды. Әрі өзі қарымды қаламгер ретінде де Алаш идеясын сол кездерде жарық көрген басылымдарда барынша насихаттаған Смағұл Садуақасұлы «Жастар съезіне» («Еңбекшіл қазақ» газеті, 1922 жыл, 20 шілде) атты мақаласында: «Қазақтың саяси пікірінің тарихы – қазақ жастарының тарихы. Қазақ халқының ішінде шын саяси қозғалыс жастар оянып, жастар ұйымдасқаннан кейін ғана бар» – деген ой түйеді. Көреген әрі уақыт сынын саралай білген сарабдал ойдың иесі Смағұл Садуақасұлы бұл еңбегінде аға толқын арасында жүрегі ұлтым деп соққан азаматтар көп болмағандығы, олардың ортақ бір істің басына жұдырықтай жұмыла алмағандығы жастарға сабақ болуға тиіс екендігін айтады.

1918 жылы 5-13 сәуір аралығында Омбыда жалпы қазақ-қырғыз жастарының үлкен жиылысы қалыптасқан жағдайға орай, қазақ жастарының өміріне жаңа тыныс әкеледі. Бұл жерде бұған дейін қызмет еткен «Бірлік» және «Жас қазақ» ұйымдары қазақ жастарын біріктіргенімен, ұлт мәселесінде, Алаш идеясы төңірегінде топтасуда енжарлық танытқанын айта кетуіміз керек. Жастардың арасында басқа жолды таңдағандар бұл мәселеде шын мәнінде таңдау жасау қажеттігін көрсетіп берді. Оның үстіне дәл осы уақытта қазақ қоғамының алдында Алаш партиясының, Алаш орда үкіметінің бастаған ісіне қолдау білдіріп, одан әрі жалғастыратын жас алашшылардың күшіне жүгіну міндеті тұрды.

Сөйтіп, елдегі барлыққа дерлік, шамамен жиырма бір жастар ұйымдары бір орталыққа бірігіп, «Жас азамат» ұйымы құрылды. Бұлайша бұла күшті біріктіруге аға буынның ықпалы болғаны анық. Айталық, 1917 жылы Әлихан Бөкейханұлы Омбыға Орынбордан арнайы ат терлетіп келіп, ондағы көзіқарақты казак жастарымен кездеседі. Ел қамы, ұлт мүддесі турасында ақыл қосады. Мұндай жүздесулер жиі болғаны анық.

Иә, жиырмасыншы жылдар көзі ашық, сауатты да сарабдал казак жастары үшін толысу, іздену, өсу жылдары болды. Бұл жиған-терген білік пен тәжірибені олар ұлт мүддесі жолына жұмсау қажеттігін және жете түсіне білді. Осы жолда қиындықты да кешті, қызық пен шыжықты да көрді. Әділеттің ақ жолы жеңіл болмасына да куә болды. Үміт пен күдік итжығыс түскен талмауыр тұстың ақырында ақиқат жеңіп шығатынына имандай илана білді де.

Енді осы алашшыл жастарға жетекшілік еткен өрендерге және негізгі қозғаушы күш – олар құрған ұйымдар мен жарыққа шығарған басылымдаға тоқталып өтсек.

АЛАШШЫЛ ЖАСТАР АҒАЛАР ІСІН ЖАЛҒАДЫ

Қазак жастарының тұңғыш ұйымы 1915 жылы құрылған «Бірлік» мәдени-ағарту ұйымы болып табылады. Бағыты казак ұлтын сақтап, халықтың ұлтжандылық сезімін оятып, мәдени-әдеби жағынан алғы елдердің қатарына қосылуды көздеген әрі аты айтып тұрғандай бүкіл жастарды бірлікке шақырған «Бірлік» ұйымы Омбының ойлы казак жастарының табандылығымен дүниеге келген болатын. Алайда 1918 жылы төңкерістен кейін замана ығына қарай ыңғайлана қойған «Бірлік» ұйымының мақсат-мұраты құбылмалы мүшелері райларынан қайта бастағанда, ұстанымдарына берік мінез танытқан С.Садуақасұлы, Қ.Кемеңгерұлы және Г.Досымбекқыздары казак жастарының басын қосып, жоғарыда айтып кеткен «Жас азамат» ұйымын құрды. Осылайша «Бірліктің» бастапқы бағытын, оның жұмысын, дәстүрін одан әрі жалғастырған «Жас азамат» ұйымы дүниеге

келеді. Басты мақсат – қазақ ұлтының тәуелсіздігі мен теңдігі. Бұл аталған ұйымдар сол кездегі қазақ жастарының ұлт мүддесі тұрғысында біріге қимылдай алғандығы мен олардың қоғамдық белсенділігінің жоғары болғандығын көрсетсе керек.

Ал билік қарамағында да жастарға қатысты құрылымдар баршылық еді. Соның негізгілері – Кеңестік Күншығыс ұлттары жастарының орталық бюросы және Қазақ Автономиялы республикасының Жастар одағы. Аталған құрылымдар қазақ жастарымен тікелей жұмыс жасайтын әрі 1920 жылдары қызметтері күш алған болатын. Осы жылы Сібір төңкерісшіл Жастар одағы комитетінің (РКСМ) қырғыз (қазақ)-татар секциясы қанатын кеңге жайып, қазақ ауылдарында жастар ұйымдарын құра бастайды. Смағұл Садуақасұлы бастаған өрендер бұл ұйымдарды «Жас азаматтың» дәстүрін одан әрі жалғастыратындай етіп құруға күш салды. Омбы жастарының орыс тілінде шығатын «Юношеская правда» журналы (№3, 15 шілде, 1920 жыл): «Осы жылдың 3 мамырынан бастап іске кіріскен қазақ-татар секциясы (құрамында 3 қазақ, 2 татар бар) жұмыс барысында әр ұлттың салт-санасы, тұрмысы әрқилылығына сәйкес жасайтын тірліктерінің мазмұнын да өзгертті. Қазақ қызметкерлері қазірдің өзінде Атбасарда, Қызылжарда, Көкшетауда (Омбы губерниясы), Павлодарда, Қарқаралыда (Семей губерниясы) жастар ұяларын құрып үлгерді. Қазақтың бұл елді мекендеріндегі жастар ұялары сауық кештерін жасап, спектакльдер қойып жүрген көрінеді», – деп қызыға да қызғана хабарлайды. Бұл Сібір РКСМ-ның қазақ-татар секциясы апта сайын «Еңбекшіл жастар» мен «Қызыл шарх яшляри» газеттерін шығарып тұрды.

Осы кездердің өзінде Қазақстанның қалаларымен қатар шалғай ауылдарының өзінде жастар ұйымдары белсенді жұмыс жүргізді. 1917 жылы Әулиеата мен Меркеде «Қазақ жастарының революцияшыл одағы» құрылды. Сондай-ақ Ақмолада да сол секілді «Жас қазақ» ұйымы жұмыс істеді.

1920 жылы 12-18 қыркүйек аралығында Күншығыс ұлттары жастарының Бүкілресейлік бірінші конференциясы өтеді. Оған өкіл болып барған Смағұл Садуақасұлы қазақ ұлтының жастары

атынан мінберден сөз сөйлейді. Осы жиналыста ол Күншығыс жастарының тоғыз кісіден тұратын кіндік бюросына мүше болып сайланады. Қазақ жастарының жас та жалынды жетекшісін байқаған Қазақстан үкіметінің басшылары оны 1920 жылы қыркүйек айында Орынборға арнайы шақыртып, Аймақтық жастар комитетінің хатшысы етіп тағайындайды.

Осы ретте Л.Гумилев атындағы Ұлттық университеттің проректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Дихан Қамзабекұлының мына базынасын құлаққағыс қылғымыз келеді: «...Осы күнгі Жастар одағы басшылары С.Садуақасұлы хақында дым білмейді десе болғандай. Олардан Қазақстанда алғашқы Жастар одағының ұйытқысы болған кімдер? – деп сұрасаңыз, қыршын ер Ғани Мұратбаевты ғана атаулары мүмкін. Алайда олар Ғани ағамыз түркі, мұсылман ұлттарына ортақ Отан болған Түркістан Автономиялы республикасы жастарына жетекшілік еткенін біле бермесе керек. Ал енді келешекте «Қазақ Автономиялы республикасы Жастар одағының тұңғыш хатшысы кім болған?» деген сұраққа қате жауап берілмесе екен дейміз». (Смағұл Садуақасұлы, «Қазақстан» баспасы, 1995 жыл)

Ал Қазақстанда Кеңес үкіметі құрылғаннан кейін жастар қозғалыстары да өріс алды. 1921 жылғы шілдеде Орынбор қаласында Қазақстан комсомолының I съезі болып өтті. Осы ретте айта кетерлігі кедей шаруа отбасынан шыққан Ғани Мұратбаев (1902-1924) Қазақстан мен Түркістанда комсомол ұйымдарын құруда ерекше белсенділік танытып, осы кезеңдегі қазақ жастарының жалынды жетекшісіне айналды. Бұған басты дәлел – Түркістан комсомолы Орталық комитеті Қырғыз (Қазақ) бюросының тұңғыш төрағасы болып еңбек еткендігі еді. Ал қыршынынан қиылған дарынды жастар жетекшісі өмірінің соңғы сәттеріне дейін Коммунистік жастар интернационалы Шығыс бөлімінің меңгерушісі болып қызмет етті.

Жиырмамыншы ғасыр басында мүлгіген қазақ қоғамын ұйқысынан оятқан, жан-жағына сын көзбен қарауға үлкен ықпал еткен сөз жоқ, екінші мыңжылдық басында шыға бастаған қазақ басылымдары болатын. Алдымен көзіқарақты қазақ жастары

рухани серпілістің қасынан табылып, қатарлары да көбейе бастады. Бұл құбылыс әсіресе сол кездегі Омбыдағы қазақ жастарына үлкен әсер етті.

Айта кету керек, 1907 жылы жарық көрген «Серке» газетіне дейін шыққан «Түркістан уәлаятының газеті» (1870-1882) мен «Дала уәлаятының газетінің» мақсаттары патша өкіметінің жарлық-бұйрықтарын қазақ даласына жеткізу болғандықтан, аталған басылымдар ұлттың үнжариясына айнала алмады. Ал қазақ ұлтына қызмет ету мәселесі «Серкеден» басталып, бұл дәстүрді одан әрі «Қазақстан» газеті (1911-1913), «Айқап» журналы (1911-1915) және «Қазақ» газеттері (1913-1918) жалғастырды. Осы басылымдарда жарияланған дүниелер ұлт болып ұйысуға, елдік пен бірлікке үндеді.

Сондай-ақ қазақ өрендерінің ұйқыдан өре түрегеліп, оянуына ғасыр басында там-тұмдап болса да жарыққа шыға бастаған кітаптардың да едәуір ықпалы болғаны анық. Жаңалыққа жаны құмар жастар аға буынның үлгілі істерін іліп әкетті. Қазақтың ағартушылық әдебиеті қанатын кеңге жая түсті. Бұл ретте 1928 жылы Мәскеудің «Огонек» акционерлік баспа қоғамынан қазақтың талантты жас жазушыларын әлемге таныстыру мақсатында орыс тілінде жарық көрген «Жас Қазақстан» («Молодой Казахстан») жинағын айта кету керек. Смағұл Садуақасұлы құрастырған бұл жинаққа М.Әуезов, Ж.Аймауытов және Б.Майлин сынды майталман жас жазушылардың әңгімелері енген болатын.

Ал қазақ жастары арасындағы тұңғыш қолжазба журнал Уфадағы «Медресе Ғалия» шәкірттерінің еңбегі – «Садақ» (1915-1918) болатын. Қазақ жастарының тұңғыш ұйымы 1916 жылдары құрылған «Бірлік» мәдени-ағарту ұйымының «Балапан» қолжазба журналы талай өрендердің қаламын ұштап әрі алашшыл жастардың шығармаларын басып тұрды.

Осы ретте қолжазба журналдар нендей қажеттіліктен туындады деген заңды сауал алды орайды. Бұған басты себеп, Алаш туы астында біріккен аға буынның патша цензурасына қарамай қажымас қайрат көрсетіп, қайтпас мінез таныта жүріп шығарған басылымдары жастарға жол сілтеп қоймай, олардың

бой көтеруіне қатты әсер етті. Содан жастар да қарап қалмай, ой-мақсат, арман-аңсарларын қағазға түсіріп, бұқара халыққа таратқысы келді. Міне, қолжазба журналдар осындай жолдармен келіп, жарыққа шығып жатты.

Бұдан кейін дүниеге келген «Жас азамат» ұйымының үні «Жас азамат» газеті 1918 жылдары шыға бастайды. 1920 жылдары Омбы қаласында шығып тұрған «Еңбекшіл жастар» апталық газеті, 1922 жылғы жастардың «Өртең» атты газеті, сондай-ақ 1923 жылдары жарық көрген «Жас қазақ» журналы, «Лениншіл жас», «Жас қайрат» газеттері аттары басқа болғанымен, іс-әрекет, мақсаттары бір болып, сол кездегі қазақ жастарының мәселелерін жан-жақты қозғады. Бұлардың ішіндегі «Жас азамат» жастар газеті болса да Алашорданың мақсат-мұратын ашық насихаттаған «Қазақ», «Абай» және «Сарыарқа» секілді басылымдармен қатар, иық тірестіре Алаш идеясын асқақ ұстады. Айталық, әрбір санында: «Жасасын Алаш! Жасасын Алаштың көшбасшылары! Жасасын Алаштың жаужүрек ұлтшыл жастары!» – деп ұран тастап, – «Алаш Орда тігілді. Ақ ту көтерілді. Енді әркім шамасына қарай ұлтына қызмет қылуы тиіс» (№1, 30 шілде, 1918 жыл) деген жүрекжарды ойларын жеткізіп отырды.

«Қазақ» газеті 1918 жылы алашшыл жастардың жігерін жанып, «Жас азамат» атты мақала басады. Онда аталған басылымның мақсат-мұратын кеңінен таныстыра отырып, газетті тоқтаусыз шығарып тұруға атсалысуға шақырады. Және де ең бастысы, осы бағытта жастардың жұдырықтай жұмылуына, бірігуіне үндейді. Төмендегі бұл мақаланың мәні мен мазмұны танысып шыққан адамға бүгінде өте маңызды екенін аңғарар еді.

«Жазғытұрым Омбыда қазақ-қырғыз жастары ұйымдарының съезі болған. Съезде байланған қарардың бірі газет шығару еді. Сол қарар бойынша, Қызылжарда 30 июльден бері жеті сайын «Жас азамат» атты газет шығып тұр. Газеттің мақсаты-бағыты туралы бірінші нөмерінде айтылған, «Жас азаматтың» мақсаты, негізгі жолы – ұлт бостандығы, ұлт теңдігі. Бұл тілекке жету үшін «Жас азамат» Алаштың алтын туын жайқалдыратын, дұшпанға күшті, досқа қуаныш салатын, іргелі ел қылатын бірлікті қолданады.

Әлсізді күшейтетін, ауырды жеңілдетіп табиғаттың қожасы шаруа мәдениетін қолданады. Ар-иманның, таза адамшылықтың түпкі тамыры әділдікті қолданады.

Осы айтылған жолдарды қарсы күш, қалың жау тұрса да, таудан үлкен тұрмыстың кедергілері тұрса да «Жас азаматтың» бет алған сапарынан қайтпайтынына иманымыз берік. «Жас азамат» қажыса, талса, қатерден қорықса, от екпінді ұлтшыл жастардың рухы сөнгені, ұлт үшін ыстық қан, жас жан құрбан деген пікірден қайтқаны. Жоқ! Бұл мүмкін емес. Жүрекке нық байланып, ыстық қанға сіңген зат бір буыннан бір буынға көшіп отырған қасиетті мұра. Алты миллион Алаштың жарық ойлы жастары ортасындағы жалғыз «Жас азаматты» әлпештеп асырай алмаса, тұғырға қондырып баули алмаса, қаламға, пұлға мұқтаж қылса, жас атаулының сүйегіне таңба... «Жас азаматтың» ғұмыры ұзын, алды ашық, жүзі жарқын болсын. Жігерлі жастар, кең ойлы қарттар «Жас азаматты» көркейтуіне біз де сенеміз. «Жас азамат» қазір серіктік пұлымен шығады. Серіктік жарнасы 50 сомнан кем емес. Артық болса, тым жақсы. «Жас азаматтың» жылдық бағасы 20 сом, жарты жылдығы 11 сом, үш айлығы 6 сом. Адресі: г. Петропавловск. Ақмолинс. обл. «Жас азамат»».

Сондай-ақ «Жас азамат» (№1, 30 шілде, 1918 жыл) сол тұңғыш санында: «Жастар! Алда жүрген Алаш жолына аянбай қызмет қылған адал жүрек ағалардан үлгі, өрнек алындар» – деп, дұрыс жол сілтей білсе, ағалары атынан жастарға берілген ақжолтай бата – «Жас азаматта» (18 тамыз, 1918 жыл) басылған ақын Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» атты өлеңі еді. Онда ақын:

*– Создерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін! –*

деп, жастарға сенім мен үміт артты.

Ал басқа да қазақ зиялылары жастардың отаншыл рухы мен бірлігінің мұқалмауын қалады. Тіпті өткен ғасыр басындағы ұлтымыздың бетке ұстар біртуар ұлдарының бірі Мұстафа Шоқай (1890-1941) қазақ жастарының ғана емес, мұқым Түркістан жастарын бірлікке шақырды. Бұл түсінікті де еді. Өйткені Түркі

тілдес халықтардың тұтастығы жолында күрескен Мұстафа Шоқай ең алдымен олардың жас өрендерінің өріс кеңейткенін қалады.

1917 жылы желтоқсанда Орынбор қаласында өткен Жалпықазақ съезі Түркістан автономиясының жетекшісі Мұстафа Шоқайдың уәжіне құлақ асып, қазақ халқының автономиясы туралы мәселені мақұлдағанын жоғарыда айтып кеткен болатынбыз. Осылайша қазақ зиялыларының ыстық ықыласына бөленген Мұстафа Шоқай 1936 жылы Берлиннен «Түркістан жастарына» атты арнау хатын жолдайды. Төмендегі бұл хатты шолып шығу аздық ететін шығар. Жүрекке тоқып алу қажет болар.

«Бүгін Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Қарақалпақстан, Түрікменстан һәм Тәжікстан деп жат үкімет күшін алты жұмһириетке бөліп тұрған Түркістан – бөлінбес, айрылмас бір өлке. Халқының қаны бір, діні бір, мақсаты бір. Түркістанның мақсаты – өзінің құрылысы – миллет үкіметін құрып, дербес боп, өз алдына бір үкімет болып тұру. Халқы көптен бұл жұмысқа алысып-шалысып, қан төгіп, соғысып келеді. Үмітіміз зор, мемлекетіміздің келешегіне иланамыз. Түркістан жастары айрықша бұл мақсатымызға жеткізуге таласып, тырбасып жатыр. Біздің мақсатымыз – жалғыз Түркістанның ғана емес, бүтін түрік өлкелерінің, бүтін түрік халқының дос болып, өзара бірлік-пірәдарлықпен жасап, сыртқы дұшпандарға қарсы өзінің толықтығын, үкіметінің толықтығын білдіріп қою. Ойымызға жетеміз, талабымызды орнына келтіреміз деген иманымыз зор, күшті. Халқымыз үстіндегі жат үкіметтің күшіне не қадар ауыр болса, біздің оған қарсы шығысымыз о қадар үзім, о қадар күшті болмақ. Алыста жүріп ел қайғысын ойлап, алыста жүріп ел камын ойлап Еуропаның әр тарабында жүрген, бүгінгі Түркияда тұрған Түркістан жастары, бірлесіндер! Сендердің бірліктерің, сендердің бір-біріңе күш қосуларың – еліміздің бакытына қызмет етпек. Мұны ұмытпаңдар! Бәріміздің құбыламыз – өзіміздің атажұртымыз, өлкеміз Түркістан болмақ! Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру – бәрімізге бір мақсат, бір мұхаббат, уәзифа болмақ. Мұны ұмытпау керек!

Түркі халқы – батыр халық, Түрік халқы – арыстан ер халық.

*Кімнен таяқ жегендей
Біздің Түріктің баласы.
Алдырып жүрген дұшманға
Ауызының аласы.*

Бұл нақыл сөзді ұмытпауымыз керек. Бәріміз бір болсақ, біздің жеңбейтұғын жауымыз болмайды, мақсатымызға жетеміз! Онсыз біздің күніміз жоқ, құрып кетеміз, босып кетеміз. Құрымасымыз үшін, боспасымыз үшін – күшімізді біріктіріп, иін тірестіріп, бір-бірімізге жәрдем беріп жүруіміз керек. Онсыз біздің күніміз қараң. Мұны ұмытпау керек! Түрік баласы, ұмытпандар, бастарындағы бөтен елдің үкіметін шығарып тастауға, аударып тастауға тырысындар!»

Бұл «Түркі тілдес түгел бол!» идеясын сол халықтардың жастарына арнаған Мұстафа Шоқай олардың жігерін жанып, бірлікке шақырады. Бір қызығы, сол кездері Алаш қозғалысының аясы тұтас түркілік ауқымды қамтуға ұмтылғанын еске алуымыз керек. Айталық, 1917 жылы қырғыздың «Бұқара» атты саяси партиясы «Алаш орда» кеңесімен бірікті. Бұған қоса Алаш қозғалысының нәтижесінде пайда болған I Жалпықазақ съезін Мұстафа Шоқай «ұлы түркі халықтарының мызғымас бірлігін көрсететін сахнаға айналды» деп баға береді.

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТАРАҒАНЫМЕН, АЛАШ ИДЕЯСЫ ТАМЫР АЛДЫ

Алашшыл жастардың аңысын баққан кеңестік билік алаштық элитаны өзіне қарсы тұрған ықпалды әрі қауіпті күш ретінде бағалап, ақыры есеп айырысу қажет, оппоненттерін түп тамырынан шауып тастау керек деп шешеді. 1926-1927 жылдардан бастап репрессиялық шараларды қолға алған олар 1930 жылғы 4 сәуірдегі ОГПУ (Біріккен Мемлекеттік саяси басқарма) алқасының шешімімен А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М. Дулатов бастаған қырыққа жуық Алаш зиялылары түрлі мерзімдерге түрмелерге және концлагерьлерге жабылып, жер аударылады және басқа да жазаларға кесіледі.

1932 жылғы 20 сәуірдегі ОГПУ үштігінің үкімімен жиырмадан астам Алаш зиялылары бес жылға Ресейдің Воронеж облысына жер аударылды. Ал алашшыл жастардың бірқатары ағаларының ақылын тыңдап, Алаш идеологиясынан бас тартатындықтарын ресми түрде мәлім ете отырып, ұлт мүддесін коммунистік партия қатарында жүріп қорғауға тырысты. М.Жұмабаев, М.Әуезов және Ә.Ермековтер осы жолды таңдағанымен де ОГПУ-дің тепкісін көрді. Өкінішке орай, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Д.Әділов, Ә.Байділдин, А.Юсупов және басқа бірқатар Алаш зиялылары ату жазасына кесілді немесе абақтыда көз жұмды.

Бүгінде Алаш қайраткерлерінен бастап сүргінге ұшыратқан 1937 жылдардың ызғарлы лебінен ескен сұрапыл зұлматтың зардабы мен салдары қандайлық болғандығын сезінбек тұрмақ, болжау қиын. Яғни, тағылымы зор тарихи нәубеттің қазіргі жаңа буын, жас ұрпаққа берер сабағы турасында ойлану қажеттігі туындайды. Атап айтқанда: сол аға буынның қабырғасын қайыстырып, іргесін сөгіп кетуге қауіп тудырған зауалдың ендігі уақытта алдын алу, оның әлеуметтік зардаптарынан арылу жайы алды орайды. Осы тұрғыда өткен ғасырдың 37-жылдары бетке ұстар ұлт зиялыларын саяси қуғын-сүргінге ұшыратқан қоғамның қайшылықты қарекетін таразылау, тарихи жадыны жаңғырту қажеттігі туындайды.

Әрине, 37-жылдары кеңестік тоталитарлық жүйе жүргізген солақай саясаттың ауыр зардаптарын арқалаған азаматтар мен сол жылда құрбан болған Алаш зиялыларымен қатар, бір ғана репрессия салдарынан қазаға ұшыраған қазақстандықтардың жалпы саны 25 мың адамнан асып жығылады. Сонымен қатар, Сталиндік қылмысты коллективтендірудің сұмдық салдарынан 1,5 миллионға жуық қазақ көз жұмды. 1930-32 жылдары 1,5 миллион қазақ КСРО-дан шетелдерге мүлдем көшіп кетті. 1930 жылы Республикада 5 миллион 873 мың адам тұратын – бұл осында көшірілгендердің жалпы санымен бірдей делік. 1933 жылға қарай халықтың саны 2 миллион 493 мың адам ғана болды. Ал 1937-38 жылдардағы қуғын-сүргіннен бастап Сталин дүниеден өткенге дейінгі аралықта Қазақстанда 103 мың адам

саяси айып тағылу арқылы сотталса, оның жоғарыда айтып кеткендей 4/1 «ОГПУ – НКВД үштіктері» үкімімен, сот үкімімен атылған. Сондықтан бұл кітабымыздағы алаштану тақырыбын үтір-нүктесіне дейін толыққанды болмаса да, жалпылама мәлімет алу үшін де репрессия мәселесіне соқпай кете алмаймыз. Бұл ретте оқырман қауым мейлінше тауқыметті тағдыр арқалаған жекелеген Алаш азаматтарының азапты өмір жолдары арқылы (бөлімдегі өмірбаяндық анықтамалықты қараңыз) жалпы репрессия турасында мол мағлұмат алады деген ойдамыз. Мұндағы әрбір аты-жөндері аталып, өмірбаяндары берілген азаматтар деректерінде репрессияның салған іздері айшықталып жатыр.

Осы ретте азалы тарихымызға бас ие отырып, құрбан болған аяулы азаматтар рухына тағзым етіп, өткенімізге сауап, өткелімізге салауат айту парызымыз дегенімен, дәл мұндай жағдайлардағы шетелдердің озық тәжірибесінен үлгі алу қажеттігі туындайды. Айталық сол кездегі кеңестік жүйенің ықпалында болған Моңғолия мемлекеті еліктегіштікпен кеңестік репрессияның артынша-ақ оны өз елдерінде қайталаған болатын. Кейіннен Моңғолия басшылығы бұл солақай саясаты үшін халқынан кешірім сұрап, құрбан болғандар мен азап шекендердің ұрпақтарына өтемақы төледі. Бұл жайт турасында оның куәгерлері бүгінде сол жақтан ата-жұртқа қоныс аударған ағайынның айтары баршылық. Осы сынды азалы тарихымыздың қасиетті беттерін парақтағанда әлі алда атқарар істердің көп екеніне көз жетеді.

Енді осы отызыншы жылдардың жуан ортасындағы Алаш зиялылары итжеккенге айдалып, атылмас бұрын қандай қоғамдық-саяси және психологиялық қыспаққа ұшырағандығына нақты тарихи құжаттармен таныса отырып, көз жіберіп көрсек. Өйткені дәл сол уақыттары қалыптасқан саяси ахуалдың зілмауыр салмағы тек Алаш элитасын ғана емес, тұтастай қазақ ұлтын жаныштап бара жатты. Бұған көз жеткізу үшін О. Исаевтың БК(б)П-ның I съезінде сөйлеген сөзінің төмендегі қысқартылған стенограммасын («Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938 гг.» Қазақстан, 1998 ж.) шолып шықсақ та жеткілікті.

«...Қазақстанда басты қызметте жүрген, Қазақстанның ішінде түзелмей жүрген адамдар алашордашылармен бірге істегендігі көрініп отыр. Сол жолдас, түзелмей қалған адамдарды айтып отырмыз. Нұрмақов секілді Мәскеу қаласында біраз жылдың ішінде үлкен қызметте отырған, Қазақстанда 1929 ж. дейін Совнаркомның бастығы болып отыратын, бір жағынан, Кеңес үкіметінің саясаты дұрыс деген болып, екінші жағынан, Троцкийдің тыңшысы болып, солармен бірге жапон, германдардың байларына сатылмақшы болып жүргендігі көрініп, қазіргі уақытта ұсталып отыр. Бұл нені көрсетеді, жолдастар? Оңшыл ұлтшылдардың, ұлтшыл болып жүрген адамдардың зиянкес, жат екендігін ашық, айқын, оңшыл ұлтшыл екендігінің әбден анықталғандығын көрсетеді.

...Кешегі жолдастар айтып кетті, Асылбековтің Қарқаралыда тұрған уақытта, алашордашыл ұлтшыл Сұлтанбековтерді, солармен бірге табақтас болып, оларды қонаққа шақырып отырғандары, оңшыл ұлтшылдармен бірге үйірлес болғандығы туралы бірқатар жолдастар айтып кетті. Дұрыс айтты, ол сөйлеген жолдастар одан да көбірек айта түсу керек еді. Бұл партия мүшесі, бұрын партияға мүше болып еді ғой, не болмаса бірге жұмыс істеп едік қой деген қазақшылықты тастау керек.

Бұл жөнінде қазақшылықты қойып, партияның жолындағы саяси адам болу керек. Аты аталған екі жолдастың, Нұрмақов және Асылбеков жолдастар сияқты аңғармай қалып, дұшпанмен бірге астасып отырғаны көрініп қалды. Бұдан қандай нәтиже туды? Бұдан анау күнгі VII партия конференциясында ұлы маңызды, жеке алынған ұлт мәселесі туралы қаулының орынды болғандығын көрсетеді. Үкіметтің, партияның мақсатына қарсы іс жүргізіп отырғаны, осылармен күресуді, әсіресе жоғарғы қатарға қоюдың керектігін көрсетіп отыр. Бұл жөнінде VII конференцияның қаулысы біздің қолымыздағы айқын программа. Осыны айқын іске асырып отырып, ұлтшылдар, троцкийшілдер, оңшылдардың бәрін жойып бітіру керек.

...Екінші әңгіме жолдастар мынау. Соңғы уақытта партияның тарихын үйреніп, соны жұртқа түсіндіру туралы біраз әңгімелер

бар, бұл әңгіменің бір жағы қазақтың контрреволюцияшыл ұлтшылдарымен күреске байланысты. Бұл туралы біраз жолдастар айтып өтті. Олардың айтқаны, Алаш орда Октябрь революциясынан бұрын болса да, ол революцияшыл патшаға қарсы күрес жүргізді деген әңгіме бар деді. Бұл дұрыс теория емес, зиянды теория. Бірқатар жолдастар айтты, бұл туралы зиянды теориялардың бар екені даусыз. Бұл жөнінде менің де қатем бар. 1927 ж. Өлкелік партия комитетінде Мартыновтың бір тапсырмасы болды. «Алаш орда туралы барлық қағаздарды, документтерді жина, соны басып шығару керек, – деді. Алаш орданың кім екендігін, қандай іс жүргізді деп, осы документтерді теріп, басып шығарудың өзі ол уақытта қате болған екен. Өлкелік партия комитетінің саяси қатесі осы».

Әрине, бүгін біз сол кездегі замананың ығымен кезінде Алашшыл азаматтарға қара күйе жаққан адамдарды айыптай алмаймыз. Оның әлі әділ бағасын беретін уақытты төрешілікке қалдырамыз. Дегенмен құжаттың аты құжат. Әсіресе қазақ тарихында өзіндік орны ғана емес, тағылымы зор саналатын Алаш қозғалысына, оның қайраткерлеріне қатысты мәселелердің күнгейі мен көлеңкесінің барлық қырын қамтитын құжаттарды рухани айналымға шығару міндетіміз. Бұл бір жағынан зерделер тақырыбымызды толыққанды айшықтай түсері анық.

Жалпы кезінде биік мінбелерде айтылған немесе мерзімді басылым беттерінде жарық көрген негізсіз сындарды авторлары өз еріктерімен айтты ма, әлде әлдебіреулердің нұсқауы немесе қысымы арқылы жүзеге асырды ма дегенге сол құжаттардың өздері жауап беріп тұрғандай. Бұл жағын, яғни мәселенің ақ-қарасын таразылауды зерделі оқырманның өзіне қалдырдық. Ал коммунистердің қызыл қырғын мен азапты сүргінді қалайша қаныпезерлікпен жүргізуге деген шамадан тыс белсенділіктеріне аталған құжаттар айғақ болары анық.

Сонымен жоғарыдағы алқалы жиында қатталған және бір құжатқа кезек берсек. Назарларыңызға ұсынып отырған Жүсіпбековтің өз баяндамасы бойынша сөйлеген қорытынды сөзі («Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938 гг.» Қазақстан,

1998 ж.) сол тұстағы қызыл коммунистердің ортақ прототипін көз алдыңызға әкелері анық.

«Мен Лепесов, Шағыров қорытындыларына толық қосыламын. Біздің қатеміздің түбі Орталық Комитеттің февраль пленумының және Сталин жолдастың баяндамасына толық қорытынды жасай алмадық. Жазушылардың пленумында Сәбиттің сынға қарсы болған қорытынды сөзіне соққы бермедік. Біздер сынды, өзара сынды бастадық, бірақ оны кейбір жолдастар бұрмалағысы келеді. Кейбір жолдастар Орталық партия Комитетінің органдарының сыны дұрыс, бірақ кей жерде асырып кетеді дейді (Сәкен, Ілияс). Бұл дұрыс емес.

Меніңше «Қазақстан правдасы» мен «Социалистік Қазақстан» сыны толығынан дұрыс. Вечерный газеттің Сәкен туралы асырғандығы рас, оған мен де қосыламын. Біз қатені түзегіміз келсе, Орталық Комитеттің органдарының сынын толығымен ешбір оговоркасыз дұрыс деу керек.

«Сәкеннің инерциясы тіпті дұрыс емес. Осындағы жолдастардың сөздерін еске алып, қателігімізді жете мойындап, оны жоюдың шарасын көрсетіп, қаулы алу керек. Қаулымызда Сәбит туралы қатты айту керек. Оны тез шақырып, партиялық мәселесін қарау керек.

Майлин туралы жазушылар правлениесінің партгруппасы қаулысы дұрыс деумен бірге, қатты ескерту беру керек. Сәкен, Жансүгіров жолдастарға ескерту беру керек. Бүгіннен байланысты іс жүзінде орындамағандарды да, контрреволюцияшыл ұлтшылдықпен, оған ауа жайылған уклонмен іс жүзінде күреспегендерді қатты жазаға тарту керек. Зиянды шығармаларды таратуды тоқтатып, жою керек. Сынды, өзара сынды, ең алдымен, халық жауларының зиянкестерін, қалдықтарын құртуға, оған ымырашылдық кылғандарға жұмсау керек.

Енді біз конкретный іске кірісуіміз керек. Газет-журналдарымыз саяси өткір, өзара сынға басшы, жетекші болу керек».

Алдымен қазақ зиялыларына осылайша қысым жасаған коммунистік билік жүйесі оларды ең бірінші сынап көруді мақсат тұтқан ба деп қаласың. Және де басты нысанаға қалам

ұстаған қайраткерлердің ілігіп, өңменнен өтер өткір сын тезіне олар қашанғы шыдар екен деген арам пиғыл да көрініс беріп қалады. Амал не, мұндай қыспаққа ашық қарсы келсе, қырқып түсуден тайынбайтын қырағы биліктің саясатын түсінген әрі ұлт тағдыры ұстараның жүзінде лыпып тұрған уақытта әрбір қазақ зиялысының өмірі қымбат еді. Сондықтан да сол кездегі қазақ элитасы мұндай жағдайда да есесін жіберместен, ұлт ісін ұрандатпай-ақ тындыруға кірісті.

Дегенмен де шектен шыққан орынсыз сын және жазықсыз жала мен налаға қапысын тауып, тігісін жатыстырып жауап берген қазақ зиялылары да бар. Айталық жоғарыда аталған мәртебелі жиналыста сөз алған Сәкен Сейфуллин сынның шын болғаны керек деген ойын білдіреді («Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938 гг.» Қазақстан, 1998 ж.). Оған төмендегі сұңғыла суреткердің саясаткер ретінде сөйлеген сөзі дәлел.

«Газеттердің көтерген сынының дұрыс екеніне мен де қосылам. Сынға өкпелемеу керек. Сын ілгері бастырады. Біздің сыншыларымыз әр нәрсені уақытында айту керек. Бандитке Сәкен өлең арнады дейді (Ол уақытта ол бандит емес еді, политбюро мүшесі еді. Ол бандит екенін білсем мен жазам ба?). Сыншыларымыз осы жағын ескермейді. III конференцияда (1922 ж.) «Азия» туралы Ярославский сынап, зиянды өлең екенін айтты, сонымен қатар «Домбыра» туралы сөз болды. «Бенде» деген сөзімді Троцкийді банды деп айтты деп те сөз болды. «Банды» деген кінәні жуу үшін 1924 ж. барып «Домбыраны» Троцкийге арнап бастым. 1928 ж. қате екенін айтып өзім мақала жаздым. Журналға да жаздым. 1932 ж. ҚазПИ-де айтылды. 1932 ж. Жаманқұловтың баяндамасында да айтылды. Партия сайлауларында да биыл арыз бердім. Қысты күні Крайкомға да арыз бердім. Сондықтан сыншылар датаны ескеруі керек еді. 1922 ж. «Азияны» 1928 ж. қайталады, 30 мың сомнан артық ақша алды деген сықылды өтірік сынға қосылуға, дұрыс деуге бола ма? 1922 ж. «Азия» сықылды өлең жазсам, одан кейін ондай өлең жаздым ба? Жоқ, жазғам жоқ, қайталағам жоқ. Енді сол үшін ұра беру керек пе?»

Өзім білетін бойымдағы кемшілік – менде шабандық бар, айнала алмаушылық бар. Бір отырсам отыра қалам да, бір жүрсем жүріп кетем. Сосын шаршап жаза алмаймын. Бір нәрсеге кірісуім қиын да, кірісsem бірден отырып қалам. Массамен байланыс жөнінде айтарым: істеп жатқан массамен байланыс жоқ екені рас. Жұртпен сөйлесу менде жеткілікті (хат алу, әңгімелесу, көрісу, танысу – олар бар). Тәуір жазу үшін массамен, өмір, өндіріспен байланыста болу керек. Рас, ол байланыс менде жоқ.

Жаулармен байланыс деген ретте айтарым мынау: «Тар жол тайғақ кешуде» жаулар кіріп кеткен себебі – бұл кітап шыққан кезде Нұрмақов, Асылбеков, Сарымолдаев ол кезде жау екені ашық болмаған еді.

Асылбековпен 1932 ж. байланысым жоқ. Нұрмақовты Мәскеуде көріп қоятындығым болмаса, сырлас болған байланысым жоқ. Байтұрсынов, Қоңыратбаев, Айсарин, Уалиахметовтер туралы – оларды маңайға жуытпау керек дегем. Ол фактіні осындағы жолдастардың бәрі де біледі.

1920 ж. наркомснабтың журналына мақала жаздым. Сонда Байтұрсыновты коммунизм жағына шықты деп қана жаздым. Асыра мақтаған жерім жоқ.

Мағжанның біздің арамызға кіруіне тіпті қарсы болдым.

Кемшіліктерім көп. Қырағылық еткенмен оны жеріне жеткізбейтін жерлерім де болады».

Сәкен ақын осылайша ағынан жарылады. Өзі коммунист болса да, қызыл коммунистерше ерсілі-қарсылы ешкімді айыптамайды, ғайбаттамайды. Қайта мейлінше ұстамды пікір білдіруге тырысқанын аңғарар едік. Өзі туралы артық әрі өрескел бұрмаланып айтылған пікірлердің иелері қолай көрмесе де ақ екенін, адал екенін білдіруді алдына қаймықпай мақсат етіп қояды.

Бұл ретте сол кездері қазақ зиялылары бір-бірімен жаға жыртысты, бір-бірін ғайбаттады деген тұрғыдағы әңгімелерді айналып және өте алмаймыз. Бірақ осы мәселеге бүгін біз саликалы ой, зерделі көзбен қарауымыз қажет. Себебі, өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарындағы қазақ халқының

басындағы сындарлы сәт ұлт зиялыларына да оңай соқпады. Әрі бұл уақыттағы қазақ элитасы білімі мен білігі жағынан да, мәдениеті мен интеллектісі жағынан да әбден толысқан, биік санатқа көтерілген ерекше дарынды толқын өкілдері еді. Мұндай жағдайда тартысты пікір қайшылығы мен сан түрлі балама ойлардың болмауы мүмкін емес еді. Яғни, олар әрбір мәселеге байыппен қарады, салмақты оймен саралады. Ортақ жайттарда келіспейтін жағдайлар да кездесті. Принципті мәселелерде әркім өз пікірінде қалды. Тек бұра тартпады. Иә, ашық дауласқанымен жасырын жауласпады, астыртын аңдыспады. Сол кездегі қазақ зиялысы бірін-бірі дұшпанның оғына байлап берді, сатты деген басы ашық деректі ешкім келтіре алмасы анық. Бастысы, ұлт мәселесіне келгенде жұдырықтай жұмылып, біріге білді. Жеке бастың амбициясынан гөрі, ұлтының ар-ұжданы биік тұрды. Сөз жоқ, бұл Алаш қайраткерлерінің қазіргі қазақ зиялысынан артықшылығы да, айырмашылығы да еді.

АЛАШ ПАРТИЯСЫ – ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ҰЛТТЫҚ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫ

1905 жылы құрылған «Қазақ конституциялық-демократиялық партиясы» мен 1906 жылы құрылған «Халық еркіндігі» (кадеттер) партиясын қоспағанда «Алаш» партиясы – қазақтың тұңғыш ұлттық-демократиялық партиясы. Нақтырақ айтқанда, Қазақстандағы қазіргі саяси жүйе мен партиялық институттың бастауы. Дейтұрғанмен де, бүгінгі саяси партиялармен салыстырғанда ұлт мүддесі тұрғысында «Алаш» партиясы ұзақ жылдарға созылған ұлт-азаттық қозғалыс жолдарынан өтіп, саяси күресте пісіп-жетілгендігімен ерекшеленеді.

«Қазақ» газеті 1917 жылы №234 санында: «Осы күнде түрлі саяси партиялар бар. Олардың көздеген мақсаттары саяси программасында жазылған. Оны білетін адамдарға мағлұм: қай партияның да болса программасы түп-түгел қазақ мақсаттарына үйлеспейді. Сондықтан біздің қазақ мақсаттарын түгел көздейтін өз алдына саяси партия жасалмайынша болмайды», – деп жазған

болатын. Өкінішке орай, арада аттай жүз жыл өтсе де бұл жағдай маңызын жоймай отыр. Басы ашық мәселе – бүгінгі мүйізі карағайдай партиялардың ешқайсысы да «Алаш» партиясының мұрагері бола алмайды. Бұған жиырма бірінші ғасыр басында аз ғұмыр кешсе де аты алты Алашты шарлап, қысқа уақыттың өзінде бай мұра мен үлкен тағылым қалдырып кеткен «Алаш» партиясы мен жиырма бірінші ғасыр басындағы бүгінгі партияларымызды салыстыру арқылы көз жетері анық. Ендеше, сәл шегініс жасалық.

Жиырма бірінші ғасыр басындағы кара күздер жиырма бірінші ғасыр басындағыдай бұрқасынды емес, бірде бұйығынқы, бірде жылы шырай. Әдеттегіше, ауыс-түйістен ада болмайтын саясатыңыз да сапырылыстан аулақ. Тек саяси күштердің ғана белсенділігі артып, біртоға қан қысымын жоғарылатқысы келгендей кейіп байқатады.

Не керек, үлкені бар, кішісі бар саяси күштеріміз сайланып, бір-бірінен қалып қоймайын дегендей, білек сыбана кірісулеріне карағанда құдды бір саясатымыздың кара қазаны эне-міне бұрқсарқ қайнайтындай әсер береді де тұрады. Әйтеуір, бұл біз үшін жаңа бір кезеңнің басталғанының белгісіндей көрінгені рас. Олай деуімізге негіз – жаңа және ескі көзқарастан құтыла қоймаса да, енді жаңа көзқарасқа үйренісуге көндігуде. Жақсысынан үйреніп, жаманынан жиренуге күш салуда. Көппартиялылықтың не беретінін көріп-біліп, өткен уақытта адамды мемлекет асыраса, енді мемлекетті адам, адам болғанда оның ақылы, күші мен жігері асырайтындығын мойындай бастады. Яғни, халықтың әлеуметтік зердесі ғана емес, саяси санасы да сақаятын сыңай танытты.

«Саяси күштер: сапта бар, санатта жоқ» деген сөз жиі айтылады. Бұлай деуге еліміз еркіндігін алған уақыттан бергі кездегі олардың стихиялы әрі науқаншылдыққа толы әрекеттері дәлел. Осы мезгілге дейін халқымыз «Бәлен партия экономиканы ілгерілететін тетікке қол жеткізіпті немесе әлеуметтік мәселені шешудің тиімді жолын ұсыныпты» дегенді ести алмай-ақ келеді. Мұның себеп-салдары сан тарау емес пе? Жаппай саясат соққыштық қасиетке әлеумет болып бой алдырған сонау тоқсаныншы жылдары өркениетті елдерде саясатпен халықтың он

пайызға жуығы ғана айналысатындығымен (оның өзінде қызметі соған тікелей байланыстылары) санаса бермедік білем. Нәтижесі белгілі болды. Қаптаған партия мен түр-түсін танып болмайтын қоғамдық бірлестіктер аяқ аттатып жүргізбей қойды. Шын саясаткер мен саяси партияның бет-бейнесін бедерлеу бүгінгі күннің үлесіне қалыпты.

Елдегі саяси партиялар қайта тіркеуден өтті. Бұрнағы өмір сүріп келген жиырмаға тарта партиядан саусақпен санарлығы ғана қалды. Бұл саяси күштеріміздің қаншалықты салмақты-салмақсыз екенінің таразысы іспеттес. Олай дейтініміз, бесеу емес, он емес, жиырмаға тарта партия тіркеуде тұрғанмен, белсенділігі төмен, беделі де жоқ болуы – соншалықты көптігінен-ақ партиялық жүйесіздікті туғызды. Көпсандылық сапалалыққа өтпеді. Себебіне үңіліп көрейік. Батыс саясаттанушыларының айтуынша, қандай да елдің саяси жүйесінде партиялар әлсіз болса, онда оларға ықпалды топтар бар көрінеді. Осы көзге көрінбейтін топтар барлық саяси қойылымдарда, әсіресе, науқан кездерінде басты рөлдерде ойнайды. Мұндай жағдайда партия туралы заңды құнттап қоймай, оларға ықпалды күштердің әуселесін байқайтын тәртіп-ережені бекітіп қою қажеттігі туындайды. Сонда жұмбақ кейіпкерлердің, кімнің кім екені анықталып, елдегі партиялар ауа райын сол партиялардың өздері жасап жүргендігі, не ықпалды күштер басқарып отырғандығы белгілі болар еді.

Қалай дегенмен де, әлі балаң демократияны бастан кешіріп жатқанымыздың көрінісіндей халықтың белгілі бөлігін артына ертпек түгілі, әлі жете танылып үлгере алмаушылық саяси күштерімізге ортақ сипат береді. Бұл ретте кейбір партияның науқан кезіндегі пәрменділігін айтып жатқанымыз ағаттық. Сондықтан анық саяси бәсекелестікті таңдап алған екенсіз, аянбай тер төгуге тура келеді. Өйткені әр қозғалыс, партияның артында халық тұр. Басты мәселе – соны ерте білуде. Тобыр аңғалақтау болғанымен, халық ақылсыз емес. Тәуелсіздік алғалы бері талай нәрсенің дәмін татып білді. Ненің не екенін түсініп, айыра бастады. Қазір «қандай саяси күш несімен ерекше, маған не береді» деп, мәселенің мәніне үңіле бастаған кез. Алаңға

шығып айқай-сүрең салу, аштық жариялау немесе бас қосып алып бос сөзді боздата берудің берері шамалы екенін халық аңғарды. Жеке басының тағдырын қандай да бір саяси күшке телу үшін он ойланып, жүз толғанатын жағдайға жетті.

Біздіңше, мейлі билікке болсын, мейлі басқа бәсекелестеріне болсын, шынайы оппозицияға шығу үшін, басты сынақ – халықтың сенімінен сүрінбей өту – саяси күштеріміз бағындыра алмай жүрген биіктік. Мұны біздегі партиялар мен қозғалыстарға ортақ сипат деп бағаласақ еш сөкеттік жоқ. Айталық, бір кездердегі «Азат», «Алаш», «Желтоқсан» секілді қайбір партия, бірлестіктердің құрғақ аттандаулары ақыры іштей ауызбірліктің жоқтығынан өзара ыдырауға апарып соқты. Бір кездегі «Халық конгресі» сынды партиялар өздерінің конструктивтік оппозицияға шыққанын жариялап жар салғанымен, науқандық деңгейден аса алмағанын аңғартты. Ал сонау бір жылдары қалталылар құрған «Жаңа буын» қозғалысы қаржыларын өз мүдделерінен, әсіресе, өздерін жарнамалаудан аямай-ақ жұмсағанымен, жаландыққа бой ұрды. Тізімге ерік берсек, малтығып қаларымыз хақ.

Бұдан кейін де осы сүрлеу-соқпақ жалғаса берсе, саяси күштеріміз жеңіске жетпек тұрмақ, сауыға алмасы анық. Сондықтан да, аталған жайттардың алдын алуға «Саяси партиялар туралы» жаңа заң көптеген саяси партия атын жамылып жүргендердің тағдырын шешіп беруге септесер деген сенімдеміз. Әзірше, саяси күштеріміз сапта болғанмен санатта жоқ.

Ұлттық партия не үшін қажет? Жалпы партия сөзі гректің Partio атауынан шыққан, «топ» деген мағынаны білдіреді. Ресей саясаттанушылары «саяси партия дегеніміз – барлық индивидуумдарға ортақ мүдделер мен идеялардың негізінде бірлесе саяси іс-әрекет жасау үшін құқықтық мемлекеттің ішінде құрылатын еркін қоғамдық топтар» деп анықтама береді. Мұндағы «ортақ мүдделер мен идеялардың негізінде бірлесу» ұғымы «Қай, қандай мүдде мен идея?» деген сауалды туғызады. Сонда, өткен он жылда партияларымыз қандай бағыт-бағдарды ұстанды, болашақта қалай болмақ?

Партиялар мен саяси қозғалыстардың құжаттарына

қарасаңыз-ақ, олардың бет-бейнесі айқындалады. Әлбетте, көпшілігінің бағдарламаларында мемлекетті және оның қоғамдық үрдістерді басқарудағы рөлін нығайту міндеті қойылғанын айтқан жөн. Алайда, аталған міндет қайсыбірінде бұлыңғыр, түсініксіз баяндалады, «құқықтық мемлекет туралы» ойлар жиі қолданылғанымен, оның мәнін әркім өзінше таратады. Сонау 1989 жылдың басынан 1991 жылдың аяқ шеніне дейін көпұлтты және бір ұлтты партиялардың, қозғалыстар мен ұйымдардың құрылып, негізі қаланғанымен, саясаттағы ұлттық концепцияларын бас құжаттарында баса көрсете алмады. Мақсат-мұраты анық айқындалмаған осындай стихиялы бастаудың аяғы көбісінің ауа жайылуына алып келді. Содан да шығар, тоқсаныншы жылдары дүниеге келген «Желтоқсан» ұлттық-демократиялық партиясы мен «Алаш» ұлттық тәуелсіздік партиясы бірден-бір ұлттық бағдар ұстанушылар тобын бастап шыққанымен, жүйелі жұмыс жүргізе білмеді.

Ақиқат салыстыру арқылы айқындалып жатады. Айталық, Ресей бұл жағынан бізден әлдеқашан көш ілгері алға озып кетті. Оның үстіне орыс ұлты өз жерінде басымдық танытып, «орыс мәселесі» сұрағы мазалап жатпаса да саясатында ресейлік үстем ой бір бәсеңдемегені бүгінде айдай әлемге аян ресейлік партиялардың бағдарламалық құжаттарындағы алға қойған басты мақсаттарындағы үш негізгі бағыттың бірі – ұлттық (славяндық, орыстық) сана-сезімді түлету, күшті (әрқилы нұсқаудағы: демократиялық, монархиялық, пәрменді президенттік билігі бар) мемлекетті қайта құру – қай-қайсысының да жарғысынан жасқаншақтамай-ақ ойып орын алған. Кешегі кеңестік империяның бас дирижері ретінде жетпіс жылдың ішінде жүзге тарта ұлт пен ұлысты мидай араластырып, жер бетінен мүлде жойып, орыстандырып жіберген Ресей бүгінде ұлттық бағытты саясатында бағдаршам етіп алғанда, бізге не жорық?

Бұдан шығатыны, кеңестік коммунистік партияның басты мақсаты – орысшыл, ұлтшыл елге айналу екені ешкімге жасырын емес. Әлгінде айтқандай аталған орыс мүддесі қазір де үстем түспесе, кем соғып жатқан жоқ. Оған өз алдына мемлекеттігін

жариялаған тоқсаныншы жылдардың басында-ақ берік іргетас қаланған. Сол кездегі Ресей саясаттанушыларының анықтауынша шартты түрде төрт топқа бөлінген анағұрлым ықпалды партиялар мен қозғалыстардың басында ұлт жанашырлары тұр. Осы топтың ұзын саны да орасан: Ресей Ұлттық-республикалық партиясы, бүкілресейлік «Отчизна» патриоттық қозғалысы, Ресей қайта өрлеу одағы, Халықаралық славян соборы, ресейлік халық жиналысы мен ұлттық-патриоттық бағдар ұстанған партиялар мен қозғалыстар. Бүгінде бұл тізім уақыт өткен сайын талапқа сай жаңғырған, жаңаланған, бастысы, ізденіс үстінде жетіле түскен. Сөйтіп, орыс демократиясы осы жолмен бара жатыр. Өркениетті Еуропа елдеріндегі партиялардың статусы мен қызметі әркелкі, бірінде – заңмен, келесісінде конституциялық нормалармен айқындалғанымен, олардың қай-қайсысын алып қарасаңыз да тұрғылықты ұлттың мүддесі бірінші орында. Жаһандастыруға жанын салып қарсылық білдіріп жататыны содан. Тіпті Ұлыбританияда, Швецияда және Канадада, тағы басқа елдерде партиялар туралы арнаулы заңдар болмағанымен, олардың ұстанымы жергілікті халыққа қарай орайластырылған.

Әдепкі сұрағымызға қайта оралайық. Ұлттық партияның біз сияқты жас мемлекетке не үшін қажет екенін Латвиядағы жағдайлар көрсетіп берді. Сегізінші Сеймге (Парламентке) өткен алты партияның бесеуі оңшыл, ұлтшыл бағытта екен. Қараңыз, жалғыз солшыл күш – «Адам құқығы мен Латвия бірлігі үшін» саяси блогы сайлауда екінші орын алғанмен (100 мандаттың 24-ін иеленген) орыс мектептерінің жаппай латын тілі оқуына көшірілетіндігіне қарсы тұра алмады. Азшылық көпшілік дауысқа амалсыз бағынады. Ендігі мұндай мектеп деңгейіндегі мәселелер ғана емес, әлгі оңшыл партиялардан сайланған депутаттар қолында Прибалтика республикасының үкіметінен бастап барлық билік тұтқалары тұр деген сөз.

Өкінішке қарай, біздегі бірде-бір партия ұлттық бағытты батыл ұстанып отырған жоқ. Оған бағдарламаларына қарамай-ақ, бүгінгі бет-бейнесінен-ақ біле аласыз. Олардың әзірше бағыты: космополиттік, жалпы адамзаттық құндылықтар, демократия!

Президент Нұрсұлтан Назарбаев қоғамымызды одан әрі демократияландыру, дамыту тұрғысында пікір тоғыстыратын кеңестерді түрлі деңгейде ұйымдастырып келеді. Оның жұмысына депутаттар, үкімет мүшелері, президент әкімшілігі мен басқа да мемлекеттік ұйымдардың, сондай-ақ саяси партиялар мен әртүрлі қозғалыстардың да өкілдері тартылды. Ұлт мүддесін қорғайтын қозғалыс керектігі осындайда көрінсе керек. Басқа партиялар ұлттың сөзін сөйлемейді деп айтпаймыз, бірақ қазіргілерінің жарытпайтыны анық.

Сонымен жиырма бірінші ғасыр басындағы сандаған саяси партияларымызбен жиырмасыншы ғасыр басындағы бір ғана «Алаш» партиясын қалай салыстырсақ та атыңнан да, затыңнан да айналайын «Алаш» партиясының қорғасындай ауыр, қауырсындай жеңіл салмағы басып кете береді. Себебі, бар мәселе «Алаш» партиясы қазақтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған шын мәніндегі ұлттық-демократиялық партия бола білгендігінде! Бұл бүгінгі саяси партияларымызға сабақ болса керек. Ұлтының шынайы қамын жеген партия ғана тарих төрінен орын ала алады. Оған «Алаш» партиясының тағылымды тарихы жарқын мысал бола алады.

АЛАШ ИДЕЯСЫНЫҢ КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ КӨРІНІСІ

Жиырмасыншы ғасыр басында Ресейде билік басына келген кеңестік жүйе Алаш қозғалысын тарих сахнасынан ысырғанымен, дінгегі мықты бәйтерек – Алаш идеясы тез арада тамыр алып үлгерген. Уақыт өте келе, буын алмаса бере, ол – көктеп, бүршік атып, жаңа бүлік – бой көтерулерге ұласып отырды.

Қызыл империя – кеңестік билік жүйесі Алаш қозғалысын құлатып, қайраткерлерін репрессиялық қанқұйлы әрекетпен тұқыртып тынғанымен, Алаш идеясын ауыздықтай алмады.

Алаш идеясының түп қазығы – қазақ ұлтының азаттығы, қазақ халқының өз алдына тәуелсіз ел болуы еді. Ал оған үнемі дем беріп, елдік пен бірліктің көрігін қыздырған Алаш қозғалысынан

бастап, бүгінге дейінгі кезеңде жас буын – жаңа ұрпақтың рухы биік, маңдайы жарық.

Енді осы Алаш қозғалысынан кейінгі жағдайда Мәңгі жас – Алаш идеясының кеңестік билік жүйесіне ымырасыз қарсылығы қалайша жүзеге асып, қай тұста байырқалағандығына көз жібереміз.

Алдымен себеп пен салдарды сараласақ. Қазақ халқының демографиялық даму үрдісі Алаш қозғалысының түпкі себептерімен қаншалықты байланысты екен? Деректерге сүйенелік.

Жиырмамыншы ғасыр басындағы қазақ халқының өсімі қарқынды әрі қалыпты екенін мына бір цифр ғана дәйектейді. Сол кездегі санақ бойынша, 1915 жылы қазақтардың саны 6 миллион адамға жетті. Өкінішке орай, өзімізге белгілі сан қилы, қанқұйлы себептерге байланысты айналасы отыз жылға толмайтын уақыттың ішінде, нақтырақ айтқанда, 1945 жылы қазақ халқының саны 2,5 миллионға бірден кеміп кетті. Бұдан бөлек қазақ топырағында жергілікті халықтың ұлттық құрамы ең азшылық деңгейге дейін түсті. Айталық, 1920 жылы Қырғыз (Қазақ) АССР-і құрылған кезде, қазақтардың өз территорияларындағы құрамы 65 процент еді. Ал 1962 жылдары салыстырмалы түрде алғанда қазақтардың үлес салмағы 29 пайызға дейін күрт түсті.

Бұл апаттың туындауы мен жедел жүргізілуін өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы Қазақстанның қанқұйлы басшысы Голощекин іскерлікпен ұйымдастырған болатын. Оның жоспары негізіндегі адамның жаны түршігетін ой-мақсаты бойынша, көшпелі салтындағы қазақ қоғамында ұлы (улы) социалистік идеяларды орнықтыру мүлдем мүмкін емес еді. Социализм қазақты отырықшылыққа, коллективтендіруге көшірген жағдайда ғана жеңіске жете алатын еді.

Нәтижесінде не болды? Бар болғаны екі жылға жуық уақыт ішінде қазақтардың 52 пайызы, яғни 2 миллион 200 мыңы аштық пен эпидемиядан қырылды. Мұндай сорақылық пен голощекиндік геноцидке көнбеген сол кездегі қазақ халқының 15 пайызы республикадан алыс аймақтарға жер ауып кетті. Бұл кезең қазақ тарихының ең қасіретті де қаралы беттері болып қала берді.

Содан соңғы жағдайлар «жұт жеті ағайындының» керін келтірді. Науқаншылдықпен «уралап» ұйымдастырылған индустрияландыру жылдарында еңбек майданына күштеп жұмылдыру, дүние мүлік-мүкамалы тәркіленгендерді (конфискаленгендерді) көшіріп жіберу, тұтас халықтарды жер аудару, ал соңыра соғыстан кейін тыңның жыры жалғасты. Мұның жарқын мысалы іспетті, 1930-1962 жылдар аралығында Қазақстанға 4 миллионға жуық адам көшіп келді. Міне, осындай солақай саясаттың салдарынан қазақтар өз республикасында азшылықта қалып қойды.

Сөйтіп, сан сапаға әсер етпей қоймады. Қазақ халқы өз тамырынан ажырай бастады. Салт-дәстүр, сана-болмысына қауіп төнген ұлттың болашағы бұлдыр тартты. Тіпті қазақ тілі қолданыс аясынан сырылып, барлық саладан жедел түрде ығыстырыла бастады. Кеңестік жүйе кезеңінде бір деректер бойынша, қазақ тілі пәні 700-ден астам мектептерде оқу құралы қатарынан шығарылып тасталды.

Әрине, бұл ретте бір жайтты айта кету ләзім. Сол кездердегі Қазақстанға жер аударылған, күшпен әкелінген мың-сан халықтардың, соның ішіндегі көпшілік басымдыққа ие орыстардың, украиндықтардың, немістердің, шешендердің және де корейлердің кінәсі жоқ еді. Олардың бәрі де ең алдымен қызыл империяның қанды қылышына тап келіп, тұрлаусыз тағдырларының құрбанына айналды. Осы жағдайды қазақтар өте жақсы түсінді де. Бір үзім наны болса солармен ортақтасты, тіпті үй-жайына дейін паналатты. Алайда жалпы алғанда бұл жағдайлардың әсіресе, қазақтардың халық болып қалыптасуына кері әсерін тигізбей қоймады.

Жығылғанға жұдырық іспетті қазақ даласының әлеуметтік және экологиялық ортасының тынысы тарылып бара жатты. Республика алып атом полигонына (ядролық Семей), экологиялық аурулар ошағына, әлемдік апат аймағының үлкен нүктесіне (Арал қасіреті) айналды.

Талай жылдар бойы жинақталған экологиялық проблемалармен қатар ұлттық кемсіту жағдайларына да төзімділік танытылды.

Ондағы анық көзге ұрып тұрған кемшіліктердің өзі назардан тыс қала берді. Орталық әкімшілік жүйе нақты істің орнына КСРО-да ұлттық мәселе шешіліп қойғандығын жария етіп, құрғақ баяндамаларға арқау етті. Нақты деректерге сүйенсек, алғашқы кездегі Одақ көлемінде екі жүзден астам ұлт пен ұлыс өмір сүрсе, соның жүзге тартасының, тіпті шағын халықтардың жойылып кетуіне дейін жол берілді. Бұл КСРО-ның әлем алдындағы ешқандай уәжбен ақтала алмайтын масқара жағдайдағы ең сорақы ісі демеске лаж жоқ.

Сөйтіп, шын мәніндегі демократия көрініс таппады. Халық өзін-өзі басқару тетіктеріне қатыстырылмақ тұрмақ, олардың ұсыныс-пікірі де ескерілмеді. Маңызды мәселелермен бірге қарапайым халыққа қажетті шешімдерді ат төбеліндей шенеуніктер – жоғары саяси басшылық қабылдап, содан кейін ғана ол халыққа мәлім етілді. Республикалардың егемендігі ол кезде тек сөз жүзінде ғана жарияланды. Орталық бірнеше рет Қазақстанның шекарасын өлшеп-пішумен болды. 1960 жылы Тын өлкесі құрылғаннан кейін оны Ресей Федерациясының құрамына береді деген лақап шықты, бұл жағдай Республика жастары мен студенттерінің наразылығын туғызды. Ондай жағдай бұрынғы Шымкент облысының мақта өсіретін үш ауданын Өзбекстаннан қайтарып алғанша сақталып келді.

Қазақстан табиғи байлығы ең мол өлке бола тұра дамыған өнеркәсіпті республикалардың шикізат отарына айналды.

Жергілікті халықтың 70 пайызы ауылды жерлерде тұрды, жұмыссыздық көбейіп, тұрмыс деңгейінің төмендеуі наразылық тудыра бастады. Инфляцияның шарықтауы ең алдымен көп балалы отбасылар мен жастарға ауыр тиді. Экономист-ғалымдардың сол кездегі есебі бойынша, Қазақстандағы әрбір көп балалы отбасыларға шаққандағы табыс мөлшері 30-бен 80 сом аралығында болды. Бұл өмір сүруге қажетті деңгейден әлдеқайда төмен еді.

Жұмыссыздық және әлеуметтік мәселелердің шешілмеуі салдарынан жастар ауылды тастап, қалаға қарай ағыла бастады. Онда оларды қымбатшылық пен тұрмыстың қолайсыз жағдайы

күтіп тұрды, жолы болғандар бар-жоғы шағын отбасылық жатақханаларға орналасты.

Мәселеге нақты дәлел келтірсек, 1985 жылы Республика бойынша ауылдан келген студенттердің төрттен үші ғана жатақханамен қамтамасыз етілді. Әсіресе, Алматыдағы жағдай мәз емес еді. Ондағы студенттердің 57,7 пайызы ғана жатақханаға орналаса алды. Желтоқсан оқиғасы қарсаңында «еңбектен тыс табыс» дегенмен күрес пайда болып, соның салдарынан тек қана Алматыдағы үш мыңдай студенттер баспанасыз қалды.

Ең бастысы – бір ғана ұлттың басым көпшілігінің тұратын Бүкілодақтық билік органдарымен салыстырғанда Республика құрылғаннан бері Қазақстанның басшылығы көп ұлттан тұрды. Республика партия ұйымына орыс пен еврей, поляк пен грузин және армян жетекшілік етті. 1985 жылдың дерегі бойынша Қазақ КСР-інің Жоғарғы Кеңесінде қазақтар үлесі – 36 пайыз, орыстар – 40,8 пайыз болды. Кеңес үкіметі жылдарында республиканың бірде-бір басшысын коммунистер мен халық сайлаған жоқ, оларды Орталық тағайындап, іс-қимылын өздері бақылап отырды.

Өкінішке қарай, билеуі мен илеуі күшті орталық іште қыз-қыз қайнап, Қазақстанда қордаланып келе жатқан проблемаларға бас ауыртып жатпады. Керісінше Мәскеу өкілдері әр кез Қазақстан үкіметін қатаң бақылауға алып, толық ауыстырып отыруды әдетке айналдырды. Ең бастысы – ресми түрде интернационализмді ұран етіп ұстай отырып, билік басындағылар кез келген ұлттық сана-сезім, ұлттық намыс, мәдениеттегі, тілдегі, тарихтағы ұлттық ерекшелік көріністерін ұлтшылдық белгісі деп бағалады. Бұл шын мәніндегі орыстандыру саясатының қарқынды жүргізіліп жатқандығын анық та ашық аңғартып отырды. Осылайша 70-жылдарда да бұрынғысынша Қазақстанды орыстандыру, ұлттық өзіндік ерекшеліктерді жоғалту, қазақ тілінің құдырауы, экологиялық проблемалардың шиеленісуі процестері тереңдей түсті. Нәтижесінде мұндай қазақ ұлтына деген салғырт көзқарас салдарынан әсіресе ауылдық тұрғындардың күрт кедейленуі қалыпты үрдіске ұласты. Ауылдың қаладан бір ерекшелігі, оның 80 пайызын қазақтардың құрайтындығында еді.

Мұндай жағдайда қазақ зиялылары қайда қарап отырды?

Олардың қарап отыратынындай бар еді. Себебі, бұл буын отыз екінші аштығын бастан кешіре қоймаса да сезініп өскен, отыз жетінші қуғын-сүргінінің шет жағасын көрген, тіпті елуінші жылдарға дейін жалғасып, қайбіреулерді қудалаудың әдіс-айласын аңдаған ұрпақ өкілі еді. Қысқасы, құрығы ұзын Кеңестік Құқық Қорғау органдарының қатал да қайырсыз қаракетінен жақсы хабардар олар үнсіз қалуды жөн көрді. Шығармашылықтары да сыни көзқарастардан мейлінше жұрдай болып келетіні осыдан кейін түсінікті шығар. Сексен алтыншы жылғы Желтоқсан қозғалысында осы аға буын өкілдерінің ерекше бой көрсете алмауына әлгіндей себептерді алға тартсақ артық емес.

Осылайша ендігі белсенділік еріксіз жас буынның үлесіне қалды. Өз кезегінде елдегі еркін ой білдіру функциясын студент және жұмысшы жастардың орындап шығуы кездейсоқ емес-ті. Осы уақытқа дейін бізге жекелеген жастармен қатар, 1950-1980 жылдары Қазақстанда жастардың ресми емес қоғамдық және саяси ұйымдары, партиялар мен топтардың жұмыс істегені беймәлім болып келді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық архивінің мұрағаттарындағы деректер елімізде 1950-80-жылдары заңды түрде әділет мекемелерінен тіркеуден өтпеген жас буын өкілдерінің қоғамдық және саяси ұйымдары, партиялар мен топтары болғанын айғақтайды. Сол кездегі зиялы қауым мен саяси элита шоғырланған Алматы қаласында ғана емес, жер-жерлерде, айталық: Қарағандыда жастардың ЕСЕП («Елін сүйген ерлер партиясы»), Павлодарда тоғызыншы сынып оқушысы жетекшілік еткен «Жас ұлан» бірлестігі мақсатты түрде нәтижелі жұмыс жасай алмаса да пікірлес жастарды шоғырландырған. Сондай-ақ жетпісінші жылдары Алматыда құрылған «Сары-Арқа» тобы өздері басшылыққа алған құжат – тәуелсіздік бағдарламасын жасап шықты. Сонымен бірге Мәскеуде оқып жүрген қазақ студенттерінің «Жас тұлпар» ұйымы Орталық тыңшыларының

«ұйқысынан» оятып жіберді. Және де сол кездерден, нақтырақ айтқанда жетпісінші жылдардан саяси күрескерлік жолына түскен бозбала шағындағы Хасен Қожа-Ахмет басқарған «Жас қазақ» ұйымы дүниеге келді. Әрине, олар жұмыстарын астыртын жүргізді. Барлығының бағдарламаларында Қазақстанның тәуелсіздігі, мемлекеттік тіл мәртебесі және ұлттық мәдениетті өркендету мәселелері анық жазылды.

Белсенді түрде әрекет еткен «Жас қазақ» партиясы әлеуметтік, экономикалық, ұлттық және саяси мақсаттардың ішінде КСРО-дан бөліну міндетін алға қойды. Аталған ұйымдардың барлығының арасына өз тыңшыларын жіберіп, Мемлекеттік Қауіпсіздік комитетінің әккі жандайшаптары оларды лезде, оп-оңай «тізе бүктірді». Осы уақыттарда мұндай жастар ұйымдарының саны республикада жиырмадан асқан. Олар туралы және қазақтың қоғамдық ой-санасын қозғауға күш салған жастар турасында құрылған жылдарына қарай рет-ретімен қолға түскен деректер негізінде барлығын қамти алмасақ та, әрбіріне жеке-жеке тоқталып өтуді парыз санадық.

Өзбекәлі Жәнібеков Алаш арыстарының алғаш ақталуына атсалысты

Осы ретте айта кетерлігі, сексенінші жылдары кеңестік жүйеге деген наразылығы іште қыз-қыз қайнап жүрген қазақ интеллигенттері ашық күреске бармаса да, өз саласында халыққа қажетті деген істерді тындыруға тырысты. Айталық, жоғары билікте жүрсе де Өзбекәлі Жәнібеков қазақтың рухани дүниесін түгелдеуде біршама жұмыстар атқарды. Өзінің сенімді әрі озық ойлы әріптестерімен бірге 1988 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің шешімімен жазықсыз отыз жетінші жылдар репрессиясының құрбандары болған ұлтымыздың біртуар арыстары, Алаш қозғалысының көсемдері А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев, Ж.Аймауытовтарды алдымен саяси жағынан, кейінірек азаматтық жағынан ақталуларына үлкен ықпал етті. Бұл қылышынан қан тамып

тұрған жүйені мойындатып, ұлы тұлғаларды халқының рухани айналымына қайта қосу айтарлықтай жаңалық әрі жанқиярлық еңбектің нәтижесі еді.

«Жас тұлпар» Орталық тыңшыларын ұйқысынан оятты

Қазақтың жас ұлт зиялылары бір ұйымның төңірегінде топтасып әрі жекелей жұмыстарын Қазақстанда ғана емес, қылышынан қан тамған Орталық – Мәскеудің өзінде жүргізгендігіне «Жас тұлпар» ұлттық-демократиялық бейресми ұйымы дәлел. 1960 жылдары Мәскеудің маңдайалды жоғары оқу орындарында оқып қана қоймай, ұлт мәселесінде саяси белсенділік танытқан бір шоғыр қазақ жастары «Жас тұлпар» ұйымын құрды. Жастардың бұл бірлестігін ұйымдастырушылар – Мұрат Әуезов, Болатхан Тайжан және де Алтай Қадыржановтар болды. Олардың айтуынша, «Жас тұлпар» ұйымы бастапқыда мыңға жуық студенттерді біріктірсе, кейіннен ол географиялық жағынан да кеңейе келе Ленинград, Киев, Одесса, Рига қалаларында қанатын кеңге жайды. Ал Қазақстанның өзінде Алматы, Павлодар, Ақмола және Шымкент сынды аймақтарда да ұйымдастырылып, Қарағанды қаласында «Жас қазақ» және Семей қаласында «Тайшұбар» деген аттармен жұмыс істеді.

«Жас тұлпар» ұйымының мақсат-мұраты не еді? Енді осы сұраққа жауап іздеп көрелік. Мәскеуде білім ала жүріп қазақ жастарының байқағаны өз елінің қатардан қалып бара жатқаны еді. Ол әрине ұлттық мәселе тұрғысынан дамуда, ана тілінің өркен жая алмауында, ата салт-дәстүрін дамыту мәселесінде кенжелеп қалып қойғандығы сынды жағдайлар алып көрші елдің ауасымен тыныстау барысында көзге анық ұрып тұрды. Сондықтан да осы олқылықтың орнын толтыру өздерінің азаматтық парызы деп санады.

«Жас тұлпарлық» жастар алға қойған басты мақсаттары ретінде барша қауымның ұлттық санасын оятуға бағытталған жұмыстармен қатар, жоғарғы билікке қазақтың ұлттық мәселелерін

шешуге қатысты нақты ұсыныстар қойды. Олар Ресейдің және де Қазақстанның қазақтар көбірек шоғырланған аймақтарында мәдени-көпшілік шаралармен қатар, концерттер берді, түрліше дәрістер оқыды және тарихи-танымдық экспедициялар ұйымдастырды. «Жас тұлпардың» осы бағыттағы жұмыстары Қазақстандағы қоғамдық саяси ойдың ұлттық тұрғыда дамуына және де қазақ жастарының ұлттық санасының жаңғырып қоймай өздерінше оны дамытуына едәуір ықпал етті.

Әрине, аз ұлттардың әсіресе жастарының ұлттық мәселені ту етіп, қоғамда үлкен дүмпу туғызып, арты айтарлықтай қозғалыстарға ұласуы Орталыққа ұнамасы анық. Кеңестік биліктің қызыл коммунистері «Жас тұлпар» ұйымының соңына түсіп жүріп, оларды тарқатып тынғанымен, мыңдаған қазақ жастарының санасында маздап жанған ұлт-азаттық – Алаш идеясын өшіре алмады.

Осы жұрт Махметті біле ме екен?

Жоғарыда айтып кеткендей жасырын саяси партиялармен қатар жекелеген жас азаматтар да астыртын іс-қимылға көшті. Сондай саяси лидерлердің бірі – Махмет Құлмағамбетов еді. Ол елдегі жүргізіліп жатқан мемлекеттің саясатына өзінің қарсылығын ашық білдірді. Махмет Құлмағамбетов 1962 жылы Қостанайдың Рудный қаласында тұтқындалып, 58-баппен 10 жылға сотталады. Махмет бостандыққа шыққаннан кейін Сібірдің газ тарту құрылысында еңбек етеді, кейін шетелге шығып кетуге мүмкіндік алып, Кеңестер Одағының басты жауы Американың «Азаттық» радиосында қызмет етіп, кеңестік коммунистік қоғамды қатты сынға алған материалдар беріп отырды.

Дегенмен де қазақ зиялыларының ішінен есімі Хельсинкидегі саяси тұтқындар тізіміне кірген екі қазақтың бірі Махмет Құлмағамбетов болса, екіншісі жиырма үш жасында саяси диссидент атанған Хасен Қожа-Ахмет.

«Жас қазақ» ұйымы ұлтының жігерін жаныды

Жетпісінші жылдары Алматы қаласында жастардың жасырын «Жас қазақ» ұйымы жұмысын мақсатты түрде жүргізе бастады. 1972 жылдан бастап Қазақ елі өз алдына дербес әрі саяси тәуелсіз мемлекет болуы қажет екенін азаматтар санасына сіңіру бағытында мақалалар жазып, үнпарақтар таратуды қолға алады. Тек сол кездегі Одаққа қарайтын Қазақстан ғана емес, басқа да елдердің өз егемендігін алуы қажеттігін қалаған әрі алға қойған мақсаттарына толыққанды жетуі үшін олармен де байланыс орнатуға тырысады.

Осы тұрғыда 1973 жылы коммунистік билік жүйесін халықпен санасатындай ету үшін және де халықтың тұрмысын жақсарту үшін әрбір республикада қатарына демократияшыл азаматтар кіретін «бақылау комитеттерін» құруға шақырады.

Жиырма үш жасар диссидент – Хасен Қожа-Ахмет

Жетпісінші жылдардағы Қазақстандағы диссиденттік бас көтерулердің көш басында жиырма үш жасар саяси күрескер Хасен Қожа-Ахмет тұрды. Оның өзінің әріптестерінен айырмашылығы тайсалмағандығында, жүрекжұтқандығында және ашық күресті таңдағандығында еді. Алматы облысының Есік қаласында тұрып, еңбек еткен ол 1975 жылдың күзі мен 1977 жылдың көкек айларында жеке өзі өкіметке қарсы үнпарақтар шығарумен айналысты. Кеңес Одағы мен КОКП-да орын алып отырған ұлттарды кемсітушілік саясатын әшкерлейтін 670 дана мақалалар мен үнпарақ таратады. 1979 жылы дайын үнпарақтарын тарату үшін Алматыға келіп, малдәрігерлік институты студенттеріне оны таратып жатқан сәтте МҚК қызметкерлері тұтқынға алады. Ол «кеңестік мемлекеттік және қоғамдық құрылысқа тіл тигізгені үшін» Алматы облыстық сотының шешімімен 1977 жылы 13 қарашасында Қазақ КСР Қылмыстық істер Кодексінің 170-171-бабы бойынша екі жылға бас бостандығынан айырылады. Ал

1986 жылы әйгілі Желтоқсан оқиғасына қатысты деген айыппен Қазақ КСР Қылмысты істер Кодексінің 60 және 65-бабы бойынша тағы да 1987 жылы 22 көкекте төрт жылға сотталды. Ал алғаш рет сотталған 1977 жылы Хасен Қожа-Ахметтің есімі Хельсинкидегі саяси тұтқындар тізіміне кірді.

Талай жылдар бойы жинақталған ұлттық кемсіту жағдайларына көзбайлаумен қаралды. Ештеңе болмағандай ол талданбады, тиісті бағасын алмады. Көптеген жылдар бойы әкімшілік жүйе нақты істің орнына КСРО-да ұлттық мәселе «түпкілікті» және «біржолата» шешілді деп сәуегейлікпен айналысты. Саяси институттар мәдениетінің дамуын даңғазалықпен жария етіп, күнделікті өмірде оның бір қалыптан шықпауына назар аударды, тіпті шағын халықтардың жойылып кетуіне дейін жол берді. Аталған мәселе турасында Хасен Қожа-Ахмет былай дейді:

– Мен бұл жайлы 1973 жылы-ақ «Орыстардың дүниежүзілік жандарм болуға тырысуы» деген мақаламда айттым. Жалпы, мен «ұлтшыл деген айып тақты» деп намыстанудың түкке қажеті жоқ деп есептеймін. Рас, мен ұлтшылмын. Оны жасыруға бола ма? Әрбір азамат өз ұлтының намысына жығылмай ма? Қазақ халқын «ұлтшыл» деген айыптау алынсын деген талаптың да қажеті жоқ еді. Ол бір сөзбен не өзгереді. Ұсақ ұлттарды ұлтшыл деу бос сөз. Бұл сөзді мен сол 1973 жылы «Прогресс пе, әлде құлдырап күйреу ме?» деген мақаламда айтқан едім. «Ұсақ ұлт ешқашанда «ұлтшылдықпен» уланып, шовинист бола алмайды. Ол тек «Үлкен ұлттардың» отарлауынан қорғанушы ғана. Шовинизммен уланатын басқа ұлттарға үстемдік жүргізуге тырысатын ауру, негізі сол «ұлы» ұлттардың өз құқтарын қорғауын «ұлтшылдық» деп байбалам салу, «ұрының арты қуыс» дегендей, отаршылардың өз ұлтшылдығын жасыру үшін салған байбаламы ғана».

Қазір екінің бірінен кешегі мен бүгінгі өміріміз туралы түрлі сын пікірлерді естуге болады. Сол себептен де «қалың ұйқыда жатқан ұлттық сана-сезімді соңғы бірер жыл оятты» деген кесіп-пішкен пікір жиі айтылады. Ал шын мәніне қарасақ, халық қайта құруға дейін де шырылдап, өз үнін айғақтауға ұмтылған екен. Соның жарқын бір дәлелі – Хасен Қожа-Ахметтің өмірі.

Иә, ақынжанды әрі сазгер азаматты саясаткер еткен халқының бодандықта болғаны еді. Нәтижесінде бейбіт заманда саяси көзқарасы үшін екі рет сотталып, жастық өмірінің ең қызықты сәттерін түрмеде өткізуге тура келді. Қылышынан қан тамған жетпісінші жылдары өзінің әлеуметтік теңсіздікке деген көзқарасын батыл айтып, билік жүйесін айыптап, айтқанынан қайтпағаны үшін түрмеге айдалып кете барған бар-жоғы 23 жасар жігіттің ар тазалығы мен өз ұлтына деген сүйіспеншілігіне қайран қаласың.

Әйгілі 1986 жылдың ызғарлы желтоқсанында да Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің қара тізімі бойынша Хасен алаңға шыққаны үшін бұрынғы айыбы алдына көлденең тартылып, тағы да 4 жылға сотталып кете барды. Ол өзі «істі» боп кетсе де саяси көзіқарақтылығын алға ұстап, алаңға шыққан қаншама жасты қанды соққы мен түнек түрмеден құтқарды.

Бірақ тоталитарлық режим жас демократ Хасенмен санаспай тұра алмады. Оның түрмеде отырып жазған (үкімет өтінішімен) Желтоқсан жайлы саяси көзқарасы өзін де, өзі сияқты жазықсыз айыптыларды да бостандыққа шығарды. «Желтоқсан» ұлттық-демократиялық партиясының жетекшісі ретінде ол Желтоқсанның жүзінші тұтқынын бостандыққа шығару үшін күрес жүргізді.

Он сегіз жасар Азамат Жәкібаев неліктен билікке қарсы шықты?

Тура желтоқсан көтерілісі бұрқ ете түсер уақыттың аз ғана алдында Алматы қаласында он сегіз жасар Азамат Жәкібаев алып империя – Кеңес үкіметіне қарсы ұнпарақтарын тұрғын үйлердің газет-журнал салатын жәшіктеріне тастап, таратады. Ұнпарақтарының дені «Жойылсын Кеңес үкіметі!», «Азаттық, теңдік жасасын!» деген тұрғыда болып келеді. Аталған ұнпарақтардың Кеңес үкіметінің қырағы Мемлекеттік Қауіпсіздік комитеті қызметкерлерінің назарынан тыс қалуы мүмкін емес еді. Аз уақыттың ішінде осы «қылмысы» үшін бозбала

Азамат Жәкібаев Мемлекеттік Қауіпсіздік комитетінің тергеу изоляторына топ ете түседі.

Тар қапаста оған жан-жақтан тап-тап беріп, қорқытып-үркітіп, тергеушілер жасөспірімді титықтатып жібереді. Алайда мемлекет үшін аса маңызды ақпарат ала алмай, қанша уақыт тергеп-тексерсе де түк шығара алмайтындарын білген олар жасөспірім Азамат Жәкібаевты мемлекетке қауіпті адам ретінде назарларынан бір сәт тыс қалдырмауды ұйғарады.

Сөйтіп, психикалық ауытқушылығы бар деген желеумен сапсау баланы жыраққа әкетіп, Алматы облысы Талғар қаласының жындыханасына күштеп жатқызады. Ондағы ойлары көп ұзамай-ақ белгілі болды. Кеңес үкіметінің «кішкентай жауы» Азамат Жәкібаевтан алып империяға үлкен қауіп күткен қырағылар оны дәрі-дәрмекпен улап, ақыры өлтіріп тынады. Азамат Жәкібаев белгілі талантты театр және кино актеры Қасым Жәкібаев ағамыздың мәпелеп өсіріп отырған ұлы еді.

Азаматтың арман-аңсары не еді? Өз қолымен әлгіндей азаттық аңсаған үнпарақтарды не үшін жазды? Артында осы сынды жауабы жоқ сауалдар қалды. Оған Кеңес үкіметінің жандайшаптары жанашырлықпен емес, жаналғыштықпен «бас қатырды». Әншейінде «адам адамға бауыр» деген ұранды ұмыттырмауға тырысатын қоғамның шын мәніндегі, бет пердесі ашылғандағы бейнесі мүлдем басқаша екен. Желтоқсанда алаңдағы ақ қар мен көк мұздың қызыл қанға шыланғаны соның куәсі.

Кешегі кеңестік өмір шындығын және ол ағысқа қарсы жүзген бар-жоғы 18 жасар Азамат Жәкібаев ақиқатын бүгінгі жас ұрпақ білуге тиіс. Азаматтың аңсағаны не еді? Қыршын тағдыр иесі нені биік мұрат тұтты? Өкінішке орай, мұнымен бас қатырып, кеңестік жүйе жете таразылап жатпады. Тек көзін жойып қана мәселені шешпек болды. Енді бүгінге қалғаны оны жіті таразылау, сабақ алу. Азаматтың ата-анасы біртуар тарлан, талантты артист марқұм Қасым Жәкібаев пен мейірбан анасы Нұртай Сартайқызын ардақ тұту.

Ерейментау жастарының ерлігі

Мәскеудің Қазақстан басшылығын қырағы бақылауында ұстап, айтқанын істетіп, айдағанына жүргізіп отырғанына мысалдар жетерлік. Дегенмен қазақ халқының мүдделерін анық аяққа басатын Орталық шешімнің ұлттың жас ұрпағының үзілді-кесілді қарсылығына тап болып, жүзеге аспай қалған кезі ақ бас тарихымыздың асқақ белестерінің бірі екені анық.

КОКП Орталық Комитеті 1979 жылдың көктемінде Қазақстан аумағында неміс автономиялық облысын құру жөнінде шешім шығарды. Бұған дейін Еділ бойындағы автономиялық мәртебесінен айырылған жүздеген неміс ұлтының өкілдері Қазақстанға көшірілген. Сол немістер көп шоғырланған Ақмола облысының Ерейментау қаласы болашақ автономияның әкімшілік орталығы болып белгіленді. Бұл автономияның құрамына Қарағандымен қатар Павлодар және Көкшетау облыстарының көршілес аудандары да кіргізілмек еді.

Алайда 1979 жылғы маусымның он алтысы күні қазақ жастарының үлкен бір шоғыры сол кездегі Целиноград қаласының орталығындағы Ленин атындағы алаңға қарай ағыла бастады. Олар қолдарына күні бұрын жазып дайындап алған бірнеше «Қазақстан бөлінбейді!», «Неміс автономиясына жол жоқ!» деген жазулары бар транспаранттарды ұстап шықты. Алаңға лықа толған студенттер мен жастар Орталықтың шешімін айыптап, оған жол бермейтіндіктерін жеткізді. Облыс басшылары жиналғандарды таратуға күш салғанымен олар шеп құрып қала көшелерімен шерулетіп өтті. Қарқыны қатты жастарды райынан қайтара алмасын білген билік келесі он тоғызыншы маусым күні болған шеруде Ақмола жерінде ешқандай автономия болмайтындығын ресми жария етті.

Бұл пікірден сол кездегі Целиноград облысы Ерейментау ауданын неміс автономиялық облысына айналдыру турасындағы Орталықтың шешімі қаншалықты қарсылыққа тап болғанын аңғарар едік. Билік жастармен түсіністік жұмыстарын жүргізіп, болашақта осы іспетті наразылықтардың алдын алудың орнына

бас көтергендерді қатаң жазалады. Орталық – Мәскеудің өзін ойландырып тастаған құбылысты салмақты саралап, сабақ алуға тырыспады. Бастысы – Қазақстан жерінде неміс автономиясын құру жайындағы саяси құйтырқы қаулы жүзеге аспай қалды. Бұл ретте билік райынан қайтып, шешімін өзгерте қойғанымен коммунистік партиялық номенклатура қуғындау мен күш жұмсау әдістерін шімірікпей қолданып, тәжірибе жинай бастады. Бұған 1959 жылғы Теміртау оқиғасы да мысал бола алады. Онда саяси мәселе қойылмағанымен, жастарды шегіне жетіп, титықтатып жіберген әлеуметтік мәселелерге қатысты наразылық қатты қарсылыққа тап болып, аяусыз басып жаншылды.

Осы ретте қадап айта кетсек, Целиноград жастарының көтерілісі жоғары билікке жақпағаны соншалық, оған одақтық дәрежеде «үлкен баға» берген екен. Айталық КПСС Орталық Комитетінің «Қазақ республикалық партия ұйымының еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие беру жөніндегі жұмысы туралы» қаулысы соның жарқын көрінісі. Бұл қаулыда Алматыдағы жастардың Желтоқсан қозғалысы мен 1979 жылғы Целиноград жастарының Ерейментауды неміс автономиясы етуге қарсылығы «қазақ ұлтшылдығының көрінісі» ретінде саяси тұрғыдан айыпталған. Мәскеу өкілдерінің бұлайша қаулы қабылдап, титықтарына тиіп кеткені – бостандық, ұлт намысы үшін күреске бел буғандардың жанкешті қадамы еді.

Жастардың бұл дүмпулерін антикоммунистік бас көтерулер және анық құқық қорғау қозғалыстары деп баға беруге әбден болады. Мемлекеттің ұлттық теңсіздіктерге азаматтар тарапынан білдірілген осындай наразылықтар соншалықты ірі оқиғаларға ұласып кетпеуінің астары түсінікті. Кеңес үкіметі жастарды еркінсітіп қоймады, шағын дүрлігудің өзін дереу тамырымен қопарып тастауға тырысты. Бұл үрдіс саяси талап қоймаған бас көтерулерге де қатысты еді. 1967 жылғы Шымкент қаласындағы милиционерлердің шектен шыққан озбырлығы мен басынушылығына халықтың жаппай наразылығы мен 1967 жылғы Алматыдағы Быков ісінің лезде тосқауылға тап болуы соның айғағы.

Желтоқсанда тағы да жастар ұлт намысын ту етіп көтерді

1985 жылдың көктемінде ескен леп Одақ көлемінде өзінің түрліше өзгерістерін ала келді. Қазақстан да осынау игі қадамдардан тыс қалмады. Жастар жағы «Қайта құру» саясаты шын мәнінде елге үлкен бетбұрыс алып келеді деп үміттенді. Сөйтті де оңтайлы сәтінде биліктің солақай шешіміне бейбіт түрде шерулетіп өз көзқарастарын білдіріп қалуға тырысты. Алайда жастардың жақсы ойын күтпеген жерден жоғарыдағылардың қарниеті қызыл қанға бөктірді.

Бізге қалғаны қасіретті де асқақ тарихымызды таразылу. Осы бағытта Желтоқсан көтерілісінің жиырма жылдығы қарсаңында пікірлес әріптестерімізбен аталған тақырыпты кеңірек қаузап, нәтижесінде бірнеше кітаптарды жарыққа шығару бақытына ие болған едік. Қатпар-қатпар сан құпиялы, әсіресе ақ бас тарихымыздың ақтандақ беттерін ақтарып отырып, «неге бұлай болған?» деген сауал сананы шиырлайтыны бар. Желтоқсан тақырыбын таразылауға да сондай бір әнтек қызығушылықтан гөрі әйдік ынтызарлық сеп болғаны анық.

Көз жеткені, көңілге тоқығанымыздан бұрын бұл құбылыстың бұқпантай – бізге беймәлім тұстары жетіп артылды. Содан да болар, қазақ тарихындағы ұлт-азаттық кезеңдерін шолғанда бір-бірімен тығыз байланысты әсіресе Желтоқсан көтерілісіне соқпай өте алмаймыз. Және жалпылама емес, мейлінше барлық материалды саралау барысында ерекше есте қалып, айрықша таңданыс тудырған жалқы жайт турасында ойлы оқырманмен бөлісіп, көпшілік назарына ұсынуды парыз санадық.

Демократия қарлығаштары. Желтоқсан: ақ пен қара. Бұл жөнінде сәл шегініс жасалық. Екі көзінен қан тамған қызыл империяның құйтырқы бұйрығына сауатты әрі ашық түрде наразылық білдіріп, шеруге шығу Қазақстан тарихында отызыншы жылдардың басынан бері болмаған жайт еді. Нақтырақ айтқанда, кеңестік билікке қарсы соңғы қарулы бас көтеру 1929-31 жылдары, яғни қазақ шаруалары отырықшылық шаруашылық жүйесіне көндікпей

карсылық білдірді. Содан бері «елу жылда ел жаңа» дегендей, жарты ғасырдан астам уақыт өтті. Бірнеше ұрпақ алмасып кетті. Сондықтан да 1986 жылғы желтоқсанда алаңға шыққан жастар мүлдем жаңа буынның өкілі деуімізге әбден болады.

Бұл ұрпақтың алдыңғы толқын ағалардан айырмашылығы неде еді?

Алдымен олардың сталиндік репрессия сынды азап пен екінші дүниежүзілік аласапыран соғыстардың зардабын көрмегендігін айтамыз. Яғни, әлемдегі ең шыншыл, демократияшыл, адам құқығы мен сөз бостандығын жоғары бағалайтын, тіпті «барлығы адам үшін және оның игілігі үшін» деген ұранды биікке желбіреткен Кеңес үкіметіне шексіз иланған жаны таза, рухы асқақ, қазақ әдебиеті мен өнерінің үздік дәстүрінде тәрбиеленген ұрпақ болатын. Алайда ақ пен кара ойда жоқта белдесе кеткенде осы үйлесімнің күлі көкке ұшып кетті. Екіжүзді билік сол ұрпақтың үкілеген үмітін бір сәтте үзіп, сенімін оп-оңай ұрлап алды.

Жастардың қарекеті қандай болды? Алғашында көзді ашып-жұмғанша темір шынжырмен таптай жөнелген биліктен мұндай қанқұйлы қадамды күтпеген олар, ұрыста тұрыс жоқтығын ұғынған. Әсіресе қазақтың қыздары халқының бұл бұла бұлқынысында бұқпантайламады, қайта жігіттермен қатар тұрып, қайсар мінез көрсетті. Мұны аталған тақырыпқа қатысты материалдардың барлығы дерлік айғақтайды. Құжаттарда болсын, естеліктерде болсын, мақалаларда болсын Желтоқсан көтерілісінде де, одан кейінгі қуғын-сүргінінде де қаракөз қыздарымыздың намысты қолдан бермегендігі, сын сәттен сүрінбегендігі жиі-жиі кездеседі, еріксіз назар аудартады. Әлгінде айтқан отызыншы, тіпті ғасыр басындағы аға ұрпақтан айырмашылықтың бірі де бірегейі сексенінші жылдары қазақтың ары мен ұяты қазақ қыздары ма деген ойға келесің.

Айталық, 1986 жылы студенттері мен жастарды алаңға бастап шыққан Театр және көркемсурет институтында оқыған Гүлнар Байбосынова Желтоқсан көтерілісіне қатысқан кезіндегі қазақ

қыздарының қайсарлығы мен тартқан қасіреті турасында былайша сыр шертеді:

«Сол күні кешке қазіргі Тәуелсіздік монументі тұрған жерде жасақшылар бір қызды шырқыратып ұрып жатыр екен. Әлгілерге қызды босатуын талап етіп ұрсып едім, қайдан келгенін білмеймін төрт-бес милиция Сәуле екеумізді қуа жөнелді. Мені қуып жеткен соң, ұрып-соғып автобуска әкеліп қамады. Автобустың іші таяққа жығылған жастарға толы екен. Ондағы жастардың көбі ЖенПИ-де оқитын қыздар еді.

Арамызда таяқтан бет-жүзі адам танымастай өзгеріп кеткен бір жігіт болды. Оның көзі шығып кеткен еді. Содан бізді жегі түнде Шамалған жақтағы жүгері егетін алқапқа апарып тастады. Күн суық. Бәріміз оңбай таяқ жегенбіз. Жолдың бойымен қалаға қарай жүгіріп отырдық. Ешқандай машина тоқтамайды. Зорыққандардың аузынан ақ көбік ағып кетіпті. Әйтеуір, таң ата жатақханаға жетіп жығылдым. Суық қатты өтіп кеткен екен. Бір ай ауруханада жаттым.

Соның салдарынан қазір бала көтере алмай қалдым. Мұның бәрі суықтың кесірі екенін дәрігер айтты. Сақылдаған аязда айдалаға апарып тастаған қыздардың бәрі ана болу қабілетінен айырылғанын білемін. Бұл желтоқсанның үлкен қасіреті еді».

Сөз жоқ, ерлермен қатар халқының азаттығын аңсағандар, әргі-бергі тарихты таразыласақ, демократия қарлығаштары. Ең бастысы – Ақ пен Қара күресіндегі сұлулық символы іспетті. Сондықтан да олардың қайсарлығы мен ерлігін айрықша атау мен марапаттау парызымыз тіпті міндетіміз. Себебі – олардың қайсарлығы бүгінгі ұрпаққа үлгі, болашаққа бағдар.

Сонымен бұл тарауымызда: «Демократия қарлығаштарына дем берген не нәрсе еді? Желтоқсан қозғалысының бастау бұлағы мен байырқалайтын тұсы қайсы?» – деген сауалдардың жауабын іздеуге тырыстық. Әрі желтоқсандағы сұлулық символын сөз еткенде, оны мұқатпақ болып, дақ жақпақ болған қара күш-жендеттер жайына да тоқтала кеткенді жөн көрдік. Ондағы мақсат – халыққа қарсы қол көтергендер оның моральдық зардабын тартатындығын, бұндай саяси болсын, басқадай болсын

кылмыстардың он жыл өткеннен кейін де, жүз жыл өткеннен кейін де әйтеуір түбі әшкере болатындығын алға тарту еді. Желтоқсан көтерілісінің мысалы бұған айқын дәлел.

Желтоқсан көтерілісінің кенеттен бұрқ ете түсіп, алып империяның көсемдері күтпеген адуын мінездің себебі мен салдарын сарапшылар әртүрлі түсіндіргенімен ортақ белгісі бір екенін айтады. Сол кездегі қазақ қоғамында қалыптасып, пісіп-жетіліп, кенерінен енді асып кеткелі тұрған ауыр ахуалға қарсылық бұл дүмпудің жоқ жерден пайда бола қалмағандығын көрсетіп берді. Енді сол кездегі ауыр ахуалдың сананы жаншыған салмағы қаншалықты еді? Соған мейлінше нақты деректер арқылы жауап іздеуге тырысайық. Бұл бәлкім бүгінгі қайбір көңілі ояу, көзі ашық деген азаматтарымыздың өзінің «сексен алтыда алаңға жастар алаңғасарлықпен шықты» деген байламдарының түбірімен қате екенін дәлелдеп берер.

Иә, ұлттық кемсітушілікке ыза болған жастар Республика алаңына жиналып, өз пікірлерін айтуға келді. Демонстранттармен әу бастан келіссөзді дұрыс жүргізе алмағаннан кейін, жағдай шиеленісіп, мінбеге шыққан Республика басшыларына дөрекілік жасау әрекетіне ұласты. Ақыры тәртіп қорғаушылармен қақтығыс та басталды.

Бұл бас көтеруге басты түрткі болып, өзі де тұтанғалы тұрған отқа май құйған оқиға Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1986 жылғы 16 желтоқсанда бар-жоғы он сегіз минутқа созылған пленумда Алматыға арнайы ұшып келген СОКП Орталық Комитетінің ұйымдық бөлімінің меңгерушісі Г.Разумовский Саяси Бюроның атынан ұзақ жыл адал қызметі үшін Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа алғыс айтып, орнына халыққа аты-жөні беймәлім Г.В.Колбиннің сайлануын жария етуінде еді. Сол күні және кешке пленум туралы қысқаша информациялық хабардан басқа ешнәрсе айтылмады, болған жағдайдың себеп-салдары халыққа түсіндірілмеді.

Кеңес үкіметі жылдарында Қазақ облыстық, өлкелік комитеттерінде, одан соң Қазақстан Орталық Комитетінде бірінші хатшы болып жиырма шақты адам қызмет атқарыпты. Дегенмен,

осы уақытқа дейін мұндай хатшылық қызмет атқарған орыс, украин, грузин, армян, еврей, поляк, ұйғыр сияқты әр ұлттың өкілдері арасында тек үш-ақ қазақ болған. Және бұған дейін Республика коммунистерінің басшылығында қазақтың болмауы бұрын-соңды реніш туғызып көрмепті. Сірә, орталықтағылар бұл жолы да солай болар деп пайымдаса керек. Бірақ жағдайды жете білмеушілік ақырында міне осыған әкеп соқты. Екіншіден, әлгінде айтқан жастармен тілге келіп, олармен диалог жасау әрекеті іске аспады. Алаңдағы мінбеге шыққандардың кейбіреуі қазақ тілінде сөйлей де алмай, жиналғандардың мазағына ұшырады. «Жігіттер, қыздар, үйлеріңе қайтыңдар!» дегеннен басқа сөз айта алмады. Дер кезінде халық сыйлайтын партия, соғыс ардагерлерін, ақын, жазушыларды, сөз зергерлерін мінбеге шығару ешкімнің ойына келмепті.

Бірінші саты – желтоқсанның 16-сынан 17-сіне қараған түні Қазақ КСРО Мемлекеттік Қауіпсіздік комитетінің деректері бойынша, қаланың алты оқу орындарының және С.М. Киров заводының 8 жатақханаларында, Театр және көркемсурет институтының студенттері «арандатуға бағытталған ірікті салу жұмысын жүргізді». Олар «жастарды шеру жасауға үгіттеді, арандатуға бағытталған ұрандар мен плакаттар даярлап, көшеге алып шықты». Ол бір түнде болған қимыл-әрекет 1979 жылы маусымда Ақмолада неміс автономиясына қарсы өткен акцияны еріксіз еске салады.

Желтоқсанның 16-сынан 17-сіне қараған түні толқу Ақмоладағы сияқты студент, жұмысшы жастардың жатақханаларында басталды. Ақмолада түнде жазылған транспоранттармен Алматыда сол түнгі жазылған транспоранттар үндес, тіпті кейбір сол күйінде қайталанды. Желтоқсанның 17-сі күні таңертең Алаңға толқын-толқынмен жиналу әдісі де Ақмола оқиғасымен үндесті. Қалай болғанда да сол бір түнгі үрдістің басталу, өрбу динамикасын қалпына келтіру Желтоқсан тарихының ең бір қиын тұсы екендігін мойындау керек.

Желтоқсан көтерілісі кезінде әр ұлттың өкілдерінен тұратын 2401 адам ұсталды. Солардың ішінде Алматының соттары 326

адамды әкімшілік жазаға кесті, қылмыстық тәртіп бойынша – 99 адам сотталды, екі адам ату жазасына тартылды. Мұның сыртында 270 студент оқудан шығарылып, көптеген жұмысшылар мен қызметшілер жұмыстан босатылды. Қудалауға, қуғынға ұшырағандар саны шексіз. Тек қана Желтоқсан көтерілісіне байланысты Қарағанды университетінен 25 студент комсомолдан шығарылды, 11-і университеттен қуылды.

Сондай-ақ бұл бір қалалық немесе аймақтық та құбылыс емес, жалпыұлттық қозғалысқа айналды. Империялық озбырлыққа қарсы бас көтеру тек астаналық қала – Алматымен ғана шектеліп қалған жоқ, басқа да облыс орталықтарында, аймақтарда көрініс тапты. Желтоқсанның 17-25 күндері Жамбыл, Шымкент, Талдықорған, Жезқазған, Қарағанды, Павлодар, Көкшетау, Арқалық, Алға сияқты қалаларда, Шамалған, Сарыөзек сияқты елді мекендерде болып өткен толқулар наразылықтың жалпықазақстандық сипат алғанын айғақтайды. Алматыдағы 17 желтоқсан күнгі толқуларға 25-30 мың адам қатынасқан. Сол күннің кешінде және түнде шеруге шыққандарға қарсы қолданылған аяусыз басып-жаншу мен қандықол қарақшылық, одан қалса зорлау, ұлтына қарай адам аулау шараларына қарамастан, ертеңіне Брежнев алаңына тағы да сонша жастар жиналды. Әскер күштері мен милиция алаңды қоршап алып, оған ешкімді жібермеді. Ал Алматыдан тыс жерлерде болған шерулерге қатынасқандардың саны – 2500 адам. Бұл саналы түрде кемітіліп көрсетілген сан болуы да ықтимал.

От ұшқынының жан-жағына түсуі табиғи диалектикалық заңдылық. Жанап өтпесе, қарағандылықтар: Раушан Әлиева (ҚарМУ-дің студенті), Әлия Еркімбаева (ҚарМИ-дің студенті), Раиса Сәрсембекова (АТП бухгалтері), ақтөбеліктер: Болат Арынразиев (спорт мектебінің жаттықтырушысы), Берік Қалбөкенов (СПТУ мұғалімі), шығысқазақстандықтар: Гүлжан Кәрімразина (кооператив техникумының студенті), Ербол Ақтанов (институт студенті), талдықорғандықтар: Анар Серкенова, Мәншүк Мусина (заң техникумының студенттері), целиноградтықтар: Амангелді Нүркенов, Асқар Сағынаев

(ауылшаруашылық институтының студенттері) сияқты т.б. жер-жердегі жастар мен студенттер «ұлтшылдық» көзқарастары үшін қылмыстық жауапқа тартылды.

Ал еш кінәсіз қаза болған өрімдей өрендер: Қайрат Рысқұлбеков (Жамбыл), Ербол Сыпатаев (Талдықорған), Сәбира Мұхамеджанова (Өскемен), Ләззат Асанова (Талдықорған), Кенжегүл Молданазарова (Шымкент) сынды бар-жоғы 18-20 жастағы «ұлтшылдардан» атынан ат үркетін алып империя – Кеңес үкіметі қандайлық қауіп көрді екен?

Қазір кейбір ғалымдардың ортасында қалыптасып, өзге жұртқа әсер етіп жүрген «алаңға барғандардың ішінде кездейсоқ қызық көру үшін жүргендер аз болған жоқ» деген теріс пікір белең алып жүр. Ондай болса билік орындары 19-20 мыңдық Алматы жасақшыларының қарулы күшін кімге қарсы жинаған? Тіпті КСРО-ның жеті бірдей қаласынан құрама әскер арнайы ұшақпен әкелінгенін қайда қоямыз? Олар төмендегідей:

Фрунзедегі 5450-інші әскери бөлімнен 100 адам, Ташкенттегі 5452-інші және 3408-інші әскери бөлімінен 300 адам, Челябинскідегі 5426-ыншы әскери бөлімінен 203 адам, Новосибирскідегі 5427-інші әскери бөлімінен 203 адам, Уфадағы 5424-інші әскери бөлімінен 200 адам, Свердловскідегі 5425-інші әскери бөлімінен 225 адам, Тбилисиден 480 адам.

Бұл басқа елдерден әкелінген әскердің жауыздығын өз көзімен көріп, жиреніп, алаңға Алматы облыстық Ішкі істер басқармасындағы жедел топтың командирі ретінде барған Төлеген Әлжан кейіннен қызметінен өз еркімен кетіп, қайсар мінез көрсетеді. Әрі осы жауыздықты әшкере ету мақсатында ақын Мұхтар Шаханов құрған екі комиссияға да кіріп, жұмыс істегендегі куә болған жайттарын былайша әңгімелейді:

«Әрине, комиссия жұмыс жасаған кезде біз әлі де Ресейге тәуелді едік. Екінші комиссия жұмысын бастаған тұста Ресейден Гаев басқарған прокуратура, Ішкі істер министрлігінен сегіз адам келді. Ақыры біздер жинаған деректердің көпшілігін Мәскеуге ала кетті. Тіптен сол құжаттардың басым көпшілігі жарақат алғандар, есінен ауысып ауруханаға түскендер мен қайтыс болғандар

жайында болды. Міне, күні бүгінге дейін осы деректер қолымызға түспей отыр.

Жалпы бізді қолдаған азаматтар болды ғой. Ә.Мәмбетов, Т.Жаманқұлов, Б.Нұрғазиев сияқты азаматтарымыз таяқ жеп, қансырады. Ал қала прокурорының орынбасары Зиманов Қадырберген Мәскеуден келген жендеттер Стрельников пен Сорокаға қарсы шыққандығы үшін заңсыз тұтқындалды. Одан өз прокуратура қызметкерлеріміз Мызников, Волтунов, Азаровтың қудалауына түсті, ақыры көз жұмды. Осы аттары аталған зиялы қауым өкілдері үстінен 85-нөмірлі «Қоңыр» атты қылмыстық іс қозғалды.

Бүгінде ескеретін бір мәселе, ресми дерек көздері бойынша, қазір қалада тіркеуде тұрған желтоқсандықтар – 56, ал еліміз бойынша сотталғандары – 107, әкімшілік жазаға 430-ы тартылған. Менің қолымдағы деректер сол кездің өзінде қатысқандар санының 12500 болғандығын дәйектейді. Ал Қауіпсіздік Комитеті кезінде 2 мың деген мәліметті ғана көрсетті.

Ал енді мендегі құжаттардың маңыздылығына келер болсам, Л.Асанова, С.Мұхамеджанова, Ләззат Шораева, Кенжегүл Молданазарова сияқты қыздарымыздың қорланып, зәбір көргендігіне дейін дәлелденді. Айта алмай жүрдім, бірақ айттым. Былтыр Л.Асанованың қорланып өлтірілгендігі жайында 11 сот процесіне қатысып, 7 ай жүріп бәрін дәлелдедім. Мұндай зәбір көрген бір ғана Ләззат емес қой. Сол Желтоқсан көтерілісіне қатысқан қыздарымыздың 90 пайызы қорланды. Бұл фактімен дәлелденген жағдай».

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумы туралы ресми хабар ең әуелі «Қазақстан» телеарнасы арқылы ақпараттық бағдарламасынан, содан соң Орталық телевизиясының «Уақытынан» берілді. Ал 18 желтоқсан күні «Комсомольская правда» былай деп жазды: «Кеше кешкісін және бүгін күндіз Алматы қаласында ұлтшылдардың арандатуымен бір топ оқушы жастар көшеге шығып, жуырда болып өткен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті пленумының шешіміне наразылық білдірді. Болған жағдайды бұзақылар, арамтамақтар және басқа да қоғамға

жат адамдар пайдаланып, тәртіп сақтаушыларға қарсылық көрсетті, содан соң азық-түлік дүкенін, жеке иелердің автомашиналарын өртеп, қала тұрғындарын қорлап, жәбірледі».

Осылайша табиғатында бауырмал, онысын осыған дейін Қазақстанға жер ауып келген мың-сан ұлтқа жанашырлығымен көрсеткен бүтіндей бір халыққа қара күйе жағу, ұлтшыл деп айыптау акциясы басталып кетті. Және ол қарқынды әрі кең ауқымда жүргізілді. Басшылық тізгінді ә дегеннен-ақ пәрмені күшті Орталық алды.

Желтоқсанның 18 күні кешке қарай Алматыға КОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Партиялық бақылау комитетінің төрағасы М.С.Соломенцев ұшып келді. М.С. Соломенцев Алматыға СОКП ОК Саяси Бюросының кең өкілетті ресми өкілі ретінде келгендіктен, оның тұжырымдары мен бағалары саяси нұсқау мен бұйрық түрінде қабылданды. Ол оның 1986 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан КП ОК-нің Бюро мәжілісінде сөйлеген сөзінде былайша баяндалды:

«Бір нәрсе анық – алаңда болып өткен оқиғалар кездейсоқ, стихиялық құбылыс емес. Бұл ұйымдастырылған іс. Ұйымдастырушының кім екендігі маған белгісіз, табамыз ба, жоқ па, оны да айту қиын. Қалай дегенде де мұның ұйымдастырылған іс екендігі туралы бағаны нақпа-нақ айтуға болады... Белгілі бір топ қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Менің ойымша, жаңа жылға дейін-ақ сот процесі болар, 2-3 процесс ашық өтетін сияқты. Осы жөніндегі хабарды баспасөз, радио телевизия арқылы тарату керек. Халыққа мұның бәрін жақсылап көрсету керек. Қазір комсомолецтер мен коммунистердің ұлтшыл, бұзақы іс-әрекеттерін талқылаған комсомол, партия жиналыстары өтіп жатыр. Не сескендіреді? Алғашқы шешімдер жұмсақтау болды, қазір оқиғаға қатысушыларды институттардан куу керек, ертең оларды, бұзақы, ұлтшылдарды өндіріске, басшылық жасайтын жерге қалай жібереміз деген төңіректе әңгіме болып жатыр. Бірақ баға қатал да талап қойғыш, қорытынды өзгеге жақсы сабақ болуы керек.

...Саясатта, студенттер іріктеуде бұрмалау бар. Кадрларды осылайша іріктеу керек пе еді? Қазақ мектептерін ашу, қазақша

оқыту жөнінде мұндай айтыс болғанын білемін... Алматыда мектепке дейінгі мекемелер де ұлттық белгі бойынша құралатын болған ба? Бұл қалай, жолдастар, Бюро мүшелері? Одан әрі не болады? Бүкіл оқыту мен тәрбие қазақша өткізіледі. Халық арасында, әсіресе жастар ішінде тәрбие жұмысы, интернационалдық тәрбие жұмысы қожыраған... Қаланың толуы жөнінде де басын ашып алатын жайт көп. Мәселен, Алматыда, кезінде мен осында жұмыс істегенде қазақ тұрғындар 8% болғаны есімде. Дұрыс па айтып тұрғаным? Ал қазір 16%. Екі есе екен».

Кезінде Д.Қонаев ақсақалдың қарамағында қызмет істеп, өзінің моральдық жағынан жеңілтек адам ретінде көрсетіп, Қазақстаннан қызметтен қуылған М.Соломенцев осылайша сайрады. «Қазақ ұлтшылдығы» атағын қазақ халқына жақсылап таңудың, бояуын қалыңырақ етіп жағудың жолдарын іздеп, шарқ ұрды. Соломенцев айтқан процетамания мәселесі лезде Қазақстанның түкпір-түкпірін шарлап кетті. Өзі де қоғамның қай саласында болсын азшылыққа ие қазақтардың үлес салмағы жұмыс орындарында, жоғары оқу ордаларында, мемлекеттік маңызы бар мекемелерде орыс халқымен салыстырмалы түрде қарастырылды. Қазақтар орыстардан көбірек шоғырланған жерлерде олар теңестірілді немесе кемітілді. Тату-тәтті тұрып келе жатқан екі халықтың ортасына осылайша сына қағылды. Қазақ халқы өз жерінде өспесе, өнбесе басқа қай елде өркен жаймақ деген ойдың орнына қазақ ұлтының дамымауын ойластырған Орталық өкілдері өздерін нағыз ұлтшыл, шовинист ретінде көрсетіп алды.

Бұл тұрғыда Желтоқсан көтерілісіне қатысқаны үшін сотталып, сонау Ресейдің Чита облысына айдалған Расулхан Құдайбергенов сол кездегі елдегі саяси-рухани ахуалдың қазақ ұлты үшін соншалықты күрделеніп кеткенін айтады:

«Сол жылдары қазақ мүддесіне қырын қарап келген орталықтың өктем билігіне көзіқарақты қаймана қазақ қағажу қарай бастаған еді. Іштей қарсылықтың белгілерін, әсіресе үлкен қалалардағы қалыпты өмір арнасына қабыса алмай, ұлттық рухы кемшін тартқан халықтың тіршілік-ауанынан байқау қиын еместі. Ана тіліміз тұсаулы аттың күйін кешіп, дін-тініміз тарылды.

Қазақ жастарына табылса, жұмыстың ең ауыры бұйырды. Қалалық тіркеу қайдан, «Жетім бұрыш» жағалау ғана маңдайға жазды. Осы сынды мың-сан кедергі жайттардың күн өткен сайын қоюлана бастағанын арман қуып келген Алматыдан студент бола жүріп біз де жете сезіне бастадық. Бұлайша жалғаса беруі мүмкін болғанымен, оған деген қарсылық пен наразылықтың түбі бір бой көрсетері анық еді.

Сол бір намыстың жанартаулары атқылаған желтоқсанның үш күнінде де алаңда жүрдік. Ерекше екпін бітіп, елдік мұратымыз қолсозым жерде тұрғандай болды. Әне-міне, Үкімет үйін алсақ, арманымызға жететіндей едік. Шыны сол, мен үшін бұл жастық максимализмнен гөрі, отаншылдық рухтың басым түскен кезі еді».

Дегенмен «әй дейтін әже, қой дейтін қожа» жоқ болған соң, Жоғары билік білгенін істеп, тізеге басты. Қара күйе жағудың кәнігі шеберлері Одақтың барлық ақпарат құралдары арқылы арам ойларын жүзеге асыруға тырысты. Баспасөзде өрескел бұрмалаулар орын алды. Мәскеуде шығатын орталық басылымдар Желтоқсан көтерілісін ұйымдастырған қазақ жастары туралы жалған ақпарат таратты.

Қазақ жастарының ұлтжандылық бейнесі сол кездері өкінішке орай керісінше бағаланып жатты. Орталықтың солақай ойы мен арам әрекеті іске аспады. Желтоқсан көтерілісі Балтық жағалауындағы және басқа республикада демократиялық процестің дамуына себепші болды. Осыдан кейін егемендікке жаппай жол ашылды. Бірінен соң бірі Одақтас республикалар егемендік жолына, тәуелсіз дамуға бет бұрды. Сонымен бірге Бакуде, Вильнюсте, Ферғанада, Тбилисиде қанды оқиғалар тізбегі жалғасты. Оларда да тоталитарлық режим мен Ресей танкілерінің қанды іздері қалды.

Осыдан-ақ бостандық пен тәуелсіздік оңайға түспегенін аңғаруға болады. Ақырында салтанатты сәт те туды. 1991 жылдың 16 желтоқсанында Желтоқсан көтерілісіне қатысқан жастар ақталды.

Бұл Мәңгі жас – Алаш идеясының ұлт-азаттық ұзақ шайқасының жеңіске жеткен күні еді.

АЛАШ ИДЕЯСЫ: ҚАНДАЙ ИДЕЯ?

(Ғылыми пайым)

Тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл адамзатқа ауыр қасірет алып келген жиырмамыншы ғасырдың басында ұлттық идея өзінің рухани және әлеуметтік эволюциясы барысында «Алаш» идеясы түрінде көрінді. Алаш идеясы қазақ түсінігінде туыс түркі халықтарын біріктіретін «алты алаш» ұғымын білдіргендіктен, ХХ ғасырдың басында артта қалған отар халықтардың ұлттық өзіндік санасының оянуына орай, «түркістаншылдық» идеясымен шектесіп жатты. Бұл, әсіресе Мағжан Жұмабайдың поэтикалық шығармашылығы мен Мұстафа Шоқайдың тарихи саяси қызметінен аңғарылады. Саяси тәуелсіздіктің туын көтерген қазақ зиялылары «Оян, қазақ!» идеясымен халыққа ой тастады. Соның нәтижесінде үлкен идеялық әрі реалды Алаш қозғалысы басталды және Алаштың әлеуметтік, саяси және тұлғалық белсенділігі мен еркіндігі ұлттық идея ретінде ұсынылды. Бұл тәуелсіздік ұранының алдыңғы кезеңі ағартушылық идеяларымен астасып жатқан болатын. Және Алаш қайраткерлерінің бұл үндеуі Абай мен Шәкәрімнің «адам бол!» ұстынымен және «ұждан» тұжырымымен сипатталатын рухани-адамгершілік бағдармен де бекітілді.

Енді осы ұлт пен ұлтшылдық, ұлттық сана мен ұлттық бірегейлік және оны қозғайтын интеллектуалдық элитаның рухани және әлеуметтік қызметтерін сараптау негізінде ХХ ғасырдың басында заман талабына сай сапалық тұрғыдан жетілген және өз эволюциясының жаңа сатысына көтерілген қазақтың ұлттық идеясы – Алаш идеясы және қозғалысын бағамдап көрсек.

ХХ ғасырдың басында қазақтың ұлттық идеясы өз эволюциясының жаңа сатысына көтерілді және заман талабына сай сапалық тұрғыдан жедел жетілді. Әрі уақыт ағымына орай саяси тұрғыдан ширығып, жаңа ұлттық идея – Алаш идеясы дүниеге келді. Жалпы «Алаш» идеясын жаңа деп айтуға келмейді, өйткені бұл идеяның Қазақ хандығы дәуірінен бері бар екендігі белгілі. Дегенмен, ХХ ғасырдың басында көтерілген бұл идеяның

мазмұны алдыңғыларымен салыстырғанда мүлдем бөлек еді. Оны жетілдіруші һәм қозғаушысы Алаш партиясын шынайы қажеттіліктен құрған Алаш қайраткерлері тарихи мүмкіндікті мүлт жіберіп алмау жолында жан аянбай еңбек етті.

Бұл ел тарихындағы елеулі кезең турасында Президент Н.Назарбаев: «XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстанның қоғамдық саяси өміріндегі Алаш партиясының алатын орны мен қызметін зерттеу – Отандық тарихымыздың ең өзекті мәселелерінің бірі. Өйткені кезінде «Алаш» партиясының жетекшілері ұсынған қағидалары күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отыр» – деп, әділ бағасын берді. («Тарих толқынында», 172-173-бб.).

Ұлттық арман-аңсардың нақты саяси күші ретіндегі Алаш идеясының жаңа жиырмамыншы ғасыр басындағы жаңа мазмұнын ашу үшін осы идеяны қозғалысқа келтірген қайраткерлердің ұлттық сананы оятудағы халық алдындағы қызметіне тоқталу керек. Бұл үшін алдымен ұлт пен ұлтшылдық, ұлттық сана мен ұлттық бірегейлік және оны қозғайтын интеллектуалдық элита (төбетоп), олардың рухани және әлеуметтік қызметтері деген мәселелердің бетін ашып алу керек.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басынан бастап еуропалық империалистердің отарында болған елдерде ірі де күрделі өзгерістер жүзеге асты. Себебі, бұл кезде отар елдерде жаппай ұлттық сана оянып, батыс державаларының билігі мен отаршылдық саясатына қарсы ұлт-азаттық қарсылықтармен қатар, жаңарту идеяларын алға тартқан реформаторлардың қозғалысы орын алды. Азияның көптеген елдерін қамтыған бұл үдерістен Қазақстан да тыс қала алмады.

Кез келген қоғамда жалпыұлттық бірегейлену идеясын жүзеге асыруда оның алдыңғы қатарлы саяси және рухани интеллектуалды элитасы маңызды рөл атқарады. Себебі, мұндай төбетоп қоғамның саяси, экономикалық, әлеуметтік дамуындағы күрт өзгерістерге бірден бейімделушілік қабілет таныта алады. Әртүрлі әлеуметтік топтар мен таптардың мүдделерін ортақ бір мәселе төңірегіне жұмылдыра, шоғырландыра отырып, бұл топ қоғамдық ой-сана мен пікірге күшті түрткі болады.

Э.Хобсбаумның ұлт және ұлтшылдық тұжырымдамасы бойынша нақ осы әлеуметтік «қаймақ» қоғамда ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда «жаңа дәстүрлерді» ойлап табуы қажет. Бұл «ойлап табылған дәстүр» дегеніміз – белгілі бір жөн-жоралғылық немесе рәміздік ережелерге негізделген әлеуметтік іс-әрекеттер. Осы ережелер белгілі құндылықтар мен іс-әрекет нормаларын бір ұрпақтан екінші ұрпаққа өткізу қызметін атқарады және оларды бүкіл қоғам мойындайды. Үнемі қайталанып отырғандықтан бұл үрдіс тарихи сабақтастық ұстанымын сақтайды.

Бұл саяси және рухани интеллектуалдық элита, өзінің қоғамдық-саяси қызметінде ұлт, ұлтшылдық идеологиясы мен ұлттық өзіндік сананы қалыптастыруда өте маңызды рөл атқарады. Жалпы ұлтшылдықты идеология ретінде қарастыруға болады. Бұл ұлтшылдық идеологияның пайда болу себептерінің әлеуметтік алғышарттары мен даму эволюциясына назар аудару ұлтшылдықтың ішкі құрылымы мен әлеуметтік мәнін танытады.

Ұлтшылдықты идеология ретінде тұжырымдай отырып, идеологияның қоғамдық мәні, әлеуметтік өзгерістерді жасауға талпыну әрекетіндегі оның заңдылығы мен жұмылдыру әлеуетін негіздеуге болады. Сондықтан да ұлтшылдықтың әлеуметтік өлшемі туралы айтқанда, міндетті түрде «қоғамдық қозғалыс» ұғымы ойда тұрады, өйткені бұл қозғалыстарға да, идеологиядағы сияқты социумдағы түбірлі өзгерістер тән. Біз қарастырып отырған Алаш қозғалысы да қазақ қоғамының ауқымды бір бөлігін қамтыды және ұлтшылдық идеяға негізделді.

Қоғамдық қозғалыс тез арада ұйымдаса білу қажет және ол қозғалыс негізінен саналы түрде нормативтік базаға ие болуы тиіс, қозғалыстың стратегиялық және тактикалық мақсат-міндеттері болуы қажет. Қоғамдық қозғалыс белгілі бір уақыт мерзімінде мүдделі адамдардың тобымен ұйымдаса отырып, жалпыға бірдей ықпал ететін және ортақ мәселе ретінде қабылданған мәселелерді шешуге бағытталған іс-әрекеттер жасауы керек.

Осылайша ұлтшылдық ұлттық қозғалыстарға идеялық мазмұн беретін идеология ретінде түсіндіріледі. Бұл екі құбылыста негізінен өзара тығыз байланыста, бір-бірін толықтыратын,

екінші жағынан, өзіндік ерекшелігі бар құбылыстар ретінде талданады. Және қандай да болмасын, ұлттық қозғалыстардың жетекшілігінде этностық немесе ұлттық элита тұрады. Олар ұлттық қозғалыстардың идеологиясын ұлтшылдық идеологиясы мазмұнында негіздейді. Біздің жағдайымызда «Алаш» ұлттық идеясы осындай әлеуметтік алғышарттардан туындайды.

XX ғасырдың басында қазақ халқының ұлттық мүдде туының астында бірігіп, шоғырлануы бұрын-соңды болмаған деңгейіне жетті. Бұл кезеңде Ресей империясының шеткері аймақтарындағы халықтардың ұлт-азаттық қозғалыстарында, оның ішінде қазақ даласындағы көтерілістер барысында (жалпы отаршылдық пен тоталитаризмге қарсы қазақтардың 300-ге жуық көтерілісі белгілі) ұлттың жаңа зиялы қауымы қалыптасты, осы ұлттық интеллигенцияның қызметі нәтижесінде отаршылдық қысымымен басылып қалған этноәлеуметтік топтардың ұлттық өзіндік сана-сезімі жаңғырды. Бұл тұста қазақ халқында «төңкеріске дейінгі» немесе «ұлтқа дейінгі» қоғамдық сана-сезімінің басым болғандығына қарамастан, ұлттың біртұтас ұлттық топ екенін білдіретін қазақ халқының бірегейленуін – ұлт болып қалыптасудың әлеуметтік және саяси негізін қалады. Ұлт болып қалыптасудың да, ұлттық зиялы қауымның топтасуының да бас кезеңінде діни фактордың басымдылығы күшті болды. Бұл әлеуметтік құбылысқа ерекше назар аудара отырып, Э. Хобсбаумның анықтауынша, дін қандай да болмасын бір әлеуметтік ортада топтастырушы мәнге ие болады.

Реформаторлар ислам дінінің пайдасына ғылым, білімді игерудегі жаңалықтарын таратуға күш салатын «жәдитизм» деп аталатын жаңа бағытта оқытудың үлгілерін ұсынған болатын. Бұл қозғалыстың Ресей империясындағы орталықтары Орынбордағы «Хұсаиния», Уфадағы «Ғалия», Қазандағы «Мұхаммедия» медреселерінде болды және оларда жаңа қазақ зиялылары да білім алды. Олардың арасындағы ең көрнектісі ретінде мұсылманша хат танып, сауатын ашқан ойшыл-философ Ғұмар Қарашты атауға болады.

Жәдитшілдік қазақ қоғамына үлкен сілкініс әкелген жаңалық

болды. Егер бұрын қазақ халқы бес уақыт намазды білумен ғана, діннің догматтарын сақтаумен ғана шектелсе, енді Қасиетті Құранды қолына алып оқып, оның зайырлы білім мен ғылымға да жөн сілтейтінін білді. Бұл діни – ағартушылық ағым дәл осы кезде қазақ қоғамы үшін қажет қоғамдық сұраныс болатын. Алаш зиялыларының да көпшілігі бастапқы сауатын осы жәдиттік бағдардағы исламдық діни медреселерден ашқан еді.

XIX ғасырдың екінші жартысына дейін патша үкіметінің қазақ даласына ислам дініне байланысты медреселер салдырып, қазына есебінен Құранды бастырып, қазақтарға тегін таратуының мақсаты: халықтың ақыл-ой, санасын дінмен шырмап ұстау арқылы, билеп-төстеуді көздеген саясат арқылы жүргізіп, қазақ елін басқарудың төте жолы деп қарастырғанын аңғару қиын емес, бірақ халықаралық өмірдегі өзгерістер, мұсылман халықтарының еуропалық басқыншыларға қарсы күресінің өрлеуі бой көтеріп жатқан тұста, Ресей империясының қоластындағы мұсылмандар ортасында барлық мұсылмандардың бірлестігі туралы идеяның көтеріле бастауы да патша үкіметін алаңдатпай қоймады. Осы кезде патша үкіметінің қыспағын сезінген қазақ зиялылары өз халқын саяси жағынан қайта түлету керектігін түсінді.

1905 жылғы бірінші орыс революциясы тек қазақтарды ғана емес, өзгедей мұсылман текті халықтардың саяси күштерін біріктіруге итермеледі. Мұның бір көрінісі Ресей мұсылмандарының алғашқы Бүкілресейлік съезін өткізуі еді. Ұлт-азаттық қозғалыстың діни мұсылмандық ағымының кең етек жаюы жәдиттік қозғалысқа ұласты.

Бұл қозғалыстың саяси философиялық мәні қоғамдық өмірдің барлық саласына қатысты болды: діни мұсылмандық теологияның өзін модернизациялық нышандарға сәйкестендіру, әйелдің қоғамдық құқығын кеңейту, білім саласындағы реформалар, біртұтас әдеби тілді негіздеу және т.б. Былайша айтқанда, патшалық империяның мұсылмандық түркі халықтарының пантүркистік сипатта, бірыңғай ортақ мәдени бірлігі негізінде жаңа бірегейлік сана-сезімді қалыптастыру еді. Тағы бір айта кететін мәселе, мұсылмандық интеллектуалдардың саяси қызметіне баға беруде,

мынаны байқауға болады: территориялық автономияны идеялық тұрғыдан негіздеуде «рухани өзгешелікті» қорғап қалу үшін «территориялық шекаралармен» сәйкестендіру талабы.

Метрополия тарапынан сыртқы мәдени экспансияның күшті ықпалына тап болған қазақ халқы, зиялы қауымның басшылығымен өзінің ұлттық және дәстүрлі мәдениетін сақтап қалуды мақсат тұтса, екінші жағынан, ұлттық элитаның реформаторлық тобы – еуропалық орыс мәдениетін игеруге деген ұмтылыстарымен ерекшеленді. «Бұның өзі өлкеде саяси белсенділіктің одан ары күшеюіне мүмкіндік беріп, қазақ халқының саяси құқық жөніндегі еуропалықтардың көзқарастарын анықтап, одан тағылым алуға септігін тигізді. Қазақтардың өздерінің көшпенділік өмір салтын романтикалық тұрғыдан қабылдауы, кейіннен қазақ халқының ұлтшылдығының қалыптасуының басты компонентіне айналды.

Бұл дәстүрді сақтау арқылы қазақ халқы өзін біртұтас халық ретінде сақтап қалуға тырысты және осыған сай белгілі бір саяси автономия мен мәдени жағынан өз ерекшеліктерін айқындауға құқылы болды да. Қазақ ұлтшылдығының негізгі мақсаты да осы еді». Қалай болғанда да, осы кезеңде ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың басы-қасында ұлттық элита тұрды, бұлардың алғашқы тобы өз ұлтының еуропалықтармен салыстырғанда мешеу артта қалғандығына қатты қынжылды.

XX ғасырдың басындағы қазақтың ұлттық элитасының қоғамдық-саяси қызметінің екі жағын бөліп қарастыруға болады. Бір жағынан, олар отарлық әкімшіліктің құзырында жеке бастарының кәсіптік-іскерлік жетістіктерге жетуі үшін аймақта тікелей патшалық саясаттың жүруіне мүдделі болса, екінші жағынан, бұлар дегенмен де ресейлік орыс интеллектуалдық ортамен салыстырғанда, өздерінің қоғамдық беделдерінің үнемі екінші орында тұратынына қанағаттанбады.

Сондықтан да осы фактор ұлтаралық қатынастар саласында наразылықтың себептерінің бірі болды. Бірақ дегенмен де интеллектуалдық тұрғыдан, ұлттық элита лидерлік орынға ие болғаны сөзсіз, олар тек қана Далалық аймақта ғана емес, сонымен қатар, заңды мемлекеттік аппарат Мемлекеттік Дума

арқылы, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы және партия құру арқылы халықтың бүгінгі мен болашағы туралы көзқарастарын кең таратты. Ұлттық элитаның осы Дума арқылы халық мүддесі атынан қатысуы, қазақ ұлтының тұтастығын нығайта отырып, саяси деңгейлерін шындай түсті.

Осыған орай қазақ элитасының саяси-идеялық күресте екі түрлі топқа бөлінуі заңды еді. Мұны Ә. Бөкейханов өзінің «Қырғыздар» деген мақаласында атап өтеді: «Жақын болашақта, шамасы, далада, қазақ ортасында пайда бола бастаған екі саяси ағымға сәйкес, екі саяси партия ұйымдасып қалар. Олардың бірі – діни-ұлттық деп аталуы мүмкін және оның мұраты қазақтарды басқа мұсылмандармен діни тұрғыдан біріктіру болып табылады. Екіншісі, батыстық бағыт, олар қазақ даласының болашағын кең мағынадағы батыстық мәдениетті жүзеге асырумен байланыстырады».

Енді ұлт пен ұлттық санаға, ұлттық идея мен идеологияға, ұлтшылдық пен ұлттық зиялы қауымға қатысты осы айтылған теориялық түйіндерден шыға отырып, Алаш қайраткерлерінің қызметіне тоқталайық.

Осы орайда қазақтың ұлы ақыны, Алаш қайраткері Мағжан Жұмабаевтың мына бір өлең жолдары оралады:

*«Тірішіліктің коркі ерік,
Адамдыққа ол серік.
Бір түскен соң қақпанға,
Қалар бұрынғы еркелік.
Ойламай барып, ұрынып,
Өкінген аз ба ертелік».*

Қазақ халқының тәуелсіздігінен айырылуының басты себептері сыртқы жағдайларға байланысты болғанмен, оның рухани астарларының, соның ішінде надандықтың да, содан туындайтын адамгершілік азғындықтың да ықпалының болғандығы туралы А.Байтұрсынов та, М.Жұмабаев та жазған. Надандықтың салдары бодан ел болуға әкелгендігін Мағжан Жұмабаев:

*«Бірлік жоқ алты ауызды халықпыз ғой
Қатардан сол себепті қалыппыз ғой».*

Ғылым мен мағрифатты керек қылмай

Надандық шәрбәтіне қанытпыз ғой», – деп ашына жырлаған.

Бұдан біздің анық байқайтынымыз, мұқым Алашқа ұран болған Алаш идеясы – ақыл тоқтатқан аға буынның бастауымен ерте есейген жас ұрпақтың жалғастыруымен тағылымы бүгінге сабақ боларлық салмақты жас та жасампаз идея. Сондықтан да Елбасы атап көрсеткендей, «Біз Қазақстанның тәуелсіздігі мен тұтастығы үшін күрескен азаматтарды ерекше қадірлей білуіміз керек. Осы ретте Алаш арыстарының аманатына адалдық танытып, мемлекетімізді нығайтып, тәуелсіздігімізді көзіміздің қарашығындай сақтауға тиіспіз» («Тарих толқынында», 89-бет).

Алаш қозғалысы мен Алаш партиясы, Алаш идеясы мен идеологиясы бірден аяқастынан пайда болған жоқ, ол қазақ арасындағы партия құрылысының алғашқы жинақталған тәжірибесінің барысында орын алды. 1905 жылы құрылған «Қазақ конституциялық-демократиялық партиясы» мен 1906 жылы құрылған «Халық еркіндігі» (кадеттер) партиясын қоспағанда, «Алаш» партиясы – қазақтың тұңғыш ұлттық-демократиялық партиясы. Нақтырақ айтқанда, Қазақстандағы қазіргі саяси жүйе мен партиялық институттың бастауы. Дейтұрғанмен де, бүгінгі саяси партиялармен салыстырғанда, ұлт мүддесі тұрғысында «Алаш» партиясы ұзақ жылдарға созылған ұлт-азаттық қозғалыс жолдарынан өтіп, саяси күресте пісіп-жетілгендігімен ерекшеленеді.

«Қазақ» газеті 1917 жылы №234 санында: «Осы күнде түрлі саяси партиялар бар. Олардың көздеген мақсаттары саяси программасында жазылған. Оны білетін адамдарға мағлұм: қай партияның да болса программасы түп-түгел қазақ мақсаттарына үйлеспейді. Сондықтан біздің қазақ мақсаттарын түгел көздейтін өз алдына саяси партия жасалмайынша болмайды», – деп жазған болатын.

XX ғасыр басындағы әлеуметтік-саяси өмірдің жандануымен ұлттық элитаның ұлт мәселесін шешуге бағытталған қоғамдық қызметтері, сол кездегі басты бұқаралық ақпарат құралдарының

бірі – баспа ісі мен баспасөздің кең таралуына алғышарттар қалыптастырды. Нақ осы «қоғамдық ортада», яғни білімді, көзі ашық интеллектуал қауымның ортасында ұлттың мәні мен мазмұны, соған сәйкес әлеуметтік саяси санасы, бейнесі талқыланып, сомдалып, ұлттық мүдделері саяси деңгейде тұжырымдалып қалыптасты. Осы әлеуметтік саяси ортадан ұлт болып қалыптасудың негіздемелері идеялық деңгейде баспасөзі арқылы халыққа жеткізілді. Осы арнада қазақ халқының ұлттық рухы мен сана-сезімін оятуға бағытталған М.Дулатовтың «Оян, қазақ» атты еңбегі мен А.Байтұрсыновтың «Маса» атты шығармаларының маңызы зор болды.

«Қазақ» газеті жиырмасыншы ғасыр басындағы ұлтжанды азаматтарды біріктіріп қана қоймай, Алаш идеясын уағыздаушы бірден-бір ақпарат құралына айналды. Шын мәнінде өзіне дейінгі қазақ басылымдарындай емес, «Қазақ» газеті бұқара халықтың мұңын мұңдады, жоғын жоқтады. Және басылым Алаш қайраткерлерінің ұлт мүддесін ашық талқылайтын пікірталас мінбері қызметін атқарды. Алаш қайраткерлері өздерінің елдік пен бірлік жолында жүргізіп жатқан жұмыстарын қазақ жұртының қабылдап, халықтың ұлттық намысын ояту мен саяси санасын көтерудегі баспасөздің пәрменін жоғары бағалады. Бұл ретте Алаш орда көсемдері Ә.Бөкейхан мен А.Байтұрсынұлы қараңғы қазақ даласына Алаш үнін жеткізетін басылымды шығару ісін ұйымдастырып, 1913 жылы 2 ақпанда Орынбор қаласында «Қазақ» атты қоғамдық-саяси және әдеби-мәдени газетті дүниеге әкелді.

Одан ары бұл зерттеуші аталмыш газеттің маңызына тоқталады: «...Бұған дейін шығып тұрған бірде-бір мерзімді қазақ басылымы не мазмұны, не ықпал беделі, не сапасы жағынан, ең бастысы – тарихи маңызы тұрғысынан «Қазақ» газетімен теңесе алмады. Қазақ қоғамына Ресей империясының «өзге ұлт-ұлыстарына» сөз, баспасөз, сайлау және діни еркіндік берген 1905 жылғы «17 қазан Манифесімен» парапар әсер еткен «Қазақ» газеті бірінші санымен-ақ бүкіл бұқара халықтың шынайы сүйіспеншілігіне бөленді.

Газеттің әрбір саны қолдан қолға, ауылдан ауылға көшіп жүріп, жыртылып тозғанша оқылатын болды. «Қазақ» газетін сол тұста Дала және Түркістан уәлаяттарына бөлінген Қазақстанның түпкір-түпкірінде және Варшава мен С.Петербургдың, Мәскеу мен Қазанның және басқа қалалардың жоғары оқу орындарында оқып жүрген талапты қазақ жастары жаздырып алып оқитын... Жарыққа шыққан алғашқы күннен бастап «Қазақ» 5 жылдан көп уақыт бойы сахара халқының қоғамдық ой-пікіріне, сана-сезіміне «үстемдік етті» десек, асыра айтқандық емес-ті» (Ә.Бөкейхан шығармаларының толық жинағы, 1 том, 33-34-бб.).

Алаш қайраткерлері тәуелсіздік идеясының маңызын «Қазақ» газеті арқылы халық жадына жеткізіп, сол кездегі ең басты мәселені насихаттауды бірінші кезекке қойды. «Алаштың талапты азаматтарына» деген «Қазақ» газетінің кезекті санындағы «Қыр баласының» мақаласында тәуелсіздіктің өзектілігі жайында былай деп жазылды: «Бостандық, теңдік, туысқандық – XVIII ғасырдан бері жарыққа шыққан таза пікір. Мұны майданға салған Франция жұртының саяси ерлері. Осы үш түрдің бәрі біздің шарифаттан, інжілден, будда оқуынан, Лев Николаевич Толстой философиясынан табылады... Бұл үш ұраннан бөлек адам баласының бақыт, махаббатына жол жоқ...».

1915 жылға дейін аптасына бір рет шығып келген басылым одан кейін екі реттен шыға бастады. Газетті «Азамат» серіктестігі шығарып тұрды. Газетке қаржылай көмектескендердің ішінде Мұстафа Оразайұлының орны ерекше. 265 нөмірі жарық көрген басылым қазақ ұлтының символикалық белгісі ретінде киіз үйді рәміздік-бейне етіп алды. Оның түндігі батыстан ашылып, есігіне «Қазақ» деп жазылды. Бұл Еуропа ілім-білімімен қарулана отырып, басылым Алаш идеясының уағыздаушысына айналсын деген тілектен туғанын газет: «Қазақ ішіне Еуропа ғылым-өнері таралсын, «Қазақ» газеті қазақ жұртына әрі мәдениет есігі, әрі сырт жұрт жағынан күзетшісі болсын», – деп жазды.

Отарлық езгіден құтылды деп ойлаған халық үшін ендігі кезекте тәуелсіз ғұмыр кешудің бірден-бір жолы дербес мемлекет, яғни автономия құру керектігі зиялыларды ерекше толғандырды.

Осы мәселе «Қазақ» газетінің бетінде жиі айтылып, ұлт ардақтылары өз пікірлерін дәйектеуге талпынды. «...Автономия болғанда қазаққа қай түрлі автономия қолайлы. Әуелі, мемлекеттік автономия болуға ма яки уәлаяттық автономия болғанда жерге қарай болу ма, елге қарай болу ма... Біздің қазақ автономия бола аламыз десе, осылардың бәрін қарап, аржақ-бержағын тесе қарап, тексеріп барып боламыз деу керек», – деп тәуелсіздіктің тізгінін өзгелердің алып қоймау жағына терең мән берді.

Аталған газетте А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлы, М.Шоқай, М.Тынышбайұлы, Ш.Құдайбердіұлы, Ғ.Қараш, Р.Мәрсеков, Ж.Тілеулин, Ғ.Мұсағалиев, М.Жұмабаев, Х.Болғанбаев, Х.Ғаббасов, Ж.Ақпаев, Ж.Сейдалин, С.Торайғыров, А.Мәметов, С.Дөнентайұлы және Х.Досмұхамедұлы сынды т.б. авторлардың мақалалары жарияланып тұрды. Бір ғана Ә.Бөкейхановтың ұлт-азаттық күресін жүргізудегі әдіс-тәсілдері мен қазақ ұлтының әлеуметтік күйін күйттеген 250-ден аса мақалалары жарық көрді. Алаш орда үкіметінің ұстанған саясаты партия бағдарламасының жобасынан, оның лидерінің «Қазақ» газеті бетінде жарияланған мақалаларынан белгілі болатын. Басылымға басшылық еткен А.Байтұрсынұлы алғашқы редакторы, ал оның өкілетті өкілі М.Дулатұлы болды. Газет шығуын тоқтатқан 1918 жылы басылымға Жанұзақ Жәнібекұлы басшылық етті.

Тәуелсіздікке қол жеткізудің маңызын зиялылар «Қайтсек жұрт боламыз» деген атаумен жарияланған мақалада: «Біз қазір екі жолдың тарауында тұрмыз. Қайсысына түсетін болсақ та, ерік өзімізде. Бір жол – құлдық жолы. Әскер деген сөзден бұрынғыдай ат-тонымызды ала қашатын болсақ, осындай жігімізді ашып, жер-суымызды қорғап, билігімізді өзіміз алып қалмасақ, күні ертең бізді алдына салып айдап жүруге ие табылады. Сонда біреуге әскер бермей кете аламыз ба, шығын төлеуден құтыламыз ба. Ошақтың үш бұтынан тілеп отырған күніміз де болған, сонда бізді алдына салып айдап кетпеп пе еді. Сонда қолымыздан ештеңе келмей, құлдық ұрғанымыз болған. Құлдық жолы дегеніміз осы.

Екінші жол – жұрттық жолы. Осы бастан автономия алудың

қамына кіріссек, милициямызды жасап алып, қарамызды көрсетсек, Алаш орданы үкіметіміз деп тіресіп қорғасак, бізді ешкім басынбайды. Үкіметі, әскері бар жұрт деп бізбен әркім есептеседі». Көріп отырғанымыздай, тәуелсіз ел болу үшін оның атрибуттары қажет екендігін де зиялылар ескеріп қойған.

Өзінің маңайына ұлтжанды қазақ зиялыларын топтастырып, олардың елдік пен бірлік мәселесімен қатар, саясат, экономика, әлеуметтік жағдай және мәдениет жайы туралы мақалаларын басып отырды. Жарияланған мақалалардың денінде қазақ халқының әлеуметтік жағдайын қарастырумен қатар, патшалық отарлауға қарсы жаңа өрлеу ала бастаған ұлттық қозғалысқа саналылық, ұйымдасқан сипат беру жолдары қарастырылды.

Газетті ұйымдастырушылардың бірі Ә.Бөкейхан осы ұлттық мүддені газеттің 3-санындағы «Қазақтың тарихы» атты мақаласының жалғасында «Түрік баласы» бүркеншік атымен былай деп жазды: «...тарих жазушылардың һеш бірі қазақ пен қырғызды айырмайды. Қазақ – қазақ, қырғыз өз алдына қырғыз бұлардың арасында аслан ілгі жоқ. Түркмен менен башқұрт қандай басқа-басқа ел болса, қазақ пен қырғыз да сондай басқа-басқа ел. Орыстардың әсіресе үкіметтің, қазақты қазақ демей, қырғыз деп жүргені рас, бірақ олар өзінің атты «казачий» әскерлерінен айыру үшін – жаңылыс болса-дағы қазақты қырғыз атап жүр. Өзіміздің түрік қауымдарының, әсіресе басшыларының, қазақ пен қырғызды айырмағаны қата, кешпестік айып. Орыстың атты әскері қазақпын десе, біздің қазақ өзінің атынан айрылып, қырғыз атанып жүрмекші емес. Қияметке шейін қазақ қазақ болып жасамақ» (Ә.Бөкейхан шығармаларының толық жинағы, I том, 34-б.).

Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан бұдан бұлай қазақ өз алдына ел болуы үшін және өзін мойындатуы үшін бәсекеге қабілетті халық ретінде саяси күреске шығуы қажеттігін ашық айтады. Ол үшін бұрынғы жаман әдеттерден арылып, рулық деңгейден ұлттық деңгейге көтеріліп, тұтас халық ретінде бірлік қажеттігін алға тартты. Бұл тұрғыдағы ойын былайша сабақтады: «Осы ғасырдағы әлем жарығына қазақ көзін ашып, бетін түзесе, өзінің

қазақшылығын жоғалтпағандай және өзіміздің шарқ әдетіне ыңғайлы кылып «Қазақ мәдениеті» құрып, бір жағынан «Қазақ әдебиеті» тұрғызып, қазақшылығын сақтамақшы» (Ә.Бөкейхан шығармаларының толық жинағы, 1 том, 36-б.).

Сол тұста қазақ зиялылары осылайша ұлт мәселесіндегі толғақты мәселелер турасында ой бөлісті. Бастысы, ұлттық идеяны дамытудың жолдары талқыланды. Ұлттық идеяның тегершігі – ұлттың тілі мен әдебиетін, өнері мен руханиятын дамыту қажеттігі «Қазақ» газетінің бетінде осылайша көрініс тапты.

Бұл турасындағы ойларымызды алашшыл жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың сол кездегі төмендегі мына жазбалары қуаттайды: «Ұлтымыз бар екенін, еліміз-жұртымыз бар екенін, жұртымыз қатарға кірмей, теңдік жоқ екенін, Николайдың қасқырлары қазақты ішіп-жеп құртып бара жатқанын сезгелі, «ұлтқа құрмет қылайық» дегелі бес-алты-ақ жыл болды. Әрине, бұл оянуға 1905-інші жылғы толқын, тағы әртүрлі түрткілер қамшы болған шығар; көбінесе ес кіргізіп оятуға, ұлтты танытуға себеп болған – «Қазақ» газетасы. Онан бұрын ұлт дегенді кім білген: көбіміз кеше өзгеріс болған күні ұлтымызды тауып алдық. Сондықтан оқығандардың кейбіреулері жан-тәнімен адал қызметін ұлтына көрсете алмай, пайдасын не дәрежесін сағалап кетуі ғажап емес, себебі «ұлтшылдық», «адалдық», «қызмет» деген нәрселер сүйегіне сіңіп өскен дәреже емес. Сырттан жапсырылған жамау» (Жүсіпбек Аймауытов, «Ұлтты сүйю», 92, 93-б.).

Зиялылар тәуелсіздікті халықтың, ұлттың игілігіне жарату тұстарын да ескерген. Осы орайда: «Бұл бостаншылықтан көп жұрттың ержетіп, ес біліп, ақыл тоқтатқан адам болып шықпақшы. Бостаншылықтың пұлын білмей, орнына ұстай алмаған жұрт, ержетіп, есі енбеген бала болып шықпақшы, «Жібекті ұстай алмаған жүн етеді» дегендей, ұстай білмесе жақсы нәрсе жаманға айналуы оп-оңай», – деп жазды. «Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, елін ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын», – деп М.Әуезов тегін жазбаған.

«Қазақ» газеті ұлт-азаттық қозғалысының бостандық үшін күрес идеясына ұласуына зор әсер етті. Алашорда құрылған тұста тәуелсіз мемлекеттің идеологиясына негіз болған осы идеялар еді. Ахмет пен Міржақып идеясы елді оятты. Алдымен ойы бір, ақылы бір жас таланттар оянды. Олар ұстаздарының ісін жалғастырып алып кетті. С.Торайғыров, М.Жұмабаев, С.Дөнентаев, М.Сералин, С.Көбеев, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, Б.Майлин, М.Әуезов сияқты бірін-бірі толықтыра шыққан жастар тобы әдебиеттің жанрлық, тақырыптық ізденістерін байытып, қазақ халқы өмірінің шындығын кең көлемде бейнелеуге жетті. Елдің артта қалушылығын сынап шеней отыра, отаршылдық езгіге қарсы үн көтерді, тәуелсіздіктің туын биік ұстауға тырысты. Бұл салада Сұлтанмахмұттың таланты айрықша танылды. Ол Алашорда көтерген идеяның жауынгер жақтаушысы болды. Ұлт көсемдерінің соңынан еріп, қазақ халқына атар таң, келер жарық, сәуле, нұрды солардың есімімен байланыстырды.

«Таныстыру» атты (1918) поэмасында «Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов... бірі – Күн, бірі – Шолпан, бірі – Айым» деуінің де сыры осында. «Әлиханнның Семейге келуі» («Сарыарқа», 1917, 30 қазан, 13 қараша) атты мақаласында Сұлтанмахмұт елдің «еңбегі сіңген ерін» күтіп алғанын суреттей келіп: «Ол ері – елі үшін құрбандыққа жанын берген, бит, бүрге, қандалаға қанын берген, көрдей сасық ауа, темірлі үйде Алаш үшін зарығып бейнет көрген, басқан аяқ кер кеткен заманда жасымай Алашына қызмет еткен, болса да қалың тұман, қараңғы түн, туатын бақ жұлдызына көзі жеткен, түймеге жарқылдаған алданбаған, басқадай бір басы үшін жалданбаған, қайткенде Алаш көркейер деген ойдан басқа ойды өмірінде малданбаған Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов еді», – деп жазды. Осы сөздердің өзі-ақ Сұлтанмахмұттың Әлихан бастаған іске тілектестігін танытады. Ол Алашорда құрылған күндері «Алаш ұранын» жазып, патшаның құлауына, елдің автономия алуына қуана үн қосты. Сұлтанмахмұт шығармашылығы ақынның заман туралы үлкен толғанысынан туады [Ә.Бөкейхан шығармаларының толық жинағы, 1 том].

Енді 1917 жылғы ақпан революциясының қазақ зиялыларына

қаншалықты әсер еткеніне тоқталық. Қазақ зиялылары үшін тәуелсіздік идеясы 1917 жылы аса өзекті болды, өйткені Ақпан революциясы халыққа бостандық пен теңдік берді деп ұғынды. Патша тақтан құлап, самодержавие жойылғаннан кейін дербес мемлекет болуға мүмкіндік туды деп есептеді.

«Азаттық таңы атты. Тілекке Құдай жеткізді. Күні кеше ғана құл едік, енді бүгін теңелдік. Қам көңілде қаяудай арман қалған жоқ. Неше ғасырдан бері жұрттың бәрін қорлықта, құлдықта ұстаған жауыз үкімет, өзгеге қазған оры өзіне шағын көр болып, қайтпас қара сапарға кетті. Жүз жылдан бері халықты теңдікке жеткізу жолында ескі үкіметпен алысып, дарға асылып, оққа ұшып, басы айдауда, малы талауға түсіп жүрген сабаздар жасымай, бірі кемісе, оны артып, ақырында Россия қол астындағы халықтардың бәріне дін, ұлт, тіл айырмасына қарамай азаттық әперді. Енді бүгін теңеліп, түсімізде көрмеген жақсылықты өңімізде көріп, төбеміз көкке жетіп жатыр», – деп ақпан төңкерісінің жеңісіне шаттанды.

Алаш көсемдері бұл төңкерістен кейінгі кезді қазақ ұлтының болашағы үшін ұлы мүмкіндік деп есептеп, алдағы өмірден үлкен үміт етті. Әрі оны баянды ету жолында аянбай еңбектенді. 1905 жылы негізі қаланған Алаш қозғалысы ақпан революциясынан кейін күрт күш ала бастады.

Алаш орда үкіметі мүшелерінің негізгі іс-әрекет бағыттарынан Ресей патшасының отаршылдық езгісіне қарсы күрес жолындағы қазақ бұқарасының заңдық тұрғыдан құқын қорғау мәселесі анық аңғарылды. Туған халқының саяси санасын сақайтып, құқықтық сауатын ашпай қатардан қалып қоятындықтарын жақсы түсінді. Бұған қоса қазақ халқының ұлттық санасын оятуда, білімі мен білігін жетілдіруде, мәдениеті мен руханиятын дамытуда олардың әрбірі жеке тұлға ретінде үлкен үлестерін қосты. Осы бағытта олар қазақ халқының бай тарихы мен озық мәдениетін толыққанды зерттей отырып, оны кең насихаттау жұмыстарын қажетті істердің бірі ғана емес, бірегейі ретінде басымдық берді. Сондай-ақ өзге тілдердегі үздік ғылыми және публицистикалық дүниелерді қазақ тіліне аударып, рухани кеңістіктің аясы тар шеңберде қалып қоймауына жете көңіл бөлді. Және Алаш қайраткерлерінің

қай-қайсысын алып қарасақ та тек бір мамандықты игеріп қана қоймай, халыққа қажетті бірнеше салада жемісті еңбек етіп, сан қырлы талант иелері екендіктерін көрсетті. Бұл реттегі біздің ойларымызды тарих ғылымдарының докторы, профессор Мәмбет Қойгелдиев өзінің төмендегі сараптамасымен толықтыра түсіп, Алаш идеясының түпкі маңызын тарқатады.

«Алаш тәжірибесі нені көрсетті? Біріншіден, Алаш идеясы бұл – белгілі бір топтың еркімен өмірге келген жасанды, сондықтан да өткінші құбылыс емес. Ол ұлтпен бірге өмір сүретін, ұлт өмірінен тамыр алған құндылықтар жиынтығы, ұлттың өмір сүру концепциясы. Алаш идеясын өмірден біржола ығыстыруға көп күш жұмсаған большевиктер құрған билік өмірден кете салысымен Алаш идеясының қайта жаңғыруы, қайта күш алуы оның өміршеңдік сипатын айғақтайды.

Алаш идеясының өзегі – ұлттық мемлекеттік. Құрметті Әлекең, Әлихан Бөкейханов айтқандай, мемлекеттігі жоқ халық – жетім халық. Кез келген болашағынан үміті бар ұлт үшін мемлекеттік – негізгі құндылық. Міне, осы тұрғыдан алғанда Қазақстан Республикасы – Алаш идеясының өмірлік шындыққа айналуының көрінісі ретінде бағалануы әбден орынды. Ал оның ішкі әлеуметтік мазмұны, демократиялық принциптерге сүйенген қоғамды халықтың мәдени деңгейіне және саяси белсенділігіне тәуелді екендігін ұмытпағанымыз жөн».

«Осылайша, ұлттық идеяны кеменгерлікпен түзу Алаш қозғалысын аспандатты, дұрыс ұлттық идеяға табан тіреген Алаш қозғалысы қазақ қоғамы тарихының жаңа белесін ашты. Ұлттық мақсат-мұратқа, яғни ұлттық идеяға адалдық, жанкештілік, интеллектуалдық биік өремен ағымдағы, кезек күттірмейтін қазіргі және болашақтағы міндеттерді айқындай білу – бүгінге жеткен Алаш аманатының ең құндылары».

Осы орайда атап өтерлік бір нәрсе, Алаш элитасының алдына қойған негізгі мәселелер мыналар болатын: жер мәселесі, оқу-ағарту ісі және басқару жүйесі. Осы үш мәселе төңірегінде Алаш азаматтары күш біріктіре отырып, саяси күрес жолына қадам басты. Солардың ішіндегі маңыздысын, ұлттық аймақтардың қоғамдық-

саяси өмірінде саналы түрде модернизациялық үрдістерге қадам басуының бір көрінісі ретінде – білім беру жүйесінің дамуын, ұлттық тілдердің қоғамдық деңгейдегі жазба тіліне айналу нәтижесінде баспа ісі мен баспасөздің кең таралуынан байқауға болады.

Бұл құбылысты ұлтшылдық концепциясын тұжырымдаушы Бенедикт Андерсен өзінің «Қиялдағы қауымдастықтар» атты еңбегінде ерекше атап өткен еді: «ортақ тіл «өз-өзімен» пайда болмайды, ол жасанды жолмен қалыптасады, әсіресе ол баспа әдебиеттің тіліне айналғаннан кейін жоғары тұрақтылыққа ие болып, «өзгермейтіндей мәңгі» болып көріне бастайды. Осының салдарынан кітап басу ісінің өркендеуі ғана емес, осындай әрбір кітап басу дәуірінде, әрбір әдеби тілдің тарихында көрініс табатын тіл тазалығы мен қалыбы үшін күресетін атақты белсенділердің әрекеті де маңызды рөлге ие болады».

«Түркістан туралы, «түркістаншылдық» жөнінде ХХ ғасырдың 20-жылдарында ұлт-азаттық қозғалыс өрісіне М.Шоқайдың «Кеңестер билігіндегі Түркістан» деген еңбегі жарияланды және бұл еңбек Еуропаның көптеген тілдеріне аударылды. М.Шоқай үш Түркістанды (кеңестік, қытайлық және ауғандық) атап өтеді және олардың бірігу мүмкіндіктерін қарастырады. Бұл жердегі басты идея – «Үлкен Түркістан», яғни бұл аймақты мекендейтін этностардың бір халықты құрастыруы. Кеңес Одағы кезінде батыстық сарапшылар «Үлкен Түркістан» идеясын қолдағанымен, ХХ ғасырдың 90-жылдарынан бастап «түркістаншылдық» идеясына үлкен күдікпен қарай бастады. Бұл түсінікті де. Өйткені батыс үшін қуатты, біріккен Түркістаннан гөрі оған тәуелді мемлекеттердің болғаны оңтайлы. Қазіргі уақытта мәдени аймақтар стратегиялық мүдделер тұрғысынан қарастырылады».

Жалпы кезінде биік мінбелерде сөйленген немесе мерзімді басылым беттерінде жарық көрген негізсіз сындарды авторлары өз еріктерімен айтты ма, әлде әлдебіреулердің нұсқауы немесе қысымы арқылы жүзеге асырды ма дегенге сол құжаттардың өздері жауап беріп тұрғандай. Бұл жағын, яғни мәселенің ақ-қарасын таразылауды зерделі оқырманның өзіне қалдырдық. Ал

коммунистердің қызыл қырғын мен азапты сүргінді қалайша қаныпезерлікпен жүргізуге деген шамадан тыс белсенділіктеріне аталған құжаттар айғақ болары белгілі.

Сонымен, тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл адамзатқа ауыр қасірет алып келген жиырмасыншы ғасырдың басында ұлттық идея өзінің рухани және әлеуметтік эволюциясының барысында «Алаш» идеясы түрінде көрінді. «Алаш» идеясы қазақ түсінігінде туыс түркі халықтарын біріктіретін «алты алаш» ұғымын білдіргендіктен, ХХ ғасырдың басында артта қалған отар халықтардың ұлттық өзіндік санасының оянуына орай, «түркістаншылдық» идеясымен шектесіп жатты. Бұл, әсіресе Мағжан Жұмабайдың поэтикалық шығармашылығы мен Мұстафа Шоқайдың тарихи саяси қызметінен аңғарылады.

Саяси тәуелсіздіктің туын көтерген қазақ зиялылары «Оян, қазақ!» идеясымен халыққа ой тастады. Соның нәтижесінде үлкен идеялық әрі реалды Алаш қозғалысы басталды және Алаштың әлеуметтік, саяси және тұлғалық белсенділігі мен еркіндігі ұлттық идея ретінде ұсынылды. Бұл тәуелсіздік ұранының алдыңғы кезеңі ағартушылық идеяларымен астасып жатқан болатын. Және Алаш қайраткерлерінің бұл үндеуі Абай мен Шәкәрімнің «адам бол!» ұстынымен және «ұждан» тұжырымымен сипатталатын рухани-адамгершілік бағдармен де бекітілді.

Қорытынды тұжырымға келер болсақ, қазақ тарихының ең ауқымды бөлігін қамтитын дәстүрлі кезеңінде адам мен азаматтың, әлеумет пен қоғамның еркіндігі мен дербестігін, мемлекеттік тәуелсіздігі мен этностық даралығын қорғаумен сипатталатын Алаш идеясының Ұлы Дала ойшылдарының, қазақ ақын-жырауларының, би-шешендерінің және ұлттың зиялы қауымының шығармашылығында айқын көрініс берді. Бұл туындыларда қорытылған дәстүрлі қоғамның халықтық идеясы мен рухани құндылықтар жүйесі өзінің тарихи маңыздылығын жоғалтқан жоқ, керісінше бүгінгі өзімшілдік психология мен философияның өршіген тұсында оған балама бола алады.

Екінші тарау

«АЛАШ ОРДА» ҮКІМЕТІНІҢ МҮШЕЛЕРІ

*Балам деген ел болмаса,
Елім деген ер қайдан болсын!
Ахмет Байтұрсынов*

ЕЛ ЕСІНДЕ ЖҮРЕР ЕСІМДЕР

Алаш қозғалысының қайраткерлері турасында сөз қозғағанда біздің белгілі тұлғаларды ғана білетініміз анық. Ал осы Алаш қосемдеріне көмекші болып, қозғалыс жұмысының бұқаралық сипат алуы жолында аянбай еңбек еткен ерлердің есімі де еленуден бұрын, олар жайындағы деректер рухани айналымға қосылуы кезек күттірмейтін мәселе. Себебі, бүгінгі ел тәуелсіздігін алуға бастау болған «Алаш» партиясы басшыларының ғана емес, қатардағы мүшелерінің де елдік пен ерлік соқпағындағы сан тарау салиқалы істері бүгінгі ұрпаққа өнеге әрі олардың алдындағы борышымызды өтеу міндет. Осы тұрғыда мүмкіндігінше Алаш арыстарымен қатар, «Алаш орда» үкіметінің белгісіз министрлері мен қатардағы қарапайым мүшелері және оларға қорған әрі қолқанат болған алашшыл жастардың өмірдерегін оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік.

Әрине, көзіқарақты қауым Алаш арыстарының қызметін, шығармашылығын және сіңірген еңбегін жақсы білуге тиіс. Және де Алаш орда министрлері мен мүшелерін әрі ағаларына

көмекшілік еткен алашшыл жастар есімдерін халыққа қайтарсақ нұр үстіне нұр болар еді. Бұл Алаш партиясының ірі құбылысқа айналған үлкен қозғалыс деңгейіне көтерілгендігі турасындағы тарихи мәліметтерді толықтыра түсіп, олардың бүгінгі ұрпағына қажетті баға жетпес құндылыққа айналмақ.

Осы ретте алаштануда атқарылар шаруалар шаш етекпен екенін айтуымыз керек. Ал оның ең бірінші сатысы, ұмыт бола бастаған Алаш зиялылары мен әділетсіз жала жабылып, қара жамылған Ұлт батырларын ұлықтаудан басталатыны кәсіби тарихшыларымыз бен кәнігі мамандарға, жоғары биліктегі жанашырлар мен жалпы қауымға құлақтарына алтын сырға дер едік. Бұл реттегі кешенді істің бірі – Алаш қайраткерлерінің тұтас әрі толыққанды энциклопедиясын дайындап, жарыққа шығару.

Біздіңше, Алаш қозғалысына қатысқан әрбір азаматтың өмірбаянында қазақ ұлтының бостандығы мен тәуелсіздігіне деген ұмтылыстың ұшқындары қылаң берері анық. Сондықтан да олардың тізе қосуына түрткі болған бір ғана мәселе – қазақ ұлтының азаттық алу мәселесі. Осы тұрғыдан келгенде Алаш қозғалысына тікелей қатыспаса да, бірақ Алаш идеясын мақсат тұтып, қаймана қазақ қамы үшін еңбек етіп, елінің азаттығын аңсаған азаматтарды да қалыс қалдырмауды мақсат тұттық.

Әрине, бұл талпынысымыз зерттеу нысанымыздан толыққанды хабар береді деп және айта алмаймыз. Себебі, Алаш қайраткерлері мен олардың ізбасарларын түгендеп, оқырман назарына ұсыну тарихшылардың еншісіндегі шаруа. Біздікі сол үлкен істің бастамасы деуге болар. Сондай-ақ бұл тарау Алаш қозғалысының тоқсан жылдығында ғана емес, халқымыздың аяулы ұлдарының есімдерін бар уақытта мейлінше есте сақтау міндетінен туындаған еді.

Аталған тарауымызға ғасыр басындағы қазақтың ұлт зиялыларына айналып, алашордалық алыптар шоғырын бастап, халқының қамын ойлағаны үшін жалған жала жабылып, жаза арқалаған Алаш орда үкіметінің мүшелері, яғни бүгінгі тілмен айтқанда Алаш орда министрлерінің өмірбаяны өзек болды. Осы ретте баса айта кетерлігі, мұндағы біздің басты

мақсатымыз – Алаш идеясы – азаттық жолында күрескен азаматтарды да ұмытпау.

Айталық, жалпықазақтық Халық кеңесі – Алаш ордаға мүшелікке сайланған азаматтардың есімін есте сақтау бүгінгі ұрпақтың парызы болса керек. Алдымен бүкілқазақтық Алашорда кеңесінің мүшелерін сайлап, төраға етіп Әлихан Бөкейхановты бекіткен 1917 жылғы желтоқсандағы Орынбор қаласында өткен Жалпықазақ съезінің шешімі негізіндегі «Алаш орда» үкіметі мүшелерінің, яғни министрлерінің тізімін назарларыңызға ұсынамыз:

1. Бөкей ордасынан Танашев Уалитхан (1887-1968 жыл), заңгер.
2. Орал облысынан Досмұхамедов Халел (1883-1939 жыл), әскери дәрігер.
3. Ақмола облысынан Тұрлыбаев Айдархан (1877-1937 жыл), заңгер.
4. Торғай облысынан Бірімжанов Ахмет (1871-1927 жыл), заңгер.
5. Семей облысына Ғаббасов Халел (1888-1931 жыл), физик-математик.
6. Жетісу облысынан Аманжолов Садық (1889-1941 жыл), заңгер.
7. Сырдария облысынан Шоқаев Мұстафа (1890-1941 жыл), заңгер.

Жалпы қазақ атынан:

8. Бөкейханов Әлихан (1866-1937 жыл), Арқадан, экономист, Алаш орда үкіметінің төрағасы.
9. Досмұхамедов Жанша (1887-1938 жыл), Орал облысынан, заңгер.
10. Ермеков Әлімхан (1891-1970 жыл), Қарқаралыдан, математик.
11. Тынышпаев Мұхамеджан (1879-1937 жыл), Жетісудан, инженер.
12. Құлманов Бақтыкерей (1859-1919 жыл), Бөкей ордасынан, шығыстанушы.
13. Ақпаев Жақып (1876-1934 жыл), Арқадан, заңгер.
14. Мәметов Базарбай (1888-1946 жыл), Жетісу, Лепсіден, заңгер.

15. Әлжанов Отыншы (1873-1918 жыл), Шығыс Қазақстаннан, ағартушы-мұғалім.

Мүшелікке кандидаттар:

1. Қашқынбаев Иса (1891-1934 жыл), Оралдан, дәрігер.
2. Жақыпбаев Нүсіпбек (1890-1932 жыл), Жетісудан, дәрігер.
3. Итбаев Ережеп (1873-1930 жыл), Шығыс Қазақстаннан, заңгер.
4. Сабатаев Сатылған (1874-1921 жыл), Жетісу, Қаскелеңнен, шығыстанушы, тұңғыш қазақ агрономы.
5. Қасаболатов Есенғали (1889-1938 жыл), Оралдан, дәрігер.
6. Ниязов Батырқайыр (1872-1924 жыл), Бөкей Ордасынан, заңгер.
7. Боштаев Мұқыш (1888-1921 жыл), Баянауылдан, заңгер.
8. Жанайдаров Сейілбек (1884-1929 жыл), Атбасардан, заңгер.
9. Нұралиханов Сәлімгерей (1878-?), Бөкей ордасынан, заңгер.
10. Алмасов Омар (?-1922 жыл), Торғайдан, халық мұғалімі.
11. Қадырбаев Сейдәзім (1885-1938 жыл), Торғайдан, заңгер.
12. Кенжин Аспандияр (1887-1938 жыл), Атыраудан, халық мұғалімі.
13. Бекімов Молданияз (1882-1930 жылдардан соң белгісіз), Оралдан әскери қызметкер.
14. Тұрмахамбетов Есен (1883-?), Ақтөбеден.
15. Солтоноев Жанек (Жақып) кыргыз, мал дәрігері.

Алаш орданың оқу комиссиясының мүшелері:

1. Ахмет Байтұрсынов (1872-1937 жыл), Торғайдан, Орынбор қазақ мұғалімдер мектебін бітірген (1895).
2. Жұмабаев Мағжан (1893-1938 жыл), Қызылжардан, Омбы оқытушылар семинариясын бітірген, (1917).
3. Омаров Елдес (1892-1937 жыл), Қостанайдан, Орынбор мұғалімдер мектебін бітірген (1911).
4. Сәрсенов Биамет (1885-1921 жыл), Шығыс Қазақстаннан, Семей мұғалімдер семинариясын бітірген, (1939 жыл).
5. Шонанов Телжан (1894-1938 жыл), Ырғыздан, Орынбор қазақ мұғалімдер мектебін бітірген (1916 жыл).

Сонымен сол кездегі қазақ саяси элитасының дені ел басқарып, Қазақстанның халық комиссарлары атанған азаматтар болғандықтан олар турасындағы кейбір мағлұматтар «Қазақстанның халық комиссарлары» (Алматы, 2003 жыл) өмірбаяндық анықтамалығынан алынғандығын, сондай-ақ тараудағы Алаш орда үкіметі мүшелеріне қатысты кейбір деректер «Алаш орда министрлері» (Алматы, 2003 жыл, авторы М.Ескендірұлы) кітабындағы материалдары негізінде дайындалғандығын айта кетуіміз керек. Жалпы бұл тарауымызда аталған тақырыпты үтір-нүктесіне дейін толық игеру мүмкін еместігін ескере отырып, оқырман қауым мейлінше тауқыметті тағдыр арқалаған жекелеген азаматтардың азапты өмір жолдары арқылы ел азаттығының тар жол, тайғақ кешуі турасында жан-жақты мағлұмат алуына жол ашады деген ойдамыз.

«АЛАШ ОРДА» МИНИСТРЛЕРІ

1. Бөкей ордасынан Танашев Уалитхан (1887-1968 жыл), заңгер.
 2. Орал облысынан Досмұхамедов Халел (1883-1939 жыл), әскери дәрігер.
 3. Ақмола облысынан Тұрлыбаев Айдархан (1877-1937 жыл), заңгер.
 4. Торғай облысынан Бірімжанов Ахмет (1871-1927 жыл), заңгер.
 5. Семей облысынан Ғаббасов Халел (1888-1931 жыл), физик-математик.
 6. Жетісу облысынан Аманжолов Садық (1889-1941 жыл), заңгер.
 7. Сырдария облысынан Шоқаев Мұстафа (1890-1941 жыл), заңгер.
- Жалпы қазақ атынан:**
8. Бөкейханов Әлихан (1866-1937 жыл), Арқадан, экономист, Алаш орда үкіметінің төрағасы.
 9. Досмұхамедов Жанша (1887-1938 жыл), Орал облысынан, заңгер.

10. Ермеков Әлімхан (1891-1970 жыл), Қарқаралыдан, математик.
11. Тынышпаев Мұхамеджан (1879-1937 жыл), Жетісудан, инженер.
12. Құлманов Бақтыкерей (1859-1919 жыл), Бөкей ордасынан, шығыстанушы.
13. Ақпаев Жақып (1876-1934 жыл), Арқадан, заңгер.
14. Мәметов Базарбай (1888-1946 жыл), Жетісу, Лепсіден, заңгер.
15. Әлжанов Отыншы (1873-1918 жыл), Шығыс Қазақстаннан, ағартушы-мұғалім.

Әлихан Бөкейханов (1866-1937)

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан Қарқаралы оязы, Әлтеке-Сырым болысы, Желтау баурайындағы Мырзатай қыстауында дүниеге келген. Қазіргі әкімшілік-аймақтық бөлініс бойынша бұл елді мекен Жезқазған облысы Ақтоғай ауданы «Қаратал» совхозына қарайды. Ауыл молдасынан сауат ашып, мұсылманша хат таниды. Қарқаралыдағы бастауыш орыс училищесін, Омбының технологиялық училищесін және Петербордағы орман шаруашылығы институтын тәмамдаған.

1905 жылы I Мемлекеттік Думаға депутат болып сайланады. Әлекеңнің қарқынды саяси белсенділігі осы кезден басталады. Орыс баспасөзінде қазақ мәселесін көтереді. Түрлі саяси жиындарға белсене қатысады. Оның бұл қадамына патша үкіметі қарсы болып, оны қуғындап, Самараға жер аударады. Ондағы 1908-1917 жылдары Әлекең «Қазақ» газетіне «Қыр баласы» деген атпен өткір мақалалар жазады.

1917 жылы Ақпан революциясы жеңіске жетіп, патша үкіметі құлатылғаннан кейін қазақтың зиялы қайраткерлері: Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мұстафа Шоқайұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы, Халел Ғаббасұлы, Жанша Досмұхамедұлы, Халел Досмұхамедұлы



Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханов, Міржакып Дулатұлы.
Орынбор. 1913 жыл.



Күн басына біздің ордамыз. Ортада: Алаш бастықтары.
Солдан оңға қарай: 11. Міржакып Дулатов (1), Халел Досмұхамедұлы (2), Жаһанша Досмұхамедұлы (3), Мырзағашы Есполов (4), Мырзағашы Есполов (5), Мырзағашы Есполов (6), Мырзағашы Есполов (7), Мырзағашы Есполов (8), Мырзағашы Есполов (9), Мырзағашы Есполов (10), Мырзағашы Есполов (11).

Алаш ордамың Батыс және Торғай бөлімшелерінің жетекшілері:
бірінші қатарда (солдан оңға қарай) Мырзағашы Есполов,
Халел Досмұхамедұлы, Жаһанша Досмұхамедұлы, Міржакып Дулатов.
(1917-1919 жылдар).



Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржакып Дулатұлының 1918 жылдың көктемінде Шәуешекке аттанарда достарымен бірге түскен суреті. Отырғандар: (солдан оңға қарай) Ахмет Байтұрсынұлы, Мұқан (Мұхамеджан) Жәкежанұлы, Көкбай Жанатайұлы, Тұрағұл Абайұлы, Жакабай Әтікұлы. Түрегеліп тұрғандар: (оңнан солға қарай) Жұбандық Балғынбайұлы, Міржакып Дулатұлы, Қажымұқан Мұңайтпасұлы, Сейдәзім Қадырбайұлы, Елдес Омарұлы. Семей. 1918 жыл.



Ахмет Байтұрсынұлының 1926 жылы Бакуде өткен Түрік білімпаздарының съезіне барарда шығарып салуға жиналған қаламдас інілерімен түскен суреті.

Отырғандар: (оңнан солға қарай) Мұқтар Әуезов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржакып Дулатұлы, Халел Ғаббасов.
Тұрғандар: (солдан оңға қарай) Жүсіпбек Аймауытов, Әлкей Марғұлан, Абдулла Байтасов. Қызылорда. 1926 жыл.



Міржакып Дулатұлының «Еңбекші казак» газетінің жауапты редакторының әдеби көмекшісі болып жүрген кезі, туысы Нұржан Ысмайылұлы екеуі. Қызылорда. 1925 жыл.



Әлихан Бөкейханов пен Міржакып Дулатұлы отбасымен тұрған Семейдегі Комиссар көшесіндегі үйдің сыртқы көрінісі. Семей. 1921-1922 жылдар.



Олжалы Нұралыұлы



Сәдуақас (Сәкен)
Ғылмани



Орта дәрежелі Омбы ауылшаруашылық училищесінің оқытушылары мен шәкірттері. Омбы. 1915-1916 жылдар. Суретте М.Саматұлы, Б.Айбасұлы, Қ.Кемеңгерұлылар анықталды. Сурет Еркін Бірмұхамбетұлы Айбасовтың жеке мұрағатынан алынды.




Мұстафа Шоқай
Парижде



Түркістан ұлт-азаттық
қозғалысы жетекшілерінің бірі
Махмұд хожа Бехбуди
(1875-1919 ж.ж.)



Бұхара әмірі Әлім хан



Түркістан жәдитшілдері
көсемдерінің бірі Мүнәууар қари
Абдурашидханов
(1878-1931 ж.ж.)



Зәки Уәлиди Тоған
(1890-1970 ж.ж.)



Сұлтанбек Қожанұлы



Түтқындар лагерінде
серік болған
Қарыс Қанатбай



Түркістанның көрнекті
ұлтшыл ақыны Абдулхамит
Сүлеймен Шолпан
(1897-1938 ж.ж.)



Жәдитшілдік қозғалысының
жолбасшысы мұсылман-түрік
халықтарының рухани
жетекшісі Исмайл Гаспринский
(1851-1914 ж.ж.)



Мұстафа Шоқай



Әйгілі Әнуар паша



Нәзір Төрекүлов



Тахир Шакир (Шағатай), Мұстафа Шоқай және
Абдулахаб Оқтай



Мұстафа Шоқайдың пікірлес достары: Зәки Уәлиди Тоған,
Әзімбек Бірімжанов және Абдулкадир Інан.
Берлин. 1924 жыл.



Сол жақтағы – Иса Шормановтың баласы Шахизинда. Иса-Мұса, Мұстафа, Зейнеп Шормановтардың туған бауыры. Зейнеп – әйгілі Шоканның анасы.

Оң жақтағы – Сұлтан Абылайұлы. Түрегеп тұрған – Мұхамедрахым Шахизиндаұлы



Отырған кісі – Сұлтан Абылайұлы (Сұлтан төре)
Түрегеп тұрған – Нүркіш



1926 жылы Қызылордаға мәжіліске жиналған бір топ ағартушы-мұғалімдер мен техникум директорлары: Екінші қатарда (солдан оңға қарай) Қызылжар педтехникумының директоры – Жұмағали Тілеулин, қасындағы Міржакып Дулатұлы, үшінші қатардағы үшінші (солдан оңға қарай) Семей педтехникумының директоры – Әбікей Сәтбаев, Ахмет Байтұрсынұв және Смағұл Сәдуақасов, төртінші қатарда тұрғандар (солдан оңға қарай) Телжан Шонанов, Біләл Асфендияров, Манап Тұрғынбаев, одан бір кісіден кейін Өлмағамбет Қасымов



Міржакыптың отбасы Семейден Орынборға оралған, сағынышпен көріскен сәтті бейнелейтін бұл суретке 1923 жылы түскен. Әкесін құшақтап тұрған – Гүлнар Міржакыпқызы. Суреттің сыртында мына сөздер жазылған: «Анама» – нағашыларыма Гүлнардан» («Ана» деп нағашы әжесін айтады екен). Орынбор. 13 маусым 1923 жыл.



«Еңбекші қазақ» газетінің сол кездегі қызметкерлері: алдыңғы қатардағы отырғандар (солдан оңға қарай) Аманғали Сегізбаев, Ахмет Елшібеков және Ахмедсафа Юсупов. Екінші қатардағы отырғандар (солдан оңға қарай) алғашқы екі адамның кімдер екені белгісіз, олардан кейінгі Ғаббас Тоғжанов пен Міржакып Дулатұлы, Бейімбет Майлин мен Мұқан Ахметов. Түрегеліп тұрғандар (солдан оңға қарай) қырын тұрған Мәжит Дәулетбеков, одан кейінгі адамның кім екені белгісіз, ал үшінші тұрған Мерғали Ешмұхамбетов, одан кейінгі екі адамның да кімдер екені белгісіз. Қызылорда. 1926-1927 жылдар.



Суретте отырғандар (солдан оңға қарай) Гайнижамал, Гүлнар, Міржакып Дулатовтар, Эзен (Назифа) Өміртайқызы Акбердина, Габбас Нұрымов және Мариям Нұрымкеліні. Түрегеліп тұрғандар (солдан оңға қарай) Ахмедсафа Юсупов, Гүлшаһра (Гуля) Юсупова, Исламбек Өміртайұлы Акбердин. Орынбор. 1924 жыл.



Суретте (солдан оңға қарай) Гайнижамал Дулатова мен Жаңыл Қадірбайкеліні. Орынбор. 1914 жыл.



Алдыңғы қатарда отырғандар (солдан оңға қарай) Асқар Ерқосайұлы Мұқышев, алдындағы – Серік Ахмедсафаұлы, Зұлқарнай Қанысбайұлы, алдындағы – Әлібек Міржакыпұлы. Екінші қатарда тұрғандар (солдан оңға қарай) Гүлнар Міржакыпқызы Дулатова мен Әзен Өміртайқызы Акбердина. Қызылорда. Қаңтар 1928 жыл.



1905-1906 жылдардағы Ресей мемлекеттік I, II Думасының депутаты, Шақшақ Жәнібек батырдың ұрпағы, Алаш орда жетекшілерінің бірі Ахмет Қорғанбекұлы Бірімжанов.



Профессор Халел Досмұхамедұлы – Қазак педагогикалық институтының проректоры. 1929 жыл.



Императорлық әскери-медицина академиясын бітірген кезі.
С-Петербург. 9 қазан 1909 жыл.



Мұстафа Бұралқиев.
Ташкент. 1927 жыл.



Халел Досмұхамедұлы Ташкент қаласындағы қазақ зиялыларының
оргасында. 20-жылдардың ортасы.



Жүсіпбек
Аймауытұлы



Айдархан
Тұлыбайұлы



Асылбек Сейітұлы



Халел
Досмұхамедұлы

1917 сәуірде, облыстық қазақ съездерін ұйымдастырып, өткізеді. Облыстық және уездік қазақ комитеттері құрылады. «Жалпы қазақ съезі» өткізілсін деген қаулы қабылданады.

Бірінші жалпы қазақ съезі «Орынбор қаласында, 1917 жылы шілденің 21-26 күндері өткізіледі. Съезде қаралған 14 мәселенің бірі – қазақтың саяси партиясын құру еді. Партияның аты – «Алаш» аталсын деп ұйғарылады. Партияның бағдарламасын жасау және қазақ автономиясын құру мәселесіне даярлық жоспары белгіленеді.

Осы съезде Әлихан Бөкейханұлы көпшілік дауыспен «Алаш орданың» басшысы болып сайланады. Бұл сол кездегі мұқым қазақтың Әлиханды өзінің саяси көсемі ретінде танылғандығының көрінісі еді.

«Алаш автономиясын жариялаған Екінші жалпы қазақ съезінде қабылданған қаулының V және VI тармағына көңіл аударып көрейік.

V. «Қазақ-қырғыз арасында тұрған аз халықтардың құқықтары теңгеріледі. Алаш автономиясына кірген ұлттардың бәрі, бүкіл мекемеде санына қарай орнын алады. Алаш автономиясының қолында жерсіз халықтар болса, оларға ұлт және мәдени автономия беріледі».

VI. «Алаш» облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау мақсатымен, уақытша ұлт Кеңесі құрылсын: мұның аты «Алаш орда» болсын. Алаш орданың ағзасы 25 болып, 10 орын қазақ-қырғыз арасындағы басқа халықтарға қалдырылды делініп, ашық-айқын көрсетілген.

Яғни, Алаш автономиясының бағдарламасында Қазақстанда тұратын, қазақтан басқа ұлттарды, халықтарды алалау, төменсіту сияқты көзқарас, ұлттық үстемдік, қысқасы, буржуазиялық-ұлтшыл идея мүлдем жоқ.

Кеңес үкіметі Әлекеңді саясаттан алшақ әкетіп, елінен қуғындап, Мәскеуде ұстады. Сонда да Әлекең халқының сауатын ашу мақсатында ағартушылық жұмыстармен айналыса береді.

1920 жылдары кеңес тыңшылары Әлекеңді екі рет абақтыға жабады. Ақыры 1937 жылы ату жазасына кеседі.

Әлімхан Ермеков
(1891-1970)

Алаш қозғалысының ең жас, айбынды, көрнекті өкілі. Алаш орда үкіметінің мүшесі, математика ғылымдарынан тұңғыш қазақ профессоры. 1917 ж. «Алаш» партиясын құрушылардың бірі.

Семей губерниясы Беріктас мекенінде мал өсіруші отбасында туған, қазақ. 1912 ж. Гимназияны (Семей қ.), 1923 ж. Технология институтын бітірген (Томск қ.). Математика профессоры (1935).

1920 ж. Семей губерниялық революциялық комитетінің мүшесі, 1920 ж. тамыздан Қырғыз революциялық комитетінің мүшесі. 1921-1925 ж-ры мектеп меңгерушісі (Қарқаралы қ.), Семей губерниялық атқару комитетінің төрағасының орынбасары. 1925 ж. наурызынан 1926 ж. қаңтарына дейін ҚАКСР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы өнеркәсіп секциясының меңгерушісі, төрағасының орынбасары. 1926 ж қаңтарда «Қазауылшаруашылығыкредитінің» қарауына жіберілген. Мұнан кейін жоғары оқу орындарында оқытушы болған (Ташкент, Алматы, Самара, Шымкент, Қарағанды қ-ры).

1917 жылы шілдеде Орынборда өткен Жалпықазақтық съезде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа ұсынылады. Желтоқсанда жалпы қазақ съезінде Алашорда үкіметіне мүшелікке өтеді.

1920 жылы 17 тамызда Лениннің төрағалығымен өткен қазақ өкілдері қатысқан Халық комиссарлары Кеңесінің мәжілісінде қазақ мәселесі жөнінде Ә.Ермеков баяндама жасайды. Онда жер және шекара мәселесі бойынша қызу пікірталасқа түсіп, Ресейге өтіп кеткен қазақтың мұнайлы аймағын Лениннің қолдауымен қайтарып алады. Мұны Ә.Ермековтің қазақ халқына сіңірген өтеусіз еңбегі деуге болады.

Қазақ автономиясын құруда да еңбегі өлшеусіз. Ағарту саласында көп еңбек сіңіреді. Қарқаралыда мектеп ашады. ЖОО-да сабақ береді. Математика пәні бойынша бірнеше кітап шығарады. Қазақ тілінде тұңғыш шығарылған жоғары математика оқулығының авторы.

Жоспарлау комитетінде, т.б. жоғары қызметтер атқарады.

Қуғындалған. 1930 ж. Қазанда тұтқындалған, 1932 ж. Сәуірде 2 жылға шартты жазаға сотталған. 1938 ж. Наурызда екінші рет тұтқынға алынған, 1939 ж. ақпанда 10 жылға сотталған, кейін жаза мерзімі 6 жылға дейін төмендетілген. Жазасын 1940 ж. қаңтарынан бастап КСРО ІІМ Қарлагерінде өтеген, 1947 ж. босатылған.

Босатылғаннан кейін Шымкент технология институтында істеген. 1948 ж. желтоқсанда қайтадан тұтқынға алынып, 1949 ж. наурызында 10 жылға сотталған. Жазасын Тайшет – Братск ст. №7 айрықша лагерінде өтеген, 1955 ж. сәуірде босатылған. 1957 ж. қазанда ақталған.

Ақталғаннан кейін Қарағанды политехникалық институтында жоғары математика пәнінің оқытушысы болып жұмыс істеген. 1970 жылы қайтыс болады.

Мұхамеджан Тынышпаев *(1879-1937)*

Алаш қозғалысының іргетасын қалаушы, Алаш орда үкіметі төрағасының орынбасары, тарихшы-ғалым, қазақтан шыққан тұңғыш темір жол инженері.

1879 жылы Талдықорған облысы, Қабаңбай ауданы, Жыланды ауылында туған. 1890 жылы Петерборға келіп, оқуға түседі.

1905 жылғы 9-шы қаңтардағы «Қанды жексенбі» оқиғасынан кейінгі жағдайлардың куәсі болған Мұхамеджан саяси істерге араласады. Ол патша үкіметінің боданындағы туған халқының, тағдыр тауқыметін өткір тілімен айтып, баспасөз беттерінде жиі-жиі мақалалар жазады. Патша үкіметінің үні саналатын «СПБ. «Ведомости» газетінің 1905 жылғы нөмірі 75-ші санында жарияланған «Қазақ даласындағы көшпелі ел тұрмысының мұқтаждығы туралы» деген мақаласында Мұхамеджан Тынышбайұлы Ресейдің орталық аудандарынан сахараның шұрайлы, нулы-сулы жерлеріне жаппай қоныс аударушы орыс мұжықтарының жергілікті көшпелі халықтың шаруашылығына

нұқсан келтіріп, әлеуметтік тұрмыс-тіршілігін күрт төмендетіп жібергендігін, санақшы-ғалым Щербина экспедициясының зерттеу мәліметтеріндегі қате тұжырымдармен келісуге мүлдем болмайтындығын сынай отырып, өз пікірін тәптіштеп дәлелдейді. Осы жылы ол автономшылдар одағының 1-інші құрылтайында «Қазақтар һәм азаттық қозғалысы» деген тақырыпта баяндама жасап, патша әкімшілігінің қол астына қараған шетаймақтардағы халықтарға жасап отырған озбырлық, адам төзгісіз сасық саясатын батыл әшкерелейді.

Бірінші жиһангерлік соғыс өрті тұтанған дүрбелең жылдары ол қолына қалам алып, «Сорысушы патшалар әскері», «Сүңгуір қайық», «Темір жол һәм Еуропа соғысы», «Соғыс кемелері һәм мина», т.б. көсемсөз мақалаларын жазып, соғысқа араласқан ірі-ірі мемлекеттердің қару-жарағын, әскер санын, соғыс өнерінің жаңа сағыға көтерілген сапалық мүмкіндіктерін, қорғаныс қабілетінің деңгейін «Қазақ» үнқағазында бедерлеп отырады.

Міне, осындай қилы кезеңде қазақты желіктіріп, құтыртып отырғандардың бірі деген сенімсіздікпен Мұхамеджанның үстінен Верный окружной соты прокурорының бұйырыуымен іс қозғалады.

Ел басына күн туған алмағайып заманда бас сауғалап, шекара асып, Қытайға қосқан қазақ-қырғыздардың саны туралы да мәліметті Тынышбайұлы қалдырғандығын айта кету لازم. Ол «Қазақ» үнқағазының 1917 жылғы 6-шы желтоқсандағы 254 санында 44 болыс елде 47 мың 759 түтін бар екендігін, содан қашқаны 40 мың 250 түтін, қырылғаны 95200 жан дегенді жазады. Бұл цифрлар небір қылкөпірлерден әуірімдеп өткен қазақ халқының демографиялық өсу деңгейінің тарихын зерттеуге бүгінгі таңда ауадай қажет-ақ құнды деректер.

Мұхамеджан 1921 жылы Ташкентке шақырылып су шаруашылығының бастығы болып тағайындалады. Екі жыл өткен соң Түркістан өлкесі Халық комиссиаратының жер бөлімі оны жолдамамен Шымкентке жібереді. Ол осында Түркістан каналының жобасын жасауға қатысады.

1924 жылы Ташкентке Қазақ педагогикалық институтына

шақырылған Мұхамеджан алгебра, география, физика пәндерінен студенттерге дәріс оқиды. Бір жолы Мұхамеджанның қолына А.П. Чулошниковтың қазақ халқы тарихына қатысты еңбегі түседі. Көкірегі көмбе, білімпаз жан осы кітаптағы ұлтының намысына тиетін пікірлерге қарсы сын жазып, академик В.В. Бартольдке жібереді. Ғұлама ғалым Тынышбайұлына қатты риза болып, қазақ халқының тарихын жазуға кеңес береді, ең болмаса болашақ зерттеушілер үшін тарихи деректер мен материалдарды жазып қалдыруға ақыл қосады. М. Тынышбайұлының «Материалы по истории киргиз-казахского народа», «Киргиз-казахи в XVII и XVIII веках», «Ақтабан шұбырынды» секілді шежіре ғылыми еңбектері, ондаған мақалалары осындай талпыныста» туған еді.

1930 жылы бес жылға Воронежге жер аударылып, 1938 жылы ату жазасына кесіледі.

Жақып Ақбаев
(1876-1934)

Алаш орда үкіметінің мүшесі, заңгер. Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында туып-өскен. Туған халқы басынан өткеріп отырған үлкен ауыртпалықтарды, сол кезеңдегі саяси әлеуметтік қозғалыстың мән-мағынасын 1903 жылы Санкт-Петербург университетінің заң факультетін алтын медальмен тәмамдаған зерделі Жақып терең сезінген жастардың бірі. Жақып 1905 жылдың күзіне дейін Омбы сот палатасында жұмыс істегенімен ел теңдігі, бостандығы үшін қызмет етті. 1905 жылдың маусымында Қарқаралы уезіндегі Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, соңына 14,5 мың адам қол қойған әйгілі петицияны ұйымдастырып, патшаға жолдайды. Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсыновтай абзал азаматтармен пікірлес дос болады. Ол баспасөз бостандығын пайдаланып, патша үкіметінің отаршылдық саясатын, басқару аппаратын өткір сынға алған мақалалар жазды. Сондай-ақ туған халқы арқасында үкіметке қарсы үгіт-насихат жұмыстарын үзбей жүргізіп отырды.

1905 жылғы 15 қарашада Қарқаралы қаласында патша манифесімен танысуға арналған үлкен демонстрацияны ұйымдастырушылардың белді бірі болып, патша манифесін қазақ тіліне аударып берді. Митингіге тек қана қазақтар емес, татарлар мен орыстар да қатысады. Ел арасында баспасөз беттерінде халықтың сана-сезімін ояту мақсатында жиі бой көрсете бастаған Ж.Ақбаевқа да патша үкіметінің құрығы жетпей қоймайды. Патшаға қарсы көтеріліс ұйымдастырушы ретінде өтірік-шыны аралас бірнеше жала жабылып, 1906 жылдың тамызында Омбы сот палатасының көшпелі сессиясында оның ісі қаралады. Алайда, заңгерлік білімі мол Жақып өзіне тағылған әрбір айыпқа орнықты да нақты дәлелдермен жауап беріп, сот палатасының мүшелерін амалсыздан өзін анықтауға мәжбүр етеді. 1906 жылдың маусымында Қоянды жәрмеңкесінде Жақып келімсектерге жер бөлу комиссиясына Мемлекеттік Думаның рұқсатынсыз бір қарыс та жер бермейтіндіктерін, бұл жолда өлу қажет болса да, барынша қарсыласатындықтарын айтады.

Патша үкіметі мен Уақытша үкімет кезінде қудаланып қана қоймай, Жақып Кеңес үкіметі орнаған соң да түрлі жаланың құрбаны болды. 1919 жылы Кеңес билігі оған ату жазасына үкім шығарады. Алайда дала сотының бұл үкімі не себеп болғаны нақты белгісіз, әйтеуір күшіне енбей қалады. Кейінірек, ақ гвардияшылар талқанданып, Кеңес үкіметі толық билікке ие болғанда Ж. Ақбаев мемлекеттік деңгейдегі түрлі жауапты қызметтерде жұмыс істейді. Мәселен, 1919-27 жылдар аралығында Семей губревкомының құрамында заң бөлімін басқарса, 1927-28 жылдары Сырдария округтік адвокаттар коллегиясының мүшесі болады. Халық үшін енді ғана бар күш-жігерін жұмсап, еңбек ете бастағанда, ел ішін өргтей жайлаған репрессия науқанының жалынына күйді. 1929 жылы жалған айыптар тағы да жағадан алып, Воронежге жер аударылады. Алайда 1934 жылы ауруының асқынып, еңбекке жарамсыз болып қалуына байланысты түрмеден босатылады. Алаштың асыл азаматы Алматыға оралған сол жылы әділдік таппаған күйде науқастың салдарынан көз жұмды. Тек соңынан ғана, жеке басқа табынушылық айыпталып

жатқан кезеңде, 1958 жылдың 28 ақпанында Қазақ КСР Жоғарғы Сотының Қылмыстық істер жөніндегі сот коллегиясы оны толық ақтап шықты.

Отыншы Әлжанов (1873-1918)

Жетісудағы Алаш қозғалысы жетекшілерінің бірі, Алаш орда үкіметінің мүшесі, ағартушы публицист.

Отыншы Әлжанов 1873 жылы 12 тамызда бұрынғы Семей облысы, Зайсан уезі, Нарын болысының 6 ауылында (қазіргі Ақсуат ауданы, «Ақсуат» совхозының жерінде) дүниеге келген.

1877 жылы Зайсан қаласындағы ер балаларға арналған бастауыш орыс-қазақ училищесін үздік бітірген. Сосын қалалық училищені 1890 жылы ойдағыдай тәмамдап, Омбы мұғалімдер семинариясына емтихан тапсырып, конкурстан сүрінбей өтіп, аталған семинарияның студенті болады. Ол семинарияның соңғы курстарында оқып жүрген шағында жазу-сызумен шұғылдана бастайды. Сол кезде Омбы қаласында шығып тұрған «Киргизская степная газета» мен «Дала уәлаятының газеті» атты басылымдарда қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне қатысты хабарлар мен мақалалар жазып тұрады.

Жалпы қазақ съезінде Алашорда үкіметіне мүше болып сайланған Отыншы Әлжанов Жетісуға келіп, съезд қаулыларын жүзеге асыру ниетімен өлкенің, айтулы азаматтары М. Тынышпаев, С. Аманжолов, И. Жайнақов, Б. Мамытовтармен тізе қоса отырып, оның жұмысын жақсартуға шұғыл кірісіп кетті. «Алашорда милициясының алдында 1916 жылдың дүрбелеңінде қатты күйзелген Жетісу қазақтарын ақтар мен қызылдардың тонаушылығынан қорғау міндеті тұрды».

Отыншының отбасы да өзі тағдырлас ер қорғаны болған Алаш азаматтарының отбасы сияқты Кеңес үкіметі тұсында қуғын-сүргінді көп көрді.

Енді туған халқының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы қанды майдан соғыста құрбан болған, елінің оқу-ағарту ісіне

айтарлықтай із қалдырған, туған халқының әдебиеті, мәдениетіне елеулі үлес қосқан Отыншы Әлжанов 1918 жылы 21 тамызда большевиктермен қақтығыста қаза болады.

Мұстафа Шоқиев
(1890-1941)

Алаш орда үкіметінің мүшесі, публицист-жазушы. Түркі халықтары бірлігі жолында аянбай еңбек еткен саясаткер. 1890 жылы 7 қаңтарда сол кездегі Сырдария облысы, Перовск уезі, Жөлек болысында, ал қазіргі Қызылорда облысының Шиелі ауданында дүниеге келген. Ауылдық мектепте тіл сындырған Мұстафа одан әрі білімін Ташкент ерлер гимназиясында (1910 ж.) және Санкт-Петербург университетінің заң факультетінде (1910-1917 жж.) жетілдіреді.

Саяси күреске студент кезінен араласып, Әлихан Бөкейхановтың ұсынуымен төртінші Мемлекеттік Думада мұсылмандар фракциясының хатшысы және оның бюросында Түркістанның өкілі болды. 1916 жылғы қатысушыларды аяусыз әрі айуандық әрекетпен қан қақсатқан жазалаушы отрядтардың ісін тексеретін комиссия құрғызуға күш салған Думадағы бірденбір саясаткер.

Ақпан төңкерісінен үлкен үміт күткен ол Ташкентте қазақ зиялыларының басын қосатын «Бірлік туы» атты саяси ұйым құрып, газет шығарады.

1917 жылы қараша айында Қоқан қаласында премьер-министрі болады. Осы жылы желтоқсанда Орынборда өткен Жалпықазақтық съезде Сырдария облысынан Алашорда үкіметінің мүшелігіне сайланады.

1918 жылы қаңтарда Түркістан қаласында Сырдария облысы қазақ-қырғыздарының съезін ұйымдастырады. Алайда азамат соғысы басталып, қызылдар артына түсіп, Ақтобе, Уфа, одан Грузия арқылы 1921 жылы Түркияға келіп, 1922 жылы күресті Францияда жалғастырады.

1927-1931 жылдары «Жаңа Түркістан», 1929-1939 жылдары

«Жас Түркістан» журналдарын жарыққа шығарды. Сондай-ақ шетелдік баспасөздерде мақалалар жазып тұрды.

Тұтас Түркістан идеясы негізіндегі «Түркістан ұлттық бірлігі» ұйымының рухани көсеміне айналды. Екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда тұтқынға түскен түркістандық әскерлерді өлімнен арашалап, жазасын жеңілдетуге күш салады. Өкінішке орай, 1941 жылы 27 желтоқсанда беймәлім жағдайда көз жұмады.

Халел Досмұхамедов
(1883-1939)

Алашорда үкіметінің Орал облысынан сайланған мүшесі, әскери дәрігер. 1883 жылы 24 сәуірде бұрынғы Гурьев уезі, Тайсойған болысы, төртінші ауылында дүниеге келген. Ойыл қазақ мектебін, Орал реалды училищенің дайындық бөлімін, Санкт-Петербург Императорлық әскери-медицина академиясын емші-дәрігер мамандығы бойынша үздік бітірген.

1917 жылы желтоқсанда Орынборда өткен Жалпықазақтық съезде Орал облысынан Алашорда үкіметінің мүшелігіне сайланады.

1918 жылы наурыз айында Жанша Досмұхамедовпен бірге Кеңес үкіметінің басшысы В.И. Ленинмен және И.В.Сталинмен келіссөз жүргізіп, табанды талаптары арқасында ақшалай біршама жәрдем алады.

1918 жылы мамыр айында Жанша Досмұхамедов екеуі Оралда съезд ашып, «Ойыл уалиатының (уэлаятының) уақытша үкіметін» жариялайды. Әскери оқу орны мен банк ашады, әскер жасақтайды, баспахана ұйымдастырып, газет шығарады. 1918 жылы Уфа қаласында өткен Алаш басшылығының жиналысында қашықтық пен жол нашарлығына орай бүкіл елді бір орталықтан басқару қиындығын ескеріп, «Ойыл уалиаты» ресми түрде мойындалады. Оған «Алаш орданың» Батыс бөлімшесі деген ат қойылып, батыстағы бірнеше уезд жерін басқару құқын береді. Азамат соғысында осы Батыс Алаш орда бөлімшесінің әскери жасақтары ұрысқа түседі.

Кеңес үкіметі орнаған соң оқу-ағарту саласына көшеді. Ауыз әдебиеті мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жалғастырады. 1928 жылы Қазақ мемлекеттік университетін ұйымдастырады, профессоры атанады.

1930 жылы ұсталып, Воронежге жер аударылып, мерзімі бітсе де сонда қалады. 1938 жылы қайта ұсталып, 1939 жылы ату жазасына кесіледі. Осы жылы 19 тамызда түрме ауруханасында сырқаттан көз жұмады.

Жанша Досмұхамедов
(1887-1938)

Алаш орда үкіметінің мүшесі, Алаш орда үкіметінің Батыс бөлімшесінің төрағасы, заңгер. 1887 жылы Орал облысы, Орал уезі, Жымпиты болысының Бірінші ауылында дүниеге келген. 1905 жылы Орал әскери реалдық училищесін және 1910 жылы Мәскеу университетінің заң факультетін бітірген. «Қазақ» газетінің мәліметінше, Ақпан төңкерісіне дейін Томск жақта округтік сот прокурорының орынбасары болып істейді.

1917 жылы Орал қаласында өткен облыстық қазақ съезінде съезд төрағасы болып сайланады. Осы жылы шілдеде Орынборда өткен Жалпықазақтық съезде Орал облысынан Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа ұсынылады. Және осы жылы желтоқсанда Алаш орда үкіметінің мүшелігіне облыстардан тысқары делегат ретінде кіреді.

1918 жылы наурыз айында Халел Досмұхамедовпен бірге Мәскеуге келіп, Кеңес үкіметінің басшысы В.И. Ленинмен және И.В. Сталинмен келіссөз жүргізіп, Алаш орданың қаулыларымен таныстырып, сондағы он бір шарттарын қояды. Кеңес үкіметінің жанынан Қазақ комиссиариатының ашылуына қол жеткізеді.

Осы кездесулер Жаншаның коммунистерге деген көзқарасын өзгертіп, Кеңес үкіметін мойындау қажет деген пікірі жақтастарының қарсылығына тап болады. Батыс Алашорда жетекшілері алмағайып уақытта қазақ халқын аман алып қалу жағына мән береді.

1918 жылы мамыр айында Халел Досмұхамедов екеуі Оралда съезд ашып, «Ойыл уалиатының (уэлаятының) уақытша үкіметін» жариялап, оған төраға болып сайланады. Әскери оқу орны мен банк ашады, әскер жасақтайды, баспахана ұйымдастырып, газет шығарады. 1918 жылы Уфа қаласында өткен Алаш басшыларының жиналысында қашықтық пен жол нашарлығына орай бүкіл елді бір орталықтан басқару қиындығын ескеріп, «Ойыл уалиаты» ресми түрде мойындалады. Оған Алаш орданың «Батыс бөлімшесі» деген ат қойылып, батыстағы бірнеше уезд жерін басқару құқын береді. Азамат соғысында осы Алаш орда бөлімшесінің әскери жасақтары ұрысқа түседі.

Жанша Досмұхамедов 1932 жылы ұсталып, Воронежге жер аударылады. 1938 жылы қайта ұсталып, үштіктің шешімімен ату жазасына кесіледі.

Халел Ғаббасов (1888-1931)

Алаш орда үкіметінің Семей облысынан сайланған мүшесі, Үкімет төрағасының орынбасары, публицист, Алаш үні – «Сарыарқа» газетінің кезектескен редакторы, мамандығы – физик-математик.

1888 жылы 1 қазанда Семей қаласында туған. Семей ерлер гимназиясын, Мәскеу университетінің физика-математика факультетін бітірген.

1917 жылы шілдеде Орынборда өткен Жалпықазақтық съезде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа ұсынылады. Халел Ғаббасов осы жылы желтоқсанда өткен Жалпықазақтық съезге арнайы құрылған комиссия атынан Қазақ автономиясы, милиция және Ұлт кеңесі туралы баяндама жасайды. Бұл баяндама негізінде съезд «...жері бірыңғай, іргелі халқы қазақ-қырғыз, қаны, тұрмысы, тілі бір болғандықтан өз алдына ұлттық-жерлі автономия құруға» деген тарихи қарар қабылдайды. Алаш орда үкіметінің мүшелігіне Семей облысынан сайланып, кейін төраға Ә.Бөкейхановтың орынбасары міндетін атқарып, Алаш

орда атынан Семейде Алаш атты әскер жүздіктерін жасақтауға белсене атсалысады.

Және бір келелі шаруа 1918 жылы наурызда Ә.Бөкейхановтың тапсырмасымен автономия жөнінде Сталинмен телеграф арқылы келіссөз жүргізеді. Осы жылы сәуір айында Ә.Бөкейханов, Ә.Ермековтермен бірге Сталинмен телеграф арқылы тағы сөйлеседі. 1918 жылы 21 сәуірде РСФСР Халық комиссарлары кеңесі мен Ұлт істері жөніндегі комиссариатына жолдаған жеделхатында Алаш орда автономиясын деру мойындау жөнінде талап қояды. Өкінішке орай, жауапсыз қалады.

1930 жылы репрессияға ұшырап, 1931 жылы Мәскеудегі Бутырка түрмесінде атылады.

Садық Аманжолов (1889-1941)

Жетісу облысынан Алаш орда үкіметіне мүшелікке сайланған, мамандығы – заңгер. 1889 жылы 28 тамызда Жетісу облысы, Верный уезі, Бақай болысында (қазіргі Шелек ауданы) дүниеге келген. Верный ерлер гимназиясын, Қазан университетінің заң факультетін бітірген.

1917 жылғы Ақпан төңкерісінен соң саяси жұмыстарға ден қойып, Жетісудағы Алаш қайраткерлерінің бірі және Үржар қазақ комитетінің төрағасы болады.

1917 жылы шілдеде Орынборда өткен Жалпықазақтық съезде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына Жетісу облысынан депутаттыққа ұсынылады. Осы жылғы желтоқсандағы съезде Жетісу облысынан Алаш орда үкіметіне мүшелікке сайланады.

Азамат соғысы жылдары Жетісуда, Шәуешек қаласында Алаш әскери жасақтарын құруға белсене араласады. Базарбай Мәметовпен бірге Жетісудағы ашыққан, күйзелген қазақтарға арнап, көмек комитеттерін ұйымдастырады.

1918 жылы Шәуешекке Алаш Орданың Жетісу бөлімінің мүшелерімен бірге өткен ол онда 1922 жылдың күз айларына

дейін болып, онда қуғын-сүргінді көп көріп, қайтадан елге оралады.

1930 жылы Қазақстаннан кетіп, Мәскеу, Бішкек, Ташкент қалаларында жұмыс істейді.

1941 жылы Ташкентте қайтыс болады.

Ахмет Бірімжанов **(1871-1927)**

Алаш орда үкіметінің мүшесі, 1-2 Мемлекеттік Дума мүшесі, заңгер. 1871 жылы 7 желтоқсанда Торғай уезінің Тосын болысының Бірінші ауылында дүниеге келген. Орынбор ерлер гимназиясын күміс медальға және Қазан университетінің заң факультетін алтын медальға бітірген. Орынбор округтік соттың кандидаты, Торғай уезінің бітімші соты қызметінде жүргенде 1906-1907 жылдары Ресейдің 1-2 Мемлекеттік Думасына қатарынан екі рет Торғай облысынан мүше болып сайланады. Думада қазақ мәселесін белсенді түрде көтереді. Дума тараған соң оған қазақ елінде қызмет істеуге тыйым салынып, 1917 жылға шейін Бузулуг қаласында сот тергеушісі болады.

Шілдеде өткен жалпы қазақтық съезде Торғай облысынан Құрылтай жиналысына депутаттыққа ұсынылады. Ал желтоқсандағы съезде Торғай облысынан Алашорда үкіметінің мүшелігіне өтеді.

1918 жылы 11 қыркүйекте Уфада Ә. Бөкейхановтың төрағалығымен өткен Алаш орданың шұғыл шақырылған тарихи мәжілісіне қатысады. Онда «Ойыл уәлиаты (уәлаяты)» таратылып, оның орнына «Алаш орданың» Батыс бөлімшесі құрылады.

Кеңес үкіметі кезінде заң саласына ауысады.

1927 жылы 5 қаңтарда Ленинградта көз жұмып, жерлеу рәсіміне Ә.Бөкейханов, Ә.Сейдалин және студенттер М.Әуезов, Ә.Марғұлан, баласы Батырбек пен татар зиялылары қатысады.

Бақтыкерей Құлманов
(1859-1919)

Алаш орда үкіметінің мүшесі, 1-2 Мемлекеттік Дума мүшесі, шығыстанушы, алғашқы ғылым кандидаты. Құлманов Бақтыкерей 1859 жылы 22 желтоқсанда Астрахань губерниясындағы Никольск селосының маңайында (қазіргі Атырау облысы, Теңіз ауданында) туған. Орынбор ерлер гимназиясын күміс медальға бітірген. Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне түсіп, кейіннен шығыстанушы мамандығын алып шығады, кандидаттық қорғайды. Туған жеріне оралып, әкім ретінде мектептер ашады, емдеу пункттерін көбейтеді. 1919 жыл, Бөкей ордасынан, шығыстанушы.

1907 жылы Ресейдің 1-2 Мемлекеттік Думасына қатарынан екі рет мүше болып сайланады. 1917 жылы шілдеде Орынборда өткен Жалпықазақтық съезде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына Бөкей ордасынан депутаттыққа ұсынылады. Осы жылғы желтоқсандағы съезде Алаш орда үкіметіне мүшелікке сайланады.

Алаш орда үкіметінің торағалығына Ә.Бөкейханов, А.Тұрлыбаевтармен бірге Б.Құлмановтың ұсынылуы көп жайттан хабар береді.

1918 жылы Уфа қаласында өткен Алаш басшыларының жиналысында қашықтық пен жол нашарлығына орай бүкіл елді бір орталықтан басқару қиындығын ескеріп, «Алаш орданың» Батыс бөлімшесі» құрылып, басқару құрамына Бөкей ордасынан Б.Құлманов сайланады.

Бұл бас қосудан елге ауырып оралған ол 1919 жылы Жаңақалада қайтыс болады.

Базарбай Мәметов
(1888-1946)

Жетісу облысынан Алаш орда үкіметіне мүшелікке сайланған, мамандығы – заңгер. 1888 жылы 20 мамырда Жетісу облысы, Лепсі

уезі, Балқаш-Лепсі болысында (қазіргі Сарқант ауданы) дүниеге келген. Верный ерлер гимназиясын, Қазан университетінің заң факультетін бітірген.

Жоғары оқу орнында оқып жүрген кезінен саяси өмірге араласа бастайды. 1916 жылы «июнь» жарлығы шығып, тыл жұмысына бара жатқан сауатсыз қазақ жастарына «Қазақ» газеті арқылы үндеу жолдайды.

Ақпан төңкерісінен соң Алаш қозғалысының жұмысына кіріседі.

1917 жылы шілдеде Орынборда өткен Жалпықазақтық съезде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына Жетісу облысынан депутаттыққа ұсынылады. Сонымен қатар, Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесіне (Шоро-и-Исламға) өкіл болып сайланады. Осы жылғы желтоқсандағы съезде облыстардан тысқары, жалпы қазақ атынан Алаш орда үкіметінен мүшелікке сайланады. Бұл Мәметов Базарбайдың абыройлы азамат болғандығын көрсетсе керек.

Азамат соғысындағы Мәметов Базарбайдың ұстанымы өзі сынды ұлтжанды азаматтар сияқты қазақ халқының амандығы болды. Осы тұрғыда ол Семейде 1918 жылы 1-інші Алаш полкін жасақтауға және Жетісу өлкесінде қазақ жігіттерінен Алаш сарбаздарын ұйымдастырады.

Мәметов Базарбай ашыққан елге де қол ұшын созады. Жетісу жерінде Садық Аманжолов екеуі көмек комитетін құрады. 1918 жылы тамыз айында Лепсіде өткен Алаш орданың Жетісу облыстық екінші қазақ съезіне қатысып, оның кеңесіне мүшелікке өтеді. Алашорда мүшесі, Лепсі көмек комитетінің төрағасы Мәметов Базарбай большевиктер тыңшысы деген жалған жала жапқан адмирал Колчакқа Алаш зиялылармен бірге Мұхамеджан Тынышпаев ара түсіп, хат жазады.

Сондай-ақ Жетісуда қазақ-орыстардың қазақ ауылдарына жасаған айуандық істерін және Отыншының ерлік өлімін Семейге алғаш жеткізген әрі осыларды «Абай» журналына жазған Б.Мәметов пен Ы.Жайнақов еді.

Ал кеңес кезінде Б.Мәметов қуғындалып, 1928 жылы

ұсталып, тұтқындалады. 1931 жылы отбасымен бірге Саратовқа жер аударылады. Содан Қарақалпақстан, Жамбыл және Талдықорғанда шаруашылық қызметтерде болып, 1946 жылы дүние салады.

Уалитхан Танашев
(1887-1968)

Алаш орда үкіметіне мүшелікке сайланған, мамандығы – заңгер. 1887 жылы, Ішкі Бөкей ордасының, 2-Теңіз жағалауы округі, №3-болысында туған.

1908 жылы Астрахань гимназиясын, сосын 1912 жылы Қазан университетінің заң факультетін бітірген. Еңбек жолын адвокат болып бастайды.

Ақпан төңкерісінен кейін Қазанда құрылған мұсылман комитеті басшыларының бірі болады. 1917 жылы сәуірдің басында Орынборда өткен Торғай облысы қазақтарының съезіне қатысып, мәжіліс төралқасына өтеді.

1917 жылы 21 сәуірде Хан ордасындағы Бөкей ордасы қазақтарының съезін өткізуге Уалитхан Танашев белсенділік танытады. Онда жергілікті басқару құрылымы қаралады.

Осы жылы шілдеде Орынборда өткен Жалпықазақтық съезде Бөкей ордасынан Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа ұсынылады. Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне қатысып, Атқару комитетіне үш қазақ зиялыларының съезін ұйымдастырып, Ресейдегі саяси ахуал туралы баяндама жасайды. Және осы еңбектеріне орай желтоқсанда Алаш орда үкіметінің мүшелігіне сайланады.

Алаш Орда үкіметі атынан Ресейде, Сібірде құрылған мемлекеттік дәрежедегі ұйымдармен келіссөз жүргізеді. Сонымен қатар, «Ойыл уалиаты (уэлаяты)» таратылып, оның орнына «Алаш орданың» Батыс бөлімшесінің құрылуы жұмыстарының басында Уалитхан Танашев жүреді.

Кеңес үкіметі кезінде көптеген лауазымды қызметтер атқарады. Қазанда АКСР-інің Жоғарғы Сотында адвокат болып жүрген

1937 жылы және 1949 жылы Татар республикасында қуғынға ұшырайды. 1955 жылы айдаудан келіп, зейнет демалысына шығып, 1968 жылы Алматыда қайтыс болады.

Айдархан Тұрлыбаев
(1877-1937)

1877 жылы 25 тамызда Ақмола облысы, Көкшетау уезінің Мезгіл болысында туған. 1897 жылы Омбы гимназиясын, 1902 жылы Санкт-Петербург университетінің заң факультетін бітірген.

Патша үкіметі құлап, қазақ даласында ұлттық мәселелер көтеріле бастаған тұста соның бастау ретінде 1917 жылы 25 сәуір – 5 мамыр аралығында 150 делегаттың қатысуымен Омбы қаласында өткен Ақмола облыстық қазақ съезі өтеді. Съез төрағалығына Айдархан Тұрлыбаев, орынбасарлығына Асылбек Сейітов сайланады.

1917 жылы шілдеде Орынборда өткен Жалықазақтық съезде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына Ақмола облысынан депутаттыққа ұсынылады. Сонымен қатар, Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесіне (Шоро-и-Исламға) өкіл болып сайланады. Осы жылғы желтоқсандағы съезде Ақмола облысынан Алаш орда үкіметіне мүшелікке сайланады.

Сондай-ақ Айдархан Тұрлыбаев әріптестері Х.Ғаббасов, М.Тынышпаев және Б.Мәметовтермен бірге Семейде 1918 жылы 1-інші Алаш полкін жасақтауға белсене қатысады.

Кеңес үкіметі келген соң Омбы қаласында заң саласында қызмет істейді. 1934 жылы кеңестік билік оны қамап, алты ай абақтыда отырады. 1937 жылы қайыра тұтқындап, содан оралмайды.



Үшінші тарау

АЛАШҚА ҚЫЗМЕТ

СӨЗДЕН ІСКЕ КӨШЕ АЛДЫҚ ПА?

Қазақ халқы тәуелсіздік үшін жүздеген жылдар бойы күрес жүргізді. Талай азаматтарымыз осы жолда құрбан болды. Тоқсаныншы жылдарға дейін және сол жылдардың өзінде бодандықтан құтылып, жеке ел боламыз деген идеяны көтерген, таратқан жандардың қаншамасы өзінің бостандығын берді, қызметінен айырылды, болашағына балта шабылды. Тәуелсіздік ешқашан тегін келмейді. Сондықтан Тәуелсіздіктің асқан күреспен, қан мен тер арқылы келгені – анық!

Кеңес үкіметі тарап, қазақ елі өзінің теңдігін алғаннан кейін де, ұлттық құндылықтарымызды қайта жаңғырту мәселесі күн тәртібінен түскен жоқ. Осы бағытта жұмыс істеген, қазір де жұмыс істеп жүрген азаматтар да жеткілікті. Алайда, өкінішке орай, бұларға лайықты көңіл аударып жатқан жоқ. Оларға мемлекет тарапынан жасалып жатқан құрметті де көрмейміз. Демек, осы олқылықтардың орнын толтырып, сол азаматтарды, олардың ұлты үшін жасаған қасиетті жұмыстарын тарихта қалдыру – өзіміздің міндетіміз. Осы мақсатта бұдан бірнеше жыл бұрын мемлекетшіл тұлға, алашшыл азамат және ұлт жанашыры Дос Көшім ағаммен бірге «Ұлтым деп соққан жүректер» атты анықтамалық шығарған болатынбыз. Сонда «мен ұлтқа нендей қызмет атқара алдым?» деген сұрақ мазалағаны бар еді.

Ұлтқа «өлшеусіз қызмет» етпесек те, қолдан келгенінше бұл

тұрғыда өзімізше іс атқарып келеміз. Оны «мынаны істедім» деп міндетсініп, не «жарнамалап» жүргеніміз жоқ. Соның ішіндегі тақырыпқа сай Алаш мәселесінде атқарған істерімізден хабар беретін жобаларды, құжаттарды, хаттарды т.б. осы тарауға топтастырып бердім. Мұнда кезінде ұсынылған жобалардың жүзеге асқаны бар, өкінішке қарай, қайбірі қолдау таппай ұсыным жоба күйінде қалғандары да бар.

Мұнда негізінен Алаш орданың тоқсан жылдығы мен жүз жылдығын атап өту жөніндегі шараларға қатысты және жалпы Алаш қозғалысы мен оның қайраткерлерін ұлықтау турасындағы жобалар топтастырылды. Бұлардың ішінде бұрнағы Алаш мәселесінде әлі жарық көрмеген тың жобаларым да баршылық. Ол «Алаштың ән мұрасы» атты Алаш қайраткерлерінің музыкалық мұрасы негізінде кең көлемде, республикалық деңгейде қойылатын концерт еді. Алайда осы сында Алашқа қатысты тың жобалардың жүзеге асуы биліктің биік баспалдағында жүрген шынайы мемлекетшіл тұлға, іскер басшылар мен көкірегінде саңылауы бар қалталы ұлт жанашырының қолдауына зәру болып тұр. Мендегі міндет әзірге сол азаматтарға аталған жобаларды ұсыну, түсіндіру, қолдаушылар мен демеушілер іздеу болып отыр.

«АЛАШТЫҢ ӘН МҰРАСЫ»

(Алаш орданың 100 жылдығына арналған концерт)

Қазақ тарихында өзіндік орны ғана емес, сан ғасырларға кететін тағылымы зор, өткеніміз бен өткеліміздің темірқазығы іспеттес Алаш қозғалысы, Алаш автономиясы әлі де сан қырынан таразылайтын тың тақырып. Бұған қазақтың тұңғыш ұлттық үкіметі Алаш орданың жүз жылдығын биыл атап өту барысында анық көз жетіп отыр. Осы ретте алаштану мәселесіндегі мән берілмей келе жатқан қыры – «Алаштың ән мұрасын» рухани айналымымызға қосу парыз.

Мақсат – Алаш арыстарының музыка тіліндегі арман-аңсары мен Алаш идеясымен жақын танысып, Алаш арыстарының рухымен сырласқысы келетін, сондай биікке ұмтылатын көрермен

көкейіне үміт, жүрегіне сенім ұялату. Алаш идеясының әлеуметтік қуаты мен маңызын бүгінгі күн тұрғысынан таразылап, көрермен назарына ұсыну. Алаш арыстары тағылымының күн тәртібінен түспейтін өзектілігін, олардың биік тұлғалық тұрпаты мен ұлықталуға тиіс ұлттық болмыс-бітімін және жастарға берер тәлім-тәрбиесін олардың музыкалық мұрасынан табу. Ұлы тұлғалардың өнегелі өмірі мен өлмес музыкалық мұрасын бүгінгі жас буынға, жалпы қауымға үлгі ретінде ұсынып, ұрпақтар үндестігін жалғастыруға, рухани дамуға және ұлттық санаға жол ашу.

«Алаштың ән мұрасы» атты концерттің басты міндеті: откен ғасырдың басындағы бетке ұстар Алаш азаматтары бастап, бүгінге дейін жеткен қазақтың асыл арман-аңсары мен ұлт-азаттық мақсат-мұратын қаншалықты басып-жаншығанымен, нешеме рет саяси қуғын-сүргінге ұшыратқанымен арда мінезін мұқалта алмағандығын мадақтау және тарихи жадыны жаңғырту болып табылады.

XX ғасырдың басындағы Алаш арыстарының әндері дегенде алдымен еске Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов, Шәкәрім Құдайбердіұлы оралады. Алаш арыстары шығарған әндер көшінің басында Міржақып Дулатұлының «Алаш гимні» тұр. «Міржақыптың осы әні он алтыншы жылдың қаралы зобалаңының шырағы болып, ұраны боп, жеңімпаз маршы боп он жетінші жылдың қазан төңкерісінің сұрапыл өртіне араласты да кетті. Бірақ Алаш көсемдері бұл құтсыз төңкерісті күткен жоқ-ты.

1918 жылы «Абай» журналының жетінші санында Жүсіпбек Аймауытовтың өлеңі – Алаш ұранына айналған «Ғаскер өлеңі» жарық көрді. Осы жылы әні де шығып, айтыла бастады. Әнші Жоламан Құжымановтың орындауында айтылып жүрген «Бұл әннің әуені Міржақып Дулатовтікі» дейді музыка зерттеушісі Ілия Жақанов өзінің «Үзілген ән» атты кітабында.

Ал Ахмет Байтұрсыновтың «Анаға хат» атты өлеңі автордың түрмедегі азапты күндерін суреттейді. Ахмет Байтұрсыновтың бұдан басқа «Аққұм» және «Кәмшат бөрік» атты әндері бар. XX ғасырдың реформаторы, түркітанушы ғалым, қазақ ұлттық ғылымының негізін салушы, мемлекет және қоғам қайраткері Ахмет

Байтұрсынұлы Затаевичтің өңдеуіндегі халық әндері мен күйлері – «Ага-гу», «Арғын», «Балқадиша», «Қарғам-ау», «Кұрышқан», «Әйда, былпылым!» және «Тепеңкөк» сынды шығармаларды зерттеді. Осындағы екі күйді ұлттық аспапта ойнап, жеткізуші – Ахмет Байтұрсынұлы. Мұнан басқа Ахмет жеткізген бірнеше әндер бар. 1923 жылы Ахметтің 50 жас мерейтойында Затаевичтің өзі фортепианода ойнап, Ахаңа үлкен ілтипат жасаған. Өкінішке қарай, бұл көп жылдарға дейін айтылмай келді.

Алаш кезеңінде артында өлеңдерімен бірге көптеген ән қалдырған адам – Шәкәрім Құдайбердіұлы. Шәкәрім әндерінің ішіндегі сол кездегі қоғамға қарсылық тақырыбында жазылған ән «Анадан алғаш туғанда» және «Сұраған жанға сәлем айт».

Міне, Алаш қайраткерлерінің ән мұрасына қысқаша шолу. Алаш қозғалысын кеңінен танытуда олардың осы алтын қазына – музыкалық мұрасына бойлау, насихаттау қажет-ақ. Бұл ретте елімізде тұңғыш рет ұйымдастырылатын «Алаштың ән мұрасы» атты концертті Алаш орда үкіметі құрылған желтоқсан айында (1917 жылдың желтоқсанының 12-сі күні құрылды) өткізу жаспарланып отыр. Концертте орындалатын Алаш арыстарының әндері мен күйлерінің тізімі төмендегіше:

1. Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді. Әні мен өлеңі: Ш.Құдайбердіұлы. Ор.: Т.Асар;

2. Қапездің қоштасуы. Әні мен өлеңі: Қ.Байғабылов. Ор.: Р.Стамғазиев;

3. Алаш маршы. Өлеңі: Міржақып Дулатов. Ор.: Жоламан Құжыманов;

4. Алаш ұраны. Өлеңі: Міржақып Дулатов. Ор.: Жоламан Құжыманов;

5. Сұраған жанға сәлем айт. Өлеңі: Шәкәрім Құдайбердіұлы. Ор.: К.Өлмесекөв;

6. Анамнан алғаш туғанда. Әні мен өлеңі: Ш.Құдайбердіұлы. Ор.: К.Сыздықова;

7. Арман. Күй: Ахмет Байтұрсынұлы. Ор.: Мақсат Тілепберген;

8. Жиырма бес. Әні мен өлеңі: Ахмет Байтұрсынұлы. Ор.: Қапаш Құлышева;

9. Кәмшат бөрік. Әні мен өлеңі: Ахмет Байтұрсынов. Ор.: Бағылан Бәбіжан;

10. Елу сегіз. Күй: Сармантайдың Ахметжанының күйі. Ор.: Сәрсенғали Жүзбай;

11. Қоңыр. Күй: Әбікен Қасеновтың С.Сейфуллинге арнаған күйі. Ор.: Ә.Қасенов;

12. Қосбасар. Күй: Әбді Рысбекұлы. Ор.: Әбікен Қасенов. (Атылар алдында соңғы өтінішім деп, Әбікен Қасеновті арнайы шақыртып, күйді үйретіп кеткен);

13. Отбасы. Күй: Әбді Рысбекұлының халықпен қоштасып кетіп бара жатқанда шығарған күйі. Ор.: Саян Ақмолда;

14. Алаш ұраны. Өлеңі: Сұлтанмахмұт Торайғыров. Ор.: «Алашұлы» тобы.

2017 жыл.

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

«Алаш» қозғалысына 90 жыл: Ұлт-азаттық күресіндегі жастардың орны» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция

**Республиканская научно-практическая конференция
«90 лет движению «Алаш»: роль молодежи в национально-освободительной борьбе»**

Өтетін уақыты: 2008 ж., 23 қазан, бейсенбі, сағ: 11:00.

Время проведения: 2008 г., 23 октября, четверг, 11:00 ч.

Өтетін жері: «Гранд-отель – Тянь-Шань» қонақ үйі.

(Богенбай батыр көшесі 115, Д.Қонаев көш. қиылысы)

Место проведения: Гостиница «Гранд-отель Тянь-Шань».

(улица Богенбай батыра, 115, на пересечении ул. Д.Конаева)

Қазақ бола ма, болмай ма деген сауал талқыға түскен жиырмасыншы ғасырдың басында дер уағында дүниеге келген Алаш идеясын уағыздаушы әрі жүзеге асырушы қайраткерлердің

ұлт ісіне ерте есейген есті сана – жалындап тұрған жастық жігермен кіріскендіктері алдыңғы кезекте көрініс береді. Басында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов және Міржақып Дулатов сынды жол сілтер Алаш көсемдері тұрған алыптар шоғырының абыройлы ісіне тың серпін, жаңа тыныс берген жас шамасы жиырма-жиырма бестің, әрі кетсе отыздың о жақ, бұ жағындағы орендер еді. Яғни, мұқым Алашқа ұран болған Алаш идеясы – ақыл тоқтатқан аға буынның бастауымен ерте есейген жас ұрпақтың жалғастыруымен тағылымы бүгінге сабақ боларлық салмақты да жасампаз идея.

Иә, бастау бұлағы сонау Алаш қозғалысынан терең тамыр тартатын, байырқалайтын тұсы 1986 жылғы жастардың желтоқсан көтерілісімен тұйықталатын тағылымы зор тарихи бірізділігімен ерекше Мәңгі жас – Алаш идеясының бүгінгі жаңа буын, жас ұрпаққа берер сабағы турасында ойлану қажеттігі туындайды. Бұл ретте тарихи тұрғыдан тәрбиелеу мәселесі, атап айтқанда: сол аға буынның қабырғасын қайыстырып, іргесін сөгіп кетуге қауіп тудырған зауалдың ендігі уақытта алдын алу, оның саяси, рухани, әлеуметтік зардаптарынан арылу жайы алды орайды.

Алаш қозғалысынан бастау алған жасампаз идея – Ұлт-азаттық идеясы алпысыншы жылдары «Жас тұлпар» ұйымы болып бас көтеріп, жетпісінші жылдары «Жас қазақ» бірлестігі болып жанданып, одан жиырмадан аса жасырын жастар ұйымдарына ұласқан ағысқа қарсылық ақыры 1986 жылғы ызғарлы желтоқсан көтерілісіне алып келді. Біздіңше, жастық лептің дем беруімен тарихи бірізділік бойынша дамыған бұл асқақ тарихымызды бүгінгі ұрпақ білуге тиіс. Сабақ алуға міндетті. Тағзым етуі парыз.

Міне, осы мәселе «Алаш» қозғалысына 90 жыл: Ұлт-азаттық күресіндегі жастардың орны» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияда талқыланбақ. Конференцияда журналист-публицист Болатбек Төлепбергениң «Мәңгі жас – Алаш идеясы» кітабының тұсаукесері болады.

Ұйымдастырушы: Алматы қаласы Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қоры

Организатор: Государственный фонд развития молодежной политики г. Алматы

АЛАШ АРЫСТАРЫНА АРНАЛҒАН ШЫҒАРМА

«Мәңгі жас – «Алаш идеясы». «Алматы» баспа үйінен» жуырда ғана жарық көрген жаңа кітап осылай аталады. Көп жылғы публицистикалық зерттеулері мен мақалаларын тоғыстырған бұл еңбегінде публицист Болатбек Төлепберген қалың оқырманға қазақ елінің ежелден аңсаған ұлттық мұрат-мүддесін қорғау жолында туындаған қоғамдық құбылыстарға байланысты өз тұжырымдарын ұсынады.

Алаш идеясымен сусындаған жаңа туынды жиырмамыншы ғасырдың түрлі кезеңдеріндегі ұлт-азаттық қозғалыстар арасындағы өзара логикалық байланысты ұтымды баяндайды. Автор Алаш идеясы үшін күресті кешегі кеңестік билік жағдайында жалғастырған қоғамдық ұйымдар мен жеке азаматтардың қызметін құжаттық материалдар арқылы нақты көрсеткен. Сондай-ақ жаңа туынды бүгінгі қазақ жастарының саяси-әлеуметтік жағдайын да назардан тыс қалдырмайды. Қайта автор аталған тақырыпты тереңдей зерттеген.

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, «Мәңгі жас – Алаш идеясы» – публицистикалық жанрдағы еңбек. Яғни, автор өз еңбегіне «елім деп туған» арыстардың ел үшін істеген қызметтерін арқау еткен. Біле білсек, Алаш идеясы белгілі бір топ құрған жасанды құбылыс емес, ол – ұлтпен бірге өмір сүретін, сол ұлт өмірінен тамыр алған құндылықтар жиынтығы. Ендеше, автордың Алаш идеясы – «талай тар жол, тайғақ кешулерді» бастан өткерген қазақ ұлтының сол тарихи кезеңдерінің куәсі. Рас, Алаш қайраткерлерін өмірден біржола ығыстырып тастауға көп күш жұмсаған кешегі Кеңес үкіметі өмірден өтісімен, Алаш арыстарының есімі қайта жаңғырды. Мұның өзі Алаш идеясының өміршеңдігін тағы бір нақтылай түседі.

Алаш қозғалысының қайраткерлері турасында сөз қозғағанда біздің белгілі тұлғаларды ғана білетініміз анық. Ал осы Алаш көсемдерінің басы-қасында көмекші болып, қозғалыс жұмысының бұқаралық сипат алуы жолында аянбай тер төккен

ерлер үнемі тасада қала береді. Олай болса, сол азаматтар жайындағы деректердің рухани айналымға қосылуы кезек күттірмейтін мәселе. Бүгінгі тәуелсіздігімізді алуға бастау болған «Алаш» партиясы басшыларының ғана емес, қатардағы мүшелерінің де елдік пен ерлік соқпағындағы сан тарау салиқалы істері бүгінгі ұрпаққа өнеге. Осы тұрғыдан автор оқырман қауымға мүмкіндігінше Алаш арыстарымен қатар, «Алаш орда» үкіметінің белгісіз министрлері мен қатардағы қарапайым мүшелері және оларға қолқанат болған алашшыл жастардың да өмірдерегін ұсынады.

Бұл туралы Болатбек Төлепберген:

«...Алаш қозғалысына қатысқан әрбір азаматтың өмірбаянында қазақ ұлтының бостандығы мен тәуелсіздігіне деген ұмтылыстың ұшқындары қылаң берері анық. Сондықтан да олардың тізе қосуына түрткі болған бір ғана мәселе – қазақ ұлтының азаттық алу мәселесі. Осы тұрғыдан келгенде Алаш қозғалысына тікелей қатыспаса да, бірақ Алаш идеясын мақсат тұтып, қаймана қазақ камы үшін еңбек етіп, елінің азаттығын аңсаған азаматтарды да қалыс қалдырмауды мақсат тұттық», – деп көрсетеді.

Әлбетте, көзіқарақты қауымға Алаш арыстарының қызметі, шығармашылығы мен ел үшін сіңірген еңбегі жақсы таныс. Ал бұл жерде автор Алаш арыстарының көлеңкесінде қалып, әлі күнге дейін жұртқа таныла алмай жатқан қарапайым алашшыл жастардың есімін жарыққа шығаруға көп көңіл бөлген. Не десек те, публицистің жаңа кітабы «Алаш» партиясының ірі құбылысқа айналған үлкен қозғалыс деңгейіне көтерілгендігі турасындағы тарихи мәліметтерді толықтыра түседі.

Болатбек Төлепберген – 1986 жылдың желтоқсанында империялық озбырлыққа қарсылық көрсеткен қазақ жастары жөнінде орнықты пікір білдіріп жүрген публицист. Осы еңбегінде де бұл жайында автор «сексен алтыда жастар алаңға алаңғасырлықпен шықты» деген жаңсақ пікірге нақты да нанымды фактілермен жауап береді.

Жалпы Алаш арыстарын арқау еткен еңбек «Алаш қозғалысынан тәуелсіздікке дейін», «Алаш орда» үкіметінің

мүшелері, Алаш арыстары, алашшыл жастар» сондай-ақ «Жасампаз идеяның жалғасы» деген үш негізгі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімге ғасыр басындағы қазақтың ұлт зиялылығына айналып, алашордалық алыптар шоғырын бастап, халқының қамын ойлағаны үшін жалған жала жабылып, жаза арқалаған Алашорда үкіметі мүшелерінің өмірбаяны өзек болса, аты аталып тұрғандай екінші бөлімге Алаш қозғалысының қайраткерлерімен қатар, аталған қозғалысқа тікелей қатыспаса да тілектестік білдіріп, елдің азаттығы жолында арпалысқан азаматтардың өмірдері берілген. Үшінші бөлімді алашшыл жастармен бірге сол кездегі жастар қозғалыстарына белсене қатысқан жетекшілердің мәліметтері толықтыра түседі. Бір сөзбен айтқанда, автордың дйттеген мақсаты – Алаш идеясы, яғни азаттық жолында күреске түскен азаматтардың ешқайсысы да аталған еңбекте ұмыт қалмаған.

*«Нұр Астана»,
30 қазан, 2008 жыл.*

Алаш идеясының мәні

Кеше Алматыдағы Тянь-Шань қонақүйінде Алматы қалалық Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қорының ұйымдастыруымен Алаш қозғалысының 90 жылдығына орай «Ұлт-азаттық күресіндегі жастардың орны» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Онда Алаш идеясын жүзеге асырушы Әлихан Бокейханов, Ахмет Байтұрсынов және Міржақып Дулатов сынды қайраткерлердің тағылымы бүгінгі ұрпаққа үлгі боларлық іс екендігі және бүгінгі жастар сол идеяның бағасы мен мәнін терең түсінуі керектігі баса айтылды.

Конференция аясында журналист-публицист Болатбек Төлепбергеннің «Мәңгі жас – Алаш идеясы» кітабының тұсауы кесілді.

*«Қазақ әдебиеті»,
24.10.2004 жыл.*

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ – ЖАСТАР

АЛМАТЫ. Қазанның 28-і. ҚазАқпарат (Ерлік Ержанұлы)

Қазақ тарихында Алаш идеясы, Алаш қозғалысы, Алаш автономиясы әлі де сан қырынан таразылайтын тың тақырып. Ол қазақтың демократиялық негізде қалыптасқан Алаш орда үкіметінің 90 жылдық мерейтойы кезінде де айқын аңғарылуда. Біз осыған орай қазақтың ұлт-азаттық күресіндегі жастардың орны туралы зерттеуші, публицист Болатбек Төленбергенді әңгімеге тартқан едік.

– Мәңгілік Алаш идеясын жүзеге асырудағы қазақ зиялыларының рөлін сіз қалай бағалайсыз?

– Өткенге көз жіберсек, Алаш идеясының ХХ ғасырдың бас кезіндегі уағыздаушы әрі жүзеге асырушы қайраткерлері ұлт ісіне ерте есейген есті санамен, жалындап тұрған жастық жігермен күлшына кіріскендіктерін байқауға болады. Басында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов сынды жол сілтер көсемдері бар алыптар шоғырының абыройлы ісіне тың серпін, жаңа тыныс берген жас шамасы 20-25, әрі кетсе 30-дың о жақ, бұ жағындағы жастар еді. Олар өз әрекеттері арқылы Алаш идеясының өміршеңдігі ұрпақтар жалғастығында екенін ұғындырып кетті. Оны жақсы түсінген әрі Алаш идеясының баянды болуына бар ынта-ықыласымен еңбек еткен, арқалы ақын-жазушылар Мағжан Жұмабаев пен Жүсіпбек Аймауытов сол тұста бірі 24-те, екіншісі 28-де еді. Ал 1925 жылы «Алаш» партиясын құрушылардың қатарындағы ең жас көсем, Алаш орда үкіметінің мүшесі Әлімхан Ермеков 25 жасында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов және Мұхаметжан Сералиндермен бірге Коммунистік партия көсемі Ленинге көршілес елдерге өтіп кеткен шекарадағы қазақ жерлері қазақ халқынікі екенін дәлелдеп, көзін жеткізіп, мәселені қазақтың пайдасына шешеді.

«Алаш» партиясының белсенді мүшесі болған, кейіннен алашшыл азаматтарға қауіп төнгенде ағалардың ақылын тыңдап,

мұраты бір жас алашшылармен бірге компартия қатарына өткен Мұхтар Әуезов, Дінмұхамед (Дінше) Әділов, Смағұл Сәдуақасовтар сол уақытта небәрі 17 жастың шамасында еді. Қошке Кемеңгеров пен Сұлтанбек Қожанов болса 20-дан енді ғана асқан болатын.

– *Олар Алаш орда үкіметі таратылып, большевиктер Қазақстанда да билікті толықтай өз қолына алған кезде де бір-біріне адал серік болып, халқына қызмет еткен жоқ па?*

– Иә. Жасы 20-дан асар-аспас кезінде үлкен қызметтер атқарып, есімі ел аузына іліккен Тұрар Рысқұлов Түркістан АССР-і үкімет басшысы ретінде 1920 жылы тарих сахнасынан кеткен Алаш қозғалысының жетекшілері мен белсенді мүшелеріне қолынан келгенше көмек көрсетті. Тұрар Республика үкіметін басқарған тұста Ахмет Байтұрсыновтың, Халел Досмұхамедовтың, Жүсіпбек Аймауытовтың, Мағжан Жұмабаевтың, Мұхамеджан Тынышпаевтың және т.б. аса көрнекті қазақ зиялыларының Ташкент пен Қазақстанның оңтүстік өңірін паналап, ғылыми, педагогикалық және шығармашылық жұмыспен айналысуға мүмкіндік алғаны еш күмән тудырмайтын жәйттер.

– *Тарихқа көз жүгіртсек, 1905 жылғы Қарқаралы петициясынан кейін жаңа даму сатысына түскен Алаш қозғалысының дамуына 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі мен 1917 жылғы ақпан төңкерісі тың серпін берген сияқты.*

– Шынында да қазақ зиялыларының ұлт қамын ойлап, жұдырықтай жұмылуына бұл екі оқиға үлкен әсер етті. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің негізгі себебі – патшалық Ресейдің ұлттық және әлеуметтік езгісінің шектен шығуы еді. Қанаушылық пен тонаушылық, ең сорақысы, қазақ жерін жаппай иемдене бастаған басқыншылық қазақтарға шегінерге жер қалдырмады. Дәл сол кезде еңбекке қабілетті ер-азаматтардың барлығын қара жұмысқа алу туралы шешім тұтанғалы тұрған отқа май құйғанмен бірдей болды. Алаш зиялылары бұл мәселеде салиқалы пікір ұстанды. Ахмет Байтұрсынұлы: «Қазақ секілді іргелі жұрт өзгелер қатарында соғыс майданында қару-жарақ асынып, мемлекетті қорғауға лайық еді, қатарда жоқ қара жұмысқа байлануын кемшілік

санаймыз», – деп өз ұлтының ешкімнен кем емес екенін айтып, патшалық Ресей саясатының солақай бағытты ұстанғандығын сынайды. Ал патша ағзам жарлығымен қара жұмысқа алынуы тиіс жарты миллионнан астам қазақ жастарына жолдаған үндеулерінде Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханов пен Міржақып Дулатов: «Бірі – барса, алынған жігіттер қазаға, бейнетке аз ұшырайды, екіншісі – «бармаймын» деп қарсылық қылса, елге зор бүліншілік келеді» деп, қан төгілуін қауіп қылып, бұл амалсыздық шарасы екенін алға тартты. Яғни, бұл жағдай Алаш зиялыларының іштей буырқанып, толысып, қарсылықты қалайша білдіру қажеттігін іздене түсуіне түрткі болды.

– Жалпы 1917 жылы қазақ тарихында ерекше есте қалатын оқиғалар көп болды. Ұлттық-демократиялық тұғырнамадағы Алаш партиясы өмірге келіп, Ресей империясы құрамында Алаш автономиясын құру туралы ұсыныс жария етілді. Сондай-ақ Алаш автономиясының Ұлттық Кеңесі – Әлихан Бөкейханов бастаған Алаш орда үкіметі құрылды деген сияқты.

– Алаш орда үкіметінің құрылуы 1917 жылы желтоқсанның 5-13 аралығында Орынборда өткен жалпы қазақ съезінің шешімімен жүзеге асты. Съезді ұйымдастырушылар – Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Елдес Омаров, Сағындық Досжанов және Міржақып Дулатовтар еді. Съезд сол кездегі қазақ ұлты үшін маңызды деген он мәселені талқыға салды. Онда бірінші баяндаманы Әлихан Бөкейханов жасап, қабылданған қаулыда қазақ-қырғыз автономиясын жариялау, милиция һәм Ұлт кеңесін құру мәселелерін қарауға жеті кісілік комиссия құрылады. Осы құрылған комиссия атынан Халел Ғаббасов автономия жариялау, милиция мен Ұлт кеңесін құру мәселелері бойынша баяндама жасайды. Аталған баяндама бойынша съезд бірауыздан:

«1) Бөкей елі, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария, облыстары, Ферғана, Самарқан облыстарындағы, Амудария бөліміндегі, Закаспий облысындағы қазақ уездері және Алтай губерниясындағы іргелес жатқан қазақ облыстарының жері бірыңғай, іргелі халқы қазақ-қырғыз, қаны, тұрмысы, тілі бір болғандықтан, өз алдына ұлттық, жерлі автономия құруға;

2) қазақ-қырғыз автономиясы – «Алаш» деп аталсын...

6) Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау мақсатымен уақытша Ұлт кеңесі құрылып, мұның аты «Алаш орда» болсын. Алаш ордасының ағзасы (мүшесі) 25 болып, 10 орын қазақ-қырғыз арасындағы орыс және басқа халықтарға қалдырды. Алаш орданың уақытша орны – Семей қаласы. Алаш орда бүгіннен бастап қазақ-қырғыз халқының билігін өз қолына алады...» – деп қаулы қылады.

– Осы жәйттер кейін большевиктердің түрлі айла-шарғымен Алаш қозғалысын тұншықтыруына түрткі болған жоқ па?

– Өкінішке қарай, тарих сахнасына толқып шыққан большевиктер Алаш ордамен тіл табыспай, өздеріне жау ретінде қарады. Айтқандай-ақ, Алаш орда большевиктерге мықты оппозиция бола білді. 1917 жылдың қарашасы мен 1918 жылдың қаңтары аралығында өткен сайлауда қазақтар көпшілік дауыспен «Алаш» партиясының бағдарламасын қолдап дауыс берді. Дегенмен де большевиктер тізеге басты. Ә дегеннен-ақ Кеңес үкіметі тарихи әділеттіліктен гөрі, әлімжеттікпен ұлт-азаттық идеясын таратушы, қазақ халқының ұлттық санасын оятушы және де отаршылдыққа қарсы күреске дем беруші қазақ ұлтының демократияшыл зиялыларының идеясын тұншықтыруға тырысты.

Осы шақта 1918-1919 жылдары Жүніс Бабатайұлы, Асфандияр Шорманұлы, Бірмұхамед Айбасұлы, Смағұл Садуақасұлы және т.б. жас кырандар Алаш идеясын ту етіп көтерген ағаларының ізін басып, қолдау білдіріп, қазақ ұлтының қамы үшін жас алашшылардың «Жас азамат» ұйымы төңірегінде тізе қосады.

– Бұл Алаш қайраткерлерінің саяси күрес жолындағы жаңа әдісі ме?

– Алаш орданың шырқау шегіне жетіп, қызмет аясы тарылған тұста одан арғы таңдау бастапқы жолдан бас тарту еді. Ленинмен болған келіссөз нәтижесіз аяқталған соң, амалсыз саясаттан мүлдем қол үзіп кету ұлт мүддесі үшін күресте ұпай әпере қоймайтыны белгілі. 1919 жылдың 4 сәуірдегі үкіметтің «кешірімінен» соң Алаш арыстары ақыры саясаттың ыңғайына иліккенімен, ұлттың қамын «ұрандатпай» шешуге кірісті. 1920 жылы Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов және Мұхтар Әуезов коммунистік партия

қатарына бекер өткен жоқ. Осы уақыттың талмауыр талабын тап басқан Әлихан Бөкейхан қазақ халқын және танылып қалған алашордашыларды аман сақтау үшін «көзге түспеген» жастар тезірек міндетті түрде коммунистік партияға өтуі керек деген пікір айтады. Алаш жұртының қамы үшін айла мен тығырықтан шығар амал іздеген олар оттан, судан тайсалмады. Айталық, Алаш идеясын толыққанды жүзеге асыруда большевиктерден жеңіліс тапқанымен таулары шағылып, тауандары қайта қойған жоқ. Қайта қайраттана, ширьға түсті. Өз елінің тарихын жақсы біліп қана қоймай, туған топырағының сүймендей жері көрші мемлекеттердің құзырына өтіп кетпесі үшін бар білігі мен батылдығын жұмсаған Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Әлімхан Ермеков және Мұхаметжан Сералиндер қазақ ұлтының бірлігімен қатар, жерінің де тұтастығын сақтап қалды. Кеңес үкіметінің көсемі Ленин бұл ретте бір жағынан әділдікке, бір жағынан саясатқа салып, қазақ зиялыларының ығына жығылды. Нәтижесінде бұрын Ресейдің құрамына өтіп кеткен көптеген жерлер Қазақстанға қайтарылып, тарихи әділеттілік орнады. Сөз жоқ, осы тұста жастардың дүниетанымының жедел қалыптасып, олардың ерте есеюіне ықпал еткен сол кездегі қазақ қоғамының талабы қозғаушы күш болды. Жастар асау уақыттың жалынынан ұстай білді. Замананың тынысын тап басты.

– *Дегенмен әттеген-ай дейтін тұстар да аз болған жоқ қой?*

– Жиырмасыншы ғасыр басындағы қазақ жастарының жетекшілерінің бірі де бірегейі Смағұл Садуақасұлы болды. Ол Алаш орданың жұмысына белсене араласып, оның Ақмола облыстық комитетін құруға атсалысады. Алаш орданың мақсат-мұратын жастарға жан-жақты түсіндіріп, әрі оларды үлгі ете отырып, Алаш орданың жастар қанаты іспетті «Жас азамат» ұйымының іргетасын қалады және оның үні – «Жас азамат» газетін жарыққа шығарды. Әрі қарымды қаламгер ретінде де Алаш идеясын сол кездерде жарық көрген басылымдарда барынша насихаттаған Смағұл Садуақасұлы «Жастар съезіне» («Еңбекшіл қазақ» газеті, 1922 жыл, 20 шілде) атты мақаласында:

«Қазақтың саяси пікірінің тарихы – қазақ жастарының

тарихы. Қазақ халқының ішінде шын саяси қозғалыс жастар оянып, жастар ұйымдасқаннан кейін ғана бар» – деген ой түйеді.

Көреген әрі уақыт сынын саралай білген сарабдал ойдың иесі Смағұл Садуақасұлы бұл еңбегінде аға толқын арасында жүрегі ұлтым деп соққан азаматтар көп болмағандығы, олардың ортақ бір істің басына жұдырықтай жұмыла алмағандығы жастарға сабақ болуға тиіс екендігін айтады.

Жалпы 1918 жылы сәуірдің 5-13 аралығында Омбыда өткен жалпы қазақ-қырғыз жастарының жиылысы олардың өміріне жаңа тыныс әкеледі. Бұл жерде бұған дейін қызмет еткен «Бірлік» және «Жас қазақ» ұйымдары қазақ жастарын біріктіргенімен, ұлт мәселесінде, Алаш идеясы төңірегінде топтасуда енжарлық танытқанын айта кетуіміз керек. Жастардың арасында басқа жолды таңдағандар бұл мәселеде шын мәнінде таңдау жасау қажеттігін көрсетіп берді. Оның үстіне дәл осы уақытта қазақ қоғамының алдында Алаш орда партиясының, Алаш орда үкіметінің бастаған ісіне қолдау білдіріп, одан әрі жалғастыратын жас алашшылардың күшіне жүгіну міндеті тұрды.

Сөйтіп, елдегі барлық дерлік, шамамен жиырма бір жастар ұйымы бір орталыққа бірігіп, «Жас азамат» ұйымы құрылды. Бұла күшті бұлайша біріктіруге аға буынның ықпалы болғаны анық. Айталық, 1917 жылы Әлихан Бокейханұлы Омбыға Орынбордан арнайы ат терлегіп келіп, ондағы көзіқарақты қазақ жастарымен кездеседі. Ел қамы, ұлт мүддесі турасында ақыл қосады. Мұндай жүздесулер жиі болғаны анық. Иә, жиырмасыншы жылдар көзі ашық, сауатты да сарабдал қазақ жастары үшін толысу, іздену, өсу жылдары болды. Жиған-терген білік пен тәжірибені олар ұлт мүддесі жолына жұмсау қажеттігін де жете түсінді. Осы жолда қиындықты да кешті, қызық пен шыжықты да көрді. Әділеттің ақ жолы жеңіл еместігіне де куә болды. Үміт пен күдік итжығыс түскен талмауыр тұстың ақырында ақиқат жеңіп шығатынына имандай илана білді.

Бұдан біздің анық байқайтынымыз, мұқым Алашқа ұран болған Алаш идеясы – ақыл тоқтатқан аға буынның бастауымен, ерте

есейген жас ұрпақтың жалғастыруымен тағылымы бүгінге сабақ боларлық салмақты да жасампаз идея.

– Әңгімеңе рақмет!

МОЛОДЕЖЬ – ДВИЖУЩАЯ СИЛА ДВИЖЕНИЯ АЛАШ

АЛМАТЫ. 5 ноябрь. КАЗИНФОРМ (Ерлик Ержанулы)

Тема движения Алаш, его идеи до сих пор являются белым пятном в казахской истории. Данный вопрос особенно актуален в канун 90-летнего юбилея Алаш Орды. В связи с этим мы взяли интервью у исследователя Болатбека Толепбергена.

– Как вы оцениваете роль казахской интеллигенции в реализации идей Алаша?

– Если обратить взгляд в прошлое, то можно заметить, что активисты и вдохновители идей Алаш Орды – в основном представители передовой молодежи того времени. Возраст лидеров движения, таких как Алихан Бокейханов, Ахмет Байтурсынов, Мыржакып Дулатов, на момент его зарождения составлял около 25-30 лет. Известные поэты-писатели Магжан Жумабаев и Жусипбек Аймауытов, которые многое сделали в продвижении идей Алаш Орды в то время, так же были молоды – М. Жумабаеву было 24 года, Ж.Аймауытову – 28 лет. Самому молодому из лидеров партии Алимхану Ермекову было 25 лет, вместе с Алиханом Бокейхановым, Ахметом Байтурсыновым и Мухамеджаном Сералиным они доказали коммунистической власти и Ленину принадлежность приграничных территорий казахскому народу, и это решило вопрос при делимитации границ в пользу казахов. Активные участники движения Мухтар Ауэзов, Динмухамед Адилев, Смагул Садуакасов в то время были в возрасте семнадцати лет. Кошке Кеменгеров и Султанбек Кожанов в возрасте 20 лет.

– Из истории известно, что в те времена, когда Алаш Орда была расформирована и к власти пришли большевики, участники

движения по-прежнему верно служили народу и были преданными соратниками.

– Да, это действительно так. Турар Рыскулов, который уже в 20-летнем возрасте был известен большими делами, занимая высокий пост при Туркестанской АССР, по возможности всегда помогал активным участникам Алаш Орды, которая в 1920 году прекратила свое существование. Благодаря Турару Рыскулову, Ахмет Байтурсынов, Халел Досмухамедов, Жусипбек Аймауытов, Магжан Жумабаев, Мухамеджан Тынышбаев и другие активисты движения нашли прибежище в Ташкенте и южных регионах Казахстана и имели возможность заниматься научной, педагогической и творческой деятельностью.

– Если обратиться к истории, то после Каркаралинской петиции 1905 года, национально-освободительное восстание 1916 года и февральская революция 1917 года дали новое дыхание развитию партии.

– В действительности эти события оказали свое влияние на Алаш Орду. Лейтмотивами национально-освободительного восстания 1916 года было попрание национальных и народных интересов российским царским правительством. Постепенно казахи стали лишаться своих земель. Поводом к восстанию стала мобилизация трудоспособного мужского населения Казахстана к работе по созданию оборонительных сооружений в районах действующей армии и на тыловые работы.

Интеллигенция Алаш Орды придерживалась такого мнения: Ахмет Байтурсынов критиковал политику царизма: «Казахи – достойный народ, который мог бы наравне со всеми защищать государство. Привлечение казахов к черной работе мы считаем унижением нашего достоинства». В своем обращении к полумиллионной казахской молодежи Ахмет Байтурсынов, Алихан Бокейханов, Мыржакып Дулатов говорили так: «Если один из вас отправится на работы, то больших лишений испытывать он не будет, а если кто откажется, то это принесет нашей стране развал», – предупреждали лидеры Алаша, понимая безвыходность ситуации, пытаясь предотвратить кровопролитие. В этой ситуации

алашординцы внутренне были против мобилизации, но вынуждены были идти на компромисс.

– В 1917 году было много запоминающихся событий. Появилась партия Алаш, было озвучено предложение о создании Алашской автономии. Создан Национальный Совет – правительство Алаш Орды под руководством Алихана Бокейханова.

– Алашское правительство было создано решением общеказахского съезда, прошедшего в период с 5 -13 декабря 1917 года. Организаторами съезда являлись – Алихан Бокейханов, Ахмет Байтурсынов, Елдес Омаров, Сагындық Досжанов и Мыржакып Дулатов. На съезде обсуждалось десять актуальных для казахского народа вопросов.

Первый доклад был зачитан Алиханом Бокейхановым, было принято постановление об объявлении казахско-киргизской автономии, и создана комиссия в составе семи человек, которая занималась бы вопросами создания милиции и Национального Совета.

От имени созданной комиссии был зачитан доклад Халела Габбасова о создании Национального совета, милиции. В итоге съезд единогласно принял постановления о следующем: «1) На территории Букеевской Орды, Уральской, Тургайской, Акмолинской, Семипалатинской, Семиреченской, Сырдарьинской областей, Самаркандской и Закаспийской области, Амударьинского отдела, киргизских (казахских) уездов Ферганской области, смежных (казахских) уездов волостей Алтайской губернии создать автономию.

2) Казахско-киргизская автономия должна называться «Алаш»...

б) В целях предотвращения разрозненности Алашских областей временно создать Национальный Совет, присвоить ему название «Алаш Орда». В состав Совета будет входить 25 участников, десять из которых будет выбираться из числа русских и других национальностей, проживающих среди казахов. Столицей временно был избран Семипалатинск. С сегодняшнего дня Алаш Орда берет власть над казахским и киргизским народом в свои руки...», – гласило постановление.

– Разве все это позже не стало поводом для того, чтобы заглушить движение Алаш?

– К сожалению, большевики не смогли найти общего языка с алашординцами и относились к ним как к врагам. Но надо сказать, что партия Алаш стала мощной оппозицией большевикам. На выборах, прошедших в промежутке между ноябрем 1917 и январем 1918 года, казахская общественность в своем большинстве отдала свои голоса программе Алаш Орды. Но большевики не остались в долгу. Они принялись подавлять и заглушать идеи демократической казахской интеллигенции, которая была вдохновителем народа на борьбу против колониальной политики, носителем идеи национальной свободы.

В этот период в 1918-1919 годы представители казахской молодежи, такие как Жунус Бабатайулы, Асфандияр Шорманулы, Бирмухамед Айбасулы, Смагул Садуакасулы и другие объединились под крылом организации «Жас азамат», которая поддерживала патриотические идеи алашординцев.

– Это был новый ход в политической борьбе Алаш Орды?

– В момент, когда сфера деятельности и полномочия Алаш Орды сократились, единственным способом существовать далее, был отказ от прежних идей. Переговоры с Лениным не увенчались успехом, а отказ от политики не мог принести плюсов в борьбе за национальные интересы. Распоряжением от 4 апреля 1919 года алашординцы получили «прощение» и продолжили защиту национальных интересов, но уже без громких девизов.

1920 году Ахмет Байтурсынов, Жусипбек Аймауытов и Мухтар Әуэзов неспроста вступили в ряды коммунистической партии. Алихан Бокейханов, понимая всеяния времени, для того, чтобы уберечь казахский народ, высказал мнение о необходимости вступления в компартию, особенно тех молодых людей, которые не были замечены в причастности к Алаш Орде. Несмотря на то, что алашординцы проиграли в борьбе с компартией, в решении земельного вопроса, благодаря усилиям таких людей как Алихан Бокейханов, Ахмет Байтурсынов, Алимхан Ермеков и Мухаметжан Сералин, была одержана победа. В результате земля, которая

некогда отошла в пользование России, была возвращена казахам, восторжествовала историческая справедливость.

– Но были и досадные моменты, не так ли?

– Одним из ярких лидеров среди молодежи 20 века был Смагул Садуакасов. Он активно был вовлечен в деятельность Алаш Орды и участвовал в создании Акмолинского областного комитета. Был основателем молодежной организации «Жас азамат», выпускал одноименную газету. В своей статье под названием «К съезду молодежи» (газета «Еңбекшіл қазақ» от 20 июля 1920 г.) С. Садуакасов писал: «История казахского политического мировоззрения – это история молодежи. У казахов политическая жизнь существует только благодаря молодым». С. Садуакасов в данном труде высказал мысль о том, что среди старшего поколения было мало людей, которые бы жили интересами нации, говорил, что их разобщенность должна послужить уроком для молодых.

Прошедший 5-13 апреля 1918 года сбор казахской и киргизской молодежи принес новые веяния в жизнь казахов. Здесь важно отметить, что существующие тогда организации «Бірлік» и «Жас қазақ», хотя и объединили казахскую молодежь, к идеям алашординцев, национальному вопросу относились с равнодушием. Тогда патриотически настроенной молодежью был поставлен вопрос о необходимости выбора позиции, была оказана поддержка алашординцам и 21 молодежная организация объединилась под началом молодежного крыла Алаш Орды, организацией «Жас азамат». В объединении молодежи, конечно, сыграли роль лидеры Алаша. Так, например, в этих целях Алихан Бокейханов не раз проводил встречи с молодежью регионов. Да, двадцатые годы были временем, когда прогрессивная казахская молодежь находилась в поиске, набиралась опыта, росла. Они понимали необходимость использования накопленных знаний и сил на благо нации. На данном пути они многое выстрадали, осознали, что путь справедливости не легкий.

Идеи Алаш Орды – это достойные уважения, созидательные идеи, реализация которых была начата старшим поколением,

продолжена рано повзрослевшей молодежью, поучительная история, которая может быть уроком для современников.

Баспасөз мәлімдемесі

Бастау бұлағы сонау Алаш қозғалысынан терең тамыр тартатын, байырқалайтын тұсы ел тәуелсіздігі жолындағы ең ірі зұлмат – 1937 жылдар тауқыметін таразылау мен тағзым ету бүгінде маңызды. Ал қазақ тарихында өзіндік орны ғана емес, сан ғасырларға кететін тағылымы зор, өткеніміз бен өткеліміздің темірқазығы іспеттес Алаш қозғалысы, Алаш автономиясы әлі де сан қырынан саралайтын тың тақырып. Бұған қазақтың тұңғыш ұлттық үкіметі Алаш орданың 90 жылдығын бүгінгі атап өту барысында анық көз жетіп отыр.

Алаш орда үкіметі мүшелерінің негізгі іс-әрекет бағыттарынан Ресей патшасының отаршылық езгісіне қарсы күрес жолындағы қазақ бұқарасының заңдық тұрғыдан құқын қорғау мәселесі анық аңғарылды. Туған халқының саяси санасын сақайтып, құқықтық сауатын ашпай қатардан қалып қоятындықтарын жақсы түсінді. Бұған қоса қазақ халқының ұлттық санасын оятуда, білімі мен білігін жетілдіруде, мәдениеті мен руханиятын дамытуда олардың әрбірі жеке тұлға ретінде үлкен үлестерін қосты. Осы бағытта олар қазақ халқының бай тарихы мен озық мәдениетін толыққанды зерттей отырып, оны кең насихаттау жұмыстарын қажетті істердің бірі ғана емес, бірегейі ретінде басымдық берді. Сондай-ақ өзге тілдердегі үздік ғылыми және публицистикалық дүниелерді қазақ тіліне аударып, рухани кеңістіктің аясы тар шеңберде қалып қоймауына жете көңіл бөлді. Және Алаш қайраткерлерінің қай-қайсысын алып қарасақ та тек бір мамандықты игеріп қана қоймай, халыққа қажетті бірнеше салада жемісті еңбек етті.

Бұл Алаш һәм азаттық идеясы жолындағы күрестің тағылымын бүгінгі ұрпаққа сіңіру парыз. Алаштануда атқарылар ауқымды жұмыс алда. Алайда алаштану мәселесінде кәсіби тарихшылардың жазған жаңа еңбектерін не дүкендерден, не

кітапханалардан кездестіре алмайсыз. Өкініштісі, бұл жайт Алаш қозғалысы мен қазақтың тұңғыш ұлттық үкіметі Алаш орданың тоқсан жылдығын атап өткеннен кейінгі жағдай. Өсер ұлттың өрісіне сын, шын мәнінде ұят-ақ мәселе. Алаштануда атқарылар шараларды Үкімет 2008 жылдың еншісіне қалдырыпты. Келелі істен үміттіміз.

31 мамыр Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай «Алаш» қозғалысына 90 жыл: тарихы мен тағылымы» тақырыбындағы дөңгелек стол басына аталған тақырыппен айналысып жүрген мамандарды, тарихшы-ғалымдарды, Алаш қайраткерлері мен қуғын-сүргін құрбандарының ұрпақтарын шақыра отырып, пікір алмаспақпыз.

Дөңгелек столдың өтетін уақыты: 2008 ж., 29 мамыр, бейсенбі, сағ: 10:00

Өтетін жері: Достық үйі (Көк залы), Құрманғазы мен Төлебаев к. қиылысы

**«Алаш мұраты және Желтоқсан көтерілісінің тағылымы»
атты тақырыпта дөңгелек столын өткізуге
Ұсыным-жоба**

Биылғы Алаш орданың тоқсан жылдығына орай желтоқсан айында «Алаш мұраты және Желтоқсан көтерілісінің тағылымы» атты тақырыпта дөңгелек стол жұмысын ұйымдастыру және өткізу қажет деп білеміз. «Алаш мұраты және Желтоқсан көтерілісінің тағылымы» тақырыбы жан-жақты таразыланып, бүгінгі таңдағы жастар арасындағы отаншылдық мәселесі қоғам тарапынан резонанс туғызар еді деп білеміз. Аталған шараны кәсіби жоғары деңгейде өткізе алатындығымызға мамандарымыздың жоғары біліктілігі мен тәжірибесі мүмкіндік беретіндігін толық айта аламыз. Біз дөңгелек стол жұмысын ақпарат құралдарында кеңінен насихаттап, мерзімді басылымдарда мақалалар жариялануын ұйымдастыра аламыз.

Жобаның қысқаша түсініктемесі

«Алаш мұраты және Желтоқсан көтерілісінің тағылымы» атты тақырыпта дөңгелек столды ұйымдастыру және өткізу нәтижесінде бүгінгі таңдағы жастар арасындағы отаншылдық мәселесі қоғам тарапынан резонанс туып, жастар арасында аталған тақырыпқа деген қызығушылық артатын болады. Бұл тақырыптағы талқыланған жайттар ақпарат құралдарында да кеңінен әңгіме өзегіне айналады.

Бұл ретте еліміздегі ең үлкен мегаполис Алматы қаласында Алаш мұраты мен онымен тығыз байланысты Желтоқсан көтерілісінің тағылымы таразылануы ел жастарының отансүйгіштік рухын арттыруға қатысты дөңгелек стол өткізу қажеттігі көрініс береді.

Бұл дөңгелек стол қорытындысының толығырақ мәліметтері Алаш мұраты мен онымен тығыз байланысты Желтоқсан көтерілісінің тағылымы жөнінде жан-жақты түсінік беріп ғана қоймай, сонымен бірге еліміздегі әлеуметтік-экономикалық қатынастардың көптеген аспектілері жайында да ақпарат береді деп білеміз.

2007 жыл.

«АЛАШ» ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ 90 ЖЫЛДЫҒЫ АЯСЫНДА ШАРАЛАР ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ»

Жобасы

Мазмұны

1. «Алаш» қозғалысының 90 жылдығы аясында шаралар ұйымдастыру және өткізу» жобасының негіздемесі мен өзектілігі.
2. Мәселенің бүгінгі жағдайы (Жобаның проблемалық аймағы).
3. Жобаның мақсаты мен міндеттері.
4. Жоба мақсаттары мен міндеттерін орындау үшін жасалатын қызмет түрлері.

5. Жобаны іске асыру механизмдері.
6. Күтілетін нәтижелер.
7. Мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктерге арналған нақты ұсыныстар.
8. Бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс.
9. Жобаға ішкі және сыртқы мониторинг жүргізу.
10. Жұмыс жоспары.

1. «Алаш» қозғалысының 90 жылдығы аясында шаралар ұйымдастыру және өткізу» жобасының негіздемесі мен өзектілігі

Қазақ тарихында өзіндік орны ғана емес, сан ғасырларға кететін тағылымы зор, өткеніміз бен өткеліміздің темірқазығы іспеттес Алаш қозғалысы, Алаш автономиясы әлі де сан қырынан таразылайтын тың тақырып іспеттес. Бұған қазақтың тұңғыш ұлттық үкіметі Алаш орданың тоқсан жылдығын бүгінгі атап өту барысында анық көз жетіп отыр.

Ал біз өз тарапымыздан алаштану мәселесіне және бір қырынан қарап көруді парыз санадық.

Иә, біздің байқауымызша, қазақ бола ма, болмай ма деген сауал талқыға түскен жиырмасыншы ғасырдың басында дер уағында дүниеге келген Алаш идеясын уағыздаушы әрі жүзеге асырушы қайраткерлердің ұлт ісіне ерте есейген есті сана – жалындап тұрған жастық жігермен кіріскендіктері алдыңғы кезекте көрініс береді. Басында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов және Міржақып Дулатов сынды жол сілтер Алаш көсемдері тұрған алыптар шоғырының абыройлы ісіне тың серпін, жаңа тыныс берген жас шамасы жиырма-жиырма бестің, әрі кетсе отыздың о жақ, бұ жағындағы өрендер еді.

Алаш қозғалысының көшін бастаған Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов және Міржақып Дулатовтар ол кездері жастары қырықтың қырқасынан енді ғана асып, ақыл тоқтатқан әрі өздерінен кейінгі толқын ізбасарларына Алаш идеясының өміршеңдігі ұрпақтар жалғастығында екенін ұғындырып кеткен.

Ал мұны жақсы түсінген әрі Алаш идеясының баянды болуына барынша ынтасымен еңбек еткен, арқалы ақын-жазушылар Мағжан Жұмабаев пен Жүсіпбек Аймауытов Алаш қозғалысы құрылған тұста бірі жиырма төртте болса, бірі жиырма сегізге енді келген екен.

1917 жылы «Алаш» партиясын құрушылардың қатарындағы ең жас көсем, Алаш орда үкіметінің мүшесі Әлімхан Ермеков жиырма бес жасында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов және Мұхаметжан Сералиндермен бірге Коммунистік партия көсемі Ленинге көршілес елдерге өтіп кеткен шекарадағы қазақ жерлері қазақтыкі екенін дәлелдеп, көзін жеткізіп, мәселені қазақтың пайдасына шешеді.

«Алаш» партиясының белсенді мүшесі болған, кейіннен алашшыл азаматтарға қауіп төнгенде ағалардың ақылын тыңдап, мұраты бір жас алашшылармен бірге Коммунистік партия қатарына өткен сұңғыла суреткер Мұхтар Әуезов және 1914-1917 жылдары «Бірлік» қоғамының мүшесі (Омбы қ.), 1917-1918 жылдары Алашорда жағында азамат соғысына қатысқан Дінмұхамед (Дінше) Әділев және жалынды алашшыл жастардың тұңғыш жетекшісі Смағұл Садуақасовтар сол уақытта бозбала шақты енді артқа тастаған небәрі он жеті жастың шамасында екен.

Омбыда жас алашшылдар құрған «Жас азамат» ұйымының Қызылжар қаласында шығып тұрған үні – «Жас азамат» газетіне («Қазақ», «Сарыарқа», «Абай» сынды ұлтжанды басылымдардың ізбасары) редакторлық етіп, газет бетінде алаштың мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған мақалалары нөмір құрғатпай шыққан Қошке Кемеңгеров пен ұлтжанды алашшыл қайраткер Сұлтанбек Қожановтар сол кезде жиырмадан енді ғана асқан еді.

Есімі жиырма жастан асар-аспас кезінде үлкен қызметтер атқара жүріп, ұлт қамын ойлап, жұрт аузына ілініп, халыққа танымал болған мемлекетшіл қайраткер, ірі тұлға Тұрар Рысқұлов Түркістан АССР-і үкімет басшысы ретінде 1920 жылы тарих сахнасынан кеткен Алаш орда қозғалысының жетекшілері мен белсенді мүшелеріне қолынан келген мүмкіндігінше қамқорлық жасады. Тұрар Республика үкіметін басқарған

тұста Ахмет Байтұрсыновтың, Халел Досмұхамедовтың, Жүсіпбек Аймауытовтың, Мағжан Жұмабаевтың, Мұхамеджан Тынышпаевтың т.б. аса көрнекті қазақ зиялыларының Ташкент пен Қазақстанның оңтүстік өңірін паналап, ғылыми, педагогикалық және шығармашылық жұмыспен айналысуға мүмкіндік алулары Тұрар қамқорлығының арқасында екендігі күмән тудырмайды.

1918 жылы Ахмет Байтұрсынов Қостанайға келіп, Алаш орда отряды қатарына жастарды тартқанда қатардағы жауынгер болып тізімге жазылып, «Алашорда отрядының еріктісі атанып, Алаш ордаға үміт арта сенген, табиғатында халқына қай жақтан жақсылық болса, солай қарай аңсары ауып, икемделетін Бейімбет Майлин және Омбы студенттерінің «Бірлік» атты ұйымының жұмысына белсене қатысып, Ақмола жастарының революцияшыл тобы «Жас қазақ» атты ұйым құрып, «Тіршілік» атты газет шығарған, 1916 жылғы халықтың ұлт-азаттық көтерілісшілеріне тілектестік білдіріп, өлеңдер жазған Сәкен Сейфуллин әрі осы үш бәйтеректің бірі, ұлт-азаттық күреске үнемі қолдау білдірген суреткер Ілияс Жансүгіровтер сол кездері жиырма үш жасқа енді келіпті-ау.

Патша үкіметінің боданындағы туған халқының тағдыр-тауқыметін өткір тілмен айтып, баспасөз беттерінде жиі-жиі мақалалар жазып, саяси күреске өмірін арнаған Мұхамеджан Тынышпаев және бұрыннан-ақ қазақ жерін отарлап, халқын орыстандыру секілді патшалық Ресейдің өктемдік саясатын әшкерелеп, оған қарсы үгіт-насихат жүргізген, сондай-ақ Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсыновтай абзал азаматтармен пікірлес дос болып, бір мақсатта күрескен Жақып Ақпаевтардың ақыл тоқтатқан шақтағы салмақты істері Алаш қозғалысына айбын бергені анық.

«Алаш» партиясының көрнекті қайраткерлерінен басқа қатардағы есімдері атала бермейтін мүшелерінің бүгінде мүмкіндігінше барлығының аты-жөнін ардақтау парыз. «Алаш» партиясын ұйымдастырушылар, халқымыздың біртуар ұлдары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ә.Ермековтермен серіктес болып, халық қамы үшін бірге күрес жүргізген алаш ұландарының

бірі Имам Әлімбеков. Ол «Алаштың» Семей облыстық ұйымы тарағасының орынбасары, «Алаш» партиясының орталық үні – 1918-1919 жылдары шығып тұрған «Сарыарқа» газетінің редакторы, «Алаштың» атты әскерлер полкін жасақтаушылардың бірі болды.

Ал А. Байтұрсынов, М. Дулатовтардың шәкірті, ізбасары ретінде солармен үндес, пікірлес болған өрелі өрен Ғазымбек Бірімжанов қаламгер, дәрігер, агроном және ағартушы-қоғам қайраткері санатына көтерілген жастардың қатарынан табылды.

Сондай-ақ жалпы қазақ съезінде Алашорда үкіметіне мүше болып сайланған Отыншы Әлжанов Жетісуға келіп, съезд қаулыларын жүзеге асыру ниетімен өлкенің айтулы азаматтары М. Тынышпаев, С. Аманжолов, И. Жайнақов, Б. Мамытовтармен тізе қоса отырып, игілікті істердің ұйытқысы болады. «Алаш орда милициясының алдында тұрған міндеттерді саралайды.

Міне, тізім осылай жалғаса береді. Бұдан біздің анық байқайтынымыз, мұқым Алашқа ұран болған Алаш идеясы – ақыл тоқтатқан аға буынның бастауымен ерте есейген жас ұрпақтың жалғастыруымен тағылымы бүгінге сабақ боларлық салмақты да жасампаз идея. Ендеше, бізге қалған мақсат-мұрат не?

Мақсат айқын. Алаш идеясы дегеніміз не? Алаш арыстары кімдер? Осы сауалдар тұрғысында таразылар тақырыбымызды өзіндік қырынан ашуға тырысу. Алаш идеясы және Алаш арыстарымен жақын танысып, сырласқысы келетін, сондай биікке ұмтылатын азаматтар кокейіне үміт, жүрегіне сенім ұялату. Алаш идеясының әлеуметтік қуаты мен маңызын бүгінгі күн тұрғысынан таразылап, баршаның назарына ұсыну. Алаш арыстары тағылымының күн тәртібінен түспейтін өзектілігін, олардың биік тұлғалық тұрпаты мен ұлықталуға тиіс ұлттық болмыс-бітімін және жастарға берер тәлім-тәрбиесін ашып көрсету. Ұлы тұлғалардың өнегелі өмірі мен өлмес мұрасын зерттеу арқылы оны бүгінгі жас буынға үлгі ретінде ұсынып, ұрпақтар үндестігін жалғастыруға, рухани дамуға және ұлттық санаға жол ашу.

Иә, бастау бұлағы сонау Алаш қозғалысынан терең тамыр

тартатын, байырқалайтын тұсы 1986 жылғы жастардың Желтоқсан көтерілісімен тұйықталатын тағылымы зор тарихи бірізділігімен ерекше Мәңгі жас – Алаш идеясының бүгінгі жаңа буын, жас ұрпаққа берер сабағы турасында ойлану қажеттігі туындайды. Бұл ретте тарихи тұрғыдан тәрбиелеу мәселесі, атап айтқанда: сол аға буынның қабырғасын қайыстырып, іргесін сөгіп кетуге қауіп тудырған зауалдың ендігі уақытта алдын алу, оның саяси, рухани, әлеуметтік зардаптарынан арылу жайы алды орайды. Осы тұрғыда басты міндет өткен ғасырдың басындағы бетке ұстар Алаш азаматтары бастап, бүгінге дейін жеткен қазақтың асыл арман-аңсары мен ұлт-азаттық мақсат-мұратын қаншалықты басып-жаншығанымен, нешеме рет саяси қуғын-сүргінге ұшыратқанымен арда мінезін мұқалта алмағандығын мадақтау және тарихи жадыны жаңғырту болып табылады.

Алаш қозғалысынан бастау алған жасампаз идея – ұлт-азаттық идеясы алпысыншы жылдары «Жас тұлпар» ұйымы болып бас көтеріп, жетпісінші жылдары «Жас қазақ» бірлестігі болып жанданып, одан жиырмадан аса жасырын жастар ұйымдарына ұласқан ағысқа қарсылық ақыры 1986 жылғы ызғарлы желтоқсандағы көтеріліске алып келді. Біздіңше, жастық лептің дем беруімен тарихи бірізділік бойынша дамыған бұл асқақ тарихымызды бүгінгі ұрпақ білуге тиіс. Сабақ алуға міндетті. Тағзым етуі парыз.

2. Мәселенің бүгінгі жағдайы *(Жобаның проблемалық аймағы)*

Иә, алаштануда атқарылар ауқымды жұмыс алда. Бір ғана мысал. Алаштану мәселесінде кәсіби тарихшылардың жазған еңбектерін қарап шығу мақсатымен кітапханалардағы аталған тақырыптағы кітаптарды іздестірдік. Өкінішке орай, Ұлттық кітапханадан қолданыс аясында ұзақ жылдардан бері жүріп, сарғайып, тозығы әбден жеткен алаштанушы, тарихшы-ғалым ағаларымыз, ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, марқұм Кеңес Нүрпейісовтің 1995 жылы «Ататек»

баспасынан шыққан «Алаш һәм Алашорда» кітабы және тарих ғылымдарының докторы, профессор Мәмбет Қойгелдиевтің 1995 жылы «Санат» баспасынан шыққан «Алаш қозғалысы» кітаптарынан басқа аталған тақырыпта жазылған еңбектерді кездестіре алмадық. Ал Алматы қаласының кітап дүкендерін сүзіп шыққанымызбен алаштану мәселесіне арналған жарытымды кітаптарды және таба алмай қиналдық.

Ең өзекті өртер өкініштісі, бұл Алаш қозғалысы мен қазақтың тұңғыш ұлттық үкіметі Алаш орданың тоқсан жылдығын атап өткеннен кейінгі жағдай. Өсер ұлттың өрісіне сын, шын мәнінде ұят-ақ мәселе. Кім білсін, мұны жоғары билік байқады ма екен, алаштануда атқарылар ауқымды әрі кешенді де келелі істерді Үкімет 2008 жылдың еншісіне қалдырыпты. Үміт күтеміз.

Біздің де бұл ізденісіміз сол олқылықтың орнын аз да болса толтыруға жараса, алаштануға мысқалдай болса да үлес қосуға тырысса мақсатымыздың орындалғаны.

3. Жобаның мақсаты мен міндеттері

Жобаның мақсаты:

Алаштану мәселесінің бүгінгі таңдағы жағдайын зерттеп, атқарылатын «Алаш» қозғалысының 90 жылдығы аясында шаралар ұйымдастыру және өткізу» жобасының жұмысына барша қауым мен қатар елдегі ұлт өкілдерін тарту арқылы қоғам өмірінің барлық салаларында олардың өзара бірлік жағдайы мен ынтымақтастығын нығайтуға жаңа серпін бере отырып, ықпал ету.

Жобаның міндеттері:

- Алаш қозғалысының 90 жылдығына орай республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізу;
- конференция материалдарының жинағын шығару;
- Алаш қозғалысының тарихы туралы көрме ұйымдастыру;
- фотоальбом шығару;
- БАҚ-та Алаш қозғалысы туралы мақалалар дайындау.

4. Жоба мақсаттары мен міндеттерін орындау үшін жасалатын қызмет түрлері

Сонымен бұл мәселедегі төмендегі мына жайттарды маңызды деп қарастырамыз:

- мәселенің түпкі себеп-салдарын саралау,
- нәтижелерді саралау, талқылау,
- ұсыныстар, қорытындылар әзірлеу.

Зерттеулер бойынша анықталмақ объективті факторлар:

- тақырыптың ғылыми зерттелу мәселесі,
- мәдени интеграция,
- жүйелі ақпараттық базаның жоқтығы,
- жалпы тарихи танымдық білім деңгейі мәселесі.

5. Жобаны іске асыру механизмдері

Зерттеу төмендегіше мәселелерді қамтиды:

- Мәселеге құзырлы мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың қатысы туралы
- Аталған жайтқа орайлы нақты ұсыныс, пікірлер
- Мәселенің шешу жолдары

Алғашқы кезеңде «Алаш қозғалысының 90 жылдығы аясында шаралар ұйымдастыру және өткізу» жобасының жұмысына керекті мамандар іріктеледі. Оған қоса сырттан кәсіби деңгейі жоғары мамандар шақырылады. Осы кезеңде штаттық кесте бекітіліп, жұмыс істейтін қызметкерлер құрамы анықталып, бекітіледі.

Осы тақырыптағы қордаланған мәселелерді үйлесімді-тиімді шешу мақсатында, пікірталас дөңгелек стол жұмыстарына белсенді араласып, алаштану мәселесінің жаңа сатысына арналған әртүрлі іс-шаралар өткізіп, БАҚ-та аталмыш жоба тақырыбына мақалалар жазылады.

6. Күтілетін нәтижелер

Жобаны жүзеге асыру нәтижесінде

- Аталған мәселені толыққанды шешуге ықпал жасай алатын жаңа әлеуметтік әріптестік құрылым пайда болады;
- Алаштану тақырыбын зерттейтін кәсіби орталық қалыптасады;
- Зерттеу қорытындылары негізінде құзырлы органдарға ұсыныстар қойылады және ол жүзеге асуы тиіс;
- Аталған мәселеде үкіметтік емес ұйымдар мен мемлекеттік құзырлы орындардың белсенділігі артады;
- Ұлттық-мәдениет бірлестіктердің, депутаттық корпустың, мемлекеттік органдардың, БАҚ-тың кеңінен қатысуы арқылы алаштану бағдарламасының іске асырылу барысы талданады.

7. Мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктерге арналған нақты ұсыныстар:

Жоба барысында бағдарлама авторлары түрлі ойларды, пікірлерді, тәжірибелерді жинақтауды үзбей жүргізіп отырады. Бұл тақырыпта бүгінге дейін дайын әдебиет не көмекші құралдардың аз жарық көргендігін ескере отырып, жоба аяқталғаннан соң, әдістемелік басылым дайындалып, басылып шығарылады. Сонымен қоса, мемлекеттік органдар мен барлық қоғамдық бірлестіктерге аталған мәселені нақты шешуге арналған қорытынды ұсыныс дайындалады.

8. Бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс:

Бұл жобада бұқаралық ақпарат құралдары екі рөлді қатар атқарады. Біріншісі – жоба бойынша жүргізілген жұмыстарды насихаттау болса, екіншісі – БАҚ өкілдерінің аталған жоба жұмысына қатысуы болып табылады. Бағдарламада БАҚ-тың рөлдері өте зор. Жалпы ел азаматтарының оның ішінде жастардың алаштану мәселесіне оң ықпал етуіне БАҚ үлкен әсер

етеді. Сондықтан да жоба жүзеге асатын барлық жерлерде БАҚ өкілдері міндетті түрде шақырылады.

9. Бағдарламаға ішкі және сыртқы мониторинг жүргізу:

Әрбір жоба жұмысы соңында қатысушыларға аталған мәселе жөнінде сұрақнама қағазы тапсырылады. Сол сұрақнама арқылы атқарып жатқан жоба жұмысының әлсіз жерлерін немесе бөлімдерін жетілдіріп, не өзгертіп отырады. Бұл аталған жоба жұмысына қатысушылардың бізге берген бағасы болып табылады. Сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдарындағы осы бағдарлама бойынша жазылған, айтылған пікірлер жинақталып, талдау жүргізіледі. Бағдарламаның қорытынды есебі де ішкі мониторингтің бір түріне кіреді. Ал сыртқы мониторингті тапсырыс берушінің жүргізуге толық құқығы бар. Біздер оларға керекті мәліметтерді беруге дайынбыз.

10. Жұмыс жоспары:

Өткізу орны Алматы және Астана қалалары. Қатысушылар санына шектеу жоқ. Бірақ қатысушылар санының аз болмауы және сапасына мән беріледі.

- *Ұйымдастыру кезеңі.* Ғылыми-зерттеу орталықтармен, қоғамдық ұйымдармен байланысып, жоба мақсатымен таныстыру. Оның жүргізілетін мерзімдерін нақтылау. Орындарын белгілеу. Қажет материалдарды жинақтау. Логистика жұмыстарын жүргізу. Керекті таратылатын материалдарды дайындау. Құрал-жабдықтар алу (плакат, фломастер, папкалар, қалам, блокноттар, т.б.)

- *Негізгі кезең.* Нақты күндері белгіленген жұмыс графикасын дайындау.

- *Қорытынды кезең.* Зерттеуді қорытындылау. Қорытынды материалдар бойынша кітапша шығару. Қорытынды есепті дайындау

- Ғылыми-зерттеу орындарымен келісу, білім мекемелерімен хабарласу, олардан алаштану мәселесі туралы мәлімет алу.

- Қажетті материалдар дайындау. Жалпы зерттеудің жоспарын жасау.

- Жергілікті, республикалық бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс орнату.

- Әдістемелік басылым шығару.

- Жобаның қорытынды есебін дайындау.

2007 жыл.

Баспасөз мәлідемесі

31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай, 28 маусым күні сағат 11:00-де «Тауқымет пен тағзым» атты алқасөз жиынын ұйымдастырады. Онда 1937-1938. жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған «Тауқымет пен тағзым» атты жинақ дискілерінің тұсаукесері өтеді.

Үш дискіден тұратын жинақтың бірінші дискісіне саяси қуғын-сүргін құрбандарының әндері және тақырыпқа сай әндер мен күйлер, екінші дискіге көркемсуретті және деректі фильмдер, бейне және фото мәліметтер, үшінші дискіге саяси қуғын-сүргін құрбандарының шығармалары, естеліктері, тақырыпқа сай мұрағат материалдары, көркем шығармалар мәтіндері топтастырылған.

Аталған жобаның басты мақсаты – 1937-1938 жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған шығармалар мен көркем дүниелерді жан-жақты насихаттау. Бұл 1937-1938 жылдардағы саяси қуғын-сүргін тақырыбындағы CD альбом-жинағын жарыққа шығару тұңғыш рет жүзеге асып отыр.

«Тауқымет пен тағзым» атты жинақ дискілеріне саяси қуғын-сүргінге ұшырағандар жайлы «АЛЖИР», «Алаш туралы сөз» және Әйткеш Толғанбаев туралы «Музыкант» атты деректі фильмдер мен олардың әндері мен күйлері енгізілген.

Атап айтқанда, Шәкәрім Құдайбердіұлының «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді», «Сұраған жанға сәлем айт», «Анамнан алғаш туғанда», Сәкен Сейфуллиннің «Тау ішінде», «Көкшетау», «Біздің жақта», Қапез Байғабыловтың «Қапездің қоштасуы», Міржақып Дулатовтың «Алаш маршы», «Алаш ұраны», Ахмет Байтұрсыновтың «Жиырма бес», «Кәмшат бөрік», «Арман» әндері мен Сармантайдың Ахметжанының «Елу сегіз» атты күйі, Әбікен Қасеновтың Сәкен Сейфуллинге арнаған «Қоңыр» атты күйі, атылар алдында соңғы өтінішім деп, күйді Әбікен Қасеновті арнайы шақыртып, үйретіп кеткен Әбді Рысбекұлының «Қосбасар» атты күйі, Сүгір Әлиұлының Созақ көтерілісі құрбандарына арнаған күйі «Қосбасар» атты күйі және Әбді Рысбекұлының халықпен қоштасып кетіп бара жатқанда шығарған «Отбасы» атты күйі тыңдарман назарына ұсынылып отыр.

Бүгінгі жас ұрпақпен қатар, саяси-қуғын сүргінді жүрегінен өткізген қайсар ұл-қыздарымыз үшін бұл жинақ өте құнды дүние болмақ. Кісіні терең ойға жетелейді, намысыңды оятады, жігерінді жаниды. Бастысы – халқымыздың сүйегінде бар дегдарлық пен батырлықтың қандай қиын күнде де өз биігінен түспейтінін көреміз.

Идея авторы және жоба жетекшісі:

Болатбек Төлепберген,

ҚР Президенті сыйлығының лауреаты, ҚР Мәдениет қайраткері, «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, философия ғылымдарының кандидаты

Өтетін уақыты: 13:00; 28 маусым, 2014 жыл.

Өтетін жері: ҚазМемҚызПУ, Әйтеке би көшесі, 99-үй. Л1 залы.

«30-ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ СЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫНА АРНАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР КЕШЕНІН ӨТКІЗУ» ЖОБАСЫ

1. Жоба бойынша барлық іс-шаралардың сандық көрсеткіші бар қысқаша қорытынды ақпарат

Қарапайым азаматтардан бастап, оның ішінде зиялы қауым өкілдерін, Алаш қайраткерлерін сүргінге ұшыратқан 1937-38 жылдардың ызғарлы лебінен ескен сұрапыл зұлматтың зардабы мен салдары қандайлық болғандығы тарихтан белгілі. Яғни, тағылымы зор тарихи нәубеттің қазіргі жаңа буын, жас ұрпаққа берер сабағы тұрасында ойлану қажеттігі туындайды. Атап айтқанда: сол аға буынның қабырғасын қайыстырып, іргесін сөгіп кетуге қауіп тудырған зауалдың ендігі уақытта алдын алу, оның әлеуметтік зардаптарынан арылу жайы тұр. Осы тұрғыда өткен ғасырдың 37-жылдары бетке ұстар ұлт зиялыларын саяси қуғын-сүргінге ұшыратқан қоғамның қайшылықты қарекетін таразылау, тарихи жадыны жаңғырту қажеттігі туындайды.

Әрине, 37-жылдары кеңестік тоталитарлық жүйе жүргізген солақай саясаттың ауыр зардаптарын арқалаған азаматтар мен сол жылда құрбан болған Алаш зиялыларымен қатар, «бір ғана репрессия салдарынан қазаға ұшыраған қазақстандықтардың жалпы саны 25 мың адамнан асып жығылады. Ал 1937-38 жылдардағы қуғын-сүргіннен бастап Сталин дүниеден өткенге дейінгі аралықта Қазақстанда 103 мың адам саяси айып тағылу арқылы сотталса, оның жоғарыда айтып кеткендей 4/1 «ОГПУ – НКВД үштіктері» үкімімен, сот үкімімен атылған». Осы отызыншы жылдардың жуан ортасындағы Алаш зиялылары итжеккенге айдалып, атылмас бұрын қандай қоғамдық-саяси және психологиялық қыспаққа ұшырағандығына нақты тарихи құжаттармен таныса отырып, көз жеткізуге болады.

Бүгінде қазақ халқын аштық нәубетіне ұшыратқан 1932-33 жылдардағы зұлматтың зардабы мен салдары қандайлық болғандығы тарихтан белгілі. Яғни, тағылымы зор тарихи нәубеттің

қазіргі жаңа буын, жас ұрпаққа берер сабағы турасында ойлану қажеттігі туындайды. Атап айтқанда: сол аға буынның қабырғасын қайыстырып, іргесін сөгіп кетуге қауіп тудырған зауалдың ендігі уақытта алдын алу, оның әлеуметтік зардаптарынан арылу жайы тұр. Осы сталиндік қылмысты коллективтендірудің, аштық салдарынан 2,5 миллионға жуық қазақ көз жұмды. 1930-32 жылдары 1,5 миллион қазақ КСРО-дан шетелдерге біржола көшіп кетті.

1930 жылы Республикада 5 миллион 873 мың адам тұратын – бұл осында көшірілгендердің жалпы санымен бірдей делік. 1933 жылға қарай халықтың саны 2 миллион 493 мың адам ғана болды.

Бұл тұрғыдағы «30-жылдардағы ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарының естелігіне арналған іс-шаралар кешенін өткізу» әлеуметтік маңызды жобасын жүзеге асыру мерзімі 2012 жылдың қарашасы мен желтоқсанын қамтыды. Алайда бұл маңызды да ауқымды тақырыптағы шараларын доғармастан, әрі қарай жалғастыра түспекпіз. Жобаның жүзеге асырылуының оң нәтижелерінің әсері 2013 жылға дейінгі мерзімді қамтитын болады.

Бекітілген іс-шаралар жоспарына сай есептік кезеңде әлеуметтік маңызды жобасын жүзеге асыру жолында бірқатар жұмыстар атқардық, атап айтар болсақ, төмендегіше.

2. Жоба мақсатының орындалуын және қол жеткізген нәтижелерді жүйелеп баяндау:

Алдымен, бірінші кезеңде: жоба жұмысына керекті мамандар іріктелді. Оған қоса сырттан кәсіби деңгейі жоғары мамандар шақырылды. Осы кезеңде штаттық кесте жасалып, жұмыс істейтін қызметкерлер құрамы анықталып, бекітілді.

Екінші кезеңде: нақты төмендегіше бағыттар бойынша жұмыс басталды:

- Жобаға қатысты ғылыми мекемелер мен орталықтар
- Тарихи-ағартушылық бірлестіктер
- Жергілікті әкімшілік мекемелері
- Білім беру мекемелері
- Бұқаралық ақпарат құралдары

Жоба барысында бағдарлама авторлары түрлі ойларды, пікірлерді, тәжірибелерді жинақтауды үзбей жүргізіп отырды. Бұл тақырыпта бүгінге дейін дайын әдебиет не көмекші құралдардың аз жарық көргендігін ескере отырып, БАҚ-та кеңінен насихаттау жүргізілді.

Жоба нақтылы жұмыс жоспары бойынша жүргізілді

Өткізу орны – Алматы қаласы. Қатысушылардың санына шектеу қойылған жоқ. Бірақ қатысушылар санының аз болмауы және сапасына мән берілді.

- *Ұйымдастыру кезеңі.* Алдымен жобаға қатысты мекемелер мен орталықтар, қоғамдық ұйымдармен және жергілікті әкімшілік мекемелері, білім беру мекемелерімен байланысып, жоба мақсатымен таныстыру жұмыстары жүргізілді. Жоба жұмыстарының жүргізілетін мерзімдері нақтыланды. Орындары белгіленді. Қажет материалдар жинақталды. Керекті таратылатын материалдар дайындалды. Құрал-жабдықтар алынды (плакат, фломастер, папкалар, қалам, блокноттар, т.б.)

- Білім беру мекемелері, ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік орталықтарымен, сондай-ақ оқу орындарымен, білім мекемелерімен хабарласып, олардан жобаға қатысты мәліметтер алынды.

- Мәдениет ошақтарымен, бірлестіктермен хабарласып, олардан жоба туралы мәлімет-деректер алынды.

- Қажетті материалдар дайындалды. Жалпы жобаның жоспары жасалды.

- Жергілікті, республикалық бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс орнатылды.

Негізгі кезең. Нақты күндері белгіленген жұмыс графикасы дайындалды.

- *Қорытынды кезең.* Қазіргі уақытта жобаны қорытындылау жұмыстары жүргізілді. Қорытынды материалдар бойынша жұмыстар тиянақталды. Және қорытынды есеп дайындалды.

Жоба бойынша атқарылған шаралар турасында: Саяси қуғын-сүргін мәселесіне дөңгелек стол өтті

Бастау бұлағы сонау Керей мен Жәнібек кезеңінен терең тамыр тартатын, байырқалайтын тұсы ел тәуелсіздігі жолындағы ең ірі зұлмат – 1932 және 1937 жылдар тауқыметін таразылау мен тағзым ету бүгінде маңызды. Ал қазақ тарихында өзіндік орны ғана емес, сан ғасырларға кететін тағылымы зор, өткеніміз бен өткеліміздің темірқазығы іспеттес тарихи ақтаңдақтар мәселесі әлі де сан қырынан саралайтын тың тақырып. Бұған биылғы 1932 жылдардағы аштық нәубетінің 80 жылдығы мен 1937 жылдардағы репрессия нәубетінің 75 жылдығын бүгінгі атап өту барысында анық көз жетіп отыр.

Осы ретте Алматы қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты Крылов атындағы кітапханада «30-жылдардағы ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарының естелігіне арналған іс-шаралар кешенін өткізу» жобасы шеңберінде «1936-37 жылдардағы репрессия: ақиқаты мен тағылымы» атты дөңгелек стол өткіздік.

Дөңгелек столға қатысқан тарихшы-ғалымдар, саясаткерлер, қоғамдық ұйымдар жетекшілері мен студенттер тәуелсіздікке қол жеткізу жолындағы ұрпақ жадында жатталып қалған 1936-37 жылдардағы репрессияның алар орны ерекше екеніне тоқталды. Жиналған жұртшылық алдында Республикалық саяси-қуғын-сүргінге ұшырағандар қауымдастығының төрағасы Жұмабек Ашуұлы баяндама жасады. Ал кеңестік саяси қуғын-сүргін құрбаны, қазақтан шыққан тұңғыш талантты скрипкашы Әйткеш Толғанбаевтың қызы, әрі әкесі «Әйткеш Толғанбаев атындағы қордың» директоры Сәулета Толғанбаеваның әкесі туралы тебіреністі естелігін толқымай тыңдау мүмкін емес еді. Сондай-ақ Қазақстанның бертінгі тарихындағы 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің күрескерлері атынан сөз алған «Желтоқсан-86 Тәуелсіздік қырандары» республикалық қоғамдық бірлестігінің президенті Гүлбахрам Жүніс пен Желтоқсан оқиғасында қуғын-сүргінге ұшырап, сотты болған

азамат Жеңіс Дәулетовтер де өз естеліктерін айтып, ойларын ортаға салды.

«Жаратылысынан еркіндік пен теңдікті мақсат еткен қазақ ұлты өзінің тәуелсіздігіне бұралаңы көп жолмен жетті. Сол жолда талай өрен езгі көріп, талай зиялы елі үшін, ұлты үшін құрбан болды. Теңдік жолында кешегі 1936-37 жылдардағы репрессияда көптеген ата-ағаларымыз азапталып, Желтоқсан оқиғасында да жастарымыз қуғындалды. Міне, осындай тар жол, тайғақ кешулі тағдырымыздың ел тарихына қосқан үлесі мен салмағына баға бере отырып, тәуелсіздік жолында шейіт болған боздақтарды, қуғын-сүргінге ұшырап саяси жүйенің ызғарын тартқан қайраткерлерді еске алу азаматтық борышымыз, перзенттік парызымыз», – деді дөңгелек столға қатысушы сарапшылар.

Ашаршылық тауқыметіне арналған ғылыми-тәжірибелік конференция өтті

Биылғы 1932 жылдардағы аштық нәубетінің 80 жылдығын мемлекеттік деңгейде атап өту барысында бірқатар шаралар атқарылды. Соның бірі – Астана қаласында ашылған ашаршылық құрбандарына арналған мемориалдық кешен. Бұл бастама мұнымен тоқтап қалмай жер-жерлерде де аталған мәселеге орай түрліше шаралар өтті.

Атап айтқанда: Алматы қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты А.П.Чехов атындағы кітапханада «30-жылдардағы ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарының естелігіне арналған іс-шаралар кешенін өткізу» жобасы шеңберінде «Қазақстанның даму тарихындағы 1932-33 жылдардағы Аштық тауқыметінің өзектілігі» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді.

Конференцияға қатысқан тарихшы-ғалымдар, саясаткерлер, қоғамдық ұйымдар жетекшілері мен студенттер тәуелсіздікке қол жеткізу жолындағы ұрпақ жадында жатталып қалған 1932-33 жылдардағы Аштық тауқыметінің алар орны ерекше екеніне тоқталды. Жиналған жұртшылық алдында Республикалық «Әділет»

тарихи-зерттеу қоғамының төрағасы, тарих ғылымдарының кандидаты, жазушы Бейбіт Қойшыбаев баяндама жасап: «Тар жол, тайғақ кешулі тағдырымыздың ел тарихына қосқан үлесі мен салмағына баға бере отырып, тәуелсіздік жолында шейіт болған боздақтарды, саяси жүйенің ызғарын тартқан қайраткерлерді еске алу азаматтық борышымыз, перзенттік парызымыз. Ал тарихи ақтандақтар тақырыбында атқарылар ауқымды жұмыс алда», – деп түйіндеді. Ал кеңестік кезеңдегі ашаршылық зұлматын көркем әдебиетте кестелеп, кинофильм тілінде сөйлеткен жазушы Смағұл Елубай аталған тақырып турасында жан-жақты қырынан айта келіп: «Ашаршылық мәселесі – барша сарапшы-мамандарға, қоғамдық ұйым өкілдеріне және тәуелсіздік мәселесіне бейжай қарай алмайтын барлық ұлт жанашырларына сын деп білеміз. Оның бүгінгі жаңа буын, жас ұрпаққа берер сабағы турасында ойлану қажеттігі туындайды. Бұл ретте жастарды тарихи тұрғыдан тәрбиелеу мәселесі, атап айтқанда: сол аға буынның қабырғасын қайыстырып, іргесін сөгіп кетуге қауіп тудырған зауалдың ендігі уақытта алдын алу, оның саяси, рухани, әлеуметтік зардаптарынан арылу жайы алды орайды» – деген тұжырым жасады. Сонымен қатар Республикалық саяси қуғын-сүргінге ұшырағандар қауымдастығының төрағасы Жұмабек Ашуұлы, «Желтоқсан республикалық отаншылдар қозғалысы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Нұрлыбек Қуаңбаев және «Әйткеш Толғанбаев атындағы қордың» директоры Сәулета Толғанбаевалар өз ойларын ортаға салды.

Жобаны жүзеге асыру барысында БАҚ беттерінде тақырыптық мақалалар шығарылды

Жобаны жүзеге асыру барысында деректер қоры жасақталып, баспасөзде және электронды БАҚ беттерінде тақырыптық мақалалар шығарылды. «Абай kz» ақпараттық-танымдық порталы мен «Ұлт» сараптамалық сайтында, БАҚ-тарда ішкі саясат мәселелері бойынша үкіметтік емес ұйымдарының арасынан сараптамалық қоғамдастық өкілдерінің сөз сөйлеуі ұйымдастырылды, олардың материалдары сайттарда жарияланды.

Атап айтқанда: «Қазақ» радиосы мен «Шалқар» радиосында жоғарыда аталған екі жиын турасында және аталған мәселелерге орай ғалымдардың, саясаткерлердің және үкіметтік емес ұйымдарының арасынан сараптамалық қоғамдастық өкілдерінің сөз сөйлеуі ұйымдастырылды. «Қазақ» радиосының жаңалықтарынан хабар берілді, «Нұр Астана» газетінде екі мақала, «Заң» және «Алматы ақшамы», «Жас қазақ», «Президент және халық» газеттерінде екі мақаладан жарық көрді.

Материалдар жинағы жарыққа шықты

Жоба аясында жинақталған баяндамалар, деректер мен материалдар жинақталып, кітапша ретінде басылып шығарылды. Онда тарихшы-ғалымдардың, сарапшылардың және де қоғамдық ұйым көшбасшыларының аталған тақырып бойынша жазған дүниелері топтастырылған.

3. Жобаның әлеуметтік әсері:

- Бағдарлама жүргізілу нәтижесінде Қазақстанда билік пен азаматтық қоғам арасында тарихи ақтандақтар мәселесіне назар ауып, қорытындылар дайындалады. Осы жүргізілген жоба жұмысы жинақталып, талданды.

- Қазақ халқының тарихи мұрасын танымал етуге арналған іс-шаралар жұртшылықтың үлкен сұранысына ие болып, рухани айналымға қосу барысындағы жұмыстар жүйеленді.

- Бағдарламаны жүзеге асыру жаңа бір әлеуметтік ортаның қалыптасуына қажет жағдайды қалыптастырды және сақтап, оны одан әрі дамытуға септігін тигізбек деп білеміз.

4. Ұйымның дамуына жүзеге асқан жоба әсері деңгейінің суреттелуі

Жоба қорытындысы бойынша атқарған қызметіміз оң баға алды. Себебі қазірдің өзінде жоба тақырыбының қоғамымыз үшін аса

қажеттілігі мен әлеуметтік маңызын есепке ала отырып, аталған мәселе бойынша ұйымдастырушылық-тәжірибелік шаралар өткізу жұмысын алдағы уақытта жалғастыра түсу қажет деген ұсыныс жасалып отыр.

Жобаны жүзеге асыру қорытындысы бойынша барлық ұсыныстар мен ескертулерді жинақтай отырып, мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдарға арналған ұсыныстар дайындап шықты.

Әлеуметтік маңызды жобасының жүзеге асуы 2012 жылы өткеніне қарамастан ол қоғамға өзінің оң әсерін 2013 жылы да тигізетін болады.

Жасалған келісімге сай жобаны жүзеге асыру бойынша жұмыстар өз мәресіне жетті. Алайда аталған мәселенің әлеуметтік маңызының жоғары екендігін есепке ала отырып, бұл бағыттағы қызметімізді жалғастыра беретін боламыз.

5. Ұйым үшін осы бағыттағы қызметінің дамуының болашағы

Халықаралық тәжірибелерді және Қазақстандағы жағдайларды саралап, талдап, азалы тарихымызға бас ие отырып, құрбан болған аяулы азаматтар рухына тағзым етіп, өткенімізге сауап, өткелімізге салауат айту парызымыз дегенімен, дәл мұндай жағдайлардағы шетелдердің озық тәжірибесінен үлгі алу қажеттігі басты мақсат, міндетіміз.

Айталық, сол кездегі кеңестік жүйенің ықпалында болған Моңғолия мемлекеті еліктегіштікпен кеңестік репрессияның артынша-ақ оны өз елдерінде қайталаған болатын. Кейіннен Моңғолия басшылығы бұл солақай саясаты үшін халқынан кешірім сұрап, құрбан болғандар мен азап шеккендердің ұрпақтарына өтемақы төледі. Бұл жайт турасында оның куәгерлері – бүгінде сол жақтан атажұртқа қоныс аударған ағайынның айтары баршылық. Осы сынды азалы тарихымыздың қасіретті беттерін парақтағанда әлі алда атқарар істердің көп екеніне көз жетеді. «Жерұйық» қоғамдық бірлестігі бұл ретте аталған бағытта жұмыстарын одан әрі жалғастыра беретін болады. Айталық соның бірі – осы бағытта

арнайы оқу-тәжірибелік кітапша, кітап, фотоальбом т.б. дайындап, бастырып шығару қажеттігі туындайды.

6. Жобаны жүзеге асыру кезінде ұйым алдында тап болған қиыншылықтар мен өзекті мәселелердің жалпы суреттемесі, себептерін талдау, тапсырыс берушіге қисыны бар ұсыныстар мен ұсынымдар

Біздің жобамызға ұлт жанашырлары, ұстаздар қауымы мен студенттер және де жергілікті үкіметтік емес ұйым өкілдері мен шетелдерден қоныс аударған ағайындар үлкен қызығушылық танытты. Өйткені дәл солар бұл салада біршама тәжірибеге ие. Дегенмен тәжірибені жинақтап, байытылған күйде мүдделі органдарға арнап жасалған ұсыныстар жоқтың қасы.

Саусақпен санарлық қана ұлт жанашырлары, үкіметтік емес ұйымдар аталған мәселенің қандай да бір аспектілерін талқылап, жұмыстар жүргізіп келеді. Олардың тәжірибесі мен қорытындыларын, ұсыныстарын мемлекеттік органдар өз қызметтерінде пайдаланса құба-құп. Дәл осы ұйымдар мен ғалымдар, әсіресе ұлт жанашырлары аталған дөңгелек үстел, конференция талқылауларға белсенділікпен қатысқанын атап өтуіміз керек.

Кейбір қоғамдық бірлестіктер мен елдегі білім беру жүйесінде ғана аталған проблема бойынша айтарлықтай жұмыстар қолға алынған. Мемлекеттік жүйенің қалған буындарында соңғы уақыттарға дейін бұл мәселе күн тәртібіне өте аз ендірілген деп айтуға болады.

7. Әріптестердің (бар болса), жобаны жүзеге асыру кезінде қолдау көрсеткен үкімет органдарының, құрылымдардың үлесін талдау: оларды тарту қаншалықты қажет болды, бұл жобаны қалай күшейтті, не нәрсе сабақ болды, әрекеттестікті жалғастыру қалай жоспарлануда?

Аталған мәселенің талқылануы және ұсыныстар дайындауды өзектендіре түсу мақсатында бұл мәселенің оң шешілуіне мүдделі

ұйымдар мен мекемелердің проблемаларына талдау жасалды. Ал олардың нақты жоба жұмысына қатысуы түрліше себептерге орай өкінішке қарай мардымсыз болды.

Мемлекеттік органдар арасынан бұл мәселемен тікелей айналысып отырған билік органдары – Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ғылым және білім министрлігінің білім беру жүйесінің органдары, сондай-ақ жергілікті әкімдіктердің басқармалары мен оның жанындағы орталықтары т.б. айналысып келеді.

Ал аталған мәселемен қоғамдық ұйымдар арасынан республикалық аздаған қоғамдық бірлестіктер айналысып, аз-кем ақпарат құралдары талдап-таразылап, мақалалар жазып келеді.

2012 жыл.

Баспасөз хабарламасы

Бастау бұлағы сонау Керей мен Жәнібек кезеңінен терең тамыр тартатын, байырқалайтын тұсы ел тәуелсіздігі жолындағы ең ірі зұлмат – 1932 және 1937 жылдар тауқыметін таразылау мен тағзым ету бүгінде маңызды. Ал қазақ тарихында өзіндік орны ғана емес, сан ғасырларға кететін тағылымы зор, өткеніміз бен өткеліміздің темірқазығы іспеттес тарихи ақтандақтар мәселесі әлі де сан қырынан саралайтын тың тақырып. Бұған биылғы 1932 жылдардағы аштық нәубетінің 80 жылдығы мен 1937 жылдардағы репрессия нәубетінің 75 жылдығын бүгінгі атап өту барысында анық көз жетіп отыр.

Осы ретте Алматы қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты Крылов атындағы кітапханада «30-жылдардағы ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарының естелігіне арналған іс-шаралар кешенін өткізу» жобасы шеңберінде «1936-37 жылдардағы репрессия: ақиқаты мен тағылымы» атты дөңгелек стол өткізбек.

Дөңгелек столға қатысатын тарихшы-ғалымдар, саясаткерлер, қоғамдық ұйымдар жетекшілері мен студенттер тәуелсіздікке қол жеткізу жолындағы ұрпақ жадында жатталып қалған 1936-37 жылдардағы репрессияның өзектілігіне тоқталмақ. Жиналған

жұртшылық алдында Республикалық саяси-қуғын сүргінге ұшырағандар қауымдастығының төрағасы Жұмабек Ашуұлы баяндама жасайды.

Уақыты: 23 қараша, 2012 жыл,

сағат: 11:00

Мекен-жайы: Крылов атындағы кітапхана,

(Әуезов көш.175)

Баспасөз хабарламасы

Биылғы 1932 жылдардағы аштық нәубетінің 80 жылдығын мемлекеттік деңгейде атап өту барысында бірқатар шаралар атқарылды. Соның бірі – Астана қаласында ашылған ашаршылық құрбандарына арналған мемориалдық кешен. Бұл бастама бүгінде жалғасын тауып жатыр. Алматы қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты А.П.Чехов атындағы кітапханада «30-жылдардағы ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарының естелігіне арналған іс-шаралар кешенін өткізу» жобасы шеңберінде «Қазақстанның даму тарихындағы 1932-33 жылдардағы ашаршылық тауқыметінің өзектілігі» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтеді.

Конференцияға қатысатын тарихшы-ғалымдар, саясаткерлер, қоғамдық ұйым жетекшілері мен студенттер тәуелсіздікке қол жеткізу жолындағы ұрпақ жадында жатталып қалған 1932-33 жылдардағы ашаршылық тауқыметінің өзектілігін талқыламақ. Жиналған жұртшылық алдында Республикалық «Әділет» тарихи зерттеу қоғамының төрағасы, тарих ғылымдарының кандидаты, жазушы Бейбіт Қойшыбаев баяндама жасайды. Ал кеңестік кезеңдегі ашаршылық зұлматын көркем әдебиетте кестелеп, кино фильм тілінде сөйлеткен жазушы Смағұл Елубай қосымша баяндамасын жұртшылық назарына ұсынады.

Уақыты: 29 қараша, 2012 жыл,

сағат: 15:00

Мекен-жайы: Чехов атындағы кітапхана,

(Гоголь көш. 109)

Төртінші тарау

ҰЛТЫМ ДЕП СОҚҚАН ЖҮРЕКТЕР

АСЫЛ АҒАНЫҢ АЯУЛЫ БЕЙНЕСІ

Алаш қайраткерлерінің ғылыми-публицистикалық мұрасын алғаш зерттеушілердің бірі, қазақ баспасөзінің теориясы мен практикасының негізін қалаушылардың бірегейі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Журналистика факультетінде ұзақ жылдар декандық қызмет атқарған, біз журналистика факультетінде оқуға түскен тұста Мерзімді баспасөз кафедрасының меңгерушісі болған Темірбек Қожакеев ағайдың ұстаздық, ғылыми және шығармашылық қызметінен тәлім алған соңғы шәкірттерінің бірі ретінде аз-кем пікір айту мен үшін де мәртебе.

Журналист боламын деп, әсіресе 70-90 жылдары ҚазҰУ-дың журфагына түскен талай тарланбоздарға дәріс берген Темірбек Қожакеев ағамыздың алдын көрген азаматтардың ол кісі туралы қай-қайсысы да қызғылықты естеліктер айтары анық. Себебі Темірбек ағамыз сынды сан қырлы тұлғаның қазақ журналистикасында өз орнының үңірейіп тұрарына шын мәнінде уақыт әділ төрешілік етті деп ойлаймын.

Біз мектепте жүргеннен-ақ ол кісінің атына қанық едік. Қолымызға түскен кітаптары мен баспасөз бетінде жиі жарық көріп тұратын мақалалары арқылы да Темірбек Қожакеев есімін тани түстік. Одан қалса, ҚазҰУ-дың Филология және журналистика факультеттерінің қабырғасында ол кісіден дәріс

алып жүрген таныс-білістеріміз Темірбек ағадан алған тәлімдерін қызғылықты қылып әңгімелеп беретін.

Иә, кейбірі ағайды қатал әрі өте талапшыл деп те жататын. Содан ба, ойымыздағы орындалып, көңіл қойған оқуымызға түсіп кеткеннен кейін ауылдың қара домалағына ағаймен қоян-қолтық араласып кету қиын соғатын шығар деп жүретінбіз. Жок, көп ұзамай-ақ университет табалдырығын жасқаншақтай аттаған сарыауыз шәкірттерін өзіне жақын тарта бастаған. Әсіресе «журналист болам деп жұлқынып, ақын боламын деп қылқынып» жазғызсынып жүргендерімізге: «Әй, бала, сенің кеше бәлен газетке шыққан дүниенді оқыдым. Дұрыс, жарайсың!» – деп, ақыл-кеңесін айтып, қанаттандырып қоятын. Сол кездері ағайдың жақсы пікірін естігеніміз аспанға айды шығарып тастағандай мақтанып қалатынбыз. Кейбірімізге сол бір ауыз сөз қайта қуат беріп, тағы бір өзімізше «тәуір» дүние жазып тастайтынбыз. Осындай жылы шырай, ұстаз бен шәкірт арасындағы жақын достық бізді тек журналистиканың қыр-сырына баулып қана қоймай, зиялылыққа, қарапайымдылыққа тәрбиелей түскен.

Әлі есімізде, мамандық бойынша кафедраларға жазылу кезінде ағай басқарып отырған «мерзімді баспасөз» кафедрасына қанша аңсарымыз ауып жүргенімен басқа кафедраға бөлінген екенбіз. Ақыры үш-төрт жігіт өз өтінішімізді аркалап, ағайдың алдына барғанбыз. Екі сөзге келмей қол қойып жібергені күні кешегідей көз алдымызда. Бір қызығы, мұнымызды кейбіреулер майданның ең отты шебіне сұранып барған жаужүрек жауынгердің ерлігіне парапар екен деп бағалаған. Себеп-сыры белгілі. Мана айтып кеткендей, ағайдың талапшылдығы мен қаталдығын алға тартады. Алайда тәртіп пен талғам қай жерде болмақ десек, талабы мен сарабы күшті жерде салтанат құрмақ. Ендеше, тәртіп пен тәлім егіз. Ал тәрбиелік пен білімділік екібастан. Бес жыл біз соның куәсі болдық. Ағайдың алдынан жақынырақ барып дәріс тыңдап, тәрбие көргенімізге қуанбасақ, еш өкінбейміз. Қайта бағымызға қарай осындай ұстаздың алдын көргенімізді бүгінде мақтаныш тұтамыз.

Темірбек ағаның сан қырынан танылған талант иесі екенін

тек шәкірттері ғана емес, бүкіл қазақтың қауымы біледі. Бір бойына тоғысқан әдебиетшілігі, сыншылығы, журналистігі, фельетонистігі, сатириктігі, ғалым-ұстаздығы бәрі-бәрі қолтығы сөгіле, қан сорпасы шыға токкен терімен жасаған еңбегінің өтеуі іспеттес. Бәрінен бұрын бізге ағайдың ғалым-ұстаздық қыры жақын әрі жыға таныс. Бұл басқа қырын білмейміз дегендік емес. Ең алдымен Темірбек аға біз үшін ұстаз.

Соңғы қырық жылдың бедерінде университет бітірген, бүгінде қазақ журналистикасының қара қазанын қайнатып жүрген журналистердің барлығына Темірбек ағамыз ұстаздық етті десек, артық емес. Және алты мыңдай бұқаралық ақпарат құралдарына мамандар әзірлеуге үлкен үлес қосқан. Байқап қарасак, аз уақыт, аз цифр емес. Бүтін бір ұрпақтың өмірі. Қазақтың «елу жылда – ел жаңа, жүз жылда – қазан» деген мақалын еске алсақ, сонша уақыт шәкірт тәрбиелеу мықтылықтың бір мысқал көрінісі.

Темірбек Қожакеев 1926 жылы Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Ойтал ауылында дүниеге келген. 1953 жылы Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің журналистика бөлімін бітірген. 1947-48 жылдары Мерке аудандық комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі қызметін атқарады. 1953-72 жылдары Қазақ мемлекеттік университеті журналистика факультетінің оқытушысы, аға оқытушысы және доценті болып қызмет етеді. Одан соң ұзақ жылдар бойына аталған жоғары оқу орнының журналистика факультетінің деканы болды. Филология ғылымдарының докторы, профессор. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері.

«Ойында сәулесі, ал ісінде әуресі бар жанның артында өзіндік із қалары сөзсіз. Темірбек Қожекеев осы қасиетке тән адам еді», – деп жазыпты профессор Тілеубек Көлбаев. Расында да, Темекен өткенді ойлап, болашақты болжап, сан-сапалық құбылыстарды бір ізге салар ақыл-парасаты мол нар тұлғалы азамат еді-ау. «Бар саналы ғұмырын Алаш дейтін аталы жұрттың амандығына арнаған ол өзіне тән мінезі, таңғажайып талғамымен даралана білді», – дейді филология ғылымдарының докторы, профессор Бауыржан Жақып.

Темірбек Қожекеев әдебиеттанушы, жазушы, сыншы, зерттеуші, журналист, сатирик және талантты ұстаз бола білді. Ол 20 мыңнан астам журналист тәрбиелеп, қазақ бұқаралық ақпарат құралдарының қаламы жүйрік, ойы ұшқыр маман даярлап шығарды.

«Темекеннің іргелі зерттеу еңбектері, мақала, кітаптары қазақ журналистикасының өсу, қалыптасу кезеңдерінің шынайы көрінісі. Шәкірттерінің алдында ең алдымен ұстаздық борышын адал өтеген ғұлама», – дейді филология ғылымдарының докторы, профессор Намазәлі Омашев.

«Темекеннің ғұлама ғалымдығының куәсі – оның том-том зерттеу еңбектері мен оқулықтары. Шын ғалымның шынайы іздемпаз екендігі әдебиет пен журналистикадағы тың тақырыпқа түрен салып, өзі тапқан сүрлеуін даңғылға айналдырғандығында», – деп жазады филология ғылымдарының докторы, профессор Өмірхан Әбдіманұлы.

«Темірбек Қожекеев ізденісінің ерекшелігі – тақырыпты тек бетінен қалқымай, тұңғыықтан тартып, қағидалық тұғырнамасының тамыры тереңде болып келуі. Сондықтан да ғалымның еңбектері сатирада сан сырлы құбылыстың құпия қырын ашып, жанрларының жігін ажыратып беруімен қымбат. Темекен өз ізденісі барысында еш шаршауды білмейтін. Міне, сол талмай іздену қасиеті оны тұлғалық қалыбын жасауға жетеледі», – дейді филология ғылымдарының докторы, профессор Кәкен Камзин.

Рухани жағынан бай халықтың ұлттық дәстүрі де өміршең. Өйткені рухани байлық бабалар мұрасы, әрі аманаты. Темірбек Қожекеев бір сөзінде: «Рухани байлық ескірмек емес, тот та баспайды. Ол әркімнің игілігіне қызмет етеді. Рухани байлық адамның жан дүниесін байытады», – депті. Темекеннің осы сөзі рухани байлықты парасатты тұрғыдан игеру – өмір қажеттілігі екендігін ұқтырады.

Иә, сатира – қазақ әдебиетінің ежелгі саласы. Мыңдаған жылдық көне тарихымыздың мәдени қазынасына жататын ақыл-ой, рухани байлығы. Сатираның мыңдаған жылдық даму тарихын

зерттеп, тектерін тамырлата талдаған да Темірбек Қожекеев болатын.

«Біздің әдебиеттану ғылымында сатираны зерттеп, кешегісі мен бүгінгісіне барлау жасап, ертеңіне ой жүгіртіп отырған ғалымдарымыз аз. Қазақ әдебиетіндегі осы жанрдың қалыптаса бастауынан бері қамқоршы болған жанашыр ғалым – Темірбек Қожекеев. Ол өзінің «Сатира және дәуір» атты монографиясымен қазақ әдебиеттану ғылымында маңыз-мәні жоғары жаңа ғылыми бет-бағдар ашты», – деп жазған екен профессор Рымғали Нұрғалиев. Ғалымның бұл пікіріне ешкім дау айта қоймас.

Міне, бұл Темірбектің өмірлік қағидасы. Ол мұны айтып қана қойған жоқ, толығымен осы қағидамен өмір сүрді. Сондықтан да, Темірбек Қожекеевтің артында ел-жұрты, халқы сүйген, қоғам сыйлаған, шәкірттері құрметтегін абыройлы аты қалды.

Темірбек ағаның талғамының биіктігі мен талабының күштілігін сезініп өскен шәкірт күні ертең сол деңгейден қарауға дағдыланатыны анық. Өйткені өзі де тек еңбекке үйренген ұстаздың жалқаулыққа жаны қастығына, сары жамбасты жақтырмайтынына еш шәкірт шек келтірмейді. Алайда қас-соқтығымен, қыңыр тартып, тәртіпке көнбегенді де ағайдың тезге салып, түзеп жібергенін көргенбіз. Жөн сөз айтып, жөндем болған қарабайырлықпен емес, қарапайымдылықпен шақыратындығы талай шатақ шәкірттің шаңын да қағып, шалқайғанын еңкейткен. Мінсіз журналистпін дегеніміздің өзі ол кісінің алдына барғанда ақауымызды аңғара қоятынбыз. Ұстаз – қашанда ұстаз. Асыл ағаның аяулы бейнесі көз алдымда осылайша қалып қойыпты. Енді бүгін профессор ағамыз есікті ашып кіріп келіп, лекция оқи жөнелетіндей көрінеді де тұрады.

АМАНАТҚА АДАЛДЫҚ

Төрге шықса төбедей, төбеге шықса төредей ағамыздың бірі – Әбдімәлік Нысанбаев жақын мен алысты бірдей тең көретінін бүгінде жалпақ жұрт жақсы біледі. Сексеннің сенгіріне шыққан ағамызды елінің жігері, қоғамның тірегі болған азамат десек, әсілі

артық айтпасақ керек. Себебі ұрпақ үшін өлмейтұғын ісі, өнегелі еңбегі бар.

Белгілі ғалым, Ұлттық Ғылым академиясының академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор Әбдімәлік Нысанбаев ағамыздың ғалымдығын, қоғамдық еңбегін халық жақсы біледі. Осы жолдағы жеткен жетістігі, алған атағы мен марапаттары аз емес. Алайда кешегі солақай саясаттың ауыртпалығын көрген жанның бірі Әбдімәлік аға екенін былайғы жұрт біле бермейді. Отыз жетінің зобалаңында әкесі Нысанбай халық жауы атанып, ұсталып кетіп оның зардабын өмір бойы тартып келеді. Қазір Әбекең сексенді алқымдады, немере-шөбере сүйді, ата атанды. Бірақ әке құшағын, мейірімін, қамқорлығын аңсап, жоқтап, іздеп өсті. Әбекең әлі күнге дейін әкесін іздейді. Жас кезінде көре алмаған жылылықты аңсайды.

Әбекең отыз жетінші жылы Қызылорда облысының «Үшінші ауыл» аталатын елді мекенінде өмірге келген. Әке-шешесі сол қиыншылық заманында күн көру қамымен «Қарауылтөбе» ауылына ауысады. Нысанбай әкей Бостан би деген оңірге мәшһүр аузы дуалы кісінің кіндігінен тараған екен. Осындай текті ұрпақтан өрбіген Нысанбай әкей білекті батыр, ешкімнің бет-жүзіне қарамаған айбынды да айтқыш кісі деседі. Бірде ауылда канал қазып жатып, «Қарауылтөбе» колхозының бастығымен сөзге келіп қалады. Әлгі Кеңес үкіметінің шолақ белсендісі түнделетіп үш әріптің кеңсесіне барып, «Нысанбай деген Кеңес үкіметі жеңіледі, немістер жеңеді деп айтты» деп арызданады. ОГПУ-дің үштігі түнделетіп келіп Нысанбайды алып кетіп, соттап жібереді. Жылап-сықтап қалған бала-шағаны шешелері: «Әкелерің бір жаққа кетті, жуырда келеді», – деп алдарқатқан болады.

Сол зұлмат заманда халық жауы атанған қаншама жазықсыз жандар қуғын-сүргінге ұшырады, азап көрді, құрбан болды. Ал елде артында қалған әулеті, ұрпағы, балаларының да тағдыры тәлкекке түсіп, мехнатты тіршілік кешті.

Соның бірі – Әбекеңнің отбасы. Әжелерінің жалғыз өзі балаларды асырауға шамасы келмеді. Әбекеңнің «Сталин»

колхозындағы Қатира апасының күйеуі Қалмағанбет жездесінің отбасымен бірігіп тұруға тура келді. Содан кейінгі тауқыметті тағдыры турасында Әбекең былайша айтып берген еді:

– Қырық үшінші жылы жездемді соғысқа алып кетті. Артынша Сталинград түбінде қайтыс болды деген қара қағаз келді. Біздің ауыл күріш шаруашылығымен айналысатын. Күздің күні қыркүйек айында күрішті орып алады. Күріштен қалатын масақты теретінбіз. Кеңестің қызылкөздері жерде жарамсыз болып қалған сол масақты да қызғыштай қорып алғызбайды. Ішінде қатыгез бір бригадир бар еді. Сол бір рет қуып жүріп ұстап алып, құлағымның тамырларын үзе-мүзе тартқаны өмір бақи есімде қалып қойды. Кішкентай ғана дорбамызды масағымен қосып тартып алды. Ашарық әлжуаз баламыз ғой, қарсылық көрсете алмаймыз.

Бұдан басқа да Әбекең көрген қиыншылық жетіп артылады. Мектепте «Халық жауының баласы» атағымен көрмеген құқайы жоқ. Бәрінен бұрын мұғалімдердің сыныпта артқы партаға отырғызып қойып, «Халық жауының баласысың» деп ашықтан-ашық тиісетіні жанына батушы еді. Әбекеңді бұл жайттар жасыта алмады. Қайта жас баланы ширата, қайрай түсті. Керісінше Әбекең өте жақсы оқуға тырысты. Әкесін қалайда ақтап алу үшін өте сауатты болу керектігін түйсінді. Сөйтіп, алдына «үлкен ғалым атанып, әкемді қайтсем де ақтап аламын» деген мақсат қояды.

Мектепті тырмысып жүріп жақсы бітіргеннен кейін Қызылорда қаласындағы педагогикалық институттың физика-математика факультетіне оқуға түседі. Институтты өте жақсыға тамамдаған Әбекең жолдамамен Алматыдағы Ғылым академиясына келеді. Ол кездегі ғылыми-инновациялық Сәтбаев заманында Ғылым академиясында қызмет істеу деген үлкен мақтаныш еді. Мұнда Әбекең алпыс жылғы жуық отасып келе жатқан болашақ жұбайы, жас ғалым Зейнеш апаймен танысады. Алматыдағы ғылыми ортадағы Орынбек Жәутіков, Жабайхан Әбділдин, Лев Науменко, Мамия Баканидза сияқты талантты ғалымдар Әбекеңнің ғалым болып қалыптасуына оң ықпалын тигізді. Бұдан соң ізденімпаз, еңбекқор, талантты жас ғалымды ұстаздары жолдамамен Мәскеуге аспирантураға жібереді. Сол кездегі Одақтағы

жаратылыстану философиясымен айналысқан, бірден-бір атақты ғалым, профессор И.В. Кузнецов Әбекенді Мәскеудегі ғылыми ортаға құшақ жая қарсы алып, аспирантурада ғылыми жұмысына жетекшілік етті. Сондай-ақ Э.В.Ильенков, Б.М.Кедров, В.С.Готт, В.С.Тюхтин, Г.И.Рузавин, В.А.Лекторский, В.С.Степин секілді көрнекті ғалымдардың алдын көрді. Аспирантураны ойдағыдай қысқа мерзімде тамамдап, кандидаттық диссертациясын қорғайды. Ең бастысы, Мәскеуде тиісті органдардың барлығына барып, түсіндіріп, жазып жүріп әкесі Нысанбайдың «халық жауы» атағы жала екенін дәлелдеп, ақтап шығады. Осылайша Әбекең өз сертінде тұрып, үлкен олжамен Алматыға қайтып оралады

Содан бергі ғылыми ортасында: Қызылордадағы пединституттан бастап, Алматыдағы философия және құқық институтында, Мәскеудегі аспирантурада, содан кейін философия және саясаттану институтында, көптеген шетелдерге іссапарларға барған кездеріндегі осынау ұзына уақыт ішінде көптеген ғылыми-зерттеу жобалар мен бағдарламаларға қатысыпты.

Иә, Әбекең білім мен ғылымда үздіксіз алпыс жылға жуық еңбек етіп келеді. Осы жылдары 600-ден астам ғылыми жұмыстары, қырыққа жуық кітаптары, олардың ішінде 75-тен астамы әлемнің жиырма бес тілінде (Ресейде, АҚШ-та, Қытайда, Германияда, Түркияда, Иранда, Вьетнамда, Тәжікстанда, Белоруссияда, Украинада, Болгарияда, Польшада, Венгрияда және тағы басқа елдерде) жарық көрді. Және ғылыми жетекшілігімен көптеген мамандарға диссертациялар қорғатып, философия, социология, мәдениеттану, саясаттану бойынша өзінің халықаралық танымал ғылыми мектебін қалыптастырды.

Сонымен қатар, тәуелсіз елдің «Қазақстан» атты ұлттық энциклопедиясын даярлау мақсатында Қазақ энциклопедиясының бас редакторы қызметін Философия және саясаттану институтының директорлығымен қоса атқарды. Егемен елдің ұлттық энциклопедиясының алғашқы төрт томы Әбекеңнің ғылыми басшылығымен және тікелей қатысуымен жарық көрді.

«Мәдени мұра» стратегиялық ұлттық жоба бойынша да 20 томдық «Көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі қазақ халқының

философиялық мұрасы», 20 томдық «Әлемдік философиялық мұра» және 10 томдық әл-Фараби шығармалар жинағы Әбекеңнің ғылыми басшылығымен және тікелей қатысуымен тұңғыш рет жарық көрді. Осылайша ана тіліміздегі 50 томдық философиялық мұрасы бар халыққа айналды. Бұл тамаша рухани-мәдени құбылысқа, теңдесі жоқ ғылыми жаңалық пен байлыққа қол жеткізуде Әбекеңнің еңбегі ерен.

Аталған еңбектері мемлекет тарапынан жоғары бағаланды. Еліміздегі ең жоғарғы Мемлекеттік сыйлығының (1984), Шоқан Уәлиханов атындағы тұңғыш сыйлықтың (1974), Халықаралық түркі әлемі сыйлығының (2006) лауреаты атанды. Елбасының Жарлығымен Қазақстан ғылымы мен техникасына еңбегі сіңген қайраткер (1994), Президенттің бейбітшілік пен рухани келісім сыйлығының лауреаты (1998), «Достық» (1998) және «Парасат» (2004) ордендерінің иегері болды. Көптеген елдердің құрметті профессоры, академигі, құрметті азаматы атанды.

Әбекең талай ғылымға ұмтылған жастарға қол ұшын беріп көмектесті. Бүгінде олар еліміздің түкпір-түкпірінде жемісті қызмет етуде. Солардың қатарында өзім де бармын. Әбдімәлік ағамыз ғылымға деген қызығушылығымды байқап, ғылыми жұмысыма жетекшілік еткені бүгінде мен үшін мақтаныш.

Әл-Фараби атындағы Қазақтың ұлттық университетінде, Абай атындағы Қазақтың ұлттық педагогикалық университетінде, Қазақтың мемлекеттік педагогикалық қыздар университетінде, «Қайнар» университетінде (осы уақытқа дейін кафедра меңгерушісі), Қытай Халық Республикасының Ухань қаласындағы Хуажон ғылым және технология университетінде, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде, Францияның университеттерінде, Түркияның Анкара университетінде лекциялар оқыды, диссертациялық жұмыстарға ғылыми жетекшілік етті, бірлескен ғылыми жұмыстары жарық көрді. Философия, саясаттану және социология мамандықтары бойынша Қазақстаннан, Ресейден, Түркиядан, Оңтүстік Кореядан, Ираннан, Қырғызстаннан, Өзбекстаннан Әбекеңнің ғылыми жетекшілігімен 100 кандидаттық және 60 докторлық

диссертациялық жұмыстар қорғалды. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған «Қысқаша философия тарихы», «Философия», «Социология», «Саясаттану», «Адамға қарай бет бұрсақ», «Батыс философиясы», «Шығыс философиясы», «Введение в теорию гендера» деген сияқты оқулықтар мен оқу құралдары, қоғамдық-гуманитарлық және математикалық-жаратылыстанулық бағыттағы орта мектептің 10 және 11 сынып оқушыларына арналған «Қоғамдық білім негіздері» және «Адам және қоғам» оқулықтары мен хрестоматияларын дайындауға басқа ғалымдармен бірге қатынасты.

Вашингтондағы Американың және Кембриждегі Англияның өмірбаяндық институттары 2008 және 2009 жылдардың аяғында зерттеу мен сараптау нәтижесінде Әбекеңді әлемдегі 200 тұлғалардан тұратын «XXI ғасырдың ұлы ойшылдары» атты топқа кіргізіп, алтын медаль және сертификат тапсырып, арнаулы ағылшын тілінде кітапты жарыққа шығарды. Бүгінде аталған кітап әлем елдеріндегі кітапханалар, мектептер және ғылыми-зерттеу мекемелеріндегі зиялы қауым үшін тамаша дереккөзі болып отыр. Бұл Әбекеңнің әлемдік ғылым мен қоғамның дамуына қосқан үлесі деп білеміз.

Жалпы бұдан байқайтынымыз, қай қызметте жүрсе де Әбекең ұлттық сананы жоғары қоя білді. Аққоңілімен айналасына шуақ шашып тұратын ағамыздың әр ісінде тереңдік бар. Үнемі алға ұмтылып, еліне, халқына адал қызмет етіп келеді. Осы іскерлігімен көпшіліктің ілтипатына бөленді.

Мәуелі бәйтеректің аспанмен астасып, жайқала өсуі тамыр тартқан топырағының құнарынан. Бұл – табиғат заңдылығы, аттап кете алмайтын ақиқат. Дала мінез, бала көңіл адамдар бар. Мына аспан асты, жер үстіндегі табиғи құбылыстар жанына жат емес. Бір күні құм суырған тентек жел болса, бір күні аққайыңның жапырағын тербеген ақ-ерке самал. Әбекең де осындай өзі өскен, өзі өрбіген өлкеге тартып туған тұлға. Бүгінде Әбекең мен асыл жары Зейнеш апай екеуінен тараған ұрпақ үлкен әулетке айналып, ұл-қыздарымен бірге немерелері де үйлі-баранды болды.

Қазір Әбекең сексеннен асты. Шау тарттым, шаршадым

демейді. Саясаттану, философия және дінтану институтында ғылыми жұмысын жалғастырып жатыр. Жалпы Әбекеңнің өкінетін жері, әттеген-ай дейтін кезі жоқ. Әкесі ақталды, әулетінің ел-жұрт алдында жүзі жарқын.

ЕМЕННІҢ ИІР БҰТАҒЫ

Қазақта: «Әкеге қарап ұл өсер» деген аталы сөз бар. Жаратушы әр адамға қанымен біткен мінез береді. Қанында бар қасиетті адам қайда жүрсе де тастап кетпейді. Тумысынан текті адамдар, көптің қамын ойлап, елі мен жері үшін шырылдап өтеді. Осындай азаматтардың арқасында ел де, жер де көктейді, көркейе түседі. «Ауылына қарап, азаматын таны» деген сөз де содан қалса керек.

«Жаны жайсаң жан еді» дейміз жақсы адам дүниеден өтсе. Ауылшаруашылығы саласының білгір маманы, Атырау өңіріндегі Жылыой аудандық мәслихатының хатшысы болған Құлмұхан Төремұратов та жоқ қазір қатарда. Бірақ оның ұрпақ үшін өлмейтұғын ісі, өнегелі еңбегі қалды қатталып.

Адам – бұл дүниенің қонағы. Ал пәниде темір өзекті пенде жоқ. Өлмес адам бола ма?! Құлмұхан Төремұратов 1941 жылы Атырау облысына қарасты Жылыой ауданында дүниеге келген. Мектеп бітірген соң екі жылға жуық малшы болды. 1961 жылы Кострама қаласындағы ауылшаруашылығы институтына оқуға түседі. Оны тамамдаған соң бірнеше шаруашылықта еңбек етті. Совхоз директоры, партия комитетінің хатшысы, аудандық мәслихаттың хатшысы, қала әкімі қызметтерін абыроймен атқарды. Құлмұхан жасынан алғыр болып өсті. Ол бұғанасы бекімей ел аузына ілігіп, ауылды балалық ақылмен, ертеңгі күнге деген құштар көңілімен өзіне қарата білген жан. Кітапты басына жастана жатып оқитын. Көңілі ояу, көкірек көзі ашық, зерек болып өскен ол осы оқыған кітаптардан өзіне қажеттінің бәрін зердесіне түйді. Құлмұхан барды қанағат тұтып, жоққа шыдай білді.

Қай қызметте жүрсе де тәртіп пен әділеттілікті талап етті. Даладай дархан мінезімен де көптің есінде қалды. Жұмысқа келгенде жанындағыларын жұдырықтай жұмылдырды. Осы

іскерлігімен көпшіліктің ілтипатына бөлінді де. Кеше ғана өмірден өткен ақын апамыз Фариза Оңғарсынова бір естелігінде былай деп жазған екен.

«Құлмұхан менің туган бауырымдай болған азамат еді. Бір ауылда өспесек те, адамгершілігі, бауырмалдығы, түсінігі арқылы жақын болып кетті. Құлсары жаққа жолым түсе қалса, зайыбы Раузаның қаймақ құйған шайы мен кобігі кеңсірігіңді қытықтаған шұбатын ішіп, откен-кеткенді еске алып, әңгіме құратын сәттер әлі күнге дейін коз алдымда. Құлмұхан айналасына сыйлы, қадірлі, кісі танитын азамат еді. Балаларына да адами тәрбие берді. Қамбары, Нұрланы, Бек-Марғұланы, Омары да – әкенің адамгершілігін, шыншылдығын бойларына сіңіріп өскен азаматтар».

*Көктем зой бұл көгертер косегені,
«Елім» деген қазақтың көшелі ері.
Шырқ үйіріле билейтін, ән салатын,
Көсем еді, Құлмұхан, шешен еді.*

*Гүл жайқалды ізінде жүріп откен,
Жаны коктем, болатын, жсыры коктем.
Халқы оны «Басшы» деп ұлғыланды,
Елін сүйді ол перзенттік құрметпен.*

*Жүректерде әкенің жсүр арманы,
Ғұмырлары – тарихи жсыр алдағы.
Биікке ұшып барада қара қаздар,
Құлмұханның мұзбалақ қырандары.*

Иә, Құлмұханның кіндігінен төрт ұл мен бір қыз өрбіді. Бәрі де жоғары білімді, өмірден түйгені мол. Осының бәрі әкенің берген тәрбиесі, – дейді екінші ұлы Нұрлан Төремұратов.

«Мәуелі бәйтерек, жапырағы жамыраған дарақтың аспанмен астасып, жайқала осуі үшін тамыр салған топырағы құнарлы болса игі. Бұл – табиғат заңдылығы, аттап кетуге болмайтын ақиқат. Дала мінез, бала коңіл адамдар болады. Мына аспан асты, жер үстіндегі табиғи құбылыстар жанына жат емес.

Бір күні құм суырған теңтек жел болса, бір күні аққайыңның жапырағын тербеген ақ-ерке самал. Біздің әкемізде осындай өзі туған, өзі өскен өлкеге тартқан екен ғой деп ойлаймын».

Құлмұхан Төремұратов балаларының ертеңін елең-алаңнан ойлаған азамат болатын. Сондықтан болар, балалары мамандық таңдауда жаңылған жоқ. Отбасы – Отанның кішкене мекені деген ұғымды үнемі жадында түйді. Бұл, әрине, ұрпағының отбасылық өміріне берген өнегесі болар. Бүгінде оның төрт ұлы бір төбе, үйлі-баранды. Қызы Мөлдірді де қияға қондырып кетті. Иә, балалық бал дәурен шақтың шуағы мол ғой. Еске оралса еңсең көтеріліп, сол балауса кезеңнің қуанышына кенелесің, – дейді Нұрлан Құлмұханұлы.

«Қалай десек те, адамның балалық шағы ең бақытты кезі. Шоқпартоғай ауылынан басталған менің өмірімнің өзегі Тұрғызба, Қосшағыл, Ақкиізтоғай ауылдары, Кұлсары, Атырау, Алматы, Астана қалалары арқылы өріліп жатуында да бір заңдылық бар сияқты. Мен сол әке аманатын арқалап, арманын орындап жүргендеймін. Баяғыда бала күнімізде алдымда ағам Қамбар, артымда інілерім Бек-Марғұлан мен Омар бар – ауылдың көшесінің ала шаңын шығарып, ойынның көкесін көзіне көрсететін кездерімді ойлаймын. Әкеміз жұмыстан келер уақытта үйден табыламыз. Есік алдын сыпырамыз, су шашып, анамызға көмектесіп көрпе жайып, жастық тастап, бөлмелерді жайнатып қоямыз. Бәрі де талабы қатты әкенің талғамына сай болғаны ләзім. Әйтпесе шарт еткен шапалақ сенің әлі ат жалын тартып азамат атаңбағаныңды ескере бермейді. Сондай темір тәртіптің тезінде өскен төртеуіміздің татулығымыз әке тәрбиесінің ықпалы екенін енді аңғарып жүрмін».

Құлмұхан Төремұратұлы парасатты, жаны сұлу адам еді. Үлкенге де, кішіге де ілтипатпен қарайтын. Кемшілікке төзбейтін, адамның қателігін бүкпесіз бетіне айтатын. Менмендік, тәкаппар қылықтан ада, қандай игі істер атқарса да, ешкімге міндет артпай, заманына сай адал еңбек етті. Еңбектің қашанда еленгені жақсы. Мерейің өсіп, бір марқайып қаласың. Дей тұрғанмен, еңбегің елің үшін елеулі, пайдалы болып жатса, қалайша қуанбайсың.

Әкесінің темірдей тәрбиесін көріп өскен Құлмұхан сан алуан қырлы салдардың сарқытындай мінезді, адуын, тура сөзді жігіт болып жетілді. Рас, Төремұрат қария тым қатал еді. Алайда бар жылы-жұмсақты осы Құлмұханның аузына тосатын. Аталарымыз кейбір баланы «ақылды тентек» деп басынан сипаған емес пе. Бұл баланың келешегінен үміт күткен үкілі көңілдің белгісі болса керек. Әрине, Құлмұхан отбасындағы жарға біткен жалғыз жантак емес еді. Десе де, сонау сұрапыл соғыстың ең ауыр күндерінде дүниеге келген ұлды жанына жақын тартты. Қатал мінез болса да бір мейірім үстемдік етіп тұратын. Жалпы сол уақыттың қайтпас қайсар қара шалдары ертеңгі ұрпақ қамын әріден ойлағаны анық.

«Серілік дегеннен шығады, Құлмұхан алты қырдың астынан дауысы естілетін әнші болатын. Осы неге өнер жолын қумады екен деген әңгіме де ауыл арасында өрбіген. Өйткені онымен ән салу танымал әншілерге де жеңіл еді. Ол дарынды жандарды алыстан танитын, соларды құрмет тұтатын. Сол сан қырлы қасиетіне орай, ол қазақы қалыптағы азаматтардың қатарында болатын», – деп, еске алады жазушы-драматург Рахымжан Отарбаев.

Құлмұхан Төремұратов қарапайым жандармен тонның ішкі бауындай араласты. Оларға қамқор болуға әрқашанда дайын еді. Бір басшылық қызметте жүргенде өз жүргізушісінің жағдайын сұрайды. Сол жылғы қыс ашуына мініп, аяз ақырып тұрған шағы болса керек. Сонда жүргізуші: «Жағдайым жаман емес аға, тек үйде отын таусылып, келініңіздің бетіне қарай алмай жүрмін», – дейді. Құлмұхан сәл ойланып барып, қосшы жігітіне бұрылып: «Кеңсенің қасында бір қысқа жететін отын бар, соның жартысын үйіңе түсіріп ал. Үйің суық болса, жан жылуы да болмайды», – депті. Бұл енді азаматтық емес пе? Рас, осы жомарттығымен талай рет таяқ жеді де. Иә, арындап жүріп арандап қала жаздаған кездері де аз болмапты.

Арғымақтай арынды, жанартаудай жалынды, қыран құстай алымды, дара болмысты Құлмұханның зайыбы Рауза Қабдыхалыққызы да текті жердің қызы болатын. Көрген тәрбиесі мол, ата салтын аттамаған арумен Құлмұхан қалай кездесті? Бұл жайында Рауза Төремұрат келіні өзінің естелігінде былай деп жазады.

«Бір күні құлсарылық екі құрбым үш күн үгіттеп студент-жастардың бас қосуына алып барды. Әлі есімде, ақ көйлекті, бұйралау қара шашын қайырып қойып, кешке келгендерді сөзімен иіріп, әнімен үйіріп тұрған жігітті көзім шалды. Шай ішілген соң биге кезек берілді. Жаңағы өнерлі жігіт бірден мені биге шақырды. Ол менің ең бақытты күнім болатын. Сол күн біздің 43 жыл қолтықтасып жүруге негізделген ғұмырлық сапарымыздың тұңғыш тұсауын кесіп еді. Сол күннен бастап екеуміздің жұбымыз жазылмады».

Құлмұхан Төрсмұратов аудандық мәслихаттың хатшысы болғанда халықтың көзінде, елдің сөзінде жүрді. Әкімдердің халық сыйлаған органды құрметтеуін талап етті. Және соған қол жеткізді де. Әрине, оған бұл жұмысты жүзеге асыру оңайға соққан жоқ. Төрт ұлы да өзіне тартқан абыройлы азамат болып жетілді. Іскер, өжет, өзара тату болды. Құлмұхан, әсіресе арпа ішіндегі бір бидай, көздің қарашығындай жалғыз қызы дегенде шығарда жаны бөлек болды. Оның әкелік махаббатының өзі ешкімге ұқсамайтын, – дейді ұлы Нұрлан.

«Ол өз қызметіне асқан жауапкершілікпен қарайтын. Таза киініп бару, өзін асқақ та биік ұстау – бізге қалдырған үлгілі үрдісі. Момындық пен ынжықтықты жек көрді. Шынында да, содан халқымыз қанша қорлық көрді. Мына дүниеде күнге кірпік қақпай қарайтын аң патшасы арыстан екен. Менің әкем де ақиқатқа тура қарайтын даралардың сойынан болатын. Қарауындағы қарапайым адамдардың үнемі жағдайын біліп, шешетін мәселелерін шешуде өзінің адамгершілік болмысын таразыға салып, барынша қамқорлауға тырысты. «Ашпа жеген құйқаның дәмін тоқта ұмытпайтын» елдегі ағайындар бұл туралы әлі аузынан суы құрып айтады. Соның бәрі біз үшін әрі абырой, әрі мәртебе».

Иә, ел мүддесі үшін еңбек көрігін қыздырып, болашақтың балғасын соқты, бақанын көтерді. Тәуелсіз елдің терегін мәуелетті. Ол үйде де, түзде де алдымен өзі өнеге көрсетуге тырысты.

«Жаны жақсылыққа, жүрегі нұрға, кеудесі қуанышқа толы, кеңкөңіл, пейілі ақ адамдардың еңсесі қашанда биік, жүзі жарқын

емес пе. Ондай азаматтың арғы-бергі ата-бабалары да текті болып келеді. Тәрбиені сол тектіліктен алған перзент те парасатты. Тағдырдың тоғысында, өмірдің қиясында шорт сынбай, тияқнақтылық танытқан Құлмұханның да беделі биік еді», – дейді Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің жауапты қызметкері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Журналистика Академиясының академигі Өтеген Оралбайұлы.

Қандай рахат! Жүрейік, достар, күнде өстіп,

Ренжу деген, ренжу деген білместік.

Бауырларым-ау! Бәріміз қиын күн кештік,

Арамызға біздің, қай жақтан келді күндестік!? – дейді ақын Мұқағали Мақатаев. Иә, ел іші болғасын күндестіктің де қатар жүретіні ақиқат. Осындай аяқтан шалушылық Құлмұханды да сырт айналған жоқ. Алайда ол бәрін ақылмен таразылайтын, сабырмен шешетін.

Талайлар тағдыр тәлкегімен тірліктен кеткенімен, көңілден кетпей, қыран қылығымен, парасат пайымымен жұрт есінде жүрері ақиқат. Құлмұхан Төремұратовтың да бейнесі көптің жадында мәңгі жатталып қала бермек.

«БІЛГЕНГЕ БЕКЕТ НАҒЫЗ ІРІ ТҰЛҒА...»

*(Белгілі қоғам қайраткері Бекет Тұрғараев
туралы үзік сыр)*

Қызметін жөн болар ма жазып отпей,

Нақақтан жүр ешкімді жазым етпей.

Ол қамқор Тәуелсіз ел табысына,

Әділ би, Қаздауысты Қазыбектей.

Сыйлаған бүкіл қазақ жамағаты,

Шықпаған ешқашанда жаман аты.

Білгенге Бекет нағыз ірі тұлға,

Қазақтың асыл туган азаматы.

Бұл белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Бекет Тұрғараевқа арналған ақын жырынан үзінді. Нақтырақ айтсақ, қазақтың қабырғалы қаламгері Кәкімбек Салықовтың өлең жолдары. Кейіпкеріміз – азаматтық тұлғасы бір Кәкімбек Салықовтың ғана емес, талай тарланбоздың жырларына арқау болған, Оңтүстік пен Солтүстік Қазақстан облыстарының сотын абыроймен басқарып, заң алдында мамандық міндеті мен ар алдындағы адамдық борышын қатар ұстап, жетпіс жасқа толып отырған, елдің сүйіспеншілігіне бөленген ерен ер, заң ғылымдарының докторы, ҚР Еңбек сіңірген заңгері, ҚР Құрметті судьясы, «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері Бекет Тұрғараұлы.

Бекет Тұрғараев 1947 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Қазығұрт ауданы, Талдыбұлақ ауылында дүниеге келген. Ол елге, жерге, ұлтқа деген игілікті ісін өзінің туған ауылы Талдыбұлаққа жаңа мектеп ғимаратын салып беруден бастады. Ішін компьютермен жабдықтап, кітапханасын байытты. Қазығұрт ауданы мен облыстың энциклопедиясын өзінің қаржысымен жарыққа шығарды. Саналы ғұмырын еліміздің заң саласы мен руханиятын дамытуға арнаған мың-сан ісінің бірін ғана айтсақ, Қазығұрт ауданы Шарапхана ауылынан Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне тағзым белгісі іспетті майданда қаза тапқан жауынгерлердің аты жазылған «Бабалар рухына тағзым» атты алып кешен мен Ұлы бабасы «Түгейболат» бабаға арналған 21 шаршы метрлік ескерткіш монумент тұрғызды. Осы іспетті басқа да еңбектері еленіп, «Қазығұрт ауданының құрметті азаматы» атанды.

Қандай қызметтің болмасын күрмеуін табатын Бекет Тұрғараұлы ұлттық сананы үнемі жоғары қоятын. Ақжарқын мінезінде өзіндік өр, ал ісінде тереңдік бар. Қандай іске болсын осалдық танытпайтын ол, үнемі алға ұмтылып, еліне, халқына адал қызмет ете білді. Осы іскерлігімен көпшіліктің ілтипатына бөлінді де. Алайда Бекет аға қызметті де, атақты да іздеген емес.

Ұлтжанды, еңбекқор жанға абырой да, мансап та, билік баспалдағы да басын иді. Қазақ мемлекеттік университетінен заңгер мамандығын алған ол еңбек жолын Шымкент облыстық

сотынан бастады. 1992-96 жылдары Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының төрағасы қызметін атқарғанда Төле би, Әйтеке би және Қазыбек бидің өнегесіне терең бойлап, үш бидің атында залдар ашып, ұлағатты іс атқарды. 1993 жылы Елбасының көрші елдердің сол кездегі Президенттері Ислам Каримов пен Асқар Ақаевтарды шақырып, «Ордабасы» жиынын өткізуге атсалысты. Шымкент қаласынан да кезінде Жоңғарға қарсы күрескен даңқты батыр Тілеу Айтұлы мен оның баласы Жолдыаяқтың ерлігін паш ететін ат үстіндегі айбынды ескерткішті орнатуға ұйытқы болып, үлесін қосты.

«Бекет қашанда қазақтың жоғын жоқтап жүрген азамат. Осы тарихи кесене бүкіл қазақ халқына өмір бойы, әр уақытта өзінің тарихы қалай болғандығын танытып тұратын ескерткіштердің бірі болды. Қазақстанның қай бұрышына барсақ та Бекет ініміздің ашқан ескерткіштерін, тапқан тарихи жәдігерлерін көреміз. «Жақсының нұры тасысын» дейді ғой дана халық. Осы Бекет Тұрғараұлы сияқты азаматтарды ардақтауымыз керек», – дейді ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі Сұлтан Сартаев.

Туған елінің ертеңін ойлаған адам өзінің тұлғалық келбетін өзі жасайды. Бекет Тұрғараев та өзіне тән азаматтық болмысты өзі қалауға көп күш-жігер жұмсады. Алайда ол қандай қызметте болмасын қарапайымдылық қалыбынан танбаған жан.

1996-97 жылдары Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының Құқықтық ақпарат орталығының директоры, 1998-99 жылдары ҚР Әділет министрлігінің Соттар қызметін ұйымдастыру департаментінің директоры қызметін абыроймен атқарды.

Бекет Тұрғараұлы 1999 жылдан зейнет демалысына шыққанша табаны күректей он жыл Солтүстік Қазақстан облыстық сотын басқарды. Бұл өңірде де Бекет Тұрғараұлының игілікті істерінің ізі сайрап жатыр.

«Бекет – бір айтады, айтқанын істейді. Сөйтіп, ешкімнің ойында жоқ жарқын істерді атқарып, республикаға үлкен оқиға етіп таратып жібереді. Мәселен, біреу өмірде болды, біреу болмады деп таласып-тартысып жүрген Қожаберген жыраудың бүкіл әулетімен қайта тірілткен – Бекет Тұрғараев болды», – деп,

Қазақстанның Еңбек Ері, халық жазушысы Әбіш Кекілбай ағамыз ақжарма пікірін айтқан еді.

Ұлы Далада елін жаудан қорғаған есіл ер, көкжал кекті батырлардың қатарында Қожаберген жырау Толыбайұлы да бар еді. «Елім-ай» әнінің авторы, қазақтың даңқты қолбасшысы Қожаберген жыраудың есімін қайта ұлықтауға да Бекет Тұрғараевтың еңбегі ерекше. 2013 жылы ұлы жыраудың 350 жылдығын Алматы қаласында Ғылым академиясында, Астанада Еуразия ұлттық университетінде республикалық конференциясын өткізіп, кітабын шығарып, асын өткізді. Сонымен бірге осы өңірдің айтулы тұлғалары Үкілі Ыбырай, Ақан сері, Біржан сал, Сегіз сері, Шал ақын және Мағжан Жұмабаевтардың мұраларын жарыққа шығаруға демеушілік жасады.

Иә, Бекет Тұрғараұлы Қызылжар өңіріндегі зиялы қауымның басын қосып, талай игілікті істерге ұйытқы болды. «Жеті жарғы және Қожаберген жырау» халықаралық қайырымдылық қорын құрды. Сол қордың бастамасымен батыр жыраудың туған жерінде белгі қойды. Тағы да ел мұратына кәде іс-шаралар атқарылды.

Соның бірі – өз заманында «дала данышпаны» атанған Тоқсан би Жабайұлы Солтүстік – Батыс, кейін Тобыл губерниясының төбе биі болғаны тарихтан белгілі. Енді міне, кесенесі көтеріліп, шешендік сөздері топтастырылған жинақ та жарық көрді. Бекет Тұрғараұлының ұсынысымен Қызылжар қаласының бір көшесіне Тоқсан бидің есімі берілді. Кесене маңындағы ауылға да би атын беруге мұрындық болған – осы Бекет Тұрғараұлы.

Бұдан бөлек қазақтың даңқты ақыны Мағжан Жұмабаевтың ескерусіз қалған әкесі Бекен мен шешесі Гүлсімнің жерленген жерлерін іздетіп таптырып, құлпытас белгі қойғызды. Қағажу қалған тағы бір тұлғалар – Шал ақын мен академик Евней Букетовтың туған жерлеріне ескерткіш мүсіндерін орнатты. Қазақтың осындай маңдайалды тұлғаларын ұлықтау шын мәнінде ұлтжанды азаматтың ғана қолынан келері хақ. Осылайша ұлы істерді үндемей-ақ, «мұны мен істедім» деп көкірегін соқпай-ақ тындырған Бекет Тұрғараұлының ісі қазақтың мен деген талай азаматтарына үлгі іспетті.

Бекет Тұрғараұлының қызмет жолы тақтайдай тегіс болды деп айта алмаймыз. Алайда осы көзқарас қайшылығы, түрлі деңгейдегі тартыстар мен текетірестерді салқынқандылық пен сабырмен шешті. Ал зейнет демалысына шыққаннан соң да қарап отырмады. Елдегі қоғамдық-саяси құбылыстардағы қиын сәттерде Бекет Тұрғараұлы іс-тәжірибесі мен білім-білігін аямады.

2011 жылғы Жаңаөзендегі желтоқсан оқиғасынан соң Маңғыстау облысына әкім болып тағайындалған Бауыржан Мұхамеджанов Бекет Тұрғараұлын өзіне кеңесші етіп шақырды. Қалыптасқан жағдайға орай заңдық-құқықтың кеңес беріп, жазықсыз жандардың жазаланбауына араша түсіп, республикалық қоғамдық кеңестің жұмысын үйлестірді. Қарсылық көзқарастағы топты сабырға шақырып, рухани-мәдени тұрғыдан дем берді. «Маңғыстау ақын-жазушыларының шығармашылық кітапханасы» сериясымен 50 томдық кітаптың жарыққа шығуына тікелей ықпал етті. Қазақтан шыққан тұңғыш дипломат Нәзір Төрекұловтың 120 жылдығына орай конференция өткізіп, кітабын шығарып, республикалық деңгейде насихатталуына мұрындық болды. Осы сынды тағы басқа мың-сан шаруа Бекет Тұрғараұлының алқалауымен Маңғыстау жерінде жүзеге асты.

«Қаймағы бұзылмаған қазақы ауылда өскен Бекет қазақ әдебиетін жанындай жақсы көреді, көп оқиды. Майдангер жазушы Әзілхан Нұршайықовтың 10 томдық, менің 8 томдық шығармалар жинағымды шығаруға жәрдемдесті. Басқа да бірталай ақын-жазушыларға қол ұшын беріп, көмегін тигізді. Бұл әдебиетімізге, мәдениетімізге, руханиятымызға жасалған жақсылық деп білемін», – дейді академик Серік Қирабаев.

Бекет Тұрғараұлы өмірдің бастапқы бағдарын ауылдағы ата-әжелердің тәрбиесінен алды. Кітаптың қат уақытында ақылы дархан да дария данагөй қариялардан зердесіне таным түйген ол «Батырлар жырын» іздеп жүріп оқитын. Соның арқасында әдебиет әлеміне терең бойлап, тарихтан тағылым жинады.

«Абайды оқымау – ұлтты сыйламау. Абай бір ғасырда, тіпті, мың жылда бір туатын дара тұлға. Оның өлеңдерінің мағынасы – терең, қатпары – қалың. «Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өсіп,

мыңмен жалғыз алысса да», артына сарқылмас мол мұра қалдырып кеткен данышпанды танымай жүргендер көп-ау. Иә, олар «Абай жолын» бір қарап шықса, қандай шырмауық өмірде шырмалып жүргенін білер еді. Мен Абайды қажетсінбесем, қаражаяу тірліктің құлы болып, рухани жүдеп қалатындай қорқам, – дейді Бекет Тұрғараұлы.

Сондықтан да болар, руханият мәселесінде, қазаққа қажетті деген кітаптарды шығарып, тарату мәселесінде аянып қалмады. Қожаберген жыраудың «Елім-ай!», «Баба тілі» дастаны мен «Заманының заңғары», «Мәңгілік елдің – мәңгілік жыршысы», Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовым» кітабын, Қадыр Мырзалиевтің 14 томдық жинағын, заңгер жазушы Н.Төлендиевтің шығармасын, «Өмір өткелдері», «Президент және құқық реформа», «Бекет Ата – 260», Ғ.Қариннің «Асыл ойлар әлемі» т.б. ондаған кітаптарды жарыққа шығарып, Солтүстік Қазақстан облысына 10 мыңнан астам, Оңтүстік Қазақстан облысына 3 мыңнан астам кітаптарды тегін тараттырған.

Ал осы соңғы кездердің өзінде Бекет Тұрғараұлы қазақ халқының тарихында елеулі орын алған Орбұлақ шайқасы жеңісінің 375 жылдық мерейтойының қарсаңында (Алматы облысы, Панфилов ауданы) Қосқолаң тауының етегінде Сарыбелде жатқан ұлы жеңістің бас қолбасшысы болған Салқам Жәңгір хан мен оның елу алты батыр сарбаздары жатқан жерді қоршатып, ханға лайықты ескерткіш белгі қойды. Және де дәл қазіргі уақытта Оңтүстік Қазақстан облысы, Қазығұрт ауданында Шымкент – Ташкент халықаралық күре жолының бойында, биік төбе басына ұлы жеңістің қаһармандары Салқам Жәңгір мен Жалаңтөс Баһадүрге арнап, екеуінің ат үстіндегі айбынды ескерткіштерін орнату жұмыстарымен айналысуда. Сондай-ақ жақында ғана белгілі Мемлекет және қоғам қайраткері Нұртас Оңдасыновтың алып ескерткіш бюстін Ақтау қаласында орнатуға демеушілік жасап, абзал азаматтың атын мәңгілікке қалдыруға ықпал етті.

Иә, Бекет Тұрғараұлы – өз ұлтының келешегін ойлап, өмірлік мақсатын айқындаған азамат. Ат жалын тартып мінгеннен бері өзіндік қағидасы, өз ұстанымы бар азамат. Демек, арғы-

бергі ата-бабасы ұлттық салт-дәстүрден нәр алған тектіліктен жаралған. Тәрбиені сол тектіліктен іздеген перзенттің ұрпағы да тегіне тартып тамыр жаяры анық. Отбасы бүгінде үлкен әулетке айналды. Жұбайы Ұлды екеуінің ұлдары Мұхит пен Заңғар және қыздары Жұлдыз бүгінде өз саласының білікті мамандары ретінде қызмет жасап келеді. Немерелері Асылмұрат, Мағжан, Алтынай, Нарқыз, Айтолқын, Ақерке, Айымжан, Айана ата-апасының көзқуаныштары.

Қоғам қайраткері Бекет Тұрғараұлының жетпіс жылдық өмір жолы осындай. Кісі қызығарлық ғибратты ғұмыр! Бір азаматтың ұлтқа, елге қызметі осындай-ақ болар!

ҚАРЛЫҒАШ КӨҢІЛ ҚАЛАМҒЕР

Жазушы, өнер зерттеушісі, ұстазымыз Пернебай Дүйсенбиннің жетпіс жасқа толған шағында ол кісінің қаламгерлік болмысын қаншалықты дәрежеде танып-білдік деген сауал біздей өкшебасар інілерін бүгінде сан тарау ойларға жетелейді.

Қазақ баласы ауасыз қалай күн көре алмаса, әдебиет пен өнерсіз қалыпты өмір сүруі де екіталай. Бұл – әсіреқызыл сөз емес, бүгінгі шындықты күйзеліспен сезінген соң айтылып тұрған жағдай. Қазақы бояу мен ой-орамын үлкен сезіммен, жүрек лүпілі арқылы жеткізетін әдебиет қана. Баяғыда бір дуалы ауыз айтты деген сөзді тонын айналдырып жіберіп қолдансақ, қазекемдер қазақ әдебиеті аталатын «алтын сандықтың үстінде» отыр. Жауһар туындыларымызды оқыған кезде қазақ болып туғаныңа өзіңді бақытты санайсың. Ғылыми тілде мұндай халді «транс» деседі. Алайда оны желкілдеген жас ұрпақ сезіну үшін қанша уақыт керек екенін бір Құдайдың өзі біледі.

Осы тұрғыдан таразылағанда жазушы, өнер зерттеушісі Пернебай Дүйсенбиннің туындыларынан – «Елім» деп соққан жүректердің лүпілін, зайырлы мемлекеттің өткені мен бүгінін, болашағын, тарихы мен шежіресін, тілі мен ділін, азаттығы мен еркіндігін, халықтың бірлігі мен тәуелсіздіктің тұғырын аңғарарыңыз анық.

Ал ұстаздығына келсек, Пернебай Дүйсенбиннің алдын көрген талай шәкірттері бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде сан түрлі салаларда, әсіресе әдебиет пен өнерде танымал азаматтарға айналып, еңбек етіп жүр. Атап айтқанда: жазушы, журналист ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Президенті сыйлығының лауреаты Қали Сәрсенбай, күміс көмей әнші, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Сәуле Жанпейісова, осы жолдардың авторы, журналист – ҚР Президенті сыйлығының лауреаты, ҚР Мәдениет қайраткері Болатбек Төлепберген және дәстүрлі дүлдүл әнші, ҚР Мәдениет қайраткері Ардақ Исатаева сынды бір шоғыр шәкірттері Пернебай ағайдан дәріс алғандарын бүгінде мақтаныш тұтады. Пернебай Дүйсенбинді бұдан кейін қарлығаш көңіл қаламгер деп атауға толық болады. Себебі Пернебай ағамыз талантты ұл-қызды көрсе, балаша қуанып, оған ақыл-кеңесін айтып, жол көрсетіп, жөн сілтеуден шаршамаушы еді. Қазір де солай.

Енді ағамыздың шығармашылығын жіті тани түсу үшін ол кісінің өмір жолын айналып өте алмайсыз. Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жайылма ауылында туған ағамыз мектеп бітірісімен қара жұмысқа ерте араласып, еңбек жолын совхозда құрылысшылықтан бастады. Ол мектепте оқып жүрген жылдары тырнақалды туындыларын – өлеңдерін, әңгімелерін аудандық, облыстық газеттерде жариялады. 1958 жылы оның салған суреттері Москвадан шығатын «Пионерская правда», Алматыдан шығатын «Дружные ребята» газеттерінде жарияланып, көпке танылды. Москвада жарияланған суретіне байланысты сол кездегі Одақтың түкпір-түкпірінен, социалистік елдердің балаларынан мыңдаған құттықтау хаттар алды.

Арманшыл аға бұрынғы Киров атындағы ҚазМУ-дың филология факультетіне түсіп, арасында әскери борышын өтеп, университетке қайта оралып, журналистика факультетін бітірді. Университетте оқып жүрген жылдары оның қазақ өнері, бейнелеу өнері, әлемдік деңгейдегі ұлы тұлғалардың еңбектері туралы көптеген мақалалары мен эсселері, танымдық-публицистикалық туындылары республикалық басылымдарда молынан жарияланды.

Жоғары білімін жетілдірген соң туған ауылы Жайылмаға

оралып, Ленин атындағы орта мектепке жұмысқа орналасты. Әр жылдары қазақ тілі мен әдебиеті, сурет пәндерінің мұғалімі және мектеп психологы болып жұмыс істеді. Мектеп директорының орынбасары, мектеп директоры қызметтерін де атқарды. Осы жылдары ол шығармашылық қызметпен айналысып, бірнеше повестері мен әңгімелері газеттерде, журналдарда жарияланды. Оның шығармашылық қызметі мен еңбектері туралы мақалалар мен талдаулар көптеген басылымдарда жарық көрді. Олардың қатарында көрнекті қаламгерлер, жазушылар Әзілхан Нұршайықов, Мұхтар Мағауин, Тұманбай Молдағалиев, Сейітжан Омаров, Қаржаубай Омаров, Мәди Айымбетов, Жүсіпбек Қорғасбек, белгілі сыншы ғалымдар Бекен Ыбырайымов, Гүлзия Пірәлиева, Әлия Бөпежанова, т.б. оң бағаларын берді.

П.Дүйсенбиннің 1979 жылы «Жұлдыздар неге жылайды?» деген лирикалық повесі «Жалын» журналында жарияланды. Содан кейінгі жылдары жарық көрген «Жұмбақ жұлдыз», «Кішкентай генералдар», «Ән салыңызшы, Әке», «Елгезек ертегілер елінде» атты кітаптары оқырман ықыласына бөленді. Сонымен қатар, тарихи – танымдық «Шежірелі Сарысу», «Үркердей болып көшкен жұрт...», «Сарысунама», «Күлкі күмбезі», «Шуақты белес», «Ертегілер еліне саяхат», «Шуақты еді жүрегі», «Тектінің тұяғы еді», «Күй абызы – Ықылас» атты деректік еңбектері жарыққа шықты.

Осы еңбектері үшін Қазақ КСР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Жазушылар одағы, Қазақстан ЛКЖО ОК мен республикалық «Жалын» баспасы бірлесіп өткізген жабық бәйгесінің 1979, 1980, 1981, 1986 жылдардағы жүлдегері атанды. 1994 жылғы республикалық «Балауса» баспасының, 1996 жылғы «Парасат» журналының лауреаты. Оның республикалық бәйгелерде алған повестері төрт конкурстық жинаққа енгізіліп, Алматыдағы «Жалын» баспасынан жарық көрді. 2013 жылы Халықаралық «Дарабоз» бәйгесінің II жүлдесін, Жамбыл облыстық «Үздік журналист» конкурсының I жүлдесін иеленді.

П.Дүйсенбиннің сан қырлы талант иесі екендігінің және бір

мысалы мыналар. «Шежірелі Сарысу» деректі фильмін дайындап, оның авторы әрі продюсері болды. Туған жері – Сарысу ауданына елтаңба тарту етті. Жазушының «Қос қыран» (Панфилов пен Бауыржан) атты үлкен картинасы Жуалы ауданындағы батырдың мемориалдық мұражайының төрінен орын алды. Пернебай Дүйсенбин 1999-2007 жылдары Сарысу аудандық мәслихатының екі мәрте депутаты да болып сайланған. Және де Сарысу ауданының құрметті азаматы.

Иә, сан қырлы қаламгер Пернебай Дүйсенбиннің 70 жасқа толған мерейтойына тарту ретінде ағамыздың кейінгі толқын ізбасарларының атынан бауырым Аманбек Төлепберген екеуіміз ұстазымыз, қазақтың ерекше бітімді жазушысының «Арайлы таң алауы» атты прозалық кітабын («Асыл кітап» баспасы, 2013 жыл) жарыққа шығарғандығымызды да сөз ретінде айта кетуді жөн санадық.

Кейіпкерлерін жанындай жақсы көріп, табиғатты елжірей отырып суреттейтін, жүрегі халқым деп соққан қарлығаш көңіл қаламгер қасиетті дәстүрлерімізді жаңғырта, нәрлендіре түссін, қазақ халқына жақындығынан жазбайтын шығармашылық ғұмыры табыстың шыңына жетсін! Ақылман аға тұлғасы биіктей берсін!

ҰЛАҒАТТЫ ІЗ

Дана халқымыз «Ер туса – ел ырысы» деген. Осы аталы сөздің астарында маңызды мағына, салиқалы салмақ жатыр. Ырысқа айналу үшін ер-азамат қай салада еңбек етсе де аянбай тер төгіп, міндетіне адал, ел мүддесін жоғары қоя білуі керек. Халқының ыстығына күйіп, суығына тоңу қажет. Бұл оңай салмақ емес әрине. Парасатты азамат қана көтеретін жүк. Иә, өмір өнегесі адамның жүрген жолы, сіңірген еңбегі, арқалаған аманатымен өлшенеді. Ал ондай азаматтың ғұмыры да пенделер ғұмыры сияқты өз заңдылығы, өз сүрлеу-соқпағы, өз шығар биігі бар ерекше ғұмыр. Осы өмір керуенінде өзіндік ізімен танылған сұңғақ бітімді тұлғалардың бірі – халқына қамқор, ұлтына сүйеу болған аптал

азамат, «Сарыарқа» акционерлік қоғамының президенті Құрал Ержанов.

Құрал аға текіден туған тұяқ. Арғы бабалары Ұлы Дала төсінде табын-табын жылқы өргізген әулетті кісілер болған. Бірақ Кеңес үкіметі кезінде қуғындалып, жат жерге қоныс аударуға тура келген.

Құрал Ержанов 1949 жылы Қырғызстанда Ош деген қаланың қасында Жарылғап деген жерде туған. Ал ата-бабасы Созақ өңіріндегі Жетіқоңыр, арғы жағы Арқа, Сарыарқаны мекен етіп, отызыншы жылдардың қуғын-сүргініне душар болған. Өз атасы Ержан, арғы атасы Оразалы қазақ жерін Жоңғарлардан азат етуде елеулі еңбек сіңірген. Ержан атаның Созақ аумағындағы Қарабураның маңайындағы мыңғырған жылқыларын ауыл-аймақ, ел болып бөлісіп жеп, маңайындағы адамдарға жақсылығы тиген жомарт, салиқалы кісі деседі. Сол отызыншы жылдары бай-құлақ деп қуғын-сүргінге ұшырап, жан сауғалап, Өзбекстан, Қырғызстан мен Тәжіктің Памир тауларын асып, ел-жұртымен бірге үдере көшкен.

Ал Құрал ағаның балалық шағы соғыстан кейінгі ауыр жылдарға дөп келеді. Бір уыс бидайдың өзі қат. Талқаны бар үй ғана той жасайтын уақыт. Бұғанасы бекімей ауыр жұмыстарға араласқан балаң жігіт отбасымен 1953 жылдары елге қайтып, Арысты мекен етіп, кейін Түркістан қаласына, одан қазіргі Бәйдібек ауданына қоныстанған. Мұндағы Бөген ауылында төртінші сыныпқа дейін тіл сындырып, одан кейін нағашы атасының қолында Түркістанда мектепті тамамдайды.

Оныншы сыныпты озат бітірген Құрал Шымкенттегі Қазақтың химия технологиялық институтына екінші жылы қайта тапсырып, оқуға түседі. Институтта ғылыммен айналысады, спортпен шұғылданады. Бокстан құрама команда сапында өнер көрсетеді. Институттың намысын қорғайды. Жаңалықтардың жаршысы инженер мамандығын алып шығады.

Ең алғаш Құрылыс-жөндеу зауытына конструктор, сосын бас конструкторы болып еңбек жолын бастайды. Іскер жасты байқаған Аудандық атқару комитеті шақырып алып, Кентау құс

фабрикасына бас инженер етіп жіберді. Жас маман 1500 адам жұмыс істейтін мекемені басқаруда абдырап қалмады. Дені неміс ұлтының өкілдері жұмыс жасайтын ортада олардан үйренері де көп екен. Бұдан соң ағалардың алқалауымен облыстың атқару комитетіне қызметке орналасып, Жамалбек Шаймерденұлы, Асанбай Асқаров сынды ағалардың алдын көрді, қызметтес болды. Асылмұрат Шаймерденов, Санжар Жандосов секілді азаматтармен біте қайнасып бірге жүрді.

1990 жылдардың қайта құру лебі есті. Жас Құралды облыстың басшылығы шаруашылығы шатқаяқтай бастаған қалалық отын базасына директор етіп жіберді. Ұрыста тұрыс жоқ. Жас келсе іске дегендей, аталған ұжымды облыстық отын базасы етіп, 18 мекемесі, 800-дей адамы бар үлкен мекеме етіп қайта құрады. Бұл елде бизнес енді басталып жатқан кез еді. Құрал Ержанов та елдің ендігі ертеңі бизнеске байланысты екенін түсінген. Содан адам өміріне қажетті іспен айналысу қажеттігін де ұғына түскен.

Тоқсаныншы жылдары облыстағы қорғасын зауыты, фосфор зауыты, тігін зауыты бәрі күйреп тоқтай бастады. Облыс бюджетіне 500-600 млн қаржы кіргізіп тұрған «Сарыарқа» акционерлік қоғамы ғана болды. Бір күні облыстың сол кездегі әкімі Зауытбек Тұрысбеков: «Құреке, қиын жағдай болып жатыр, не істейміз? Сіз жәрдем бермесеңіз болмайды. Көміріңізден жәрдем беріңіз. Бүкіл халыққа, зауытқа, мектептерге, балабақшаларға көмір берсеңіздер. Біз қалай ақша аламыз, солай қайтарып береміз. Ақша түспейді емес, түседі» – деп, көмек сұрайды. Сөйтіп, Құрал Ержанов жалпы бағасы сол кезде алты миллион АҚШ доллары тұратын 171 мың тонна көмірмен көмек береді. Қысқасы, сол жылы оңтүстіктің халқы қыстан қысылмай аман шығады. Алайда әкімнен соң әкім ауысып, әлгі қаржыны кімнен сұрарын білмей Құрал Ержановтың қиналған кезі есінде. Содан қарыздың орны толмаса да, туған елінің қажетіне жарағанын дәтке қуат еткен.

Әр нәрсенің бір қайыры бар. Құрал Ержанов 1994 жылы Қазақстанда тұңғыш қазақстандық «Тассу» атты суды шығарды. Италияның Милан деген қаласының Александрия атты фирмасымен келісіп, мамыр айында зауытты іске қосады.

Елбасының өзі облыстың әкімдерінің, елдің зиялы өкілдерінің көзінше Құрал Ержанов бастаған азаматтарға: «Ең бірінші Қазақстанға жаңа технология келді. Отандық өнім шыға бастады», – деп, алғысын айтады. Бұдан кейін де төрт түрлі су мен жаңа сусындар шығара бастады.

«Одан кейінгі өміріміз де тынбай тірлік етумен өтіп келеді. Адам баласына өмір сүру үшін су керек, нан өнімдері керек. Содан нан өнімдерін шығаратын зауыт салдық. Біз енді операцияны жасай алмаймыз. Біз адамдарға демалатын, ауырмайтын жағдай жасайық деген ой келіп, Сарыағаштағы «Алтынай» шипажайын салдық. Жалпы қарапайым халыққа, ақшасы барға да, жоққа да өте қолайлы, тиімді шипажай деп есептеймін. Сарыағаштағы шипажайлармен салыстырғанда ең арзан номерлер бізде бар. Жаңадан бассейн салдық. Қалталылар Анталияға, басқа шетелге кетуге құмар. Әркім, әрбір азамат өзінің қолынан келсе, өзінен артылған ақшаны жинай бермей, қайта сол халыққа жұмсаса, халыққа ыңғайлы жағдай жасап қойса, халық содан ғана марқаймай ма? Халықтың барлығының жағдайы содан жақсармай ма? Бөген, Арыс деген өзендермен қатар, Қаратаудың батысында да жақсы өзендер бар. Осы өзендердің барлығы қосылып, Арыс өзеніне құйылып, Темірланның қасынан өтеді. Сол жерден жер алып, қазіргі уақытта жеті-сегіз гектар жерге үлкен етіп тұрып көл салдық. Айналасындағы инфрақұрылымдар, басқаларын, бассейндерін біртіндеп сала береміз. Бұл жерге үлкен шипажай салмақшымыз. Ол да мына адамның тері ауруларына, жүйке ауруларымен немесе адамның ішкі құрылысы ауруларының барлығына ем, өте тамаша су. Соның бойына жақсы жағдай жасамақшымыз. Бүгінгі күндері катомаран, қайық дегендер тағы келіп жатыр. Солардың барлығы біздің Шымкент халқына ғана емес, Республика жұртшылығына жақсы демалатын, дертінен сауығатын орын болады» – дейді Құрал Ержанов.

Бүгінде кейбір қауым қу тірліктен қолы босамай, тапқан-таянғанына тәубе айта алмай жүрсе, Құрал аға үлкен кәсіптің кілтін тауып, туған жер үшін аянбай еңбек етуде. Ал мұндай азаматтың мәртебесі қашанда асқақ.

Батыр Бөгенбайдың шөбересі Сакқұлақ бидің нақылына құлақ асатын болсақ: «Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, шолушысы – ой, жолдасы – кәсіп, қорғаны – сабыр, қорғаушысы – мінез, сынаушысы – халық болсын» дейді. Ендеше, бойына осы асыл қасиеттердің бәрін тендей сіңірген Құрал ағамыздың және бір сөзіне құлақ түрейік.

«Шымкент қаласының арғы жағы Тассай бөлімшесінде тұрамыз. Сол жақтан алған жерлеріміздің шет-шетінен халық тұратын кішкентай мөлтек аудандар жобасын жасап, соны салмақшымыз. Біздің Шымкент халқын бір миллионға жеткіземіз деген жақсы жоспар бар. Осы бастамаға біз де үлес қоссақ дейміз. Адам денсаулығына арналған кешен, саябақтар, дендросаябақтар салмақпыз. Қарқаралыдан, баяғы Мәдидің елінен 8 мың түп қарағай әкеліп отырғыздық. Қазір әдемі болып өсіп тұр. Біздің Шымкентте тұтас қарағай өсетін болса, олардың барлығы сол жердегі ауаны тазартары анық. Оны жиі өсіріп, сонымен шұғылданып жатырмын. Оның да адам баласына үлкен пайдасы бар. Жеміс-жидекті басқалар да егіп жатыр ғой, сол жерге мәдени ағаштар, қолымызға тиген әртүрлі ағаштардың барлығын егіп жатырмыз.

Кезінде дүкендерге қарап, біреудің заттарына қарап телміріп отырған бірде-бір қазақ жоқ еді. Ең нашар қазақтың үйінде қойы, ешкісі, түйесі болған. Арғы бабамыздың Созақ жақта жылқы малының өзі бес-алты мыңға жеткен екен. Кезінде елге бір-бір соғым таратып берген Ержан бабамыз. Сол сияқты қазір менің жүз қырықтай түйем бар. Қызыл көпірдің арғы жағында бір төбе бар. Сол жерден жер алып, қора-қопсы салып, қымыран жасап отырмыз. Арабтардың түйесі сияқты жылы жақта өсетін терісі жұқалау Түрікменстанның түйесі бар ғой. Сонымен өзіміздің екі өркешті суыққа төзімді бураларды шағыстыра отырып, арасынан әдемі нар қоспақтарды шығарғанбыз. Бұрыннан бар нәрсе, ал бірақ шын мәнінде көзбен көретін жағдайды істеп жатырмыз, ол жүріп жатыр. Қасында жылқылар, майда-шүйде, бергі жағында қой шаруашылығы, оның ішіндегі Қаракөл қойымен айналысудамыз. Және қара қаракөлмен, көк қаракөлмен айналысу

біздің жоспарымызда бар. Қазір осының бәрі біртіндеп жүзеге асырылып, істелініп жатыр».

Құрал аға Ержанов көненің көзін көрген, көріп қана қоймай, олардың тағылымын көкейге түйіп өскен кешегі бала, бүгінгі ел ағасы. Сондықтан да оны болашақтың жайы әркез алаңдатады. Бұған себеп оның жүрегіне орнығып, өмірлік ұстанымына айналған «Жастық шақта бейнет бер, қартайғанда зейнет бер» деген қанатты сөздің қағидасы болар. Сондай-ақ бүгінгі інілеріне жақсы аға болып қалыптасуы ағаларына жақсы іні бола білгендігінен шығар деп топшылады. «Бай болсаң еліңе пайдаң тисін, батыр болсаң дұшпанға найзаң тисін». Осы халық даналығы Құрал ағамыздың негізгі ұстанымдарының бірі. Оған мысал ретінде кезінде бір облыстың халқын бір қыстан аман алып қалуға сеп болған пәленбай тонна қайтарымсыз көмірді айтуымызға болады.

Құрал ағамыздың аталары кәмпескені корді, соның салдарынан атажұртынан қоныс аударуға тура келді. Солақай саясаттың салқыны атаға ғана емес, балаға, тіпті немереге де тиді. Ал бүгінгі заман басқа, заң басқа. Құрал Ержанов Қазақ елінің Тәуелсіздігін көзімен көріп қана қоймай, оның іргетасын қаласып жатқан асыл азаматтардың қатарында.

«Төрт ұлым бар. Төртеуі де заңгер, қазір кәсіппен айналысады. Келіндерім бар, немерелерім бар. Алтынай есімді жолдасым, балаларымыздың анасы бар. Осы қарапайым елден озып та кетпей, қалып та кетпей, үлкен қазанның ішінде, елмен бірге қайнап, бірге жүре берсек, одан артық бақыт жоқ».

«Кімде-кім бір игі істі бастап, өзгеге үлгі болса, өзінен кейін сол істі істегеннің сауабындай сауап алады» дейді Пайғамбар хадисі. Ақ пен қара алмасқан мына дүниеде Құрал ағамызды жақсы мен жаманның аражігі де толғандырмай қоймайды. Алаштың ақсақалдық институты мәселесіне тоқтала беретіні де сондықтан. Иә, жақсы ғой деп айтқаны сол жақсылықтың ел ішінде сиреп кеткенін аңғартса керек. Оған өмірден алынған мысалдарды Құрал ағамыздың аузынан таңды таңға ұрып тыңдауымызға болады. Ер табылса жарайды қылса сұхбат, – деп жырлаған Абай хакімнің

өлең сөзін негізге ала отырып, ел ағасы Құрал Ержановтың өмір жолын қысқаша шолғанда осылай өрбіді.

АЛАШТЫҢ КӨПЕНІ

Туған халқы үшін шынайы тәуекелге баратын жандар өмір керуенінде көптің көзінде жүреді. Ондай жандарға жақсылар да жанасады. Ел ырысына айналу үшін ер-азамат қандай салада еңбек етсе де міндетіне айнымастай адалдығы оның айбыны іспетті. Сөз жоқ, мұндай жүкті тек парасатты адамдар ғана көтере алады. Өзінің жүріп өткен өмір жолында өнегелі істерге ұйытқы болып жүрген сондай жандардың бірі – бар саналы ғұмырын сатира саласына арнап, бүгінде де бұқаралық ақпарат құралдарында қоғам тынысын тап басатын парасатты ой қозғап жүрген қазақ сатирасының сардары, белгілі жазушы Көпен Әмірбек ағамыз.

Көпекеңнің балалық шағы соғыстан кейінгі ауыр жылдарға дөп келді. Бұғанасы бекімей ауыр жұмыстарға араласқан балаң жігіт ерте есейді. Ең бастысы, ол білімге құштар еді. Сол құштарлығы оны биіктерге жетеледі.

Көпен аға қазақтың марқасқалары туған қасиетті топырақ – Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданының тумасы. Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін жақсыға тамамдаған соң еңбек жолын қатардағы тілшілік қызметтен бастайды. Алматы қаласы жас маманды небір армандарға жетеледі.

Қызмет жолын қысқаша шолып шықсақ, саяси сатиралық «Ара-Шмель» журналында әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, Бас редактор, ғылыми-техникалық «Білім және еңбек» журналында жауапты хатшы, «Қазақ әдебиеті» газетінде сатира және юмор бөлімінің меңгерушісі, «Егемен Қазақстан» газетінде фельетон бөлімінің меңгерушісі, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы мен Жоғарғы сотында баспасөз хатшысы, Қазақ радиосында Бас редактор болып қызмет істеді. Қазір саяси-қоғамдық сатиралық «Ара» kz журналының Бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағы сатира кеңесінің төрағасы.

Ал «Қымызхана», «Тамаша» ойын-сауық отауының

белсенді авторы, сондай-ақ өзі құрған «Көпен келе жатыр!..» атты сатиралық театрымен көрерменге кеңінен танылғаны өз алдына бөлек әңгіме. Орыс әдебиетінің классиктері И.Крылов, С.Михалков, С.Маршактың мысал-мысқылдары мен лезгин сатиригі Жамидиннің және өзбек әзілкеші Абдулла Қаһардың бірсыпыра сықақ өлеңдерін қазақ тіліне аударды. «Аты жоқ кітап», «Алып», «Тілім қышып барады», «Қысыр әңгіме», «Мың бір мысал», «Ауызбастырық», «Өзіңді танысың ба?», «Көпен келе жатыр!..», «Із», «Көкемнің көзі», «Па, шіркін, пародия!..» атты әзіл-сықақ, сын мақалалар кітаптары қазақтың рухани айналымына қосылған құнды еңбектер.

Көпен аға қатардағы тілшіліктен бастап, журналистика мен мемлекеттік лауазымды басшылық қызметтерге дейін өсті. Қазақ радиосына бас редакторлық еткен уақытта ағамен жақын танысып, талай тағылымды әңгімелерін есту мүмкіндігі туған еді. Бізге әділ басшы бола білген ағаның бірде былай дегені бар: «Журналист мамандығы өзгеге ұқсамайтын, өзіндік өлшемі бар мамандық. Ол қоғамға, адамға қызмет етеді. Журналист әркез жақсылықты қолдаушы, жаңаны жақтаушы мен жаршысы. Білім мен қабілетті қару еткен журналистер қызметі ауыр әрі ардақты. Міне, осы мамандықты таңдағаным ешқашан өкінбеймін».

Ардагер журналист ағамыз өзінің еңбек жолында бірнеше шығармашылық ұжымға басшылық жасап, беделге ие болған жан. Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері және Оңтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы, Президент гранты мен сыйлығының, «Нарасат» орденінің иегері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты сынды атақ-абыройлары лайықты еңбегіне берілген баға. Зейнет демалысына шыққаннан соң да Көпекең қарап отырмады. Талай ұлтқа қажетті жұмыстарды ұршықша иірді. Кезінде жабылып қалған «Ара» журналын қайта ашып, қазақ сатирасының қайта түлеуіне көп тер төгіп, зор еңбек сіңірді. Талай тарланбоз қаламгерлеріміздің тарихта алар орнын айшықтайтын кітаптардың жарық көруі мен ғылыми-тәжірибелік конференциялардың, түрлі бәйгелердің өтуіне мұрындық болды.

«Шынайы сатириктің айтар шындығы басым. Ол қоғамдық сананың қалыптасуына күш салады. Ұйқыдағы ойды оятып, өмірдегі өзекті мәселелерге үңіледі. Сырт көзге үстірт қараған адамға сатириктің жазбалары жеңіл көрінуі мүмкін. Мүлде олай емес. Қызығы мен шыжығы қатар жүретін кәделі кәсіптің шынайы көрінісі көп. Сондықтан да ол керек десе қоғамдағы маңызды мамандықтардың санатында» – дегені бар еді ағаның.

Көпекең алдымен еңбекқор жан. Жайшылықта – жайсаң, ал қайшылықта – қайсарлық танытады. Ол ешкімге жоғарыдан қараған емес. Тектілігі бүкіл болмысынан байқалып тұрады. Бір қарағанда, тым қарапайым көрінгенімен, намысы қызған кезде тұлпардай тулайды. Өйткені оның өскен орта, өнген шаңырағы осал емес-тін. Қызмет бабында шындала, қайрала түсуіне септескен де сол ортасы екені анық.

Көпекең қай жерде қызмет істесе де мемлекеттік тілдің мәртебесін жоғары қойды. Қазақ тілін дамыту – мемлекеттік саясаттың аса маңызды бағыттарының бірі. Жалпы мемлекеттік тіл саясатын толыққанды жүзеге асыру бұл бұқаралық іске айналғанда ғана көздеген мақсатына жете алады. «Тіліміз құрып кетті, құрдымға батып жатыр» деп отыра бермей, оның маңызы мен мүмкіндіктерін жан-жақты ашып, жұрттың оған деген сенімін нығайтуға күш салғанымыз дұрыс. Тілді насихаттауда, үйретуде, оны жүзеге асырудың озық әдістемесін жасау қажет», – дейді ардагер журналист.

Байқағанымыз, Көпен аға ұдайы ұлтжандылық ұстанымынан танбай келе жатқан азамат. Осы елге, жерге пайдам тисе екен деген жанашырлығы, іскерлігі, шыншылдығы, принципшілдігі оның бүгінде көпшіліктің ілтипатына бөлегені анық.

Қанға сіңген қасиеттер нағыз тұлғаларды тудырады. Сол тектіліктен тамыр тартқан қасиет Көпекеңнің де парасаттылығын пайымдатып, ұлт руханияты жолындағы ісін өрге жүздіріп келеді. Бүгінде жетпіс жасты алқымдаса да өмір ұстанымынан тайған емес. Серт, аманат деген парыздарға аса парасаттылықпен қарайды.

Біз зады тегіне қарап темірқазығын бағдарлайтын, арғы

атасына қарап арқа жонын аңдайтын қазақпыз. Қанмен келіп, сүйекке сіңген дегдарлыққа дау айтпаған қазақпыз. Көпен ағаның да бойындағы жақсы қасиеттердің қайнар бастауы бабаларының қанымен жалғасып, анасының ақ сүтімен астасып жатқаны анық. Тегеурінді тектілік қашан болмасын ерте ме, кеш пе, тепсініп шығатынының көрінісі іспетті, бүгінде Алаштың Көпеніне айналды!

ҮЛКЕН ДАРЫН ИЕСІ

Өзін білген адамдарға қадыр-қасиетін өгінбей өткізе алатын жандар болады. Олар қашанда ел алдында елеулі, ал еңбекте енжар емес. Сондай салиқалы жандардың бірі – Сайфулла Құспанов. Өмірдің асау ағынымен өрге ұмтылған дарын иесі, талмай іздену арқылы өзіне тән өмір арнасын тапқан болатын.

Бүгін біз ғалым, аудармашы, сыншы, ұстаз және әдебиетші, марқұм Сайфулла Құспанов жайлы аз-кем әңгіме өрбітпекпіз. «Сайфулла Құспанов Жайық, Жем, Ойыл ортасында тарих жазуының ерлік тарауынан оқылатын Тайсойған табанында дүниеге келген», – деп жазады Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақын Хамит Ерғалиев. Нақтылай түссек, Сайфулла Қазіргі Атырау облысы, Махамбет ауданының тумасы. Жазушы Хамит Ерғалиевтың жазуынша тағдыр Сайфулланың балалық шағына тиісілі бақытын мол бұйыртпаған сыңайлы. Замананың рақымы мен етінің тірілігі екі жақтап оны жедел есейтіпті. Ауыл оқуын алғыр, қапысыз қабылдаған Сайфулла Құспанов сол кездегі Гурьев педагогикалық училищесін үздік тамамдап, еңбек жолын Махамбет ауданында мұғалімдіктен бастайды. 1950 жылы КСРО Қарулы күштері қатарына шақырылып, әскери борышын Түрікменстандағы Керки қаласында өтеді. 1952 жылы Ресейдің Вольск қаласындағы әскери авиациялық-техникалық училищесіне түсіп, екі жылдан соң техник-лейтенант дәрежесін алады. Бес жылға жуық Сахалин облысы, Курил ауданында әскери қызметте болады. 1959 жылы Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институтына түсіп, орыс тілі мен әдебиеті және тарих мамандығы

бойынша диплом алады. Сайфулла Құспановпен сол студенттік өмірде табысқан филология ғылымдарының докторы, профессор Сейіт Қасқабасов «досын жастай ілім-білімге ұмтылған, зерек, ізденімпаз, алғыр жігіт еді», – дейді.

Аудармашы Сайфулла Құспанов – орыс, қазақ, батыс әдебиетін зерделей білген жан. Ол сонау «Илиададан» бастап, грек, рим, француз, неміс елдерінің әдебиетін аспиранттық дәрежеде білген. Сайфулла Құспанов 1966 жылы аса көрнекті ғалым Қажым Жұмалиевтың жетекшілігімен «Абай поэзиясын орыс тіліне аудару» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғайды. Аспирантының ізденімпаздығына сүйсінген ғылыми жетекшісі: «Сайфулла тілдердің әдемілік күшін, интонациялық мәнерін дұрыс ұғынатын маман», – деп баға беріпті.

Кандидаттық қорғаған жылдар оны бір емес, бірнеше саладан танытты. Ғылым ордасында – ғұлама, студент аудиториясында – ұстаз, әдебиет саласында – қайырымы мен қайраты мол тәржімеші. «Сайфулла энциклопедиялық білімнің есігін ресми елеу тілемей, еңкеймей ашқан табаны жалпақ талант иесі», – деп жазады жазушы Хамит Ерғалиев.

Ал досы, профессор Сейіт Қасқабасов: «Ең басты қасиеті, Сайфулла Құспанов өз ісінің шебері еді. Ұлтжанды, парасаты биік болатын. Біз сөзі мен ісінің арасында шалғайлығы жоқ аса талантты тұлғалардың тәлімін көрдік. Сондықтан шығар, біздің қатарымыз қандай істе болсын бойтаса іздемейтін еді. Сайфулланың парасатты, жаны сұлу болуы осы ұстаздардың тәлімі деп білем. Ол үлкенге де, кішіге де ілтипатпен қарайтын. Кемшілікке төзбейтін, адамның қателігін бүкпесіз бетіне айтатын. Менмендік, тәкаппар қылықтан ада, қандай игі істер атқарса да, ешкімге міндет артпай, заманына сай адал еңбек етті», – дейді.

Еңбек Ері, халық жазушысы Әбіш Кекілбаев: «Әдебиетші-ғалым Сайфулла Құспанов Абай сынды дана да дара тұлғаның шығармашылық мұрасына терең бойлай білген. Ол ұлы ақынның поэзиясын орыс тіліне аударудағы орын алған кемшіліктерді тауып, кемеңгер ақынның тереңдігі мен асқақтығын айқындай түскен, – деп жазса, ал академик Сейіт Қасқабасов: «Сайфулла

Құспановтың қазақ тіліне шебер аударған туындыларының сапына орыс сыншысы Виссарион Белинскийдің «Әдеби жанрлар» ғылыми еңбегін жатқызуға болады. Адамзат өркениетінің әлемдік әдебиет аспанындағы жұлдызды жанрлардың теориялық, мазмұндық, көркемдік, сәні мен мәнін түпнұсқа тұғырында шешен сөйлете білген», – дейді.

«Жүрегімнің түбіне терең бойла» – деген жоқ па Абай. Сондықтан да ұлы ақынның қай шығармасын өзге тілге аудармайық, жүрегіне терең бойлау керек. Өзі өмір кешкен және өлең жазған ғасыр үшін Абай жұмбақ болған шығар. Ал біз оны қазақ әдебиетінің шамшырағы ретінде қабылдаймыз. Міне, осыны Сайфулла нақты сезінген. Аударар алдында ұрпақ алдындағы жауапкершілікті түйсігіне түйген», – дейді ғалым аға Сейіт Қасқабасов.

Сайфулла Құспановтың «Аударма құнары», «Абайдың жаңа аудармалары» атты еңбектері бүгінгі ұрпақ үшін құнды мұра. Жазушы Ғабит Мүсіреповтің төрт әңгімесі кезінде ұлы жазушының өз өтінішімен Сайфулла Құспановтың аудармасында орыс тілінде жарық көріп, ол қазақ әдебиетіндегі құбылысты дүние ретінде танылған болатын. Демек, әдебиетші-ғалым Сайфулланың еңбегінің жаны, мағынасы, қуаты һәм бейнелік әсері, тіл құнары оқырманның рухани игілігіне айналатынына еш күмән жоқ.

Сайфулла Құспанов 1977 жылдан өмірінің соңына дейін Қазақ телетайп агенттігінде аудармашы болып еңбек етті. Оның «Аударма құнары – Душа перевода» кітабы бүгінде оқырманға жол тартты. Бұл кітап кемеңгер Абай поэзиясының орыс тіліндегі аудармаларының ғылыми зерттеулермен ашылып, «аударма құнары» жайлы сыр шертеді. Бұған қоса кітапқа ғалымның қазақ әдебиеті жайындағы мақалалары мен аудармалық еңбектері кірген. Жалпы кітап тіл мамандарына, қазақ және орыс әдебиетіне құмар оқырмандарға арналған.

Сайфулла Құспанов өзінен бұрын өзгені ойлауға өжеттігі жететін нағыз азамат еді дейді тұстастары. Бұл пікірден оның о баста уытты, отты жаратылған жанның биік мұратын көресің.

Ендеше, үлкен дарын иесі Сайфулла Құспановтың ақ адал еңбегі мен сүбелі ізі ауыздан ауызға ауысып, қағаздан қағазға көшірілері анық.

АЛАШШЫЛ АЗАМАТ

Бұлқынып жатқан сыр, әр адамның ішкі жан дүниесіндегі әлдебір рухани аңсар, ұмтылыс, жарқын әлемге деген құштарлық болса керек. Ол – рухани аңсар, ол – құштарлық адам болмысының туған жерге, өз ұлтына, өскен ортасына деген шексіз сүйіспеншілігі мен сарқылмас сағынышы. Өмір өнегесі адамның жүрген жолы, сіңірген еңбегі, арқалаған аманатымен өлшенсе, сол өмірді жасаушы қас суреткер, тылсым дүниеден сыр аңдаған, елдің ертеңін ойлаған азаматтар екені сөзсіз. Бұл ретте «Алаш» тарихи-зерттеулер орталығының президенті Хайролла Ғабжалилов ағамыз сол санаттан көрінетін азамат.

Хайрекең Самарқанд Мемлекеттік сәулет-құрылыс институтын бітірген. Мамандығы суретші, сәулетші, тарихшы, ҚР Әлеуметтік Ғылымдар академиясының академигі, тарих ғылымдарының кандидаты. Ақтөбе облысы Алға қаласының құрметті азаматы. Алғашқы қазақтың Ұлттық валютасы – теңгенің авторларының бірі және оны шығаруды ұйымдастырушы. Өзінің маңдай терімен тапқан қаржысымен еліміздің тәуелсіздігін нығайтуға белсенді үлесін қосып жүр. Тәуелсіз еліміздің одан әрі нығая түсуі үшін, халықтың рухани-мәдени әлеуетін көтеру мақсатында, 2003 жылы өз қаржысымен «Алаш» тарихи-зерттеулер орталығын құрды. Осы орталық жүзеге асырып отырған «Қазақ ру-тайпаларының тарихы» атты жоба идеясының авторы әрі оны қаржыландырушы ретінде қазақ халқының көптомдық, ғылыми негізделген шынайы тарихын жазуды жүзеге асырып отыр.

Ол «Алаш» тарихи-зерттеулер орталығының жаршысы «Алаш» тарихи-этнологиялық журналының Бас редакторы, «Алаш» тарихи-зерттеулер орталығының президенті, 20-дан аса монография мен 100-ден аса ғылыми және қоғамдық сипаттағы мақалалардың авторы. «Алаш» тарихи-зерттеулер орталығы

жүзеге асырып отырған «Қазақ ру-тайпаларының тарихы» атты жоба идеясының авторы әрі оны қаржыландырушы ретінде қазақ халқының көптомдық, ғылыми негізделген шынайы тарихын жазуды жүзеге асыруда. «Алаш» тарихи-зерттеулер орталығы қазақ халқын құраған қырықтан аса тайпалардың тарихын зерттеу мақсатында қазіргі таңда тама, табын, кердері, керейіт, рамадан, жағалбайлы, телеу, жалайыр, арғын, найман, дулат тайпаларының ғылыми тарихын жазып, Қазақ халқының өзіндік ерекшелігі болып табылатын ру-тайпалық құрылымын ғылыми тұрғыдан зерттеу ісін алғаш рет жүзеге асырды. Кіші жүзді құрайтын жетіру, әлімұлы, байұлы, Орта жүзді құрайтын найман, арғын, қыпшақ, қоңырат, уақ, керей, Ұлы жүзді құрайтын сарыүйсін, албан, суан, дулат, шапырашты, ысты, ошақты, шанышқылы, қаңлы, жалайыр, сіргелі, бестаңбалы руларының ежелгі дәуірлерден бастап, ХХ ғасырдың басына дейінгі ғылыми тарихын жеке-жеке зерттеу ұлттық тарихымыздың этникалық негіздегі шынайы тарихын жазуға мүмкіндік жасап отыр. Қазақ халқының құрамындағы ру-тайпалардың басқа да түбі бір түркі халықтарының құрамында кездесуі аталмыш ғылыми жобаның түркі халықтарының тарихи бірлігі мен ынтымақтастығын насихаттауы мен қазақ халқының шығу тегін ғылыми тұрғыдан тануына жол ашып отырған «Алаш тарихи-зерттеу орталығы» 2007 жылғы «Президент және халық газеті» мен «Жыл таңдауы» агенттігінің сараптамасы бойынша «Үздік ғылыми-зерттеу орталығы» номинациясының иегері атанды.

Хайролла Мағауияұлы қоғамның күрделі мәселелеріне белсене араласып, оның түйінді мәселелерін шешуге атсалысып келеді. Өз отанына шетелдерден оралып жатқан көптеген қандас бауырларымызға, соның ішінде көп балалы отбасылары үшін тұрғын үйлер салып, тегін таратты. Ғылым мен білімге ұмтылған жастардың жоғары оқу орындарына түсіп, білім алуларына жағдай жасап, көмектесіп отырады. Сонымен қатар қоғамның әлеуметтік жағынан қорғалмаған топтарына әртүрлі көмектерді тұрақты түрде көрсетіп келеді.

Хайрекең жастарға: «Тәуелсіз қазақ мемлекетінің иесі

екендеріңді әрқашанда еске сақтап, халқыңның салт-дәстүрін, тарихын біліп, тәрбиелі, имандылық пен білімді терең бойыңа сіңіріп, ұлтыңа біліктілікпен қызмет ет», – деп отырады. Осылайша жас ұрпақтың, отандық ғылымның дамуына қомақты үлес қосып жүрген азамат. Соның көрінісіндей 2006 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Хайролла Ғабжалилов талмай іздену арқылы өзіне тән өмір арнасын тауып, Қазақстанның болашағы үшін шабыттана еңбек етіп, өзінің маңдай терімен ел тәуелсіздігін нығайтуға үлесін қосып келеді. Ол өзі жасаған ұлттық валюта – теңгенің жарыққа шығуымен әлемге аты шықты. Алғашқы теңгелердің дизайнында Шығыстың ұлы ғұламасы, әлемнің «Екінші ұстазы» атанған Әл-Фараби бейнесінің орын алуы күллі мұсылман дүниесінің орны мен беделін асқақтата түсті. Мұндай тарихи маңызы бар іске өз үлесін қосқан азаматтың өнегесі құптауға тұрарлық.

«Қазақ, меніңше, өзіне ғана тән табиғаты, тілі, діні, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы бар, болмысы бөлек ерекше жаратылған ел екендігін мақтанышпен айту керек. Біздің ұлтымыз аталы сөзге тоқтаған, барын бардай, жоғын жоқтай айта білген. Ұлын нарға, қызын арға балаған. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жердің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан ел. Ешбір дұшпан басынбаған, достықты сақтай білген, дәм-тұзды ақтай білген, басынан сөз асырмаған, үйіне құлып салмаған, кеңпейілді жомарт, дос көңілді даласындай дарқан. Баршаның баласын бауырына басып, кеудесінен итермей, маңдайынан шертпей отырған халық. Ол бәрінің басын біріктіруші негізгі омыртқалы – ұлт. Қазақ халқы өзгеге ешқашан өктемдік көрсетпеген. Қазір жадымыз жаңғырып, санамыз сілкінді емес пе?! Олай болса, ақиқат анық, қазақ данышпан халық дейді», – дейді Хайролла Ғабжалилов.

Еуразия жүрегінде, өркениеттердің ұштасқан орталығында талай ұлт пен ұлыстың қызырлы мекеніне айналған Ұлы Далада азат елдің азаматы атанғаннан асқан бақыт жоқ шығар. Тәуелсіздіктің тал бесігінде тербеліп, қыран құсы қалықтаған көк

аспанымыздың астында баянды да бақытты ғұмыр кешудеміз. Біз бүгінде тәуелсіздіктің арқасында – тарихы біте қайнасқан, тағдыры ортақ тұтас халыққа айналдық. Тірлігі – жарасқан, бірлігі – бақ ашқан елміз. Бұл ретте Хайролла Мағауияұлы сынды азаматтар қазақ елінің атын төрткүл дүниеге таратып, көк байрағын биікке желбіреті берері анық.

ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ЖАН

Жақсы адамнан жаттық жерімейді. Ол қашанда арына адал, намысына берік. Жалпы қазақ жақсы мен жайсаңға тапшы емес. Елдің қадірін біліп, төрелі сөздің төркінін ұққан даналар тарих беттерінде қаттаулы. Осындай даналардың жолын қуып, әке мен шеше дарытқан адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген асыл азаматтың бірі – Әділ Несіпбай.

*Бала шақтан кеудеңде таласты үміт,
Қаныңда жоқ әу бастан оғаш қылық.
Өз күшіңмен келесің асыл аға,
Бақытыңды сәтімен қаластырып.*

*Әлдекімдер жоғалтса ұят, қиса арын,
Жолға салдың, түзеп мініп, қиқарын.
Тасқан жанның тас қамалын талқандап,
Мұңды жанның маңдайынан сипадың, – деп келетін жыр жолдары Әділ Сағымбекұлына арналып жазылғандай.*

Әділ Несіпбай Жамбыл өңірінің тумасы. Еңбек жолын қарапайым механизаторлықтан бастап, лауазымды қызметтерге дейін көтерілген. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің түлегі. Қоғамдық жұмыстарда өзін таныта білген ол Алматы қаласы Әуезов ауданының әкімі болып табысты еңбек етті. Кейін Алматы қаласы ішкі саясат басқармасын басқарды. Бұдан басқа да лауазымды қызметтерде өзін көрсете білген шын маман. Бірнеше мемлекеттік медалдардың иегері.

Қазақта: «Әкеге қарап ұл өсер» деген аталы сөз бар. Жаратушы әр адамға қанымен біткен мінез береді. Қанында бар қасиетті адам

қайда жүрсе де тастап кетпейді. Тумысынан текті адамдар, көптің қамын ойлап, елі мен жері үшін шырылдап өтеді.

Туған елінің ертеңін ойлаған адам өзінің тұлғалық келбетін өзі жасайды. Әділ Несіпбай да өзіне тән азаматтық болмысты өзі қалап келе жатқан жан. Ес білгеннен бері білімпаздығын, зиялылығын, парасаттылығын, өресінің кеңдігін, рухының биіктігін байқатып келеді. Бұл оның өмірлік қағидасы. Қанға сіңген қастерлі қасиеті. Әділ Сағымбекұлы еліне, жеріне, халқына деген ерекше махаббатының арқасында абырой жинаған азамат.

Әділ Несіпбай жасынан алғыр болып, ел аузына ілігіп, ауыл үйді балалық ақылмен, ертеңгі күнге деген құштар көңілмен қарата білген жан. Кітапты басына жастана жатып оқитын. Көңілі ояу, көкірек көзі ашық зерек болып өскен ол осы оқыған кітаптардан өзіне керектің бәрін зердесіне түйді. Сол білген-түйгені бүгінде өмір кәдесіне жарап тұр.

Әділ Сағымбекұлы ұлағатты ұлан міндетін дер кезінде ұға білген жан. Өмірдің асу ағынымен бағытсыз ыға бермей, өрге ұмтылды. Талмай іздену арқылы өзіне тән өмір арнасын тапты. Еңбек жолын бастауда қарапайым механизаторлықты қорсынбады, мемлекеттік қызметті басқарғанда зорсынбады. Жұмысты да таңдамады, жағдай да талғаған жоқ. Ел мүддесі үшін еңбек көрігін қыздырып, болашақтың балғасын соқты, бақанын көтерді. Тәуелсіз елдің терегін мәуелетті. Ол отбасында да алдымен өзі өнеге көрсетуге тырысты.

«Әлемдік тәжірибеде мойындалған бір ақиқат бар. Ол – ел болу жолындағы ұлттық тәрбие. Әрине, бұл тәрбие жалаң болмауы тиіс. Өйткені ондай тәрбие қашанда қауқарсыз. Қазіргі аумалы-төкпелі заманда қазақ жастарын тәрбиелеудің ұлттық негізі болуы шарт. Сонда ғана тәрбие шынайы. Ұрпақ санасына елдік ұғымды ұялатып, ұлттық рухты сіңірсек бізді сең соқпайды», – дейді Әділ Несіпбай.

Жас ұрпақты поэзия арқылы тәрбиелеуге Әдекең баса назар аударып, әрі бұл тұрғыда нақты шаралар атқарып жүр. Ұлт жанашыры, қоғам қайраткері Әдекең Абайдың өлеңін кие тұтқан жандардың бірі ретінде «Дара оқырман» байқауының ең алғашқы

жеңімпазы да өзі. Ең алғаш рет «Дара оқырман» байқауы Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналып, «Ұрпақтар сабақтастығы» деген жоба аясында өткен. Бұл байқауды Қазақстан Жазушылар одағы мен республикалық Әдекең басқаратын «AR SYSTEM» қоғамдық бірлестігі ұйымдастырған. Әділ аға жалғыз өзі кеш бойы ұлы Абайдан бастап, арқалы ақын Маралтайға дейінгі ақындардың өлеңдерін оқыды. Әдекең биылғы шараны сөз зергері Мұхтар Әуезовтің 120 жылдығы мен Қазақ-Америка университетінің 20 жылдығы аясында өткізді. Биылғы «Дара оқырманға» қатысқан Әдекеңнің шәкірті Айзада Аяшева Қазақ-Америка университетінің «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар бойынша мамандығының» қолданбалы ғылым факультетінің 3-курсында орыс бөлімінде оқиды екен. Міне, бұл Әдекеңнің жастарды руханият арқылы тәрбиелеудегі игілікті істерінің бір парасы.

Жақсы адам жаныңда жүрсе айналаң айшықтанып, ойың өрге жүзеді. Ізгілік іздеген елгезек жандай құрақ ұшып, қияға қанат қағасың. Әсіресе жаны жайсаң жандардың жүрегінде елге деген ықылас жатса одан шуақ аласың. Әділ Несіпбай тәуелсіздік деген ұғымды биік қояды. Сондықтан да оның сөзі сөлді, ісі ұлықты.

ТАБИҒАТ ТАМЫРШЫСЫ

Қазақ халқы – тумысынан табиғатты сүйіп, қоршаған ортаға үлкен ілтипатпен қараған. Алайда ғылым мен техниканың заманы табиғат-анаға аз зардабын тигізіп жатқан жоқ. Өзара бәсекелестік салдарынан қай ел болсын табиғи байлыққа ашкөзденіп, биосферадағы жаратылыстың тепе-теңдік заңдарын бұзуда. Иә, қазіргі күні жердің ауасы тарылып, өзен-көлі лайланып, жайылымдардың топырағы тілініп, қоршаған орта мазасыз күй кешкен. «Әлем алдында осы экологиялық апаттан қалай құтылуға болады?» – деген сауал тұр. Бұл мәселе Қазақстанға да қатысты. Бүгінде осы проблемамен бас қатырып, жіті айналысып жүрген жандар саусақпен санарлық қана. Солардың бірі – Халықаралық экология академиясының президенті, техника ғылымдарының докторы, профессор – Мұсағали Дуанбеков.

Мұсекең Жамбыл облысының Қаратау қаласында дүниеге келген. Қазақ политехникалық институтын, қазіргі Мәскеу мемлекеттік құрылыс университетінің аспирантурасын бітірген. 100-ден астам ғылыми жарияланымның және өнертабыстың авторы. Техника ғылымдарының докторы, профессор. Оның «Қазақстан экологиясы», «Каспий теңізінің экологиялық қауіпсіздігі», «Экологиялық менеджмент» т.б. кітаптары жарық көрген. 1990-1996 жылдары – Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің оқытушысы, аға оқытушысы, деканы. 1996-1998 жылдары – Тараз университеті инженерлік-техникалық мамандықтарының Қаратау оқу-ғылыми методикалық кешені директорының орынбасары, «Кәсіпорындарды тарату және қайта құру агенттігі» АҚ Жамбыл филиалы директорының орынбасары қызметтерін атқарған.

Әкеден ерте айырылған Мұсағали Сәрсенбайұлының балалық шағы бал дәуренге толы емес. Алайда ол өмір қиындықтарында құрыштай шыңдалып, қанаты қайырылмай өсті. Дүние кумай, білімнен өріс іздеді. Зерек баланың санасына сәуле түсірген ата-баба өсиеті өз замандастары арасынан дара шығуына жол ашқан еді. Жалпы Мұсағали мектеп қабырғасында жүріп-ақ, болашағын болжап, өмір белестерін бағдарлап қойған-ды.

Мұсағали Дуамбеков 1998-2000 жылдары – Жамбыл мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аумақтық комитетінің төрағасы болып жұмыс істеді. Одан кейінгі жылдары Тараз мемлекеттік университеті жанындағы экологиялық-экономикалық мәселелер ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері болады. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрінің кеңесшісі, Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы Ақмола филиалының директоры, «Жасыл ғаламшар үшін» экологиялық қозғалысы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы қызметтерін атқарды. Ал соңғы жылдары «Қарабура әулие мәдени орталығы» қоғамдық қорының президенті болса, қазіргі күні Халықаралық экология академиясының президенті.

Жүсіпбек Аймауытов «мамандықтың жаманы жоқ, бірақ

мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе» – деген екен бір сөзінде. Олай болса, «Мамандық таңдаудың да мәні зор. Және үлкен жауапкершілікті талап ететін іс. Оған селсоқ қарап, мамандықтың тек мансабына қызығатын жастардың болашағы бұлыңғыр», – дейді ғалым Мұсағали Сәрсенбайұлы.

Мұсағали Дуамбеков жетекшілік ететін халықаралық ұйым экологияның барлық қолданбалы саласында, экологиялық ақпаратты тарату, экологиялық мінез-құлық және сана-сезім қалыптастыру, экологиялық білім беру саласында жұмыс істейді. Сонымен қатар, академияның негізгі қызмет бағыттарының бірі – оқу құралдарын әзірлеп тарату. Академияда дүние жүзі мойындаған халықаралық сапа стандарттарына өндірушілерді үйретуді жүзеге асырып келеді. Бұл Бүкіләлемдік сауда ұйымына мүше мемлекетіміз үшін сәйкестік өлшемдерінің бірі болып табылады. Елімізде тұңғыш рет жоғарыда айтылған «Экологиялық таза өнім» стандарты бекітіліп, оны өндіріске енгізу академияның үлесінде.

Экономикалық мүмкіндігі кең Қазақстан қазіргі күні экологияға да көбірек көңіл бөле бастады. Дегенмен экологияның қордаланған проблемалары толықтай шешілді деуге ерте. Алайда оны мемлекет тарапынан оңалтуға бағыт алынғаны аса құптарлық іс. Бүгінгі күні әлемнің барлық мемлекеттері экологияның саяси және экономикалық игіліктерге әсер ететін стратегиялық сала екенін ұғынды.

«Сондықтан да болар, қазір елімізде бес жыл бойы айтылып, пісуі жеткен, барлық экологиялық ережелер мен нормаларды жинақтаған Экология кодексі қабылданды. Осыған орай біздің академия елімізде 2017 жылы өтетін ЭКСІО көрмесі аясында да қыруар істі қолға алды», – дейді Мұсағали Сәрсенбайұлы.

Отандық кей тауарлар қымбат дегенмен, сапа жағынан шетелдік тауардан көп тәуір. Алайда «қазақстандық өнімге» сапасыз, бағасы қымбат деген теріс көзқарас қалыптасқан. Отандық тауардан гөрі Қытайдың, не Ресейдің өнімін сатып алу

әлдеқайда тиімді және пайдалы деп ойлайтындар бар. Бүгінде бұл қате түсініктен арылу керек. Бұл ретте Мұсекең: «Рас, жоғары технологияны пайдаланатын шетелдік өнімдермен бәсекелесу қазақстандық кәсіпкерлерге ауыр тиюі мүмкін. Дегенмен дұрыс тамақтануға мүмкіндігі біздің елде жоғары. Қазақстанда жасалған азық-түлік тауарлары табиғи жағдайда өнгендіктен денсаулыққа пайдалы, әрі дәмді, тойымды», – дейді.

Еліміз бойынша таза өнім, табиғи зат екенін танытатын «халал», «био», «органик» және «эко» қатарлы халықаралық стандарттау жүйесі жұмыс істейді. Әрбір жүйенің өзіндік ерекшелігі мен маңызы бар. Осының ішіндегі бүгінгі таңда еліміздегі 125 компанияға эко стандарттық сертификатын Мұсекең басқаратын Халықаралық экология акедемиясы береді.

Әлемдік тәжірибеде мойындалған бір ақиқат бар. Ол – ел болу жолындағы ұлттық тәрбие. Әрине, бұл тәрбие жалаң болса, ондай тәрбие қашанда қауқарсыз. Қазіргі аумалы-төкпелі заманда қазақ жастарын тәрбиелеудің ұлттық негізі болуы шарт. Сонда ғана тәрбие шынайы. Ұрпақ санасына елдік ұғымды ұялатып, ұлттық рухты сіңіру жолында да бірқатар жұмыстарды техника ғылымдарының докторы, профессор Мұсағали Дуамбеков атқарып келеді.

Қарап отырсақ, Мұсекең эколог, ғалым, саясаткер, ұстаз, руханият жанашыры. Таңдап алған салалары қазіргі қазақ қоғамы үшін аса маңызды. Ендеше, елге, ұлтқа, қазақ қоғамына жасап жатқан ісіне сәттілік тіледік!

ҰЛТЫН ҰЛЫҚТАҒАН ОҒЛАН

Өмір өнегесі өзгеше азаматтың ғұмыры да өзгелер сияқты өз заңдылығы, өз сүрлеу-соқпағы, өз шығар биігі бар ерекше ғұмыр. Осы өмір керуенінде өзіндік ізімен танылған азаматтың бірі – саясаткер, ҚР Парламенті мәжілісінің депутаты, Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің төрағасы, «Нұр Отан» партиясы парламенттік фракция жетекшісінің орынбасары Нұртай Сабильянов.

Тәуелсіздік – біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес құндылығымыз. Жас мемлекет тарихындағы жаңа дәуір дәл осы Тәуелсіздіктен бастау алады. Дәуір жасампаздығы сенімді және серпінді дамуға байланысты. Сондықтан да Тәуелсіздік ерекше маңызға ие. Жиырма алты жылдық – елдіктің, егемендіктің, кемелдену мен келешекке құлаш сермеудің тамаша кезеңіне айналуы тиіс екенін Нұрекең жақсы біледі. Әлқисса...

Нұртай Салихұлы бұрынғы Семей (қазіргі Шығыс Қазақстан) облысы Аягөз ауданының Шыңқожа ауылында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келді. Шыңқожа ауылындағы қазақ орта мектебін бітіріп, еңбек жолын Аягөз ауданының «Нарын» кеңшарындағы «Орбита» комсомол-жастар бригадасында бастады. Ленинград қаласында Кеңес Армиясы қатарында әскери қызметін өтей жүріп, кешкі орыс орта мектебін бітіріп, орта білім туралы екінші аттестат алды.

Әскерден келген соң алдымен Алматы Халық шаруашылығы институтын және соңыра Қазақ мемлекеттік Заң университетін бітірді. Оқып жүріп Алматы қаласындағы 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне қатысқанын сол кездегі қолына рупор ұстап алаңда сөйлеп тұрған әйгілі суретінен жалпақ жұрт жақсы біледі. Одан соң да жас та болса ұлт тағдырына жаны ауырып, 1991 жылы 28 наурызда КСРО Қорғаныс министрі Д.Язовқа ел-жер тағдырына қатысты жеделхат жолдап, оған жауап алған.

Бұл мәселе бойынша, яғни «қазақ ұлтшылдығы» деген айыпты ресми түрде алып, қазақ халқынан кешірім сұрау қажеттігін қазіргі Қазақстан Республикасы Парламенті мәжілісінің депутаты, сол кездегі Алматыдағы Халық шаруашылығы институтының студенті, Желтоқсан көтерілісіне белсенді қатысушылардың бірі Нұртай Сабильянов табанды түрде көтергенімізбен, нақты нәтиже шықпағаны түсінікті еді дейді. Дегенмен де қазақ мәселесіне қатысты Мәскеудегі жоғарғы билік өкілдеріне жиі хат жазып, жауап берулерін талап еткен жастардың бірі – Нұртай Сабильяновтың кезекті төмендегі бір хаты оқырманды бейжай қалдырмаса керек.

Телеграмма №83/210 от 28. 03. 91.
г. Москва, ул. Королева, 12,
программа «Кто есть кто»,
т. Язову.

Вопросы:

1. Ваша причастность к имперской политике Колбина против казахского народа, ликвидации ракет именно в Сарыозеке.

2. Когда вы подпишите акт передачи бывшего здания штаба Среднеазиатского военного округа по улице Джандосова-Правды в Алма-Ате, переселенцам из Семипалатинска и Арала, ведь Среднеазиатский военный округ ликвидирован.

3. Судьба военного училища коренной национальности в г. Алма-Ате после декабря 1986 года.

*Нуртай Сабильянов,
г. Алма-Ата, 28. 03. 91.*

Жоғарыдағы сауалдарына Нұртай сол кездегі түкірігі жерге түспей тұрған Одақтық дәрежедегі ең шенді шенеунік, КСРО Қорғаныс министрі Д. Язовтан сырғытпа жауап алғанын маңызды санамайды. Маңыздысы, бұл ұлтжанды жастың елдік мәселені отбасы, ошақ қасында гана айтып қоймау қажеттігіне берген жауабы, әрі нақты іс жасау керектігіне үндеген әрекеті іспетті. Желтоқсан көтерілісінен бүгінгі уақытқа дейін халқының қамы үшін аянбай еңбек етіп келе жатқан ұлтжанды азамат Нұртай Салихұлы бұл турасындағы ойын төмендегіше түйіндейді:

«Қазақты оққа да байлаған, сотқа да айдаған, аштан да қырған ХХ ғасыр «Біз бақытты баламыз» деп ән салдырған бүгінгі ұрпағына дейін кесір-кесапатын алға тартып келді. Кеңестер Одағының одақтас республикалары мүлгіп отырған жылдарда да қазақтың қаһарман ұлдары тәуелсіздіктің туын тігу үшін жасырын жұмыс істеп келді. Сенбейін десек, ол туралы құжаттар да бар.

Мен ойлаймын, бүгінгі тәуелсіздігіміздің негізі, егемендікке жету жолындағы ұлт-азаттық көтерілістердің түйіні – Желтоқсан көтерілісі деп айтуға құқымыз бар. «Іріген ауыздан шіріген сөз шығады» демекші, кейбіреулер айтқандай, алаңдағы жағдай

«нашақорлар мен маскүнемдердің бей-берекеті» емес, бостандық, ұлт намысы үшін күреске бел буғандардың жанкешті қадамы еді.

Халық шаруашылығы институтының 3-курсында оқитын мені сол алаңға ешкім алдап немесе күштеп апарған жоқ. Өзге қыз-жігіттер де адал ниет, шын көңілмен бейбіт шеру арқылы Мәскеуден берілетін партия көсемдерінің бұйрықтарымен келіспейтінімізді мәлімдеуге шықтық. Ұлттық ар-намысты таптатқымыз келмеді. Шын мәнінде 5 миллионнан аса қазақ ұлтының арасынан ел басқаратын бір адамның табылмауы ақылға қонбайтын әңгіме. Осы сауалға жауап іздеп, еңсемізді тік ұстайтын ұлт екенімізді партияның бюрократтарына, Орталықтың өктемдігін мойындатқымыз келді».

Иә, ұлттық кемсітушілікке ыза болған Нұртай сынды жалынды жастар Республика алаңына жиналып, өз пікірлерін айтпақ еді. Демонстранттармен әу бастан келіссөзді дұрыс жүргізе алмағаннан кейін, жағдай шиеленісіп, мінбеге шыққан Республика басшыларына дөрекілік жасау әрекетіне ұласты. Ақыры тәртіп қорғаушылармен қақтығыс та басталды.

Желтоқсанның ызғарлы күндеріндегі зобалаңнан аман шыққан Нұртай оқуын өте жақсыға бітіріп, Алматы электротехникалық зауытында экономист болып еңбек жолын жалғастырып, «Сарыарқа» жабық акционерлік қоғамында бас бухгалтер, кейін қаржы жөніндегі вице-президент, ҚР Аудиторлар палатасының мүшесі болып абыройлы еңбек етті.

Бұдан соң саясатқа ден қойған ол, Шығыс Қазақстан облысының Аягөз, Жарма, Үржар аудандарынан төрт рет – алғашында ҚР Жоғарғы Кеңесіне, кейін ҚР Парламент Мәжілісіне депутаттыққа үміткер ретінде бағын сынады. Артынша-ақ дегенінен қайтпайтын Нұрекең Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі, кейіннен Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің төрағасы, «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясы Саяси Кеңесінің және Саяси Кеңесінің Бюро мүшесі болды.

Жаратушы әр адамға қанымен біткен мінез береді ғой. Қанында бар қасиетті адам қайда жүрсе де тастап кетпейтіні белгілі.

Тумысынан текті адамдар көптің қамын ойлап, елі мен жері үшін шырылдап өтеді. Осындай азаматтардың арқасында ел де, жер де көктейді, көркейе түседі.

«Бай болсаң еліңе пайдаң тисін, батыр болсаң дұшпанға найзаң тисін». Осы халық даналығы Нұрекеңнің негізгі ұстанымдарының бірі. Саяси-қоғамдық мәселелерде ұлттық тілге қамқорлық, тарихымызды жаңғырту, ұлттық әдебиет пен мәдениетті, ұлттық өнерді қолдау, ұлттық спортымыздың жандануына жәрдемдесу, ауылдағы жасөспірімдердің патриоттық сезімін ояту, экологиялық апат аймақтарындағы адамдардың денсаулығына қатысты проблемаларды шешуге атсалысып келеді.

Алғашқы демеушілігі 1992 жылы жаңадан құрылған «Желтоқсан» қорына қолдау көрсетуден басталған. Көптеген мектептерге, кітапханаларға, балалар үйлеріне демеушілік жасау өз қаражатымен мүмкіндігіне қарай жүзеге асырылды. Мәдениет үйлерін, мешіттерді қалпына келтіруге, мектептерді компьютерлендіруге жәрдемдесті. Соның ішінде туған ауылы Шынқожа ауылында жеке қаражатына жаңа талапқа сай Мәдениет үйін салғызып берді.

2003 жылы желтоқсан айында аудан орталығы Аягөзде республикалық айтысты ұйымдастырды. Бұл айтыс «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» эпосының 1500 жылдығына арналған еді. 2004 жылы Мәскеу қаласында өткізілген айтысқа да демеушілік көмек жасады. Осылайша елдегі айтыс өнерінің өркендеуіне біршама үлес қосқанына ел-жұрт ризашылығын білдірген. Желтоқсан көтерілісіне байланысты іс-шараларды ұйымдастыруға да белсене қатысып келеді. Реті келгенде осы жолдардың авторына да «Қасиеттім – Желтоқсан!» атты кітабын мың данамен шығарып бергенін ризашылықпен айта кеткім келеді.

Мемлекетке сіңірген еңбегі, елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына қосқан үлесі үшін 2008 жылғы «Білім меценаты», 2010 жылы Ұлттық Қоғамдық «Алтын жүрек» сыйлығының «Білімді дамытуға қосқан үлесі үшін» номинациясын және «Шапағат», «Құрмет» және т.б. орден-медальдарымен марапатталды.

Сондай-ақ туған жеріне сіңірген еңбегі еленіп, Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданының құрметті азаматы атағын да алды.

Ұлы Абай мен дәулескер күйші Құрманғазыны үлгі тұтатын тұлғалары санайтын Нұртай Салихұлынан жастарға айтар тілегін сұрағанымызда: «Мағжан айтқан ғой: «Мен жастарға сенемін» деп. Қазақ жастары үшін бүгінгі таңдағы ең көкейкесті мәселе – өз ана тілінің тағдырына бейжай қарамауы, туған елін, жерін шексіз сүйі, Отанының патриоты болуы. Жаһандануға сонда ғана төтеп бере аламыз деп ойлаймын. Қазақ ұлтының болашағы – жастарымыздың қолында. Мен де жастарға сенемін!» – дегені бар еді. Бүгінде сол отаншыл жастардың ортасында жұбайы Нұрсәуле Көкежанқызы екеуі тәрбиелеп отырған бес баласы да өсіп келеді.

Иә, саяси билік жүйесінде жүріп те мың-сан тарихи-ағартушылық бағыттағы істермен айналысуы Нұртай Салихұлының елге, жерге деген риясыз махаббатын аңғартса керек. Оған өмірден алынған мысалдарды Нұрекеңнің аузынан таңды таңға ұрып тыңдауымызға болар еді.

Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат,

Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.

Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік,

Ер табылса жарайды қылса сұхбат, –

деп жырлаған Абай хакімнің өлең сөзі ел ағасы, елінің қамын жеген елшіл Нұртай Сабильянов сынды азаматқа қаратылып айтылғандай. Бұлқынып жатқан бұла күшті бағамдап, ішкі жан дүниедегі рухани аңсарды аңғара білген жандар ғана ел аузында. Ондай адамды халқымыз нағыз азаматқа балайды.

АЛАҢДА АҚТАМБЕРДІНІ ЖЫРЛАҒАН

Орындаушылық өнерімен танымал болған Бекболат Тілеуханның ерекшелігі – ұлттық бояуы айқын бабалар өсиетін, асқақ жыраулар мұрасын жандандыруында. Сол арқылы тыңдаушысына ұлт қадірін танытуды, тарихи сананы жаңғыртуды өзіне міндет етіп қойған.

Бұл мақаламызда Бекеннің ел біле бермейтін қыры – әйгілі Желтоқсан көтерілісіне қатысқандығына тоқталмақпыз. Бекен алаңда Ақтамберді жыраудың толғауын айтқан. Студент кезінің өзінде сексенінші жылдардың аяғындағы жастар арасында ұлттық сананың қалыптасуында өзіндік әсері болған. Әдеби-танымдық кештер, айтыстар, кездесулерге қатысып, сондай шараларды белсене ұйымдастырды. Этномузыкатану ғылымы саласында жүргізген зерттеулері, ғылыми мақалалары шетел басылымдарында жарық көрген. Қазақ өнерінің вокалды-орындаушылық тарихын тереңдетуде үлесі зор. Доспамбет, Қазтуған, Шалкиіз, Дулат, Мұрат жырларын насихаттауымен Бекболат Тілеухан өнері құнды. Сондай-ақ қобызбен жырлау, үш ішекті домбыра сүйемелімен ән айту дәстүрлерін жандандырып, онысын кеңінен шәкірттері арқылы да таратуы – өнердегі тұлғасын сомдайтын дара құбылыс.

Желтоқсан көтерілісі елдік тұрғыда оң сипат алып, халық оның мақсаты мен мүддесінің төркінін түсіне бастаған тұста өзін қаһарман етіп көрсетуге тырысушылар арта түсті. Алаңға барғандық та батылдық деп есептейтіндер бар. Бәлкім, солай да болар. Тағдыры Желтоқсан оқиғасынан соң күрт өзгеріп, басқа арнаға қарай ағылғандар аз емес. Бірақ соған қарамастан өзін қаһарманмын деп кеуде соғудан аулақ ұстайтындарды көңілге түйгенде одан сайын риза бола түсесің. Отанды сүю, оған қалтқысыз берілу барлығымыздың еш жерде жазылмаған парызымыз. Отансыз ұлттарды жүздеп кезіктіруге болады. Кеудесінде жүректері бар болғанмен, сол жүрекпен сүйетін Отаның болмағаны қандай аянышты. Шүкір!

Тамырының бір тармағы желтоқсанға байланған тағдырдың бірі – ұлт жанашыры, күміс көмей әнші Бекболат Тілеухан. Желтоқсан дүмпуі бұрқ ете түскен жылы ол Қазақ политехникалық институтында инженер-механик мамандығы бойынша оқып жатқан студент еді. Жастайынан жүрегі ұлтым деп соққан Бекболат та алаң көңілін арқалап, алаңға барған. Сол жылдары әншілігімен теледидардан танылып, айтысқа қатысып жүрген Бекболаттың алаңда жүргендігін «байқамай қалу» мүмкін емес

еді. Сондықтан алаңға барған өзге студенттер секілді Бекболат та «көзге түсті», оқудан шығарылды. Мұны бүгін Бекең ерлік санамайды. Моральдық шығын мен пәтер сынды өзіне желтоқсандық ретінде тиесілі дүниелерді сұрамақ тұрмақ: «Біз де Желтоқсан көтерілісіне қатысқан едік, сүргінін бастан кешірген болатынбыз» – дегеннен аулақ. Тіпті сол Желтоқсан көтерілісіне қатысқанын осы уақытқа дейін ешкімге тіс жармапты.

Көзкөргендер оның алаңда салған әні жастардың жігерін жаныды, намысын қайрады дейді. Куә болғандар бұл жайтты тамсанып айтады, нандырып суреттейді. Сол жылдары Бекболат Ақтамбердінің толғауын нақышына келтіріп, жеріне жеткізіп орындап жүрген. Жыраулық поэзияда жеке бастың қамынан Отанды сүю мен елдік мүдде бірінші кезекте тұратыны белгілі. Осы тұрғыда еркіндік үшін жасалған 300-ден астам көтерілістің соңғы нүктесі – Желтоқсан көтерілісінің тұсында жыраулар поэзиясын халыққа қайта қауыштырудың өзі бөлек қаһармандық екенін аңғармау мүмкін емес. Көзкөргендер демекші, Бекболат Тілеуханның Желтоқсан көтерілісіне қатысқандығы жайында білетіндердің бірі – желтоқсан күрескері Бақытбек Иманғожаев былай дейді:

– Бекболат Тілеуханның Желтоқсан оқиғасына қатысып, жастар толқуының бел ортасында жүргендігін досы ретінде жақсы білемін. Соның салдарынан Желтоқсан оқиғасының белсенді қатысушысы ретінде ол Қазақ политехникалық институтындағы оқуынан шығарылды.

Ал біздің қоян-қолтық таныстығымыз Бекболаттың Құрманғазы атындағы консерваторияда оқып жүрген кезінен басталды. Оның сексен алтының ызғарлы желтоқсанындағы алаңда салған әндері мен жырлары жүректен шығып, жүректерге жетті. Тоңған жастарды жылытты, тоңазыған көңілдерді оятты. Әлі де солай. Себебі ол халқын жүрегімен сүйетін азамат. Халықтың жүрегі қандай сөзге тебіреніп, қай сөзді жылы қабылдайтынын ол жақсы біледі, сондықтан да ол ел ықыласына боленіп жүр.

Ал желтоқсанның және бір қатысушысы Қошан Мұстафаұлы

есімді азамат жалпы Бекболат Тілеухан сынды зиялы қауым өкілінің кешегі желтоқсан дүмпуі тұсындағы ұлтының жағынан табылып, ұстамдылық танытқандығын бүгінде жұртшылық білуі тиіс дегенді алға тартады:

– Алаңға жақын маңда К.Байсейітова көшесі бойындағы қымызханада үш-төрт жігіт шәй ішіп отырғанбыз. Төменгі жақтан ҚазПИ-дің студенттері көтеріліп келе жатыр екен. Соларға біз де қосылдық. Жан-жақтан қаптаған студенттерден алаңлық толды. Қыздар белсенділік танытып жүр. Екінші күні халық одан да көп болды. Бекболат Ақтамберді жыраудың толғауын орындап көзге түсті.

«Күлдір де күлдір кісінетіп,

Күреңді мінер ме екенбіз?

Күдеріден бау тағып,

Ақ күреуке киер ме екенбіз», – деп тұрып айтылған толғауды естіген жанның толқымауы мүмкін емес, ал ертеңіне тағы алаңға келмеуі мүмкін емес-ау!. Бекболаттың бұл жыры алаңды сілтідей тындырды, жиналған жұртшылықты рухтандырды. Одан кейінгі жылдары елдің барлығы Бекболат ән айтқан жерде Ақтамбердінің әлгі толғауын орындауын қалады. Желтоқсан оқиғасына дейін де жыраулар поэзиясынан толғау айтып жүрген Бекболаттың көтеріліс кезінде дәл солай етуі өте орынды және не мақсатпен алаңға келгендігін айқындап тұрғандай еді.

Иә, бұл кейіпкеріміздің біз білмейтін бір қыры. Білуімізше, Бекболат Тілеухан алты жасынан бастап домбыра ұстаған. Әкесі Қанай ақсақал қазақтың жыр-дастандарын жетік білген, діни сауатты адам еді деседі білетіндер. Баласының Кәкімбек Салықов секілді тұлға болып қалыптасқанын қалаған әке ұлын металлург оқуына бағыттаған. Әке қалауын мақұл көрген Бекболат Желтоқсан көтерілісіне дейін жоғарыда айтып кеткендей Қазақ политехникалық институтында оқып жүреді. Бірақ оның желтоқсанда алаңға барып ән салғанын, дүйім жұрт ол әнге тамсанғанын білген құрығы ұзын билік Бекболатты оқудан шығаруға ұйғарым жасайды. Алайда бұл жайтқа тауы

шағылып, тауаны қайтпаған Бекболат Құрманғазы атындағы консерваторияның дайындық курсына түседі. Одан кейінгі өмірін өнермен ұштастырып, ұлт жанашырына айналған Бекболат Тілеухан ел ықыласына бөленіп келеді.

Ұлтжанды азамат әрі ақтандақ тарихымыздың жанашыры ретінде ұлт ісіне ұдайы қолдау білдіріп келе жатқан Бекболат Тілеуханның да желтоқсандық екенін ғазиз жұрты біле жүрсе артық емес.

ДЕРТКЕ ДАУА ІЗДЕГЕН

«Асыл туған адамның, алтын жетпес нарқы бар» дейді дана халық. Жақсыны жатқа санамайтын қазақ, жаны жайсаң адамды асылдың сынығы, айдынның тұнығына балап жатады. Бұл қанымызға сіңген құнды қасиет. Бүгінде тәуекелге көңілі тоқ болса да тәубеге тоқтайтын тау мінез тұлғалар аз емес арамызда. Солардың бірі ердің жасы елуге келген – Медицина ғылымдарының докторы, профессор, академик, ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі, ҚР «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Вена Халықаралық университетінің «Құрметті профессоры», Халықаралық «Сократ» атындағы орденнің, құрамына 193 мемлекет кіретін Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықаралық «Құрмет белгісі» орденінің лауреаты, «Жас-Ай» Шығыс-Тибет медицина орталығының директоры Жасан Зекейұлы.

Ол бұрынғы Шығыс Түркістан өлкесінде дүниеге келген Жасан Зекейұлының ата-анасының естеліктері бүгінге дейін жадында жатталып қалған. Еңбекқор әке мен қамқор анасының көрген бейнеті – өмірінің тағылымы іспеттес. Ата-анасының сол кездегі бүтін бір буынның басына түскен тауқыметті тағдыры жас Жасанды қайрай, шыңдай түсті. Қайткенде ата-анамды ұятқа қалдырмауым керек деген қайрат пен жігер намысын жани берді. Жақсы оқыды. Қызметте үлгі көрсетті.

«1983 жылдары Қытайдағы Шыңжаң медициналық университетінің емдеу факультетінде оқып жүргенімде бар күш-жігерімді, алған білімімді халқыма арнасам деуші едім»

– дейді Жасан аға. Бүгінде ол арманы орындалды. Оқу-білімге құштар, үйренсем-білсем деп ұшқын атып тұрған балғын жігіттің таудай талабы сол жылдары ұштала түсті. 1995 жылы Тибет медицинасындағы ерекше еңбегі үшін ҚХР Денсаулық сақтау министрлігінің «Жоғары білікті аға зерттеуші-дәрігер» атағын иеленеді. Сол жылы Халықаралық Алтын инемен емдеу ғылыми-зерттеу қоғамына мүшелікке қабылданады. Денсаулық сақтау ісі бойынша Қытайдағы 100 үздік жас маманның бірі атанды. Осындай ізденіс жолдарынан өткен Жасан Зекейұлы бүгінде «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» қағидасын ұстанған.

«Тазалық – саулық негізі, саулық – байлық негізі» дейді атам қазақ. Ендеше, еліміздің ертеңі үшін дені сау, саналы азаматтар қажет. Сондықтан салауатты өмір салтын қалыптастыруды үнемі насихаттап отыру керек. Әсіресе жас ұрпақтың бойына тазалық пен сергектікті орнықтыру – біздің міндетіміз, – дейді Жасан Зекейұлы.

Атажұртына қоныс аударған Жасан Зекейұлы 2004 жылы Алматы қаласының төрінен «Жас-Ай» орталығын ашады. Ал 2016 жылы орталықтың жұмысын ел жүрегі Астана қаласынан және жүргізе бастады. Содан бері медицина орталығынан мыңдаған сырқат емделіпті, сол елу мыңнан аса емделушінің он мыңнан астамына тегін ем-дом жасалыпты. Қазір «Емші болса Жасандай, емхана болса «Жас-Ай»-дай болсын» – деген сөз ел аузында жүр.

«Біздің үлкен жетістіктеріміздің бірі – «Жас-Ай» Шығыс-тибеттік медицина журналын шығаруымыз. Көрші Қытайда қазақ тілінде медициналық білім беретін мерзімді баспасөздер шаш етекпен. Ал бізде мұндай басылымдар жоқтың қасы. Журнал жарық көрген 5 жылдан бері халыққа салауатты өмір салтын насихаттауда», – дейді Жасан аға.

Қазақ халқы асты жоғары бағалап, қадірлей білген. Қай заманда, қалай айтылғанына қарамастан, халық асты құрметтеудің жолын, оны әзірлеудің көзін, ретін таба білген.

«Мал шаруашылығымен айналысқан ата-бабамыздың негізгі асы – ет және сүт. Әсіресе сүттің алатын орны ерекше. Себебі сүт және сүттен жасалатын тағамдар денсаулыққа өте пайдалы.

Ол ас қорыту бездерінің жұмыс істеу қабілетін үнемі жақсартып отырады. Оның үстіне сүт өнімдерінің дәрулік қасиеті де бар. Олар емдеу, алдын алу, диеталық тағам ретінде де қолданылады. Ал жылқының сүтінен әзірленетін қымыздың емдік қасиеті ертеден белгілі. Ата-бабамыз астың пайдасын медицина дамымай тұрып-ақ білген. Бұрын қымыз-шұбатын ішіп, құрт-ірімшігін жеп-ақ дерттің алдын алған. Ата-бабамыздың алып тұлғалы, батыр да дана болуының бір сыры осында», – дейді Жасан аға.

Иә, қазір сол ұлттық тағамдардан бас тартатындар көп. Бұған себеп, түрлі тағамдардың, соның ішінде, басқа елден келген астардың көбеюі. Бірақ бұл тағамдардың пайдасынан зияны басым екенін Жасекең айтқандай зерттеушілердің өзі дәлелдеп отыр.

«Жас-Ай» қазір көп қабатты емдеу-сауықтыру орыны бар орталық. «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицинасының Астана және Алматы қалаларындағы қызметі бұл күндері АҚШ-тың, Жапонияның, Еуропа елдерінің білікті мамандарымен араласып, тәжірибе алмасу үстінде. Аталған елдерге өзі де жиі сапарға шығып тұратын Жасан Зекейұлының кәсіби деңгейі әр тараптан ескеріліп, 2009 жылы Вена қалалық Халықаралық Университетінің «Құрметті профессоры», 2010 жылы Халықаралық «Сократ» атындағы орденнің иегері атанды. Және елде де еңбегі еленіп, ол «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісінің үздігі» атанды. 2008 жылы жыл сайынғы «Алтын Жүрек» сыйлығын иеленді. Бірақ бұған Жасан аға малданып жүрген жоқ. Қайта ұлт денсаулығына жаны ауырып, елдің ертеңі үшін аянбай еңбек етуде.

«Бүгінде қан бұзылып бара жатыр деп налиды Жасан аға. Жеті атадан бері қарай қыз алыспаған қазақ қазір бұл мәселеге мән беруді қойған. Кешегі кеңестік жүйе насихаттаған солақай саясат салдарынан діні, ділі табыспайтын отбасылар көбейді», – дейді Жасан Зекейұлы.

Туған елінің ертеңін ойлаған адам өзінің тұлғалық келбетін өзі жасайды. Жасан Зекейұлы да өзіне тән азаматтық болмысты өзі қалап келе жатқан жан. Ес білгеннен бері білімпаздығын, зиялылығын, парасаттылығын, оресінің кеңдігін, рухының

биіктігін байқатып келеді. Бұл оның өмірлік қағидасы. Қанға сіңген қастерлі қасиеті. Жасан Зекейұлының еліне, жеріне, халқына деген сезімі терең. Өзі денсаулық саласының маманы болғандықтан ұрпақ тәрбиесіне барынша мән береді.

Дәрігердің және бір қыры ғалымдығы. Жақында ғана Жасан Зекейұлының Алматы облысының орталығы Талдықорған қаласында облыстық әкімдіктің қолдауымен жарық көрген халық денсаулығы мен еліміздің игілігіне арналған «Бел омыртқа аурулары» және «Акупунктура» атты қос бірдей кітаптарының тұсау кесері болды.

Аталған кітаптардың құндылығы – Қытай, Тибет медицинасы мен Қазақ халық медицинасының біте қайнасқан элементтерінің талданғандығы. Себебі 5 мың жылдық тарихы бар Қытай, Тибет – жалпы шығыс, оның ішінде дәстүрлі төл медицинамыздың да көптеген тұсы біздің дәрігер мамандарымызға беймәлім қалып жатыр.

Шығыс медицинасы табиғи болмысты қалпына келтіріп, ағзаға ешқандай зиян келтірмей, аурудың салдарын емес, себебін емдеуге негізделген. Жер бетін мекендеген әр ұлттың өз дәстүріне сай халық емі, білгір емшілері де болғандығы ақиқат. Бұл ешқандай талас тудырмайды. Дегенмен қазіргі уақытта дүние жүзіндегі халықтардың көпшілігі мойындап, соңғы кезде тіпті көп айтылып та, насихатталып та жүрген шығыс емі екендігі ақиқат.

Сондықтан бұл мәселеге қатысты аталған еңбегінде автор медицина саласындағы көп жылғы еңбек тәжірибесі мен ғылыми ізденістері негізінде оқулық жазып, үлес қосуды мақсат тұтқан.

«Бел омыртқа аурулары», «Акупунктура» оқу құралдары медицина саласындағы студенттерге кәсіби білім берумен қатар, дәстүрлі танымнан ажыратпай, өз бетінше логикалық ойлау және анализ жасау қабілетін дамытатындығына сарапшылар оң бағасын беруде.

Сонымен қатар, жақында ғана Жасан Зекейұлы Түркияға сапар шегіп, маңызды ғылыми жобаны талқылап қайтты. Медицина саласында ғасырлар бойы адам денсаулығын қалай жасартуға болады деген сұраққа жауап табылмай келген еді. Енді сол

адам денсаулығын 15 жылға жақсарта түсетін аппарат жайлы және де 21 ғасырдағы адамзаттың ең ауыр жазылмас дерттері неге көбейіп кетті деген тақырыптағы ғылыми конференцияда Жасан Зекейұлы баяндама жасап, сол аппараттың халықаралық дәрежедегі сертификатына қол жеткізді. Бұл да бір отандық медицина саласын дамытуға қосылған үлес болары анық.

«Жақсы сөз жарым ырыс» деп аталарымыз бекер айтпаған. Жақсы тілек, жақсы сөз айтқан адамның мейірім гормоны көбірек бөлінеді де ол адам көп жасайды. Адамның қалқанша безі, қуық асты безі, әйел адамдарда әйелдік безінен мейірім гормондары бөлінгендіктен бұл адамның иммунды жүйесін көтеріп, аққан клеткасының орнын басады. Жалпы біз не үшін өмір сүреміз? Адам денсаулығын күтіп, жақсы көңіл күйде бақытты өмір сүруге тырысуы керек. Денсаулық адамның көңіл күйіне байланысты. Яғни, сіздің көңіл күйіңіз көтеріңкі болса, денсаулығыңыз да соған сай жақсарады. Жақсы өмір сүру деген сөз – адамның өмірге деген қызығушылығы мен өмірді сүйе білу деген сөз. Сол жағдайда ғана адамдар қандай қиыншылық, өмірлік кедергілер болса да төтеп бере алады», – дейді Жасан Зекейұлы.

Жалпы Жасан Зекейұлының қызмет жолында алдынан кесе көлденең шыққан тығырық – қайбіреулердің жазықсыздан жала жапқаны. Жәкең мұндай сын сәтте аспай-саспай ақыл мен сабырға салды. Жала мен наланың түбі жалауы жығылатынын, ақ адал жолына ештеңе кедергі бола алмайтынына сенді. Сенімі алдамады, қара күйе жаққысы келгендердің жолы кесілді.

Иә, заң саласы босандықты көтермейді. Бұл жүйені де жақсы білетін Жәкең темірдей тәртіп пен әділ қылды қақ жаратын әділеттілікті серік етіп келеді. Мұнысы кейбіреулерге ұнамай, қарымта қайтарғысы келгендермен де күрес жүргізгені күні кешегідей көз алдында.

Мұндай теріс пиғылды жандармен арадағы текетірес ұзақ әңгіме. Қызмет барысындағы мұндай артыс-тартыстарда Жасан Зекейұлы ашуға берілмей, үнемі салқынқандылық танытты. Өзінің ісі әділ болғандықтан түбі жеңіп шығарына кәміл сенді.

«Намыссыз адамның ішкі ағзасы ауруға тез шалдығады. Яғни,

күншіл, қызғаншақ адам ауруға тез беріледі. Бауыр, бүйрек, асқазан дертіне ұшырайды. Жігерсіз, намыссыз адамдардың жүйке жүйесі зақымдалып, өмірден ерте кету қаупі бар. Сондықтан да, береке-бірлік пен дархан көңілге не жетсін», – дейді Жасан Зекейұлы.

Жалпы Жасан Зекейұлының болмысы тек қызмет деп қатып қалмаған. Танымы руханиятпен сусындағандықтан да қызметтегі кедергілерге қатты қамықпайды, өткінші деп білді. Бала кезінен «Батырлар жырымен» сусап өсті. Әдебиет әлеміне терең бойлап, тарихтан тағылым жинады. Жастайынан білім жинап, рухын тіктеп, көркем мінезін қалыптастырған жанның ештеңе сағын сындыра алмады. Қайта салмағы арта берді.

Осылайша, отты да, суды да коріп, абырой мен намысты биік қоя білген Жасан Зекейұлы Елбасының қолдауымен 2016 жылы ҚР «Ерен еңбегі үшін» медалін төсіне тақты. Бұл үлкен марапат Жасан Зекейұлының мың-сан игілікті істеріне берілген биік баға еді.

«Қазіргі уақытта халқымыз рухани жағынан жұтандау. Елбасы Н.Назарбаевтың «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» атты мақаласы керек кезінде шыққан бағдарлама. Рухани жаңғырудың өзі халықтың сұранысы. Әсіресе ұлтжанды азаматтар биліктен осыны күткен еді. Осы ретте айта кетер жайт, үштілділік заман талабы болғанымен, бұл уақыт үнімен қабысуы қажет. Мәселен, жапон халқы төртінші сыныпқа дейін тек ана тілін үйретеді. Біз қайткенде үшінші сыныпқа дейін ерік берсек дұрыс болар еді. Мысалы, балабақшадан қазақ тілінде сөйлеп келген бала үлкен ортаға түседі де, өзге тілді қатарластарының сөздері мен ойын түсінбей, қинала бастайды. Сөйтеді де, жаман мінез қалыптасады. Бала психикасына қатты қысым түсірмей, еркіндік беріп, жүйке жүйесіне ауыртпашылық түсірмеу керек», – дейді Жасан Зекейұлы.

Иә, Жасан Зекейұлы елу жылдық өмір жолында бала-шаға өсірді, тал екті, үй тұрғызды. Ең бастысы, «Жас-Ай» Шығыс-Тибет медицина орталығын құрып, туған еліне нар тұлғалы азамат атқарар көмегін көрсетіп келеді. Ал өткенде ғана «Рух жаңғырығы» атты халықаралық ақындар айтысын өткізіп және

жеті бірдей кітаптың тұсаукесерін өткізді. Мұның бәрі қазақтың руханиятына жасалып жатқан жұмыстар. Ендеше, ұлтының тән саулығымен қатар жан саулығына да қызмет етіп жүрген Жасекеннің бастамалары баянды бола берсін демекпіз!

ШЫЛБЫРЫН ҰСТАП ШАБЫТТЫҢ

Тамылжыған табиғат, тіпті өмірдің өзі тұнып тұрған поэзия. Алайда сол өмірді, сол керемет табиғатты көретін көз, танитын талант, сезетін сезім керек. Адамның сезімі – алынбас қамал. Ендеше, сол сезім қамалының жалаушысы – ақын. Қазіргі қазақ ән өнерінің бағын ашып, бағасын асырып жүрген ақындардың да еңбектері елге таныс, есімдері ұлтқа мақтаныш. Міне, сол талантты шоғырдың қатарында қазақ өнеріне қарлығаштың қанатымен су сепкендей болса да, өз үлесін қосып жүрген, ән аспанында қалықтаған көптеген ән мәтіндерінің авторы, ақын Дайрабай Мамашұлы Үсіпбаев та бар. Біздің бүгінгі әңгімеміз осы бір өлеңдегі өрнегі бөлек, жырлары жалынды ақынның шығармашылық жолына арналып отыр.

*Жетелеп сезім алысқа,
Арманның киіп шапанын.
Талдырып көзді батысқа,
Таң болып кейде атамьн.*

*Ғашық та болып көрдім мен,
Тасып та толып көрдім мен.
Өмірде ыстық, суыққа*

Жанып та, тоңып көрдім мен, – деп жазады ақын бір өлеңінде. Жаны кіршіксіз, бойы таза, жүрегі пәк адамнан ғана шынайы поэзия туады десек, ақынның бұл өлеңі сол тұнбаның тұнығы іспетті.

Бүгінде өнер жұлдыздарының ән қоржынын қампайтып, көңілдерін марқайтып жүрген Дайрабай ағамыздың сөзіне жазылған әндер жетерлік. Бала жасынан ұлы Абайды оқып, ауыл ақсақалдарының әңгімесін тыңдап өскен бала жігіт жастық шағын

ғылымға арнаса, елуге аяқ басқан кезінде ғана қолына қалам алған екен.

«Жас кезімде, ақындарымыздың өлеңдерін сүйіп оқып жүретінмін. Ал өзім қырықтан асқан шағымда өлең жаза бастадым.

«Қырықтан асқан шағымда,

Шылбырын ұстап шабыттың.

Ғашықтар гажан бағында,

Жұпарын жұттым бақыттың», – деп жазғаным бар.

Әкем өмірден ерте озды, әкеге деген сағыныштан, домбырамды шертіп отырып жазған өлеңім бар еді. Бірнеше жыл бойы ешкімге көрсетпеген өлеңімді жарыққа шығарғым келіп, Маңғыстау өңіріндегі сазгер, композитор ағамыз Марат Ордабаевқа ұсындым. Кейін ол өңдеуден өткізіп, әлгі әнді алып келді. Сосын Ақмерей есімді немересіне арнаған әніне сөз жазып бердім. Соңыра «Әлі есімде» атты әнге өлең жазып, шығармашылықпен айналыса бастадым» – дейді Дайрекең.

Адамның туған жері, жұмақ мекені дейміз. Дайрекеңнің туып-өскен ортасы – Оңтүстік Қазақстан облысының Шардара өңірі. Сонау Оңтүстік Қазақстанның бір пұшпағында өсіп-өнген ел. Дайрекең де киіз туырлықты киіз үйде, қарапайым отбасында өмірге келді. Ұшы-қиыры жоқ кеңістік, бала қиялын шыңдады. Сағыммен жарысқан қазақтың сайын даласында өсіп-өнді.

Нақтырақ айтқанда, 1963 жылы 4 сәуірде, Оңтүстік Қазақстан облысы, сол кездегі Киров ауданында дүние есігін ашқан. Ауылдағы орта мектепті бітіріп, Жамбыл технологиялық жеңіл және тамақ өнеркәсіп институтының халыққа қызмет көрсету орталығы экономикасы факультетінің инженер-экономист мамандығы бойынша тәмамдаған. Еңбек жолын Жамбыл облыстық атқару комитетінің жоспарлау бөлімінде бастады. Қазақылықтың қаймағы бұзылмаған киелі топырақта туылып, қасиетті бұлақ суын ішіп өскен ауыл баласының бойында аталардан қалған аталы сөз, аналардан алған аңғарымды көкірек көзі болары анық. Дайрабай ағамыздың да кіндігі ордалы оңтүстікте кесіліп, иткөйлегі сол өңірде жуылған.

Бүгінде киелі мекен Маңғыстауда «Казимпэкс – Ақтау»

терроризммен, экстремизммен және басқа қылмыстармен күресуде құқық қорғау органдары мен арнайы қызметтерге көмектесу қорының директоры болып қызмет атқарып келеді. Маңғыстау облысының қалыптасуына және дамуына қосқан үлесі үшін «Маңғыстау облысына 35 жыл» естелік төсбелгісімен және Ақтау қаласының дамуына қосқан үлесі үшін «Ақтау қаласына 50 жыл» естелік медалімен марапатталған. Және де туған жерін түлетудегі көмегі мен қызметі үшін Шардара ауданының 40 жылдық мерейтойында жерлестері «Жыл адамы» айрықша атағын берген болатын.

Өнерге сіңірген еңбегі үшін «Бейбітшілік әлемі» Халықаралық Қазақ шығармашылық бірлестігінің «Ел ардақтысы» медалімен марапатталған. 2008 жылы «Қазақстанның теңіз көлік әлеуетін дамыту» тақырыбында диссертациялық еңбегін қорғап «Экономика ғылымдарының кандидаты» ғылыми атағын алған. Сол жылы жоғары оқу орындарының студенттеріне, оқытушыларына және ғылыми қызметкерлерге арналған «Қазақстанның теңіз көлік әлеуетін дамыту» атты монографиялық еңбегі жарық көрді. Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, менеджмент кафедрасында дәріс беріп, 2014 жылдан бастап менеджмент кафедрасында мемлекеттік аттестациялық комиссиясына төрағалық етеді.

Еліміздің спорт және мәдениет саласының өркендеуіне қосқан үлесі іспетті жастарды отаншылдық рухқа тәрбиелеу тақырыбына жазған өлеңі – «Жастар маршы» әні Ақылбек Жеменейдің орындауында республикалық әскери әндер байқауына қатысып, жүлдегер атанды. Ал «Қазақтың қырандары» әні Жоламан Көшкіновтің орындауында спорт әндері бәйгесінде бас жүлдені иеленді. Сонымен қатар «Туған жер», «Аққулы мекен – Ақтауым», «Мұнайшылар жасасын» және тағы басқа бірқатар отаншылдық рухтағы өлеңдерін көптеген эстрада жұлдыздары республикалық деңгейде орындап жүр.

Иә, сұлулыққа ғашық жандардың асыл сезімін оятар сырлы өлеңдері болады. Мұндай өлеңдер Дайрабай Үсіпбаевтың жыр сандығында жетерлік. Талантты шын танығандар ақынды

махаббат жаршысы, сезім жыршысы, лирик дейді. Мәселен, Дайрабай ағамыздың ет жақыны, өнерімен өрісін қосқан бауыры белгілі ақын Әлібек Шегебай былай деген еді: «Шын мәнінде де, «Дайрабай ағаның өлеңдері – бүгінгі қазақ лирикасының жаңа беттері». Оған оның көңілдің нәзік қылын шертер, сезім ләззатына бөлер мөп-мөлдір жырлары куә. Бұлар – адамның жан сарайын ашар, біресе жаныңды жадыратып, бір уақ мұңға батырар ғашықтық ғазалдары, махаббат жырлары. Және де туған жерге сағыныштан туған өлеңдері де жетерлік. Жалпы Дайрекең жүрегі жұмсақ, кеңпейілді жан. Әлі күнге дейін ақынмын деп айтуға қысылатын адам. Мені ақын деп таныстырып жатады. Ал мен соған лайықпын ба?! «Ақын деген ұлы тұлғалар емес пе?» деген Дайрекеңнің пікірі ойға жетелейді».

Кітап шығармай-ақ, екі әнге сөз жазып ақынмын деп айқайлап, өзіне-өзі атақ беретін әлсіздігіміз де бар. Ал Дайрабай ағамыз, ондай даңқтың керегі жоқ, тіпті ағайын ақын деп атаса ақындық абырой алдында атақтан да, аттан да ат-тонын ала қашатын қарапайымдылығы бар.

Дегенмен де әу баста-ақ өнерге буырқана тасыған өзендей арынымен екпіндей келді. Ауыздығымен алысқан асаудай шамырқанған шыбытты шайырды әдеби қауым жатсынып-жатырқаған жоқ, жылы қабылдады, қол соға қарсы алды. Көпшілік те оның талантын танып, дара дарынын мойындады.

*Тарихты қаузап,
Қарасаң көп қой арманың,
Болғандай мәңгі
«Шыңғысхан төбе» қорғаның,
Тарихи қала,
Жолында Ұлы керуеннің,
Көп әлі сенің,
Шешілмей жатқан жұмбағың, –*

деп ой түйіп, ақ бас тарихтың күдірет-күшін айдай әлемге паш етеді. Халықты бүтіндейтін – тарихы. Сондықтан тарихына қарап түзелсе, халықтың өзі де түзелетінін әдемі жеткізе білген.

Иә, Дайрекеңнің жырларынан қазақтың дархан даласының

саумал самалы еседі, домбыраның қос ішегінен төгілгендей қоңыр үн құлағыңа майдай жағып, жүрегіңе от, жаныңа қуат береді, ерекше көңіл күй сыйлап, рухани ләззатқа батырады.

«Ақын тағдыры – ел тағдыры, қоғам тағдыры» дейді. Осы сөздің астарына үңілсең үлкен мән жатқан сыңайлы. Расында да дарынды ақын қауырсын қанат қаламымен қоғамға қорған емес пе. Өзі өмір сүрген ортаның мұңын айтатын да ақындар. Әрине, оның шығармашылығына шынжыр салынбаса. Қазір тәуелсіз елдің ақындары үшін теңдік бар. От ауыз, орақ тілді қаламгерлердің қалауы кең. Тек талғамы дұрыс болса дейміз.

Дайрекең парасатты, жаны сұлу адам. Үлкенге де, кішіге де ілтипатпен қарайды. Кемшілікке төзбейтін, адамның қателігін бүкпесіз бетіне айтады. Менмендік, тәкаппар қылықтан ада, қандай игі істер атқарса да, ешкімге міндет артпай, заманына сай адал еңбек етуде. «Еңбектің қашанда еленгені жақсы. Мерейің өсіп, бір марқайып қаласың. Дей тұрғанмен, еңбегің елің үшін елеулі, пайдалы болып жатса, қалайша қуанбайсың. Себебі – сен керексің. Еліңе, туған жеріңе қажетсің», – дейді ақын.

Дайрекең анасын үнемі аузынан тастамайтын жан. Бұл оның анаға деген махабатының шексіздігі. «Менің он екі жасымда әкем дүниеден өтті. Ал әкеміз ерте өмірден өткеннен кейін, анамыз он бір баланы өзі тәрбиелеп, өсірді. Қазір бес уақыт намазында, балаларының тілеуін тілеп отырған жан» дегені бар.

«Жылқы – қазақтың қаны, жаны секілді жануар. Қазақтың қара өлеңінде, батырлар жырында, фольклорда, жалпы қазақ жүрген жерде жылқы жүреді. Жылқы малы – адамның жігерін, намысын қайрайтын, рухын оятатын жануар!» – дейді ақын. Дайрабай Үсіпбаевтың «Ауылым – алтын бесігім» атты өлеңінде, шыр етіп жарық дүние есігін ашқаннан бастап әсем табиғаттың баурайында өсіп, етегін жауып, ержетіп, сәби шағынан құдіреттің тылсым-тіршілігіне куә болып, содан бойына қуат алып, халықтық тәлім-тәрбиемен бой түзеген қарадомалақ қыр баласының болмысын танысың. Өзі де жастайынан ат жалын тартып мініп, сайын далада сағым құған нағыз қазақ баласы емес пе.

Ал поэзия – бұл өмір. Поэзия – ақ пен қарадан, бақ пен сордан

жаратылған дүние. Өлеңдері, болмаса поэмалары жұрттың аузында жүрген ақындарды бір жерге барса жұрт қошеметпен қарсы алады. Соның аузына қарап отырады. Бұл ақынның бақытты сәттері шығар, бәлкім. Ал жалпы өлең деген адамның жанын жейтін, жүрегін жылататын дүние. Сондықтан мұның да кәдімгі өмір секілді жаңағы бір түнеріп тұратын, жарқырап тұратын кездері болады. Ақын ретінде сол әлемнің ішіне кіріп кеткен кездерінде өзінді бақытты сезінесің. Өлең жазып жатқан кезде жақсы өлең туса, сен бір ешкімге, тіпті патшаға сәлем бермейтіндей күй кешіп, өзінді бір ұлы адам ретінде сезінесің. Ал қалған уақыттарда қарапайым ғана пендесің.

Бұл тәмсілді Дайрекең сынды ақын ағамызға қаратып айтқымыз келеді. Оның арының алдындағы тазалығы, әдебиеттің, өнердің алдындағы шыншылдығы мен шынайылығы сүйсінтеді. Ендеше, ақын ағамыз адалдық биігінен түспесе екен деп тілейміз!

АУЫЛЫНА СПОРТ КЕШЕНІН САЛЫП БЕРГЕН АЗАМАТ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Шағын және орта бизнес пен іскерлік белсенділікті қолдау бойынша жұмысты жалғастыру қажет. Шағын және орта бизнесті экономикалық өсімнің драйвері ретінде дамыту және оның үлесін 2050 жылға қарай Ішкі жалпы өнімнің 50 пайызы бойынша жұмысты жалғастырған жөн», – деп атап көрсеткен болатын.

Осы Елбасы ерекше назарда ұстап отырған шағын және орта бизнес өкілдерінің бірі – Жеңіс Бөрібекұлы Тоғызақбаевтың ісі көпке өнеге деп білеміз.

Жеңіс Бөрібекұлы 1965 жылы Жамбыл облысы, Сарысу ауданында дүниеге келіп, ауылдық жердің өзінен-ақ үлкен кәсіпкер деңгейіне көтеріле алған азамат. Жеңістің лезде уақыт талабын тап басып, белгілі кәсіпкер деңгейіне жетуі де оңай болған жоқ. Еліміздің тәуелсіздікке қолы жеткенімен түрлі тығырықтардың тап келген кезі мен одан кейінгі әлемдегі саяси-

экономикалық тұрақсыздық жағдайлары да істі енді бастаған адамға өзіндік қиыншылықтар туғызды. Дегенмен ел дербестігі қолынан іс келетін азамат үшін үлкен мүмкіндікте екен. Жеңіс бауырымыздың бойындағы еңбекқорлық, іскерлік пен ерінбей-жалықпай елі үшін қызмет етуге деген ыждағаттылығы ақыры жемісін бере бастады.

Еңбектің өнбегін Жеңіс отбасынан бойына дарытып өскен азамат. Арғы атасы Тоғызакпай ақсақал Жамбыл облысы Сарысу ауданы халқына қиыншылық уақытында қорған болып, мақтан тұтар тұлғалы, көргені көп кісі еді. Колхоздастыру сүргіні мен ел еңсесі түскен соғыстан кейінгі жылдары да Тоғызакпай ата іскерлігін көрсеткен. Сөйлей кетсе шешен, сөздері мығым, халық сыйлайтын, зерек те алғыр батыр шалыс адам болған деседі. Өз ортасында, колхоздың басшылары отырған, елдің жиналған жерлерінде «Тоқаң не дейді», «Тоқаңмен ақылдасайық» деседі. Бүгінгі Жеңістің жетістігі осы атасының тәрбиесінен екені анық.

Ал Жеңістің әкесі Бөрібек көрнекті, бойы биік, тұлғалы тұрқына қарамай бала тәрізді ақкөңіл адам болған екен. Бөрібек ағаның бір қыры – белдескеннің жауырын жер иіскеткен балуандығы. Сол жылдардағы Оңтүстік Қазақстан облысының өлке палуаны да атанған. Қазақша күрестен 1962 жылғы «Оңтүстік Қазақстан» газетінің жүлдесі үшін өткен республикалық жарыста чемпиондық тұғырға да көтерілген. Осылайша өлкеге аты шыққан КСРО спорт шебері Бөрібек Тоғызакбаевты бүгінде ауылдастары үлгі тұтады.

Ендігі аз-кем сөз Жеңіс сияқты ақеділ ұлды дүниеге әкелген ана Зоя Мұсақызы туралы. Бүгінде бес ұл-қыздан 32 немере мен 14 шөбере сүйіп отырған Зоя апай балалардың бәрін жеткізді, бәріне жоғары білім алуына мүмкіндік жасады. Жолдасы Бөрібек бар-жоғы отыз екі жасында қайтыс болып, жастай жесір атанып, бар ауыртпалықты арқалап қала берді. Егде тартқан ата-енесінің де жағдайын жасады.

Оң қолынан өнері тамған әжесі мен атасының қолында әкесінен төрт жасында жетім қалған Жеңісті анасы «тұмсықтыға шоқтырмады», қатардан қалдырмады. Соның арқасында қолы аузына жетті. Ердің жасы елуге абыроймен, лайықты еңбегімен

келді. Осы жақында ғана «Жеңістің 70 жылдығына» арнап аудандағы соғыс ардагерлеріне берілген аста да үлкен кісілер ризашылықпен Жеңіске батасын берді. 2005 жылы Сарысу ауданы Жайылма ауылынан әкесінің атындағы спорт кешенін ашып, ат шаптырып, ас берді. Аудан орталығындағы ауруханадан ардагерлерге арнап, үш палата ашты. Сондықтан да аудан ардагерлерінің Жеңіске деген алғысы шексіз.

Жеңіс Бөрібекұлы туып-өскен өлкенің топырағы ғана емес, рухани құнарынан да кенеуі қуатты. Осы ауылда туып, әлемге танылған ұлдардың бірі, КСРО және Қазақстанның халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Асанәлі Әшімұлы кәсіпкер інісі туралы ізгі-ниетін былайша білдірген еді.

«Әкесі менің сыныптас досым. Марқұм ақкөңіл, жақсы жігіт еді. Спортшы, оқуы жақсы болатын. Үйленгеннен соң төрт бала сүйіп, дүниеден озды. Бірақ балаларды менің құрдасым Зоя жақсы тәрбиеледі. Соның ішіндегі Жеңіс зеректігімен көрініп, қазір алдыңғы қатарлы азамат болып өсті. Соған қуанамын. Жанұясы да, жан-жағы да, балалары да тәртіпті-тәрбиелі. Әр уақытта мына бізден кейінгі келе жатқан ұрпақтың адамға деген, жалпы өмірге деген, күнделікті өтіп жатқан әр заманның ағымына деген имани көзқарасы көңілге қонады.

Жылда біз туған жерімізге барып құрмет көрсетеміз. Ауылыма мен мешіт салсам, Жеңіс спорт кешенін тұрғызды. Жылда ол жарыс өткізіп, жүлде тағайындап, балаларға жақсылық жасап тұрады. Ауылдың жайы белгілі ғой, көп нәрсе жетпей жатады. Сол жетпегенін жеткізуге тырысып жүрген соңымнан келе жатқан інім, балам Жеңістің ақкөңілдігі, дархандығы маған ұнайды. Ауылдағы жерлестері сол жасаған жомарттығына риза. Бұл Жеңістің оқыған-тоқығандығы, көргенділігі. Жеңіс сияқты азаматтар елдің мақтанышы. Сондықтан онымен қалай мақтанып, қалай жақсылығын айтсақ та Жеңіс соған лайықты азамат».

Иә, Жеңіс Тоғызақбаев шын мәніндегі ұлт перзенті, атымтай-жомарт. Соның бір көрінісі – туған ауылына салып берген спорт кешені. Қазір облыстық спорт басқармасының қарамағына өткен спорт кешенінде 56 адам жұмыс істеп жатыр. Онда тоғыз

түрлі спорт түрі бойынша 200 бала спортпен шұғылданды. Бұл іс билік тарапынан қолдаусыз қалмады. Бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігі жобасы бойынша 2009 жылы Жеңіс Елбасының қолынан «Парыз» байқауының күміс жүлдесін алды. Кешен ашылған жылы қазақша күрестен халықаралық турнир де өткізді. Бас жүлдесіне автокөлік тікті. Қырғыстан, Өзбекстан және Моңғолия сынды елдерден балуандар қатысты. Биыл дәстүрге айналған турнирді он үшінші рет өткізіп отыр.

2007 жылы Сарысу ауданының 80 жылдығы атап өтілді. Сол кездегі аудан әкімі Болат Мәдікенов ауданнан шыққан кәсіпкерлерді жинап, демеушілік көрсетулерін сұрады. Жеңіс қарап қалмады. Ықылас Дүкенұлы атындағы қобыз аспабы бойынша өтетін Республикалық жарыстың бас жүлдесіне жеңіл автомашина тарту етті. Өзі Шымкент қаласында тұрса да бір бүйрегі ауылға бұрып тұрады. Өйткені онда әке-шешесінің көзін көрген туған-туыс, бауыры бар. Сондықтан ауылға жылда барып ас беріп тұрады.

Иә, Жеңіс жалпы ойға алған мақсатын орындамай қоймайды. Өзі қандай кең иықты жігіт болса, пейілі де сондай дархан. Кішіге жол көрсетіп, ақылын айтады. Қандай істі болсын бастарда отбасымен ақылдасады. Туған жері туралы хабар естісе, елең ете қалады. Ауылының жаман хабарына қабырғасы қайысады, жақсысына жаны жадырайды. Осындай жүрегі ұлтым деп соққан, ел мен Елбасының үмітін ақтауды парыз тұтқан Жеңіс Тоғызақбаев сынды азаматтар ел дамуына өз үлесін қоса береді деп білеміз.

ЖЕЛТОҚСАНДА ШЫҢДАЛҒАН

Марқасқа азаматтар үшін сын сағаты соғатынына тарих таразы. Ұлтжанды оғлан Расулхан Құдайбергенов сол зілмауыр сыннан нардың жүгін көтеріп, небәрі жиырма екі жасында сүрінбей өткен. Алматы қаласындағы 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіндегі ерекше белсенділігі үшін бес жылға сотталды. Ресей түрмесінің кермек дәмін татты. Сөз байласқан сүйген қызы Роза Арипова

Расулханның артынан сонау сұсты да суық Сібірге іздеп барып, некелері түрменің тар қапасында кесілді. Ақталып шығысымен еліміздің тәуелсіздігі жолында еңбек етті. Алғашқы желтоқсандық қоғамдық ұйымдарды құрды. Еліміз азаттығын алып, еңсесін тіктегенде қазақ жігіттері де кәсіпкерлікті дөңгелетіп алып кететінін дәлелдеді. Желтоқсандық қыз-жігіттердің рухына арналған «Тәуелсіздік таңы» ескерткішін тұрғызды. Біздіңше бұл елу жасты еңсерген Расулхан Құдайбергенов белесі – бүгінгі жас ұрпақ тағылым аларлық ғибратты ғұмыр.

Сол жылдары қазақ мүддесіне қырын қарап келген Орталықтың өктем билігіне көзіқарақты қаймана қазақ қағажу қарай бастаған еді. Іштей қарсылықтың белгілерін, әсіресе үлкен қалалардағы қалыпты өмір арнасына қабыса алмай, ұлттық рухы кемшін тартқан халықтың тіршілік-ауанынан байқау қиын емес-ті. Ана тіліміз тұсаулы аттың күйін кешіп, дін-тініміз тарылды. Қазақ жастарына табылса, жұмыстың ең ауыры бұйырды. Қалалық тіркеу қайдан, «Жетім бұрыш» жағалау ғана маңдайға жазды. Осы сынды мың-сан кедергі жайттардың күн өткен сайын қоюлана бастағанын Алматыға арман қуып келген студент Расулхан Құдайбергенов те жете сезінген. Бұлайша жалғаса беруі мүмкін болғанымен, оған деген қарсылық пен наразылықтың түбі бір бой көрсетері анық еді.

Сол бір намыстың жанартаулары атқылаған желтоқсанның үш күнінде де алаңда жүрді. Ерекше екпін бітіп, елдік мұрат қолсозым жерде тұрғандай болды. Әне-міне, Үкімет үйін алса, арманға жететіндей көрінді. Шыны сол, бұл жастық максимализмнен гөрі, отаншылдық рухтың басым түскен кезі еді.

Жиырма екі жасында ұлтшыл атанды

Расулхан айтады: «1986 жылы 16 желтоқсан күні сабақта отырып, жоғары жақта басшылықтың ауысқанын Бекен Қарабаев деген бірге оқитын жігіттің аузынан естідік. Ол келген бетте: «Шалды алып тастапты ғой», – деді. Түкке түсінбеген біз: «Қай шалды, қай шалды?» – дей бергеніміз есімде.

Ол: «Д.Қонаевты орнынан алып тастағанын жаңа радиодан естідім», – деді. Мәскеудің Қазақстанды ұзақ жыл басқарып келген адамды әп-сәтте алып тастағанын, орнына сырттан адам әкелгені дұрыс еместігін, сондай-ақ қазақты басқаратын бір қазақтың табылмағаны ма деп өз ойларымызды айттық. Сол күні кешке таман алаңға жұрт жинала бастаған. Сабақтан қайтарда ертең бәріміз алаңға баратын болып үйді-үйімізге тарқадық.

Ертеңіне оқу орынының басшылары өңшең қазақтарды техникумның астындағы үлкен жертолеге қамап тастады. Оқу орнымыз алаңға жақын болғандықтан бізді сол жаққа кетіп қалады деп қауіптенсе керек. Тіпті жоғарыдан «студенттеріңді қамап ұстаңдар» деп бұйрық та келуі мүмкін ғой ол кезде. Осылайша олар бізді қамап ұстауға мәжбүр болды. Мен жертоленің Ленин көшесі жағындағы шағын терезесінен сыртқа қарап тұрғам. Бір кезде көше бойымен шерулетіп, «Атамекен-ай» әнін айтып кетіп бара жатқан бір топ жастарды көрдім. Мына көрініс кез келген азаматтың намысына от тастайтыны анық еді. Алматының жарты қазағы алаңда жүргенде біз жертоледе жайдан-жай отыра алмадық. Шерушілердің әні мен ұраны бізге күш бергендей болды. Содан біраз күштесең ашылуға шақ тұрған есікті бір-екі рет теуіп-теуіп жіберіп едім ашылып кетті. Жігіттер бірінің соңынан бірі сыртқа шыға бастады. Дәл осы сәтте Қайрат Сейсембеков деген Қарағандының жігіті: «Алаңға шықпаймыз. Ол жаққа баруға болмайды», – деп біраз жігітті тоқтатып тастады. Ол өзі белсенді коммунист болатын. Былайғы уақытта біз оны тыңдайтынбыз. Сондықтан біраз жігіттер ойланып қалды. Содан оны былай алып шығып, бір-екі рет түйгіштеп жібердім де: «Бұл жерде ешкім де қалмайды, бәріміз алаңға барамыз. Сен де барасың», – дедім. Кезінде Голощекиннің талай қазақты қырғынға ұшыратқанын, қазақ халқының сондай солақай саясаттан көп теперіш көргенін айтып түсіндіргеннен кейін ол илігіп, біздің айтқанымызға көнді».

Шыға сала бейбіт шерушілерге қосылып, алаңға барады. Атшаптырым алаңқайға жиналған халықта есеп жоқ. Құқық

қорғаушылар сыртынан қоршап алған. Жұрттың бәрі өздерінің қарсылықтарын білдіріп, талап-тілектерін айқайлап айтып жатыр. Шыны керек, мұндай көріністі бұрын-соңды көрмеген. Сондықтан сол кездегі алаңдағы көрініс жадында жатталып қалыпты. Содан бір кезде әскер мен милиция қойға шапқан қасқырдай тыныш тұрған халыққа жаудай тимесі бар ма. Азан-қазан, айқай-сүрең басталып кетеді. Бұрын мұндайды көрмеген халық алғашқыда қатты сасқаны анық. Құқық қорғаушылар қолдарындағы дубинка, сапер күректерімен жұртты аямай ұра бастайды. Осы аласапыранда өзі үгіттеп, алаңға алып шыққан Қайратының басына күрек тиіп, жарақаттанып, ауруханадан бір-ақ шығады. Ал өзі ел қатарлы қарсылық білдіріп жүріп, жасақшылардың қолына түсіп, КПЗ-ға қамалады. Ол кезде Алматының түрмелері адамға толып қалған еді. Расулхандарды жеке-жеке суретке түсіріп, он шақты көлікке мінгізеді де Талғар жаққа апарып, белдік пен бауларын қиып жібере салады.

Содан басы жарылып, ауруханада жатқан Қайратты МҚК-нің қызметкерлері қатты қысып, сұрақ-жауаптың астына алған ғой. Сонда ол өзін Расулханның үгіттеп, алаңға алып шыққанын айтып салады. Бұдан кейін иісшілдер Расулханның соңына түседі. «Чекистер» оны 23 желтоқсан күні орталық моншадан шығып келе жатқан жерінен ұстайды. Ол кезде ұсталатындығын біліп жүрген. Бүкіл орыстардың көзінше аса қауіпті қылмыскерді ұстағандай қолын артына қайырып, ұрып-соғып, кісендеп түрмеге жауып тастайды. Көзді ашып-жұмғанша тергеу жұмысы аяқталып, ісі сотқа кетеді. Жаппай тәртіпсіздікке қатысып, үкіметке қарсы шыққан деген сол кездегі атақты 65-ші баппен сотталады. Сотына ауылда мал дәрігері болып жұмыс істейтін әкесі келіп қатысады. Ол кезде отбасы совхоз бөлімшесінде тұратын Расулхан мектеп-интернатта жатып оқиды. Баласын қалай ақтарын білмеген әкесі: «Бұл ұлтшыл емес. Аудандағы мектеп-интернаттан тәлім алып, қоғамдық ортада өскен бала. Біздің әулетімізде ұлтшыл адамдар болған емес. Үлкен ағам Ұлы Отан соғысына қатысып, сол жақтан немістің қызына үйленіп келген», – деп, ақтарылады. Өкінішке орай, әкесінің бұл уәждері сотта баласын құтқара алмады. Соттың

айыптау қағазында (приговор) баласына дұрыс тәрбие бермеген деп, әкесінің ойын бұрмалап көрсетеді. Ақыры бар-жоғы жиырма екі жасар Расулхан Құдайбергенов ұлтшыл атанып, бес жылға сотталып кете барады.

Әдепкіде Маңғыстаудың түрмесіне түседі. Ол жерде түрме қызметкерлерімен басы піспей одан әрі Қарлағқа айдайды. Мұнда да оларға ұнай қоймаған соң, Иркутскіге жіберіледі. Онда бармай жатып сыртынан «орыс балабақшаларын өртеп, сәбилерді өлтірген, орыстың ауыр аяқ әйелдерінің ішінен тепкен» деген жалған қауесет таратады. Сөйтіп, Иркутскі түрмесінде бірден «особыйлардың» қатарына қосады. Ауыр қылмыс жасап темір тордың ар жағынан бір-ақ шыққан «особыйлардың» түрмеде ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс. Онда желтоқсандық тағдырлас жігіт Құрбанбай Халмұратов екеуі бірге түседі. Келген бетте «жолақ-жолақ» киім киген «түрменің иелері» ортаға алып, приговордағы жалған айыптауларды оқи бастайды. Содан олар «38 курсант, он шақты милицияны ұрып-соққанын» білгеннен кейін, тәртіп сақшыларын «таяқтағанына» риза болып: «Осыншама милицияны сабаған мықты жігіт екенсің», – деп арқасынан қаққаны әлі есінде. Түремшіктер арқылы қысым көрсетпек болған орган қызметкерлерінің арам ойы осылай іске аспай қалады.

Түрмеден елге шаңырақ көтеріп оралды

Желтоқсан дүрбелеңі жап-жас өрімдей Расулханның өмірін мүлдем күтпеген әрі күрделі соқпаққа бұрып жіберіп, бұла тағдырын ылаңға түсіріп, тәлкекке ұшыратқанымен, мұқалта алмады. Ең бастысы – түбі әділеттіліктің салтанат құратындығына деген сенімді жоғалтуға күші жетпеді, кемел келешекке деген үмітін ұрлай алмады. Бұл жолда сол кездегі сүйген қызы, бүгінде аяулы жары Розаның соншалықты қиындықтар мен көптеген кедергілерге қарамастан, Расулханның қасынан табылды. Розаның қазақ қыздарына тән қайсарлық танытып, кіршіксіз махаббатқа деген адалдығы Расулханды сол бір тар жол, тайғақ кешуден адастырмай алып шықты.

1986 жылы ойларында ештеңе жоқ, өзімен бір курста оқитын сүйген қызы Роза Ариповамен отау құрмақ болып уағдаласып, ал әке-шешесі келін түсіру қамымен дайындалып жатқан еді. Алайда желтоқсан аласапыраны – «байтал түгілі, бас қайғы» деген жағдай бұл ойларын кейінге шегергенімен, одан бас тартқыза алмады. Роза Расулханды Читадағы түрмеге іздеп барып, екеуі сол жерде некелерін қияды. Бұл ретте осы жағдайларды өз басынан қалай өткергені мен қалайша сезінгені турасындағы Розаның төмендегі қысқаша естелігі оқырманға қызғылықты болар дейміз.

Роза айтады: «Тобымыз өте ұйымшыл, барлық іске бір адамдай араласатын. Мен үшін өз тобымда оқитын Расулханның орны болек болатын. Көбіне ойымыз да, пікіріміз де бір жерден шығатын. 16 желтоқсан күні тобымыздан біраз жастар алаңға шықтық, ондағы болған қырғынды өз көзімізбен көрдік. Сол күні Расулхан соққыға жығылып, оны қала сыртына апарып тастады. Бірнеше күннен соң, оның үстінен қылмыстық іс қозғалып, бес жылға бас бостандығынан айрылды. Қимай қоштастық. Келер жылы біз оқуымызды бітіріп, мен ауылға келіп жұмысқа орналастым. Студенттік өміріміздің ең қызық кезеңін бірге өткізген Расулхан екеуіміз хат жазысып тұрдық. Біз бірге шаңырақ құру туралы шешімге келдік. Бұл ойымды мен ата-анама айттым. Әрине, менің бұл шешімім олар үшін тосын жағдай болғаны анық. Қай ата-ана болмасын өз баласына тек жақсылық тілейді ғой. «Ата-ананың ақылы – қазулы қара жолмен тең», – деп бабаларымыз текке айтпаған болар. Ойласа келе анам Гүлмайрам мен әкем Мұрат ақ батасын беріп, мені шығарып салды. Сойтіп, 1989 жылы Расулханның артынан Ресейдің Чита қаласына қарасты Маккавеева станциясына жол тарттым. Бәз біреулердің «Сотталған адамның артынан кеткені несі, ата-анасы қалай жіберді?» – деген сөздері мені тоқтата алған жоқ. Меніңше, адамның ең үлкен бақыты – күресе білу, басқалардан қалыспай, өмірге ілесу. Менің өмірден түйгенім, ең қиын мамандық – адам бола білу. Біз Расулхан екеуіміз Маккавеевада отау құрдық. Осы жылы Мұхтар Шаханов ағамыздың араласуымен Расулханның жазасы қысқартылып,

ақталды. Біз елге оралдық. Бүгінде балалы-шағалы болдық. Тәуелсіз елде өмір сүріп жатқан олардың бақытты болатынына менің сенімім мол».

«Тәуелсіздік таңы» ескерткішіне қолтаңбасы қалды

Тәуелсіздігімізді алып, тәубе еткеннен кейінгі уақыттан бері азамат ретінде Расулханды мазалап жүрген жайттың бірі – желтоқсандықтар рухына арналған лайықты ескерткіштің бой көтеруі еді. Иә, желтоқсандықтар ерлігі қандай дәріптеуге де, марапатқа да болсын лайық. Бұл ретте желтоқсанның жиырма жылдығы қарсаңында құтты орнына қондырылған (Желтоқсан және Сәтбаев көшелерінің қиылысы) «Тәуелсіздік таңы» ескерткіші қазақ рухына айбын беріп, жалпы бұл тақырыпқа жаңа тыныс, соны серпін әкелгендей әсер еткені бар. Ал осы игілікті істі атқаруға өзінің басқаруындағы кезінде желтоқсандық жігіттердің бастамасымен құрылған «Азамат – құрылыс» компаниясының үлесін қосқаны өзінше үйлесімді. Өйткені күні кеше өздері тікелей бастан өткерген оқиғаның маңызын терең сезіну арқылы дүниеге келген ескерткіш көпшіліктің көңілінен шыққаны анық.

Бұл ретте ерекше айта кетерлігі, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының 20 жылдығына орай тұрғызылған «Тәуелсіздік таңы» ескерткішінің композициясы жөніндегі идеяның авторы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қазақ тарихында алар өзіндік орны бар Желтоқсаноқиғасының болмыс-бітімін ашуда аталған ескерткіштің маңызы зор екенін атап көрсеткен. Сондықтан да еліміздің ең үздік сәулетшілері тізе біріктіре отырып, ел тарихының елеулі кезеңін кескіндейтін әрі оның болашаққа берер тағылымдық бояуларын қанық етіп шығаруға тырысқаны белгілі. Бұл ескерткішке зер сала қараған адамның қазақ тарихының қатпарлы кезеңіне бір сәт ден қояры анық. Ескерткіш композициясының үш бөліктен тұратындығы желтоқсан тақырыбын толыққанды таразылауға өзінше реңк береді. Айталық, биіктігі 9 метр қызыл гранит

кешегі кеңес уақытындағы күрделі өткелдердің белгісіндей, ал биіктігі 11 метрге жуық ақ гранит тас жастардың бостандық пен демократиялық құндылықтарға ұмтылған сенімі мен үмітінің көрінісіндей. Енді осы екі тастың алдында алға, қадам басып, азаттыққа ұмтылған жастардың хабаршысындай, бейбітшілік пен сұлулық символына айналған ана бейнесі ескерткіш кешенді толықтырып тұр. Осылайша өткенге тағзым етіп, келешекке тағылым беріп тұрған «Тәуелсіздік таңы» ескерткіші сол кезеңдерді көзімен көріп, көңілімен сезінген Расулхан үшін де аса маңызды.

ЕЛІНІҢ ЕРТЕҢІН ОЙЛАҒАН

Бұлқынып жатқан бұла күшті бағамдап, ішкі жан дүниедегі рухани аңсарды, аңғара білген жандар ғана ел аузында. Ондай адамды халқымыз нағыз азаматқа балайды. Осы ретте біз, Қазақстан Республикасы халық медицинасы және ғарышқа қуат академиясының толық мүшесі, Шығыс Тибет медицинасының магистрі, Астана қаласындағы «Нұр-Шипа» емдеу орталығының президенті Кәдірхан Нұрсланбайұлы жайлы бір үзік сыр шертпекпіз.

Кәдірхан Нұрсланбайұлы Қытайдың Шыңжаң өлкесі, Шәушек қаласында дүниеге келген. Ол барына тәуба айтқан балалы-базарлы отбасында өсіп-өнеді. Қаршадайынан арманына қанат байлап, қиырды шолған Кәдірхан ортасынан озық шығып, Шыңжаң медициналық университетіне түседі. Тегінде, ұлттық мұраттарға қызмет ету идеясы әр ұрпақтың жадында жаңарып, жаңғырып тұратын болса керек. Ең бастысы, Кәдірхан Нұрсланбайұлы ертеңі бітпейтін еріншек емес-ті. Жалқаулыққа жаны қас. Осы бір қасиетінің арқасында ол өмір белесінде орға жүзіп келеді.

«Шыңжаң медициналық университетінің емдеу факультетінде оқып жүргенімде бар күш-жігерімді ең алдымен қазағыма арнасам деп армандаушы едім», – дейді Кәдекең. Бүгінде ол арманы орындалды. Оқу мен білімге құштар, үйренсем-білсем деп, ұшқын атып тұрған балғын жігіттің таудай талабы сол жылдары ұштала

түсті. Жалпы, Кәдірханның ата-анасы Шығыс Қазақстан өңірінің тумалары. Отызыншы жылдардың ойранында қызыл империядан ығып, Қытайға қоныс аударған. Тәуелсіздіктің алтын күрек лебі ескенде, «ит тойған жерінде, ер туған жерінде» деген тәмсілмен Кәдекең бала-шаға, бау шарбағымен туған елге қоныс аударған. Атақонысына келіп, тал екті, үй тұрғызды және соның саясында ұрпағын өрістетіп отыр. Еліміздің жүрегі Астананың дамуына қал-қадерінше үлесін де қосып жатыр. Астанадағы кенже қалған Шығыс медицинасын алға бастырып, қала тұрғындарының денсаулығын сауықтыруға өзінің үлесін қосуда.

«Еліміздің ертеңі үшін дені сау, саналы азаматтар қажет. Сондықтан салауатты өмір салтын қалыптастыруды үнемі насихаттап отыру керек. Әсіресе жас ұрпақтың бойына тазалық пен сергектікті орнықтыру – біздің ортақ міндетіміз», – дейді, Кәдірхан Нұрсланбайұлы.

Бүгінде елімізде Шығыс медицинасы дамып келеді. Кәдірхан Нұрсланбайұлы тамыр ұстау ғылымына баса мән берген жан. Дәстүрлі ем-домнан бөлек, әртүрлі сырқат түрлерін инемен емдеу – көптеген дертке дауа. Кәдірхан Нұрсланбайұлы – емдеудің осы әдісі арқылы талай жанның тәнін емдеп жазған азамат.

«Әкенің балаға берер ең басты сыйы – тәрбие мен білім», – дейді Кәдекең. Расында да, біз бала тәрбиесіне бейжай қарайтын халық емеспіз. Өйткені ұлағатты ұрпақ өсіру – салтпен сіңген қазақы қасиет. Шығыс халқы айтатын: «Бала істеген жауыздықтың жазасын тәрбиеші көтерсін» – деген сөздің мағынасы тым терең. Ендеше, бала қымбат болса, баланың тәрбиесі одан да қымбат. Осы аталы сөздің астарына үңілген әкеміз өзінің ұл-қызына өнеге көрсете білді», – дейді, Кәдірхан Нұрсланбайұлы.

Дәрігер болуды армандайтындар өте көп. Алайда екінің бірі дәрігер бола алмайды. Ол үшін дәрігерлік қызметке деген қызығушылық пен мамандық алу жеткіліксіз. Сондай-ақ олардың адам өміріне жауапкершілігі, құлшынысы мен адалдығы, адамдығы маңызды. Дәрігер болатын жанға үлкен жүрек керектігі, ақ халатты кір шалдырмау керектігі де бекер емес. Қанша сан айтылса да, халық дәрігерлер қауымын ерекше құрмет тұтатыны

ақиқат. «Бұл қызметке келгелі де, оған дейін де – әр адам өз ісінің маманы болу керек» деген бір ғана ұстанымым бар, – дейді Кәдірхан Нұрсланбайұлы.

«Шебердің қолы алтын» дейді атам қазақ. Сөзге де шебер, іске де ұста халқымыздың зор мәдениеті мен өнерін паш ететін құндылықтарының бірі – ол қолөнері. Ағаштан, темірден түйін түйген, жүннен көз жауын алатындай бұйым жасаған, асыл тастардан сән бұйымдарын соққан, сүйек пен мүйізді, шиді киыннан қиыстырған халық шеберлерінің ісі – мақтауға тұратын өнер туындысы. Міне, осындай өнер Кәдірхан Нұрсланбайұлының да бойында бар.

Иә, тарқата берсек, Кәдекеңнің таусылмайтын қырлары көп. Ең алдымен ол өз ісінің маманы. Жаны жомарт, жүрегі ұлтым деп соққан азамат қашанда өскелең ұрпаққа өнеге.

ТАЛАНТТЫҢ ТУАСЫ – ТЕКТІЛІК

Берімбай Ысқақұлы есімін ерекшелігіне қарап айтқанда, қазақтың қара сөзінің қатардағы жауынгері еді. Арғы тегінен таратсақ, әкесі сөз ұстаған шешен, көшелі кісі деседі. Ал бүгінгі өз кіндігінен тараған ұрпақтың да жүрегі ұлт, атамекен деп соғатынын байқамау мүмкін емес. Қайбір қарабайыр түсініктегідей қанына қағажу қарайтын, жадағау қазақтар емес. Ұлты кие тұтқан, атасы не болған қасиетті қастерлеушілерінің бірі. Ендеше бұдан тектіліктің табиғатын танырымыз анық. Бұл арадағы түйін: алтын діңгек – ақын жайында.

– Музыка өнердің ішіндегі ұшқыры әрі ұғынықтысы. Мұндай қасиет дарытатын құрал – аспап. Біздіңше ол – домбыра, – деп ағынан жарылушы еді жарықтық Берімбай Ысқақұлы. – Оның ұлтымыз үшін орны бөлектігін айтып жату артық. Бүгінгі көзқарас жайындағы әңгіме сан алуан.

Әлемнің музыка алыптарымен иық тірестіретін Құрманғазы сынды дәулескер күйшісі бар қазақ өнері қалайша қатардан қалады? Сол бір ғана Құрманғазы бабамыз жасаған ұлы құбылысты ұғынып, ұқсата алсақ, әлемдік рухани айналымға қосқан үлкен

үлесіміз болар еді. Өкінішке орай, Құрекең турасында Ахмет Жұбановтан асып зерттеген адам жоқ. Тіпті А.Жұбанов көз жұмғаннан кейін ол жұмыс тоқтап қалды. Бұл «Қ.Сағырбайұлы Батыс Еуропада туса нағыз жарық жұлдыз болар еді» деген Савичев пікірін құнттамауымыздан да шығар. Әйтпесе, бір ғана «Қызылқайың» атты күйі тілінің байлығы жағынан Моцарттармен теңесетін туынды екенін ескерер едік. Батыс Еуропада Бах 12 пернемен үлкен жетістік жасады. Пентатоника дейміз, бұл ретте Құрекең 12 тонмен таңғаларлық құбылыс туғызды. Қараңыз, қытай, моңғол, татар елдерінің музыкасы 5-ақ тонмен шектеліп қалды. Сазбен сурет салудың шебері әлемдегі бар 7 түстің бәрін меңгергенін философияға толы «Кішкентайын», зор тынысты «Жігер» мен «Алатауын», орындалу шапшандығына қарай кең шабытты патетикалық «Төремұраты» мен «Айжан қызын» тыңдау арқылы көз жетеді. Қысқасы, кең диапазонды, реалист күйші Құрманғазының осындай мүмкіндігін музыканттарымыз бен өнертанушыларымыз игеретін, үлгі алатын кез келді.

Бұл Берімбай Ысқақұлының музыка жайындағы әңгімелерінің ішіндегі оймақтай ойлары ғана. Зады кісінің келбеті осынысымен келісті. Қатпары қалың рухани дүниеміз құрау-құрау. Қайбірі бос кеңістікте қалып қойғаны рас. Оның орнын толтыратын әрине, әлгіндей жанашырлар.

Бұл ақынмын деп «қатып қалмай», бір кезде қарлығаштың қанатымен су сепкендей болса да, көзге ұрған кемшілікке немкетті қарай алмағандығының көрінісі іспетті. Әлбетте, мұның бәрі ақын белсенділігімен қоғамдағы қозғаушы күш – «генераторлығынан» хабар береді. Енді оның – «ішкі менін» тану үшін шығармашылығына аз-кем тоқтамай өту мүмкін емес. Иә, Берімбай Ысқақұлы артта қалған, өзі куә болған тарихпен біте қайнасып жатқан жаңа уақытты кең тыныспен, кемел оймен өрнектегісі келді.

Кезінде қазақтың кең даласының шекарасы сызылғанда, ағайын ағайыннан жырақтанып, сырт қалғалы да бірнеше ғасыр зулап өте шықты. Атамекенге деген сағыныш орны толмас арманға айналды. Ақын Берімбай Ысқақұлы да атамекенін аңсап,

асқақ арманын арқалап, арғымақ жырын асқақтатып, қуанышы қойнына сыймай жеткен қандасымыз еді.

Берімбай Ысқақұлының өлеңдері туралы ақын Маралтай Райымбекұлы былай дейді:

– Қолымызға ақын Берімбай Ысқақұлының «Сезім селі» дейтін кітабы түсті. Көпті көрген, тағдырдың сабағын бір кісідей ұққан кісінің жазбалары екені бір оқығаннан-ақ байқалады. Қазақ поэзиясында баяғы көне сарын, көне мақамдар бірте-бірте алыстан қол бұлғайтындай жағдайға жеттік емес пе. Сөз мәйегі, нәрі дейтін нәрселерден көз жазып қалғандаймыз. Аға буын өкілдері, кейінгі жастар қазақтың кейбір сөздерінің дәмін ажырата алмай жатады. Ал Берімбай ақын «Саған қарай аспаннан оралсам» деген өлеңінде төмендегіше ағытылады:

*Айналайын көзіңнің қарасынан, жүрегімді қайтейін
аласұрған,
Сезім селі шайқалып, асып-тасып, төгілгелі тұрғаны-ай
шарасынан.
Айналайын көзіңнің қарасынан, суретпісің жаным-ау
жаңа сызған
Көңілімнің ақ үрпек балапанын, ұшырамын сен жаққа
шарасыздан.
Айналайын көзіңнің қарасынан, орын алып көңілімнің
қаласынан
Арманым жоқ қарамай алды-артыма, бүріп түссем бүркіттей
бауы ашылған.*

Ертедегі Ақан сері, Біржан, Мәди жырларындағы қасиетті қара өлең бар ғой. Берімбай ақынның өлеңінде де қазақтың ішкі жан дүниесінен хабар беретін, көзге сурет елестететін жолдар бар екен. Мәселен, былай дейді: «Айналайын көзіңнің қарасынан, орын алып көңілімнің қаласынан». «Көңілімнің қаласынан» дейтін сөзі қандай әдемі. Бұл теңеуді бұрын-соңды ешқандай ақынның өлеңдерінен кездестіргенім жоқ. Бұл – Берімбай Ысқақұлының өзіндік жаңалығы. Оның қолтаңбасынан қазақтың қаймағы бұзылмаған қара өлеңінің қасиетін танимыз. «Айналайын көзіңнен сағым ұшқан» дейтін өлеңінде:

*Айналайын көзіңнен сағым ұшқан,
жанарыңа жанарым шағылысқан*

Сағым ұшқан, жаралған сағыныштан,

қайран кез-ай, қайран кез сағынысқан, – деп кете

береді. Бұл – қара өлеңдегі кешегі сал-серілердің қолтаңбасының көңіліміз аңсап жүрген, жан дүниеміз соған ынтығып жүрген аяулы тіркестер. Ақындар жаңашылдыққа ұмтылғанымен, бәрібір түп тамырымыз қара өлеңге келіп тіреледі. Осындай өлеңдердің көп болғаны жанымызды жадыратады. Көпке танымал болмаса да жанартау іспетті Берімбай Ысқақұлы сияқты ақын ағаларымыздың жырлары да қазақ поэзиясына бағыт-бағдар сілтеуге жарап-ақ тұр деп айтуға болады.

Өзіндік асқақ үні бар үлкен жүректі – көкірсігі күйге, жырға толы ақынның өлеңдерін оқи отырып, ол артына үлкен мұра қалдырғанын байқаймыз. Әкесінің қалдырған мұраларын халқына танытып, қарашаңырақтың түтінін түтетіп отырған Бақытбол Берімбайұлының да өз айтары бар:

– Біз әкемізден алты ұл, бір қызбыз. Моңғолияның Баянөлгей аймағында тұрғанбыз. Сонда әкеміз қырық жыл ұстаз болған. Моңғолия Жазушылар одағының мүшесі және шахматтан спорт шебері. Отбасымыздың бәрі түгелдей шахмат ойнайды, бәрі спорт шебері. 2005 жылы Астанаға ат басын тіредік. Әкемнің атажұртқа, елге деген сағынышы ерекше болды. «Бостандық туралы жыр», «Әділетсіздік өртеді жүрегімді», «Тағдыр», «Атамекен құшағында тебіреніс», «Атамекенді аңсау», «Туған жерім – бір түйір жаным», «Көк байрағым кеудемде желбіредің» атты жыр шумақтары осының куәсі. Әкем жазған жырлардың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатынына кәміл сенемін.



МАЗМҰНЫ

Б. Тұрғараев. Ұлтқа қызмет ету – ұлы іс!.....3

Бірінші тарау

Алаш қозғалысы һәм Алаш идеясы.....7

Екінші тарау

«Алаш орда» үкіметінің мүшелері.....91

Үшінші тарау

Алашқа қызмет.....114

Төртінші тарау

Ұлтым деп соққан жүректер.....159

Болатбек ТӨЛЕПБЕРГЕН

АЛАШ ЖОЛЫ

Редакторы – Б. Төлепберген

Корректоры – Ботакөз Егембердіқызы

Дизайнері – Нұрбол Алдабаев

Басуға 23.10.2017 ж. қол қойылды. Қалпы 84x108 1/16.
Қағазы офсетке арналған №1. Қаріп түрі «Times New
Roman». Офсеттік басылыс. Баспа табағы 16,0.

Таралымы 1000 дана.

Тапсырыс № 15

Автордың дайын файлынан алынды.



Болатбек Төлепберген

Философия ғылымдарының кандидаты. Шалқар радиосының бас редакторы.

Ұлттық мәселелер, тарихи ақтаңдақтар және демократия принциптері турасында өз авторлығымен және құрастыруымен жиырмаға жуық кітап шығарған. Сондай-ақ «Сүйікті менің Отаным» және «Тәуелсіздік бесігін тербеткен» деректі фильмдерінің авторы.

Болатбек Төлепберген - Қазақстан Жазушылар Одағы мен «Атамұра» корпорациясының жазушы Оралхан Бөкей атындағы стипендиясының тұңғыш иегері (1993), «Сорос-Қазақстан» жас жазушылар бәйгесінің жүлдегері (1996), Қазақстан Жастар Одағы сыйлығының лауреаты (2003), «Астананың 10 жылдығы» мерекелік медалінің иегері (2008), Мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты (2008), ҚР Мәдениет қайраткері (2009) және ҚР Президентінің журналистика саласы бойынша сыйлығының лауреаты (2011). Қазақстан Жазушылар Одағы мен Журналистер Одағының мүшесі.